

e-ISSN 3078-9001

Құтты білік

2025, Том 2, № 1

Qutty bilik

2025, Volume 2, Issue 1

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year

Алматы, 2025
Almaty, 2025

Бас редакторы: **АНАР САЛҚЫНБАЙ**, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Редакция алқасы

Айгуль Исмакова	филология ғылымдарының докторы, профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)
Алтынай Тымбол	филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
Бижомарт Қапалбек	филология ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік тілді дамыту институты (Алматы, Қазақстан)
Дулат Бакишев	тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Хангук шет тілдер университеті (Сеул, Корея)
Екрем Аян	PhD, доцент, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi (Muğla, Türkiye)
Ерден Қажыбек	филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)
Жазира Ағабекова	филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)
Жарқынбике Сүлейменова	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Кәрімбек Құрманәлиев	филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)
Қаламқас Қалыбай	филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Мағрипа Ескеева	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Мехмет Өлмез	филология ғылымдарының докторы, профессор, İstanbul Üniversitesi (İstanbul, Türkiye)
Наджие Ата Йылдыз	филология ғылымдарының докторы, профессор, Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi (Ankara, Türkiye)
Насреддин Назаров	философия ғылымдарының докторы, профессор, Chirchik State Pedagogical University (Chirchik, Uzbekistan)
Нергиз Бирай	филология ғылымдарының докторы, профессор, Pamukkale Üniversitesi (Pamukkale, Türkiye)
Орхан Сөйлемез	филология ғылымдарының докторы, профессор, Кастамону университеті (Кастамону, Түркия)
Орынай Жұбай	филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
Тұрсын Жұртбай	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Тыныштық Еркемова	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Шайгүл Рамазанова	филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
Эльмира Оразалиева	филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)
Юлай Шамильұлы	PhD., профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)

Жауапты редакторы:

Жанат Сарсенбай, PhD. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Ғылыми редакторлары:

Аққибат Ақжігітова, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Бауыржан Каспихан, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 050040, Қазақстан, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 71

Тел.: +7 707 993 38 27. E-mail: inbox@quttybilik.com web-site: www.quttybilik.com

Меншік иесі: «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» қоғамдық бірлестігі. Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркелген. 25.09.2024 ж. № KZ57VPY00102017 – тіркеу куәлігі.
Мерзімділігі – жылына 4 рет.

Editor-in-Chief: **ANAR SALKYNBAY**, *Doctor of Philology, Professor,
Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Editorial board

Aigul Ismakova	Doctor of Philology, Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)
Altynai Tymbol	Doctor of Philology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
Bijomart Kapalbek	Candidate of Philology, Institute of State Language Development (Almaty, Kazakhstan)
Dulat Bakishev	Candidate of Historical Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies (Seoul, Korea)
Ekrem Ayan	PhD, Associate Professor, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi (Muğla, Türkiye)
Yerden Kazhybek	Doctor of Philology, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Zhazira Agabekova	Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)
Zharkynbike Suleimenova	Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
Karimbek Kurmanaliyev	Doctor of Philology, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Kalamkas Kalybay	Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan)
Magripa Eskeeva	Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Mehmet Ölmez	Doctor of Philology, Professor, Istanbul Üniversitesi (Istanbul, Türkiye)
Nadzhiye Ata Yıldız	Doctor of Philology, Professor, Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi (Ankara, Türkiye)
Nasreddin Nazarov	Doctor of Philosophy, Professor, Chirchik State Pedagogical University (Chirchik, Uzbekistan)
Nergiz Biray	Doctor of Philology, Professor, Pamukkale University (Pamukkale, Türkiye)
Orhan Söilemez	Doctor of Philology, Professor, University of Kastamonu (Kastamonu, Turkey)
Orynai Zhubay	Doctor of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
Tursyn Zhurtbay	Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilev Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Tynyshtyk Yermekova	Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
Shaigul Ramazanova	Candidate of Philology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
Elmira Orazalieva	Doctor of Philology, Associate Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)
Yulai Shamiloglu	PhD, Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)

Responsible editor:

Zhanat Sarsenbay, *PhD, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Scientific editors:

Akkibat Akzhigitova, *doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Bauyrzhan Kaspikhan, *doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Editorial address: 71, Al-Farabi Ave., Almaty, Kazakhstan, 050040

Tel.: +7 707 993 38 27. **E-mail:** inbox@quttybilik.com **web-site:** www.quttybilik.com

Owner: «International Association of Teachers of Kazakh Language». Registered with the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate No. KZ57VPY00102017 dated 25.09.2024.

Periodicity – 4 times a year.

Главный редактор: **АНАР САЛКЫНБАЙ**, доктор филологических наук, профессор,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Редакционная коллегия

Айгуль Исмакова	доктор филологических наук, профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)
Алтынай Тымбол	доктор филологических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)
Бижомарт Капалбек	кандидат филологических наук, Институт развития государственного языка (Алматы, Казахстан)
Дулат Бакишев	кандидат исторических наук, профессор, Университет иностранных языков Хангук (Сеул, Корея)
Екрем Аян	PhD, доцент, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi (Muğla, Türkiye)
Ерен Кажыбек	доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)
Жазира Агабекова	кандидат филологических наук, ассистент профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)
Жаркынбике Сулейменова	доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан)
Каримбек Курманалиев	доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)
Каламкас Калыбай	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)
Магрипа Ескеева	доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Мехмет Олмез	доктор филологических наук, профессор, Istanbul Üniversitesi (Istanbul, Türkiye)
Наджие Ата Йылдыз	доктор филологических наук, профессор, Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi (Ankara, Türkiye)
Насреддин Назаров	доктор философских наук, профессор, Chirchik State Pedagogical University (Chirchik, Uzbekistan)
Нергиз Бирай	доктор филологических наук, профессор, Pamukkale Üniversitesi (Pamukkale, Türkiye)
Орхан Сойлемез	доктор, профессор, Университет Кастамону (Кастамону, Турция)
Орынай Жубай	доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)
Турсын Журтбай	доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Тыныштык Ермакова	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан)
Шайгуль Рамазанова	кандидат филологических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)
Эльмира Оразалиева	доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)
Юлай Шамильоглы	PhD., профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)

Ответственный редактор:

Жанат Сарсенбай, PhD, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Научные редакторы:

Аккибат Акжигитова, докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Бауыржан Каспихан, докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Адрес редакции: 050040, Казахстан, Алматы, просп. аль-Фараби, 71

Тел.: +7 707 993 38 27. E-mail: inbox@quttybilik.com web-site: www.quttybilik.com

Собственник: Общественное объединение «Международная ассоциация преподавателей казахского языка». Зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство № KZ57VPY00102017 от 25.09.2024 г. Периодичность – 4 раза в год.

© Международная ассоциация преподавателей казахского языка

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Түркітану / Turkic Studies / Тюркология

<i>Article</i>	<i>A. Ташимова</i> Рахманқұл Бердібай зерттеулеріндегі түркі эпостарының мәселелері.....	
	<i>A. Tashimova</i> Problems of Turkish Epics in the Research of Rahmankul Berdibay.....	
	<i>A.Ташимова</i> Проблемы тюркского эпоса в исследовании Рахманкула Бердибая	8
<i>Article</i>	<i>A. ал-Зубайер</i> Әдеби отаршылдық мұралар: әл-Мағриб әл-Ақсадағы шығыстану және мәдени империализм.....	
	<i>A. Al Zubayer</i> Literary Colonial Legacies: Orientalism and Cultural Imperialism in al-Maghrib Al-Aqsa	
	<i>A. аль-Зубайер</i> Литературные колониальные наследия: ориентализм и культурный империализм в аль-Магриб аль-Акса	22
<i>Article</i>	<i>Г.Арыстанова</i> Заманауи қазақ ұлттық киімі мен әшекейлік бұйымдар: мәдени дәстүрдің жаңаруы.....	
	<i>G. Arystanova</i> Modern Kazakh National Clothing and Jewelleries as an Innovation of Cultural Tradition.....	
	<i>Г.Арыстанова</i> Современная казахская национальная одежда и предметы украшения как инновация культурной традиции	36
<i>Article</i>	<i>Ж.С. Аймахан</i> Түркі тіліндегі мақал-мәтелдердің тақырыптық қолданысы	
	<i>J.S. Aytahan</i> Thematic Use of Proverbs in Turkish.....	
	<i>Ж.С. Аймахан</i> Тематическое использование пословиц в турецком языке	51

Қазақ тіл білімі / Kazakh Linguistics / Казахское языкознание

<i>Article</i>	<i>A.О. Тымбол</i> Тарихи фразеологизмдердің лингвомәдени уәжі.....	
	<i>A.O. Tymbol</i> Linguocultural Motivation of Historical Phraseologisms.....	
	<i>A.О. Тымбол</i> Лингвокультурные мотивы исторических фразеологизмов	57
<i>Article</i>	<i>Ж. Аманбекқызы</i> Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық мәні.....	
	<i>Zh. Amanbekkyzy</i> Cognitive Character of Proverbs About Life in Shakarim's Poetry.....	

Ж. Аманбекқызы	Познавательный характер пословиц о жизни в поэзии Шакарима	66
----------------	--	----

Article	A.Ф. Төлеутаева Сапарғали Бегалин мен Христиан Андерсен шығармалары тілінің көркемдік ерекшелігі	
	A.G. Toleutaeva The Artistic Specificity of the Language of the Works of Sapargali Begalin and Christian Andersen.....	
	A.Г. Төлеутаева Художественная специфика языка произведений Сапарғали Бегалина и Христиана Андерсена	76

Article	Ә.Қ. Бәкір Ұлттық тіл туралы.....	
	A.Q. Bakir On the National Language.....	
	A.К. Бакир О национальном языке.....	85

Әдебиеттану / Literary studies / Литературоведение

Article	A.Г. Курбанов, Р.Б. Кажиақбарова, Б.Қ. Абралиева Қ.А. Ясауи шығармашылығындағы танымдық аспектілер.....	
	A.G. Kurbanov, R.B. Kazhiakbarova, B.K. Abralieva Cognitive Aspects in the Work of K.A. Yasawi.....	
	A.Г. Курбанов, Р.Б. Кажиақбарова, Б.Қ. Абралиева Познавательные аспекты в творчестве Х.А. Ясави.....	93

Article	Ұ.О. Ахан, С.Д. Дарибаев Әке образының қазақ прозасындағы орны мен рөлі.....	
	U.O. Akhan, S.D. Darybaev The Place and Role of the Father's Image Kazakh Prose.....	
	У.О. Ахан, С.Д. Дарибаев Место и роль образа отца в казахской прозе.....	105

Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі / Methods of teaching language and literature / Методика преподавания языка и литературы

Article	Ж. Изтаева Қазақ тіліндегі нөлдік морфемаларды оқытудың психологиялық ерекшеліктері.....	
	Zh. Iztaeva Psychological Features of Teaching Zero Morphemes in the Kazakh Language.....	
	Ж. Изтаева Психологические особенности обучения нулевым морфемам в казахском языке.....	111

Article	Б.Ж. Мауленова «Қиссас-ул-әнбия» ескерткішінің көркемдігі, ұрпақ тәрбиесіндегі танымдық мәні.....	
---------	---	--

	<i>B.Zh. Maulenova</i> The artistic significance of the monument «Kissas-ul-anbiya», the cognitive significance of the generation's upbringing.....	
	<i>Б.Ж. Мауленова</i> Красота памятника «Киссас-уль-Анбия», его просветительское значение в воспитании подрастающего поколения	117
<i>Article</i>	<i>Г. Минап</i> Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту: теориялық аспектілері мен тәжірибесі	
	<i>G. Minap</i> Developing Functional Literacy of Students in Kazakh Language Lessons: Theoretical Aspects and Practice	
	<i>Г. Минап</i> Развитие функциональной грамотности учащихся на уроках казахского языка: теоретические аспекты и практика.....	135
<i>Article</i>	<i>Д.Б. Жарылганова , А.К. Турлыбекова</i> ЖОО-да және мектептерде қазақ, орыс, ағылшын тілдерін үйретуде лингвоелтанымдық бағдарлы оқытудың маңызы.....	
	<i>D.B. Zharylganova, A.K. Turlybekova</i> The Importance of Linguocultural-Oriented Teaching in Learning Kazakh, Russian, and English in Universities and Schools.....	
	<i>Д.Б. Жарылганова , А.К. Турлыбекова</i> Значение лингвострановедческого обучения при изучении казахского, русского и английского языков в вузах и школах.....	143
<i>Тұлғатану / Personalistics / Персоналистика</i>		
<i>Article</i>	<i>Г.Қ. Махсұтова</i> Батыс өңірі Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы және оның қазіргі замандағы маңызы.....	
	<i>G.K. Makhsutova</i> The Spiritual Heritage of the Alash Leaders of the Western Region and Its Contemporary Significance	
	<i>Г.К. Махсұтова</i> Духовное наследие алашских деятелей Западного региона и его современное значение.....	151

ФТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Атиркул Ташимова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан
(E-mail: atirkul.tashimova@ayu.edu.kz)

Рахманқұл Бердібай зерттеулеріндегі түркі эпостарының мәселелері

Аңдатпа. Рахманқұл Бердібай – әдебиеттанушы, түркі халықтарының эпикалық мұрасын зерттеуде айрықша үлес қосқан ғалым. Оның еңбектері қазақ және жалпы түркі эпосының тарихын, құрылымдық ерекшеліктерін және жырлардың полистадиялығын (көп қабаттылығын) зерттеуге бағытталды.

Р. Бердібай фольклортанушы ретінде қазақ фольклортану ғылымына енгізген жаңалығы: қазақ эпосын жанрлық-стадиялық тұрғыдан талдап-тануы, түрік халықтарының фольклорлық туындыларын салыстырмалы-типологиялық тәсілмен зерттеудегі бастамашылығы көрсетілді.

Р. Бердібай эпостану ғылымына эпостың тарихилығы және полистадиялығы яғни көпқабаттылығы туралы жаңа ұғым қалыптастырды. Бұрын «жабық» қалып келген жырларды зерттеп, ел игілігіне айналдырудың қажеттігін алғашқылардың бірі болып қозғаған Р.Бердібай екені белгілі. 1984 жылы «Эпостың тарихилығы» деген мақала жариялады. Одан соң бұл мақаланы орыс тілінде жазып, Бақуден шығатын «Советская тюркология» журналында жариялап, жұртшылықтың осы салаға дұрыс көзқарас қалыптастыруына септігін тигізді. Одан кейін «Едіге батыр», «Ерлік эпосы», «К проблема историзму эпоса» атты зерттеу мақалаларын жариялады. «Едіге батыр» жыры қазақ эпостарының ішіндегі ең көне, әрі реалдық болмысқа жақын жыр. Өзге жырлар сияқты мұның да көптеген варианттары бар. Бұл жырды ең алғаш «Сибирский вестникте» орыс фольклоршылары бастырғаны белгілі. Қазақ-ноғайлы жырларын зерттеуде, оларды ғылыми айналымға қосуда В.М. Жирмунскийден кейін тұрған Р.Бердібай екені шүбәсіз. Рахманқұл Бердібайдың «Эпос – ел қазынасы» еңбегінде ертегілік эпос, діни дастандар, көне аңыз-эпсаналар тұңғыш рет жүйелі түрде ғалымның мұқият зерделеуінен өтіп, сараланған, нұсқаланған қалыпта ұсынылды. Яғни эпостың шығу тегі – генезисін, даму жолдарын, тарихи оқиғалармен байланысын, жанрлық даралануын, көп қабаттық (полистадиялық) типологиялық белгілерін анықтауымен ерекшеленген түбегейлі зерттеу болды.

Р. Бердібай түркітануға екі тараптан жақын келді. Алғашқысы сонау 60-70 жылдардан бастау алған - әдебиеттер достығы. Ғалымның екінші тараптан түркітануға жақын келуі – эпос зерттеушілік еңбектерімен тығыз байланысты. Эпикалық қазыналарымызды зерттеп-зерделу барысында бір жырдың бірнеше халықтардағы вариант-нұсқаларын қарастырып салыстыруы оны түркітануға жетеледі. Р. Бердібайдың түркі эпосын зерттеудегі көзқарастары ғылымда жаңа парадигмалар ұсынуға ықпал етті. Бұл оның еңбектерін тек қазақ әдебиеттануында ғана емес, бүкіл түркі әлемі әдебиетін зерттеуде ерекше орынға ие етеді.

Түйін сөздер: фольклор, тарихи жырлар, көне эпос, тарихи типология, эпикадағы көпқабаттылық

DOI: <https://doi.org/10.71078/xpe8sv56>

Түсті: 31.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.03.2025.

Кіріспе

Мақалада академик Р. Бердібайдың қазақ фольклортануындағы еңбегі, кеңестік түркологиядағы бастамаларын, оның қазақ эпостарын зерттей келе түркі халықтарының әдебиеті мен фольклорына ортақ сарындарды саралап көрсетуі түркі фольклорын біртұтас дүние ретінде қарастыруға мүмкіндік берген жаңашылдыған ашуға талпындық. Ғалымның өзі айтып кеткеніндей: қазақ эпостарын зерттеп, зерделей келе (бір жырдың туыстас елдердегі түрлі нұсқасына үңіліп) түркілердің эпикалық мұрасына салыстырмалы талдау жасап түркітану атты ғылыми өріске түскендігін көрсету зерттеуіміздің негізгі бағыттарының бірі болды.

Р. Бердібай түркітануға екі тараптан жақын келді. Алғашқысы өткен ғасырдың 60-70 жылдардан бастау алған – әдебиеттер достығы. Ғалымның зерттеу арнасының бір қыры түбі бір туыс халықтарды әдебиетінің өзара байланысы. Бұл тақырып оның «Гүлстанның бұлбұлдары» (1970), «Достық кемесінде» кітаптарынан бастау алып, кейінгі «Байқалдан Балқанға дейін» (1996), «Жұлдыздар жарығы» (2000), «Ел боламыз десек» (2000), «Түбі бір түрікпіз» (2009) ғылыми-публицистикалық жинақтарында жалғасын тапқан. Бұл еңбектердің көбінде ғалым туыс халықтардың әдеби байланысы, шығыс қазынасын (араб, парсы, түрік әдебиетін) игеру, аударма, шығыс тілдерін жетік білетін мамандар даярлау мәселесін көтерген болатын.

Өмірін қазақ фольклоры мен әдебиетіне арнаған Р. Бердібайдың қырықтан астам кітабы және мыңнан аса ғылыми мақаласы бар. Оның кейбіреуі еңбектері ағылшын және орыс тілдеріне аударылып, өзбек, қырғыз, татар, ноғай және түрік тілдеріне тәржімаланды. Р. Бердібай шетелде көптеген ғылыми конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. 1991-1992 жылдары АҚШ-та Сиэтл университетінде қазақ фольклоры бойынша дәрістер оқыды. Сондай-ақ, 1992, 1994 және 1996 жылдары Түркияда өткен «Түркі мемлекеттері мен қауымдастықтарының достастық, бауырластық және ынтымақтастық құрылтайларына» қатысып, ортақ түркі әліпбиі, терминологиясы және фольклоры мәселелері бойынша зерттеулер жүргізді. (Türker, 2012. s. 123-125)

Ғалымның екінші тараптан түркітануға жақын келуі – эпос зерттеушілік еңбектерімен тығыз байланысты. Эпикалық қазыналарымызды зерттеп-зерделу барысында бір жырдың бірнеше халықтардағы варианты-нұсқаларын қарастыруы, салыстыруы оны түркітануға жетеледі. Зер сала қарасақ ғалымның түркітануға ден қоюына өзінің әуел бастан-ақ «шығысшылдығынан» (Ғ. Мүсірепов), түрікшілдігінен басталғандай. Бала күнінен түбірі шығыстық қисса-дастандарды тыңдап, жаттап өсуінен, шығыс жауһарларынан сусындап, шығыс поэзиясына ден қоюы да түрік халықтары әдебиетіне, фольклорына жақындата түскендей. Ғалымның түрік тілдес отызға жуық ұлттар мен ұлыстардың тарихи-генетикалық және мәдени, рухани тамырластығын жан-жақты дәлелдеп, тұжырымдап жеткізген еңбектерінің бірі – «Байқалдан Балқанға дейін» деп аталды. Академик бұл еңбегінде түркі халықтарының (алтай, саха, ұйғыр, хакас, тува, өзбек, қарақалпақ, татар, ноғай, қарашай-малқар т.б.) отызға жуық халықтардың этногенезі, тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрі фольклорлық мұралары арқылы талданып, өріледі.

1973 жылы Рахманқұл Бердібай Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Фольклор бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Бөлімді Р. Бердібай басқарып тұрған кезде «Қазақ фольклористикасы», «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақ фольклорының поэтикасы», «Фольклор және оның этнографиялық негіздері», «Қазақ фольклорының тарихы», «Қазақ фольклористикасының тарихилығы», «Фольклор және шындық», «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атты фольклор ғылымы үшін аса маңызды ондаған ұжымдық еңбектер жарыққа шықты. Бұл еңбектерден тыс ғалымның өзі жазған, фольклор ғылымының бағытын айқындаған тың дүниелер «Қазақ эпосы», «Эпос – ел қазынасы», «Эпос мұраты» атты монографияларының орны

айтарлықтай.

Р. Бердібайдың қазақ фольклоры мен әдебиетінің, түркологияның көкейкесті мәселелеріне арнаған ондаған кітаптары мен көптеген ғылыми мақалалары, ғылыми баяндамалары сөзімізге дәлел. Ғалым өзінің саналы ғұмырының 25 жылын қазақ фольклорын, эпосын, түркі эпостарының мәселелерін зерттеуге арнады. Осы уақыт аралығында ол әдеби, ғылыми ортаға, қоғамға фольклор зерттеуші ғалым, фольклор ғылымын зерттеуді ұйымдастырушы ретінде танылды. Оның қаламынан «Қазақ эпосы» (1982), «Сарқылмас қазына» (1983) деген монографиялар туды. Аталған еңбектер оны фольклортану ғылымының көшбасшысы, қазақ эпостану ғылымының негізін салушылардың бірі екендігін айғақтайтын еңбектер. 1982 жылы жарық көрген «Қазақ эпосы» монографиясы осы салада үлкен жаңалық әкелген, фольклортануға сүбелі үлес қосқан еңбегі. Бұл ғалымның әдебиет сынынан фольклорға ауысқан, маманданған (7-8 жыл) соң жазған бірінші кітабы болатын. (Қабдолов, 1998: 174) Әдетте алғашқы еңбекте тәжірибесіздік көрінісі қылаң беріп жатады. Ал, зерттеуге баға берген ғалымдардың пайымдауынша, академиктің бұл еңбегі әбден кәнігі, эпос саласының арнайы маманының қолынан шыққандай еді. Зерттеудің бір ерекшелігі: «осыған дейін «эпос» қаһармандық жырларды атауға ғана қолданылып келсе, ғалым бұл сөзді әдеби тек мағынасында жұмсалынатын әлемдік әдебиеттану мен фольклортанудағы мәніне жақындатты. Ғалым қоғамдық сана мен формациялардың өзгеруіне орай фольклорлық жанрлардың бірінен екіншісінің бөлініп шығатынын, жаңасы ескісін толық жоққа шығармай, онымен қатар өмір сүре беретінін, соның нәтижесінде синхрондық тұрғыдан қарағанда өз алдына дербес тұрған жанрларға диахрондық (эволюциялық кезең аясына) жағынан үңілсек, бір түбірден тараған бұтақтар сияқты құбылыс екенін ғылыми жолмен дәлелдеп берді.

Тақырып орасан үлкен, ауқымды. «Жанрлық түрлері сан алуан, көлемді қазақ эпостарын шағын зерттеуге сыйғызып, әрбір жыр, яки дастан немесе поэма туралы теориялық жағынан терең толғаныстарға барып, жан-жақты эстетикалық талдау жасау оңай емес... Дұрысында көне эпос, өз алдына, ғашықтық пен тарихи жырдың әрқайсысы өз алдына жеке-дара зерттеулердің тақырыптары. Бірақ ол келер жылдардың үлесіне қала тұратын шығар. Р. Бердібаевтың дәл осы зерттеуі дәл осы қалпының өзінде бірсыпыра міндеттер атқарып, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде қазақ эпосынан өтілетін арнаулы курстарға қажет құрал болатыны сөзсіз», – дейді бұл еңбек туралы академик З. Қабдолов. (Қабдолов, 1998: 72).

Бұл мақаланы ғылыми ортаға ұсынуымыздың маңыздылығы ретінде: өзінің саналы ғұмырында мыңнан аса мақала жазған академик Р. Бердібайдың ғылыми публицистикасын, түркі халықтары эпикалық мұраларын зерттеудегі көтерген мәселелері мен ғылыми айналымға енгізген жаңалығын, көркем тілі мен тың идеяларын тану және жұртшылыққа таныту деген болар едік.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада академиктің қазақ эпостану һәм түркі эпостарының мәселелері төңірегінде еңбектеріне шолу және сараптамалық талдау әдісі қолданылады. Мақаланы жазу барысында ғалымның әр жылдары жарыққа шыққан «Жыршылық дәстүр» (1980), «Қазақ эпосы» (1982), «Сарқылмас қазына» (1983) деген еңбектері, «Қазақ эпосы» (1982), «Эпос – ел қазынасы» (1997) монографиялары, негізгі зерттеу нысанына алынды.

Ғалым еңбектерін талдау барысында фольклортаушы ғалымдар: 1974 жылы жарық көрген В.М. Жирмунскийдің «Түркі халық эпосы», Ә. Қоңыратбаев «Қазақ эпосы және түркология» (1987), Ш. Ибраевтың, З. Қабдоловтың еңбектері негізге алынды. Мақаланы жазудағы ғалымның зерттеу еңбектеріне бойлап, ғылыми публицистикасын, қаламгерлік шеберлігін, түркітану тарапындағы сүбелі еңбектерін қарастыра келіп жүйелеу, саралау, салыстыру, контекстік талдау әдістері қолданылды.

Р. Бердібайдың ғылыми публицистикасында, оның ішінде фольклорлық эпостану бағытындағы мынадай аспектілер негізінде зерттеуді мақсат еттік:

- ғалымның түрік халықтарының фольклорлық туындыларын салыстырмалы-типологиялық тәсілмен зерттеудегі бастамашылығын (инициаторлығын) көрсету;
- түркі халықтары әдебиеті мен фольклорындағы сарындастықты талдап көрсетуі түркі фольклорын біртұтас дүние ретінде қарастыруға мүмкіндік туғызған жаңашылығын көрсету;
- ғалым еңбектерінің (ғылыми публицистикасы) тақырыптық, идеялық, стильдік ерекшеліктерінің мәнін ашу;
- түркітанудағы, түрікшілдік идеясына қатысты көтерген тың бастамалары, ұлтын ұлықтаудағы белсенділігі, қоғамдық, азаматтық дара тұлғасы дәріптелді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Рахманқұл Бердібайдың зерттеулеріндегі түркі эпостарының мәселелерін ғылыми мақаланың зерттеу нысанына арқау етуіміз басты себебі тақырыптың өзектілігінде. Бұл жөнінде тұжырымдар ғалымның әр жылдары жарық көрген зерттеу еңбектері мен монографияларына жазылған пікірлерде көрініс берді. Сонымен қатар, ғалымның 75 жасқа толу мерейтойына орай өткен конференция жинағы «Ғалым мұраты» (Түркістан, 2004), «Р.Бердібай және XX ғасырдың екінші жартысындағы фольклортану, филология, түркология мәселелері» атты конференция материалдары» (Түркістан, 2008) жинақтарында сарабдал ғалымдар мен жас зерттеушілердің ой пікірлері мен тұжырымдары сараланды.

Нәтижелер мен талқылау

Біз бұл мақалада ғалымның сүбелі еңбегінің бірі «Қазақ эпосы» монографиясына тоқталып өттік. Бұл монографияның ең ірі жетістіктерінің бірі – эпостың, фольклор туындыларының көпқабаттылық сипатын ашқандығында. (Бердібаев, 1982: 68) Бір жырда оқиғалардың, топонимдік атаулардың, қаһармандарының тұтылатын заттарының әр түрлі тарихи дәуірлерге тән түрлері қатар бейнеленуі мүмкін. Бұл әрине эпикалық жинақтаудың жемісі. Еңбектің ең бір салмақты тарауы тарихи жырларға арналған. Мұнда ғалым тарихи жыр мен тарихи эпостың өзара байланысы, сабақтастығы, сондай-ақ айырмашылығы айтыла келіп, олардың түрлі дәуірде пайда болған үлгілері мысалға алады. Жете тексерілмеген «Қабанбай батыр», «Шақшақұлы ер Жәнібек», «Олжабай батыр», «Исатай-Махамбет» жырларын талдап шығады. «Сөйтіп бұл монографияда Р. Бердібаев қазақ эпосының барлық жанрлық түрлерінің үлкенді-кішілі алпысқа жуық үлгісін әр тұрғыдан сөз етіп, жалпы зерттеу алдына бірнеше нақты міндет қояды: «Олар – қазақ эпосының жанрлық – көне, қаһармандық, ғашықтық, тарихи түрлерінің эпостық стадиялық шығу, жасалу, таралу кезеңіне жіктеу, эпикалық шығармалардың табиғатына әрбір дәуірдің ұғымын елестетерлік «көп қабаттылық» тән екенін ажырату; қазақ эпосын өзге халықтардың жыр дәстүрімен салыстыра тексеру. Осы мақсаттарды Р. Бердібаев негізінен орындап шықты. Бұл зерттеуші үшін аз табыс емес» (Қабдолов, 1998: 71)

Р. Бердібай туралы әдебиетші ғалымдардың бұған дейінгі жазылған мақалаларына шолу жасай отырып, академиктің эпостану ғылымына эпостың тарихилығы және полистадиялылығы яғни, көпқабаттылығы туралы жаңа ұғым қалыптастырғанына көз жеткіздік. Ол ұзақ жылдар, Кеңестік идеологияның салқынынан зерттелмей келген қазақ-ноғайлы жырларының қайта оралуына, игерілуіне көп еңбек сіңірді. Бұрын «жабық» қалып келген жырларды зерттеп, ел игілігіне айналдырудың қажеттігін алғашқылардың бірі болып қозғаған қайраткер ғалым Р. Бердібай еді. Ол 1984 жылы «Эпостың тарихилығы» деген мақала жариялады. Одан соң бұл мақаланы орыс

тілінде жазып, Бакуден шығатын «Советская тюркология» журналында жариялап, жұртшылықтың осы салаға дұрыс көзқарас қалыптастыруына септігін тигізген болатын. Одан кейін «Едіге батыр», «Ерлік эпосы», «К проблема историзму эпоса» атты зерттеу мақалаларын жариялады. «Едіге батыр» жыры қазақ эпостарының ішіндегі ең көне, әрі реалдық болмысқа жақын жыр. Өзге жырлар сияқты мұның да көптеген варианттары бар. Бұл жырды ең алғаш «Сибирский вестникте» орыс фольклоршылары бастырғаны белгілі. Журнал 1925 жылдан бастап «Азиатский вестник» болып шығып тұрды. «Едіге» жыры осы журналдың 1820 жылғы №10 санында жарияланған. Ал, жырдың ел аузынан жазылып алынуы бұдан әлдеқайда бұрынырақ басталған. Жырға арқау болған Едіге батыр тарихта болған Тоқтамыс, Ақсақ Темір заманының адамы, ел аузында «ел қамын жеген Едіге батыр» атағымен мәшһүр қаһарман Едіге жайындағы жырдың қазірге дейінгі 30-дан астам нұсқасы бар екені айтылады. Ғалымның тәпсірлеуінше, жырды В.М. Жирмунский кеңінен зерттеген. Шоқан Уәлиханов жазып алған, ал Қарақалпақ нұсқасын «Едіге батыр» жыры қазақ эпостарының ішіндегі ең көне, әрі реалдық болмысқа жақын жыр. Өзге жырлар сияқты мұның да көптеген варианттары бар. Ал, жырды ғалымдар Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Қ. Сәтпаев (1927), С. Сейфуллин (1932), С.Мұқанов (1939) бастырғанын көзі қарақты көпшілік біледі. Жыр М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» зерттеуінде кеңінен талданған. Сол сияқты Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан да бұл жырға көңіл бөліп, өздері жазған «Қазақ әдебиеті» кітабында көп орын берген. Осындай алдыңғы толқын ғалымдар легінің зерттеуіне Р. Бердібайдың «Едіге батыр» жыры жөніндегі зерттеулері, оның басқа жырлардың нұсқаларымен салыстыруы өзіндік көп жаңалық қосты. Р. Бердібай –едігетанудың жаңа кезеңінде бұл саладағы ғылымның жеткен жері мен келешекте зерттелуге тиіс мәселелерді жүйелеген ғалым. Эпосты халықтану деп түсінетін фольклор ғылымының негізіне сүйенген ғалым, «Едіге батыр» жырындағы тарихи шындық пен эпостың сәйкес тұстарын да, эпос жасаушылардың қиялынан туған оқиғаларды да толық түсіндірерлік методологиялық қару ұсынады. Түбі бір туыс халықтардың ғылымындағы бірлесе ізденетін мәселелерге жол сілтейді. (Kamalkızı, 2019: s. 1194-1202)

«Едігенің» тағдыр-тарихы жайлы ғалым былай тұжырымдайды:

1. Кешегі әміршілдік-әкімшілдік өрістеген заманда мәдени мұраны тану мен бағалауда біржақтылыққа жол берілді. Сондықтан кейіпкерлері Тоқтамыс, Әмір-Темір, Едіге би болып келетін жырдың хәлі мүшкіл болатыны белгілі еді.

2. Жырлардың теріс талқыға түсіуінің тағы бір себебі сол кезде фольклортануда үстем болған қиындықтарға байланысты. Яғни тарихтағы Едіге мен эпос кейіпкері арасында күрделі айырмашылық бар екені, кез-келген тарихи оқиға эпосқа ауысқанда көркемдік шындықтың өз бағынатыны мойындалмады.

3. «Едіге батыр» жырына кездескен үшінші кедергінің сыры да тікелей өктемдік саясатқа негізделгенін көреміз. Ұлы орысшылдық шовинистік пиғылдан туған озбырлық саясаттың салдары болатын. Бұрындары Ресеймен қандай да бір себеппен соғысқан елдер, жауласқандардың бәрі орыс халқының, яғни халықтар достығының жауы деп бағаланды. Осындай жасанды көзқараспен қарағанда патшалы Ресейге қарсы күрескен ұлт өкілдерінің бәрі дерлік «дұшпан» болып шыға келді. ...Алтын орда, Ноғай ордасы мен Ресей арасындағы қарым-қатынастар тарихына байланысты мәселелер де біржақты қарастырылды. Осының салдары сонау XIV ғасыр мен XV ғасырдың шежіресінде елеулі орын алған би, қолбасы, мемлекет қайраткері Едігені қаралаудан да көрінді Едігенің Алтын орда ханы Тоқтамысты жеңгені ескерілмей, 1409 жылы Мәскеуді қоршағаны, жергілікті халықтан салық алғаны баса көрсетіліп, орыс халқының жауы саналды. «Едіге батыр» жырының басылмай да, зерттелмей де қалу себебі осыдан туған (Бердібай, 2005: 205). Рахманқұл Бердібайды едігетану ғылымының негізін салушылардың бірі десек артық емес. Редакциясын ғалымның басқаруымен 1996 жылы «Ғылым» баспасынан

жарық көрген «Едіге батыр» кітабы сөзімізге айғақ. Осы кітаптың алғысөзін жазған Р.Бердібай болатын. Кішігірім монография тәрізді алғысөзді оқи отырып (3 баспа табақ көлемінде) ғалымның Едіге жырын жан-жақты, толымды зерттегеніне көзіміз жетті. Едіге жайлы алғашқы мақалалары сонау өткен ғасырдың 80-жылдары «Советская тюркология» журналында, Ғылым академиясының хабаршысында жарық көрген. Едіге жайлы зерттеулер толығып, тәуелсіздікте баспа көріп отырған кітаптың алғысөзінде кеңінен көсіле берілгенін аңғардық. Ғалымның «Едіге батыр» жыры жайындағы тұжырымдардың жиынтығы төмендегіше көрсетуге болады:

1. Шоқан, Шыңғыс Уәлихановтардың жинап, «Сибирский вестникте» бастырған нұсқасы М. Жирмунскийдің бағалауында жырдың ең көркем нұсқасы.

2. Қ. Сәтпаев 1927 жылы Мәскеуде «Ер Едіге» жырын Күншығыс баспасында бастырып шығарған. Мұны академик едігетану ғылымындағы маңызда қадам деп санайды.

3. Ғалым «Едіге батыр» жырының барлық дерлік нұсқаларын қарастырып, салыстыра талдаған. Әкелі-балалы Шыңғыс және Шоқан Уәлиханов жазып алған, Ә. Диваев жазып алып Ташкентте бастырған «Мырза Едіге», Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған нұсқасы, Мұрын жырау жырлаған нұсқасы, Нұртуған жыраудан жазып алынған, қарақалпақ жырауларынан жазып алынған екі нұсқа қарастырылады. Тек қазақ жеріндегі емес Кавказ ноғайларында да сақталған «Едіге әңгімесі», татардың «Әдігейі», башқұрттың «Идеугай мен Мұрадым» жырлары, яғни түрік халықтары арасында таралған нұсқалар қоса қабат зерттеліп, зерделенген. Қысқасы, барлық вариант-нұсқаларды алып, толыққанды зерттеу жасайды. Жырдың татар, башқұрт және қарақалпақ нұсқаларын салыстыра отырып, (татарша нұсқа тек өлең сөзбен берілген) әсіресе «татар және қазақ фольклорлық мұрасында аса мол поэтикалық сарындастық жатқандығын анықтайды.

4. Ғалым жырдың түрлі нұсқаларын қабат тексере отырып тек тарихи жыр ғана емес, тарихилық пен қатар жырдың жанрлық белгісін жіктегенде одан қаһармандық жырдың элементтері кездеседі. Яғни, көп қабаттылық (полистадиялық қыры) байқалады.

5. Жырдың көп нұсқаларында аңыз-әпсаналық элементтер (перінің қызынан туу, аққу болып көкке ұшу т.б. кездесуі) оның бойына мифтік, аңыздық сипат дарытады.

6. Жырдың барлық нұсқаларында кездесетін Сыпыра жырау бейнесін, оның дара тұлғасын: «Ол қысылғанға кеңес, тарыққанға медет беретін, айтқаны қате кетпейтін, көрмегені жоқ жоқ данышпан, билігі әділ, шешімі кәміл кемеңгер, әулие дәрежесін көтерілген қарт» деп дәл анықтайды.

7. Едіге жырын зерттей отырып, ғалым Алтын Орда тарихы жайынан көптеген қызықты мағлұматтарды алға тартады. Жыр арқылы бір кезде біртұтас мемлекет болып отырған жұрттардың кейіннен тоз-тозы шығып, ыдырап кеткен қасіретті сырын пайымдаймыз деп тұжырады.

8. Тарихи құбылыстармен, оқиғалармен өріліп отыратын дастанды оқи отырып, «эпос ұмтылғанды еске салатын, өшкенді жандыратын, өлгенді тірілтетін ғажайып құбылыс» екендігін, яғни эпостың тарихтан сабақ алуға шақыратын тағлымдық-тәрбиелік мәнін ашады.

Ғалым жалпы ұзақ жылдар жабық жатқан қазақ-ноғайлы жырларын ден қоя зерттеді. Соның ішінде осы аталған «Едіге батыр» жырына жан-жақты терең зерттеу жасағаны белгілі. Қазіргі фольклортану ғылымында Р. Бердібайдың ноғайлы эпосына байланысты пікірлерінің маңызы зор дейді ғалым Т. Қоңыратбай. «Ғалымның бір ғана «Едіге» жырының түрлі варианттарын салыстыру арқылы тарих пен эпостың арасындағы байланысты ашуға ұмтылуын қазақ эпостану ғылымындағы алғашқы арнайы ізденістердің бірі деуге болатындай. Сол мәселелер тұсында ноғай ұлысының тарихына қатысты мәселерге де тереңдей білген. Осының бәрі зерттеушіге «Едіге» жырының аңыз-әпсаналық, ертегілік, және тарихи арқауын анықтауға мүмкіндік берген»

(Қоңыратбай 2004: 141) Түрік халықтарында нұсқаларын татар-башқұрт варианттарын қоса алуы әсіресе зерттеуге нақтылық береді. Ұзақ жылдар архив тереңінде жатқан «Едігенің» татарша нұсқасы зерттеуге жаңаша леп, тыныс бергендей. Тәуелсіздіктің жемісі ретінде бағаланатын бұл еңбектерде татар зерттеушілер Фатих Урманчи, жазушы Елбарыс Нәдіров «Едігейдің» түрлі нұсқаларын жинап, бастырған татар ғалымы Нәки Исанбеттің мұраға адалдығын атап өту парыз. Шоқан Уәлиханов қазақша нұсқасынан сәл өзгешелеу татар «Едігейінің» негізгі ерекшелігі жырдың тек өлеңмен берілуі, екіншіден, басқа варианттарда кездесе бермейтін (ұмытылған) тың деректердің кездесуі, сонымен қатар, Әмір Темір мен Тоқтамыс жорықтарынан сыр шертетін мол топонимдік аттар шоғырының кездесуі. Жырдың таралу ауқымының жаңа мысалын географиялық ауқымдылығын, кеңдігін байқаймыз дейді ғалым. Жырдың бірнеше жерінде кездесетін кейбір жолдары тіпті қазақ нұсқасымен ұқсас деген тұжырымды пікірін білдірген.

Жырдың басында Едігенің ата-тегі, әкесі жайында мағлұмат келтірілген, Ақсақ Темірдің Тоқтамыстан қыран құсты қалауы. Ол құсты ханның ризалығынсыз Құттықияның беріп жіберуі, осы үшін оның өлімге кесілуі, оның ұлы Едігеге ажал қауіпі төнгенде Жантемір деген адамның аман алып қалғаны, жас баланың Құбығұл деген жалған атпен тірі қалғаны айтылады. Оқиганың болып-өткені нақты айтылады:

«Бұрын өткен заманда,
Бұлғар менен Сарайда.
Жайық пенен Еділде,
Алтын Орда, Ақ орда –
Даңқты қыпшақ жерінде,
Татардан туған ноғай елінде
Тоқтамыс деген хан болды»

Сөз болып отырған нұсқада тарихи оқиғалар сілемі нақтырақ көрінеді. Тоқтамыс ханның орталығы «Сарай деген қаласы, сексен көше арасы, сары мәрмәр алтын тас...» деп сипатталады. Ал, Әмір-Темірдің қонысы мен руы былай аталып өткен:

Ол дария да бұл дария
Ол дариядан Сырдария;
Сырдариядан Самарқан
Самарқанда отырған
Әмір барлас шаһ Темір
Тоқтамысқа хат берді. (Бердібай, 2005: 259).

Ғалым татардың «Агизел» журналында 1989 жылы жарияланған «Идегей» татар халықдастаны атты материалдан берілген бұл үзінділерді оқып, расында да қазақ тіліндегі нұсқадан көп алшақтықты аңғармаймыз деген тұжырымға келеді. Р. Бердібайдың «Едіге батыр» жыры зерттеуінің түйінін жинақтағанымызда мына төмендегідей концептуалды қорытынды түйінделеді:

1. Жырдың жанрлық сипатына қатысты: аңыз-әпсаналық, ертегілік, сонымен қатар нақты тарихи арқауы (сарындары) қосылып келгенде дастанның полистадиялық) табиғатын көреміз.

2. Жырда қаһармандық эпостың да, аңыздың да, ертегінің де тарихи жырдың да белгілері аралас келеді. Едігенің анасы пері қызы жайлы айтылуы әпсаналық-аңыздық тұрғыдан баяндалғанын білдіреді, бірақ олар (жырдағы т.б. мифтік желілер) жырдың аңғартпақ басты басты идеясын көлегейлей алмайды. Сонымен «Едіге батыр» тарихи-қаһармандық нақыштағы жыр. Себебі, қаһармандық эпосқа тән: 1) болашақ батырдың ғажайып дүниеге келуі; 2) жедел жетілуі; 3) батырлық үйлену; 4) жауын жеңіп мұратына жетуі сынды қалыпты мотивтер толығымен танылады.

3. Қаһармандық сарынмен қатар Тоқтамыс пен Әмір Темір, Тоқтамыс пен Едіге арасындағы тартысты, Алтын орда хандығының ыдырау процесі кезіндегі нақтылы тарихи жағдайлармен оқиғаларды баяндаған аталмыш жырды тарихи жыр деп атауға толық негіз бар. (Бердибаев, 1986) Ғалымның бұл тұжырымы белгілі эпостанушы, түркітанушы Ә. Қоңыратбаев пікірімен үндеседі: «Ноғайлы эпосында реалдық тарих басым. Онда ноғайлы батырлары мен мырзалары бірде ұнамды бірде ұнамсыз бейнеде көрсетілген. Осының өзінде тақ таласында жүргендерді сынау, кейбірін белгілі тенденция қолдану болды. Боровков айтқандай, тайпа-халық тенденциясы мен хан мырзалар арасындағы «идеялық күрес» бірдей емес. Осы екі сипатпен ноғайлы эпосы тайпалық емес, шежірелік белгісі басым ұлы эпос болды». (Қоңыратбаев, 1987: 73). Ноғайлы жырларының айтушы қиялынан емес, халық өмірінен алынғанын В. Жирмунский, А.Боровков сияқты ғалымдарда көрсеткен.

4. Жырдың тарихи-генетикалық негізіне қатысты мынаны айтуға болады: «Бір заманда Алтын Орда, одан шыққан Ноғай ордасы кейінірек түрлі хандықтарға бөлінген жұрттарда қазақтар, ноғайлар, татарлар, қарақалпақтар, башқұрттар т.б. «Едіге батырды» етене санап қадір тұтқан. Демек «Едіге батыр» бір кезде түркі халықтары қуатты мемлекет орнатып, әлемде өзіндік бедел иеленіп, қаһармандық даңқы аспандап тұрған шағының ортақ ескеркіші. Түбі бір туыстықты дәлелдеп тұрған тарихи құжат есепті дүние. Солардың ішінде профессор Рахманқұл Бердібайдың қазақ эпосын зерттеуге арналған «Эпос – ел қазынасы» кітабының ерекше маңызы бар, өзіндік айтары мол, жаңа тың тұжырымдар мен бұрын аз зерттелген аспектілерді қозғауымен дараланып тұрған еңбек екенін айрықша айтқымыз келеді. Ертегілік эпос, діни дастандар, көне аңыз-әпсаналар тұңғыш рет жүйелі түрде ғалымның мұқият зерделеуінен өтіп, сараланған, нұсқаланған, тексерілген қалыпта оқушы қолына ұсынылып отыр. Ертегілік эпос, діни дастандар, көне аңыз-әпсаналар тұңғыш рет жүйелі түрде ғалымның мұқият зерделеуінен өтіп, сараланған, нұсқаланған, тексерілген қалыпта оқушы қолына ұсынылды.

Бұл еңбек – эпостың шығу тегі – генезисін, даму жолдарын, тарихи оқиғалармен байланысын, жанрлық даралануын, көп қабаттық (полистадиялық) типологиялық белгілерін анықтауымен ерекшеленген түбегейлі зерттеу ретінде ғылыми айналымға енген құнды құрал. Мұны фольклортанушы, түріктанушы ғалым Ш. Ибраевтың мына пікірі де растайды. «Профессор Р. Бердібайдың фольклоршылық еңбектерінің ішінде қазақ эпосының генезисін, даму жолдарын, жанрлық ерекшелігін сипаттайтын зерттеулері ерекше құнды. Ғалым қазақ халқының аса бай эпикалық мұрасын жанрлық-стадиялық тұрғыдан талдап, тану принципін тұңғыш рет ұсынғаны белгілі. Егер одан бұрынғы зерттеушілер (Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Е. Ысмаилов) эпосты көбінесе тақырыптық және хронологиялық белгілеріне сәйкес жүйелеп топтаған болса, Р.Бердібай дастандық туындыларды жанрлық және стадиялық сипатын қоса қамтып тексеріп, ғылыми жаңалық әкелді: күллі эпикалық жырларды көне (архаикалық), қаһармандық (класикалық), ғашықтық (романдық), және тарихи эпос деп төрт топқа жүйелейді». (Бердібай, 2005: 4).

Р. Бердібай өз талдауында эпостың осындай танымдық, көркемдік-әдеби, деректік рөлі баса көрсетілген. Солай бола тұра эпос тарих емес. Эпос кейіпкері тарихи тұлға бола алмайтындығын атап көрсетті. Сондай-ақ бұл шығармаларды тексере келе дәл пәлен ғасырдың туындысы деп кесіп-пішіп айтуға да болмайды. Өйткені, эпоста көне мифтер араласқан аңыз, ертегілердің де, одан кейінгі реалды дәуірлердің де белгісі бар. Мұның бәрі ғалым шегелеп көрсеткендей араласып, қабаттасып жататын бір заңдылықтың белгісі. «Ауыз әдебиеті ескерткішінің мұндай бітімін фольклортану ғылымында полистадиялық (көпқабаттылық) деп атайтыны осыдан» (Бердібай, 2005:139) дейді.

Кеңестік сыңаржақ идеология кесірінен зардап шеккен қазақ-ноғайлы жырларының

қайта «тірілтіп», қатарға қосуда В.М. Жирмунскийден кейін белсене кірісіп, батылдық танытқан Р. Бердібай болатын. Бұл сөзіміздің ақиқатына Б. Қорғанбековтың мына пікірінен кейін көз жеткізе аламыз. «В.М. Жирмунский еңбегінің ең маңызды тұсы – кеңестік диктатура 1950-жылдары сөз етуге тыйым салған «ноғайлы жырларын» ғылыми айналымға қайта қосуы еді. Жирмунскийден кейін бұл жырларды зерттеу қауға түскен өрттей қаулай жөнелуі керек еді. Өкінішке орай олай болмады. Кеңестік саясаттан көп теперіш көрген қазақ, қарқалпақ, ноғай ғалымдары бұл тақырыпқа бірден беттей қоймады. Осы тұста ерен қайрат көрсеткен Рахаң болды» (Қорғанбеков, 2004: 106). Ол осы жырлардың көбісіне жеке мақала арнап қана қоймай, ғалымның өзі айтқандай «В. Жирмунскийдің еңбегін көлденең тарта отырып, ноғайлы жырларын толық ақтап алу қажеттігін Кеңестер Одағы көлемінде мәселе етіп қойды».

Қазақ-ноғайлы жырларын зерттеуде, оларды ғылыми айналымға қосуда В.М.Жирмунскийден кейін тұрған Р. Бердібай екені шүбәсіз. «Едіге батыр» жырының мазмұны, көркемдік бітімі, шығу төркіні, тарихқа қатыстылығы, жанрлық ерекшелігі, көркемдік суреттеу тәсілдері жайлы жан-жақты талдау жасаған көлемді мақаласын ұсынды. 1996 жылы зерттеудің түрлі вариант-нұсқаларын жинастырып, алғы сөз жазып, баспадан шығарды

Р. Бердібай эпостану ғылымына эпостың тарихилығы және полистадиялылығы яғни көпқабаттылығы туралы жаңа ұғым қалыптастырды. Иә, ғалым қазақ эпосының жанрлық-стадиялық, архаикалық түбірлері, эпикалық дәстүр мәселесі бойынша көптеген құнды ой-пікірлер толғады. Оның бұл салада көтерген мәселесі сан тарапты. Десек те, ғалым Т. Қоңыратбай айтқандай: «Р. Бердібай еңбектерінің қазақ фольклортану ғылымына қосқан үлесі – эпостың тарихилығы туралы толғаныстарында» (Қоңыратбай, 2004: 144). Әрине, ғылымда поэтикалық таным өрістеп тұрға кезеңде өзге көзқарасты орнықтырудың оңай емес екені белгілі. Оның үстіне кешегі кеңестік ғылымда диалектикалық танымның орнына саяси сипаттағы, барлық мәселеге таптық тұрғыдан қарау, бағалаушылық белең алғаны да жасырын емес. Сондай кезде эпостың көркемдік жүйесі, стадиялылығы туралы мәселелер қарастырған ғалымның ізденістері оның шеңберінен асып кетіп отырды. Ғалым «қазақ фольклорының тарихилығы» деген тақырыпқа жетекшілік етті. Бұл ұжымдық еңбекте қамтылған мәселелер тарихи танымды одан әрі тереңдете орнықтырыра түсті. Бұл ретте ғалымның «Эпостанудың әдістемелік мәселелері» көлемді ғылыми мақаласына назар аударсақ дейміз. Мұнда Р. Бердібай эпостың көркемдік жүйесі мен тарихилығының арақатынасына байланысты көптеген орыс ғалымдарының ой-пікірлеріне тоқтала келіп, үш түрлі ғылыми көзқарастың орын алып отырғанын жинақтап көрсеткен:

1. Жыр оқиғаларын белгілі адамдар мен тарихи оқиғалар хроникасы ретінде түсіндіру. (тарихи мектеп)

2. Эпостың көркемдік жинақтаушылық сипатын жоғары қойып, онда тарихи оқиғалардың өзін емес, халықтың бағасы ғана сақталады деген ұғым.

3. Әрбір фольклор жанрының тарихилығы түрлі дәрежеде көрінеді. Эпостың тарихилығы оның поэтикасына бағынады дейтін бағыт.

Кеңес дәуірінде орыс ғалымдары Миллер мен Келтуля ұсынған «тарихи мектеп концепциясы» дәуірлеп тұрған тұста зерттеушілердің дені ғылымға диалектика емес, идеологиялық тұрғыдан келіп «тұрпайы социологияға» жол берілді. Вариантарымен санаған 400-ге жуық қазақ эпостары түгел мансұқталып, «Қамбар батырдан» қазақ эпосын байлар табының туындысы деген болса, оның жаңсақтығы 1956 жылы «Алпамыш» жырына арналған Ташкент конференциясында сыналған еді. Сол конференцияда сөйлеген сөзінде А. Боровков тайпалық эпосты таптық және тапсыз деп бөлу ертегі мен эпостың туған заманын шатастырады деген болатын (Қоңыратбаев 1987: 190). Сонымен қатар, кеңес ғылымында орын алған «бірыңғай ағым» теориясының қисындары бойынша барлық эпос атаулы феодализм заманында, таптық қоғамда туған құбылыс. «Бірыңғай

ағым» сарыны эпос хандар сарайларында туған дейтін Миллердің пікірімен сабақтасады. Ал, орыс зерттеушісі А.К. Боровков «Ер Төстік», «Құламерген» тапсыз патриархалдық қоғамда туған, «Алпамыс», «Ер Тарғын» таптық-феодалдық қоғамда туған, сол үшін бірінші сатыда туған эпос халықтық, екінші сатыда туғандары феодалдық эпос дейтін пікірлерді сынап келіп: «Эпостық шығармаларды бұлай топтастыру батырлық жырларын ақсүйектер табының туындысы дейтін қисынды көлденең түрде мойындамау болып табылады. Бұл феодалдық қоғамдағы халық творчествосын жоққа шығару болмақ» деп жазды (Қоңыратбаев 1987:71). «Кейбір қазақ фольклористері батырларға бір ғана әлеуметтік баға қойып, Манас, Алпамыс – бай, Қамбар, Ұлтан – кедей деп, олардың күресін таптық арнамен өлшеді. Ғылым үшін бұл схеманың берері аз» деген Ә. Қоңыратбаев пікірінен де елуінші жылдардағы ғылымдағы саясаттың салқынын аңғаруға болады.

Эпостану ғылымындағы түрлі әдістемелерді жинақтай келіп Р. Бердібаев үш түрлі бағыттың бар екенін атап көрсетті. Оның бірінде эпос пен тарих арасында теңдік белгісі қойылса, екіншісінде эпостың көркемдік сипаты алға шығады. Ал соңғы жүйе бойынша әртүрлі жанрдың тарихи сипаты әртүрлі болмақ.

«Түбі бір түрікпіз» жинағына енген және кейіндеу жарық көрген «Түрік халықтары эпостарының тарихи-генетикалық типологиясы» еңбегінде туыс халықтардағы эпикалық қазыналарындағы үндестік сарындарының түп-төркіні үш жүйе бойынша: тарихи-типологиялық салыстыру, тарихи мәдени типология, тарихи-генетикалық типология бойынша қарастырады. Ғалым түркі халықтары эпосын типологиялық зерттеу барысында мынадай басты принциптер ескергенді жөн көреді. Біріншіден, түркі елдеріндегі эпикалық мұралардағы ұқсастықтар мен ерекшеліктердің негізін ауыз әдебиетіндегі сарындастықтар себебін түсіндірумен шектелмей, тың деректер арқылы дәйекті салыстырулармен дәлелдеу керектігін ескертеді. Екіншіден, ғылыми-әдіснамалық қателіктер ұзақ жылдар түрік халықтары фольклоры ерекшеліктері анықтауға тұсау болғанын атап көрсетеді. Үшіншіден, түркі халықтарының эпостары қаһармандары реалды болмыстағыдай емес, эпикалық-көркемдік әсірелеу тәсілімен жасалуы, бұл өз кезегінде ғылымды тоқырауға ұшыратқаны айтылады. Төртіншіден, А.П. Скафтымовтың тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын ажыратқан әйгілі тұжырымы зерттеу бағытын тың арнаға бұрғанын шегелеп айтты. Бесіншіден, ауыз әдебиетіндегі түрлі жанрдағы шығармаларды бір-бірімен салыстырғанда олардың ортақ фабуласын, сарындары мен үндестіктері тарихи-типологиялық тұрғыдан қарастыру қызғылықты қорытындыға жетелейтінін көрсетті. Алтыншыдан, түркі халықтары эпостарында тарихи-генетикалық сипаты басым шығармалар жиі кездесетіні дәлелденді. (Бердібай, 2002: 131) Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының алтайлықтарда, башқұрттарда, ноғайларда, Румыния татарларында кездесетіні. Сол секілді «Алпамыс батыр» жырының бірнеше түркі халықтарына ортақ қазына ретінде таралуы, сондай-ақ осы жырдың фабуласы «Дәде Қорқыт» кітабында кездесуі тарихи-генетикалық типология заңдылықтарына саяды деген тұжырымға келеді (Жолдыбай, 2010: 77-82).

Р. Бердібайдың «Байқалдан Балқанға дейін» деген (Бердібай, 1996: 3-129) ғылыми-көпшілік мақалалар жинағында 25 түрік тілдес халықтардың мәдени, тарихи, фольклорлық ескерткіштері баяндалады. Осы халықтарды арасында байланыс, туыстық, тұтастық сөз болады. Бұл еңбектің ғылымилығынан публицистикалық сипаты басым. Сондықтан кітаптың тілі жеңіл. Очерк жанрында жазылған бұл еңбектің мақалалар кезінде халықаралық «Түркістан» газетінде біраз уақыт бойы (тізбекті) жарияланды. Сол тұста жұртшылықтың газетті Р. Бердібайдың осы тізбекті мақалаларын оқуға бола, іздейтінін де естідік. Кітапта патшалы Ресейдің, кеңес үкіметінің отарлау саясатының ойрандары әшкереленеді. Қос империяның түбі бір туыс халықтарды мейлінше бір-бірінен алыстату үшін түрлі айла-шарғылар жасап, басын қоспауға, біріктірмеу үшін

барын салып баққаны нанымды жеткізіледі. Ғылыми-публицистикалық стильде жазылған еңбекте авторлық позиция айқын: ол түбі бір түркі халықтарының бірлігі, рухани тамырластығы. Расында ғалымның ту етіп ұстап отырған осы принциптері әрбір түрік халықтарының әдебиеттанушылары, тарихшылары берік ұстануға тиіс мәселе. Олай етпейінше түрік халықтары әдебиетінің тарихын жазып шығу мүмкін емес. Ол үшін Р. Бердібай мақалаларындағыдай биік парасат, терең білімдарлық, туыстық ыстық сезім керек. Түркі деп аталатын халықтардың құрамындағы әрбір ұлт өз туған әдебиетін көп бұтақтың біріміз дейтін сара санаға жетпейінше түрлік бірлігі идеясы, түрік бірлігі мәселесі шешімін таппақ емес. Бұл жинақты оқырман, зиялы қауым – түркітануға қосылған тың леп деп бағалады. Ал, түрік ғалымы Фадли Әли осы кітап жайлы мақалалар-рецензиясын «Түркілер туралы толғау» деп атапты. Бұл еңбек те түрік тіліне аударылып, Анкарада басылды (Eren, 2017: s. 872). Түбі бір туыстас елдің құрметіне бөленді. Осы басылымға алғысөз жазған түрік ғалымы Шериф Акташ: «Рахманқұл Бердібай – бүгінгінің Деде қорқыты» деп баға берді.

Академик Рахманқұл Бердібайдың түркітану саласындағы ерен еңбегі бағаланып Түркия Республикасының «Түрік дүниесіне ерен қызметі» сыйлығымен марапатталды. Сол тұстағы ел президенті С. Демирель өз қолымен табыстаған бұл сыйлықты ғалымның ұзақ жылдардағы түркі бірлігі идеясына деген адал қызметінің өтеуі деп білдік.

Қорытынды

«Ғалым қазақ халқының аса бай эпикалық мұрасын жанрлық-стадиялық тұрғыдан талдап, тану принципін тұңғыш рет ұсынғаны белгілі. Бұрынғы зерттеушілер (Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Е. Ысмаилов) эпосты көбінесе тақырыптық, хронологиялық белгілеріне қарай жіктеп келсе, Р. Бердібай жырларды жанрлық және стадиялық сипатын қоса қамтып, ғылыми жаңалық әкелді: күллі эпикалық репертуарды көне (архаикалық), қаһармандық (класикалық), ғашықтық (романдық), және тарихи эпос деп төрт топқа жүйелейді.

Ғалым түрік халықтары эпосындағы үндестік пен сарындастықтар түбірін үш түрлі ерекшелігін бөліп көрсетеді: 1.Тарихи типологиялық салыстыру; 2.Тарихи-мәдени типология; 3.Тарихи генетикалық-типология. Яғни, бұл Ш. Ибраевтың пайымдауынша «Р. Бердібайдың фольклортану зерттеулеріндегі екінші сонылық – түрік халықтарының аңыздауларын салыстырмалы-типологиялық тәсілмен зерттеудегі бастамашылығы» (Бердібай, 2005: 4).

Ғалымның зерттеуіндегі аталған мәселе, яғни типологиялық салыстырудың үш түрлі типі қазіргі кезде фольклортану оқулықтары бағдарламысына енгізіліп кең қолдануда. Зерттеу барысында ғалымның түркі халықтарының ортақ мәдениеті мен өнерін, рухани құндылықтарын сақтауды ұдайы басты назарда ұстап келгеніне көз жеткіздік. Бар болмысымен, парасатымен, барлық қызметімен түрік бірлігі идеясына шын берілген, түрікшіл ғалым Р. Бердібайдың түркітану саласындағы, түрік халықтары бірлігі идеясын үшін күрес жолындағы жасаған еңбегі зор. Ғалым өзі жазып кеткендей ортақ тіл, ортақ әдебиет, түрік халықтарының тарихы жазылатын уақыт келді. Ал еңбектерге арқау боларлық ортақ желі – академиктің біз жоғарыда атап өткен еңбектерінен табылары сөзсіз.

Ғалым өзі қызмет еткен Ахмет Ясауи университетінде өмірден озғаннан кейін 2012 жылдан бастап бірер жыл жүйелі өтіп жүрген «Р. Бердібай оқулары» республикалық ғылыми-теориялық конференциясы жалғасын тапса, кеңейтіп жүйелі түрде өткізілсе, сонымен қатар, еліміздің ЖОО-ның тіл-әдебиет, гуманитарлық білім беру бағдарламаларына «Р. Бердібайтану» арнайы курсы оқытуды ұсыныс еткіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі

- Бердібаев, Р. (1982). Қазақ эпосы (570 б.). Қазақстан.
- Бердібаев, Р. (1986). К проблеме историзма эпоса. Советская тюркология, (2).
- Бердібай, Р. (1996). Байкалдан Балқанға дейін (256 б.). Қазақстан.
- Бердібай, Р. (2002). Түбі бір түрікпіз (341 б.). Фолиант.
- Бердібай, Р. (2005). Бес томдық шығармалар жинағы (Т. 1, 460 б.). Қазығұрт.
- Жирмунский, В. М. (1974). Тюркский героический эпос.
- Жолдыбай, О. (2010). Академик Р. Бердібай зерттеулеріндегі түрікшілдік сарындары.
- Р. Бердібай түркі халықтарындағы этногенез бен дәстүрді зерттеуші (77-82 б.). Баспалар үйі.
- Қабдолов, З. (1998). Эпикалық қазыналар мәні. Кемел ойлы көркем сөз: мерейтой жинағы (79 б.). Жібек жолы.
- Қоңыратбаев, Ә. (1987). Қазақ эпосы және түркология (365 б.). Ғылым.
- Қоңыратбаев, Ә. (1991). Қазақ фольклорының тарихы (285 б.). Ана тілі.
- Қоңыратбай, Т. (2004). Бар ғұмырын ғылымға бағыштаған. Ғалым мұраты (конференция жинағы) (141-147 б.).
- Қорғанбеков, Б. (2004). Қазақ эпосының сарабал сарбазы. Ғалым мұраты (конференция жинағы) (174-179 б.).
- Eren, M. (2017). Rahmankul Berdibay'ın, Baykal'dan Balkan'a adlı eseri üzerine. Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi, 6(3), 2872-2879. <http://dx.doi.org/10.7884/teke.3897>
- Kamalkızı, G. (2019). Türk halklarında ortak "Edige Destanı" ile Rahmankul Berdibay çalışmaları. AVRASYA Uluslararası Araştırmalar Dergisi, (16), 1194-1202. <https://doi.org/10.33692/avasyad.543624>
- Türker, F. (2012). Kazak Folklorcu Rahmankul Berdibay(ev)'ı kaybettik. Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, (34), 123-125.

References

- Berdibaev, R. (1982). Qazaq eposy [Kazakh epic] (570 p.). Kazakhstan. (In Kazakh)
- Berdibaev, R. (1986). K probleme istorizma epasa [On the problem of epic historicism]. Sovetskaia türkologia, (2). (In Russian)
- Berdibai, R. (1996). Baikaldan Balqanğa deim [From Baikal to the Balkans] (256 p.). Qazaqstan. (In Kazakh)
- Berdibai, R. (2002). Tübi bir türıkpız [We are all Turks] (341 p.). Foliant. (In Kazakh)
- Berdibai, R. (2005). Bes tomдық шығармалар жинағы [Collection of works in five volumes] (Vol. 1, 460 p.). Qazyğürt. (In Kazakh)
- Eren, M. (2017). Rahmankul Berdibay'ın, Baykal'dan Balkan'a adlı eseri üzerine. Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi, 6(3), 2872-2879. (In Turkish) <http://dx.doi.org/10.7884/teke.3897>
- Jirmunski, V. M. (1974). Türkski geroicheski epos [Turkic heroic epic]. (In Russian)
- Joldybai, O. (2010). Akademik R. Berdıbai zertteulerindegi türıksıldık saryndary [Academician R. Berdıbay's studies of Turkism]. In R. Berdıbai türkı halyqtaryndağy etnogenez ben дәstürdi zertteuşı (pp. 77-82). Baspalar üi AQ. (In Kazakh)
- Kamalkızı, G. (2019). Türk halklarında ortak "Edige Destanı" ile Rahmankul Berdibay çalışmaları. AVRASYA Uluslararası Araştırmalar Dergisi, (16), 1194-1202. (In Turkish) <https://doi.org/10.33692/avasyad.543624>
- Qabdolov, Z. (1998). Epikalyq qazynalar mänı [Epic treasures essence]. In Kemel oily körkem söz: Mereitoi jınağy (p. 79). Jibek Joly. (In Kazakh)

Qoñyratbaev, Ä. (1987). Qazaq eposy jäne türkologia [Kazakh epics and Turkology] (365 p.). Ğylym. (In Kazakh)

Qoñyratbaev, Ä. (1991). Qazaq föklorynyñ tarihy [History of Kazakh folklore] (252 p.). Ana tılı. (In Kazakh)

Qoñyratbai, T. (2004). Bar ğūmyryn ğylymğa bağyštağan [He devoted his whole life to science]. In Ğaly mūratty (p. 141). Tūran. (In Kazakh)

Qorğanbekov, B. (2004). Qazaq eposynyñ sarabdal sarbazy [A wise soldier of the Kazakh epic]. In Ğaly mūratty (p. 174). Tūran. (In Kazakh)

Türker, F. (2012). Kazak folklorcu Rahmankul Berdibay(ev)'ı kaybettik. Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, (34), 123-125. (In Turkish)

Atirkul Tashimova

Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

(E-mail: atirkul.tashimova@ayu.edu.kz)

Problems of Turkish Epics in the Research of Rahmankul Berdibay

Abstract. Rakhmankul Berdybay is a literary scholar who made a significant contribution to the study of the epic heritage of Turkic peoples. His works focused on the history of Kazakh and Turkic epics, their structural features, and the polystage nature (multilayeredness) of the epic songs.

As a folklorist, Berdybay introduced a major innovation to Kazakh folklore studies: the analysis of Kazakh epics from a genre-based and stage-based perspective, and his pioneering approach to the comparative-typological study of the folklore works of Turkic peoples.»

R. Berdybay introduced a new concept to the science of epics: the historicity and polystage nature, that is, the multi-layeredness of the epic. It is known that R. Berdybay was one of the first to raise the issue of studying the poems that had previously remained 'closed' and turning them into a benefit for the nation. In 1984, he published an article entitled 'The Historicity of the Epic.' Later, he wrote this article in Russian and published it in the journal Soviet Turkology, which was published in Baku, helping to form a correct public perspective on this field. He then published research articles entitled 'Edyge Batyr,' 'Epic of Heroism,' and 'On the Problem of Historism of the Epic.' The poem 'Edyge Batyr' is the oldest and most realistic among the Kazakh epics. Like other epics, it has many variants. It is known that this poem was first published in Sibirsky Vestnik by Russian folklorists. It is indisputable that R. Berdybay succeeded V.M. Zhirmunsky in the study of Kazakh-Nogai epics and their inclusion in scientific circulation. In Rakhmankul Berdybay's work Epic - the Treasure of the Nation, fairy-tale epics, religious narratives, and ancient legends and myths were for the first time systematically and carefully analyzed by the scholar, presented in a differentiated and variant form. That is, it was a fundamental study, distinguished by the identification of the origin – the genesis of the epic, its development paths, connections with historical events, genre individualization, and multi-layered (polystage) typological features.»

R. Berdybay approached Turkology from two perspectives. The first began back in the 60s and 70s – the friendship of literatures. His second approach to Turkology was closely linked to his work on epic studies. In the process of researching and analyzing our epic treasures, his consideration and comparison of multiple versions of the same epic across different peoples led him to Turkology. Berdybay's views on the study of Turkic epics influenced the development of new paradigms in the field of science. This makes his works significant not only in Kazakh literary studies but also in the study of the literature of the entire Turkic world.

Keywords: folklore, historical poems, ancient epic, historical typology, multi-layered epic

Атиркул Ташимова

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави,
Туркестан, Казахстан
(E-mail: atirkul.tashimova@ayu.edu.kz)

Проблемы тюркского эпоса в исследовании Рахманкула Бердибая

Аннотация. Рахманкул Бердибай – литературовед, учёный, внесший особый вклад в изучение эпического наследия тюркских народов. Его работы ориентированы на изучение истории, структурных особенностей и полистадиальности (многослойности) поэтических произведений казахского и тюркского эпоса в целом. В работе показано новаторство Р.Бердибая как фольклориста, который провел обширный анализ казахского эпоса с точки зрения жанров и этапов и взял на себя инициативу по изучению фольклорных произведений тюркских народов сравнительно-типологическим методом.

Р. Бердибай создал новую концепцию историчности и полистадиальности, то есть многослойности, эпоса. Известно, что Р.Бердибай одним из первых поднял проблему изучения ранее «закрытых» песен и обращения их в культурный и научный оборот, ставящий своей целью благо страны.

В 1984 году была опубликована его статья «Историчность эпоса». После чего эта статья была переведена им на русский язык и увидела свет в издающемся в Баку журнале «Советская тюркология». Содержание статьи в значительной мере помогло общественности сформировать правильное отношение к области тюркологии. Далее, были опубликованы такие научные статьи, как «Едиге батыр», «Эпос о героизме» и «К проблеме историзма эпоса». Эпос «Едиге батыр» – древнейшая и одна из наиболее реалистичных поэм казахского эпоса, имеющая несколько вариаций. Кроме того, Р.Бердибай был следующим после В.М.Жирмунского в исследовании казахско-ногайлинских стихотворений и вводе их в научный оборот.

Взгляды Р.Бердибая в изучении тюркского эпоса способствовали представлению новых парадигм в науке. Это придает его произведениям особое место не только в казахском литературоведении, но и в изучении литературы всего тюркского мира.

Ключевые слова: фольклор, исторические поэмы, древний эпос, историческая типология, многослойность в эпосе

Автор туралы мәлімет:

Атиркул Ташимова – аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

Information about author:

Atirkul Tashimova – Senior Lecturer, Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

Сведения об авторе:

Атиркул Ташимова – старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан.

Abdullah Al Zubayer*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

(E-mail: : alzubayer799@gmail.com)

Literary Colonial Legacies: Orientalism and Cultural Imperialism in al-Maghrib Al-Aqsa**Abstract**

The paper studies a very significant timeline in Moroccan history: French and Spanish protectorates (1912-1956) to analyze the literary frequencies and resistance through the post-colonial theories of Edward Said in *Orientalism* (1978) and *Cultural Imperialism* (1993). The paper adopts a qualitative analytical method to extract the literary texts and works during and post-colonial era. The study investigates how the literary figure of Morocco reflects the 'orient,' 'alienation,' 'cultural and psychological trauma,' 'hybridity,' 'resistance,' and 'cultural imperialism.' The significant findings reveal that during the colonial period (1912-1956), the authors have strongly tried to find their pre-colonial traditions of Moroccan Islamic and Arabic influences. The French dominance, French language, secular education system, western-styled clothing, and pop music provoke the authors to reconceptualize the indigenous Moroccan socioeconomic history, which leads to the ultimate Moroccan resistance and independence. However, the post-colonial literary tendency concerns the vulnerability of Morocco to neocolonialism in the digital era. As the literary figures are predisposed to discuss Western approaches to social and economic structures in Moroccan novels, essays, and poetry. This post-colonial tendency seamlessly portrays Edward Said's representation of 'the Occident' and 'the Orient.' Overall, the cultural imperialism exposes the double standards of Moroccan writers in literature in the post-colonial period, which reveals the critical explanation of 'biased history.' Substantially, the study offers profound insights into Moroccan literary frequencies during and post-colonial times. And the study contributes to postcolonial studies by extending Said's framework to North African literature, exposing insights into the literary mechanisms of resistance and identity reconstruction during the postcolonial period.

Key words: Orientalism, Culture, Moroccan literature, colonialism, post-colonialismDOI: <https://doi.org/10.71078/a17gfr03>

Arrived: 30.01.2025; approved: 20.03.2025; available online: 25.03.2025.

Introduction

Edward Said's groundbreaking work *Orientalism* (1978) revitalized the study of colonial power by presenting how the West systematically constructed the 'Orient' as an exotic, inferior, and other. The theories in *Orientalism* decipher the true colonial structure in a specific demography, altogether with the interactions with the colonized people. And *cultural imperialism* (1993) is extended through Edward Said in subaltern studies. While Edward Said's theories have been extensively applied to South Asian and Middle Eastern contexts, their application to North Africa, particularly Moroccan literature, remains underexplored. Al-Maghrib al-Aqsa (Morocco), with its geographical significance and the enriched critical history, acts as a dominant force in global governance. Plus, Moroccan authors and literary figures, grappling with the cultural impositions of French and Spanish colonialism (1912-1956 CE), engaged in prolific literary production that critiques Orientalist stereotypes and reclaims

indigenous identity. However, this study will explicitly provide a comprehensive analysis in understanding the Moroccan literature frequency and resistance during the colonial period as well as the postcolonial era, applying Edward Said's postcolonial theories of *Orientalism* and *Cultural Imperialism*.

The paper is organized as follows: The first section provides a literature review, highlighting key debates on Edward Said, postcolonial studies, and Moroccan literature. Next, the methodology, data collection and analysis, and research objective; detailing the analytical approach and methods used to examine Moroccan literature through Said's framework. The subsequent sections present the findings, discussing under the topics: Edward Said's *Orientalism* (1978): Within the rich tapestry of Morocco's literary heritage, and Edward Said's *Cultural Imperialism* (1993): critical intersection between orientalism and cultural imperialism. In fine, the paper concludes with final thoughts.

Research Methodology

This study will employ a qualitative research methodology, with a primary focus on the textual analysis of Moroccan poetry, to investigate how Moroccan literature reflects the influence of colonial powers – specifically the French and Spanish protectorates (1912-1956 CE) – and how it responds to them through the framework of Edward Said's subaltern theories of *Orientalism* (1978) and *Cultural Imperialism* (1993). The research will examine both colonial and postcolonial literary works to trace the evolution of resistance and cultural reassertion within Morocco's literary tradition. Said's *Orientalism* and *Culture Imperialism* will serve as foundational texts, offering critical insights into the social, political, and economic mechanisms of colonial dominance and the role of literature in both reflecting and challenging colonial power structures. The study will apply Said's theories, particularly his concepts of cultural hybridity, alienation, psychological trauma, and resistance to cultural imperialism.

Authors' novels, texts, and poetry will be analyzed and carefully included based on their applicability as primary sources. The secondary sources include scientific works, research papers, essays, and previous analyses on Edward Said and Moroccan society. Besides, the study approaches the necessity to thoroughly follow the timelines mentioned here, as well as the archives, visual presentations, Moroccan cultural and traditional trends, and visual artworks of the literary figures. This methodology will help to engage more with the Moroccan society and assist understanding the cultural phenomena and political power dynamics studied.

We have, firstly, sorted randomly the writers who published their works during the French and Spanish protectorates (1912-1956), and then we focused on their works to analyze the relevancy with our paper. Then we collected the works, and authors dedicatedly worked with colonial and post-colonial periods. All the literary figures, male or female, were cited irrespective of their relevancy.

The analysis will focus on a selection of key Moroccan literary works written during and after the colonial period, with an additional examination of modern literary trends to further explore postcolonial Moroccan traditions and cultural expressions. The study will include a variety of Moroccan genres, including novels, short stories, and poetry, to explore themes of identity, social cohesion, and resistance to colonialism. Primary texts written in French will be properly cited with accompanying translations. This research aims to demonstrate how colonialism is represented in Moroccan literature within the broader European colonial discourse, as outlined by Said in *Orientalism*.

Degree of Study of the Topic

In *Orientalism* (1978), Edward Said examines how the West constructed the Orient as passive and inferior, justifying imperialism. He argues that culture is deeply connected to power and political agendas, and intellectual work must challenge dominant ideologies.

Said critiques nationalism as exclusionary, advocating for inclusive liberation movements that embrace diversity (Said, 2013, pp. 65-86). Said argues that Orientalist discourse functions as a tool for exerting control and supremacy, institutionalized through various academic disciplines and cultural expressions (Said, 1978). Said critiques how cultural imperialism is embedded in Orientalism, with the West defining its identity by portraying the Orient as the 'Other.' This representation justified colonial exploitation and continues to shape global politics, particularly in the Middle East, Asia, and Africa (Said, 1978).

Bhabha's concept of the «third space» and Spivak's essay «Can the Subaltern Speak?» are based on Said's examination of power and representation in colonial discourse (Bhabha, 1994; Spivak, 1988). However, Said's work has inspired a broader analysis of how such polarities are involved in the formation of racial and cultural identities (Said, 1978; Hall, 1997). Gilbert (2003) assesses the representation of society in contemporary understanding of Said's post-colonial theories. In a different context, Chatterjee (1986) argues that while Western intellectuals have contributed to Orientalist discourse, the East has historically engaged in its own self-representations and resistance. (Nandy, 1983) applied Said's theory in her Indian studies and found that the colonial period significantly impacts the colonized people.

Furthermore, Edward Said's Cultural Imperialism (1993) becomes a key formula in perceiving how global power dynamics shape cultural norms and the production of knowledge, downplaying the need for continued decolonization (Qaiser, 2016; Mongia, 2019). Roy (2004) found that the western intervention in Middle Eastern politics and socio-economic spheres reflects the cultural imperialism theory of Said.

The understanding of Edward Said's Orientalism and cultural imperialism is instrumental in apprehending critical and complex Moroccan colonial history. Stora (2001) argued that the colonial powers destroyed the Moroccan enriched tradition and implied a western-styled education system. According to Said (1978), the French writers like Frantz Fanon and Louis Massignon undermined Morocco and constructed it as inferior, barbaric, and disordered, positioning Europe as the superior and rational center. Abdellah Hammoudi (1997) and Fatima Sadiqi (2003) found that the colonial scars in Morocco still influence their culture, education, and politics while Arab and French languages compete. Ben Jelloun (1987) studied that the Moroccan people still bear the psychological trauma they went through in the colonial period. (Berrada, 1982; Khatibi, 1983) found the cultural hybridity merged during colonial Morocco and the impact of that in the post-colonial era. Sadiqi (2003) found the new effort to revive Arabic and Berber languages.

Salah Rachmaoui (2001) argues that colonialism in Morocco was not merely a political and military imposition but a social reorganization that aimed to undermine traditional, old, enriched Moroccan ways of life. He also found that the colonial powers treated the traditional Moroccan traditions as backwardness, nefarious, and old and introduced the colonial culture as prime, new, and modern. M.A.R. Azzouzi (2002) highlights that the French and Spanish colonial powers in Morocco used literature as a tool of cultural and socio-political dominance. Abdellah Hammoudi (1997), a leading Moroccan scholar, found that French language practices are making Morocco vulnerable again to colonialism.

Mohammad A. M. Tazi (2010) argues that the French education system is, in the long run, creating a westernized elite class in Morocco who work as middlemen between the colonial powers and indigenous Morocco. According to Robert A. L. Hughes (2005), Moroccan writers often employ Western literary forms not merely as a vehicle for expressing colonial subjugation but to defend anti-colonial narratives. Ahmed Bouzid (2009) elaborated that learning French is still considered as prestige and modernity, while Arabic, the language of the indigenous population, is relegated to a secondary role. Fatima Mernissi (1987), a key figure in Moroccan feminist thought, found that the colonial power highly subjugated the Moroccan women and intervened in their social and cultural life. In *Beyond the Veil* (1987), Mernissi critiques the

colonial stereotype of the oppressed Muslim woman and calls for Edward Said's resistance theory to gain their freedom and independence. Abdellah Laroui (1977) held colonial powers liable for impeding the progress and advancement of Morocco. In his work *The History of the Arab Nation* (1977), Laroui criticizes the French colonial power for disappearing Moroccan indigenous cultural history.

Analyzing the existing studies on Edward Said's postcolonial theories and Moroccan literature, the study found, firstly, significant research gaps in analyzing Moroccan literature through the postcolonial propositions of Edward Said's Orientalism and cultural imperialism. So, we focused on contributing to analyzing Al Maghrib (Moroccan) literature in the colonial (1912-1956 CE) as well as the post-colonial period until present days. We will analyze the impact of French colonialism on Moroccan literature. This methodology will investigate how colonial powers shape Moroccan literature and how the literary figures react within colonized Morocco. Secondly, we will imply Edward Said's post-colonial theories from *Orientalism* (1978) and *Cultural imperialism* (1993). This objective will place Morocco in broader European colonial discourse. Finally, we will assess the relevance of Edward Said's postcolonial theories in the context of Moroccan literature according to the theories of adaptation and resistance mentioned in *Orientalism* (1978) and *Cultural imperialism* (1993). Overall, the study will significantly broaden the scope of literary analysis within Moroccan literary studies, particularly in relation to the ongoing effects of data colonialism. Secondly, this study will contribute to allowing theoretical advancements in postcolonial literary criticism. In a broader sense, in all the colonial countries in the Maghreb. Finally, this research will help in perceiving how postcolonial literature continues to shape contemporary debates on national identity, memory, and cultural politics in this globalization era in Morocco.

Results and Discussion

Edward Said's Orientalism (1978): Within the rich tapestry of Morocco's literary heritage

Edward Said in *Orientalism* (1978) said, 'The Orient was almost a European invention and had been since antiquity a place of romance, exotic beings, and astounding landscapes, remarkable experiences.' The Orient was a discovery of the Occident to stereotype the Asian colonial states. The stereotyping started with the colonial powers, not just after a certain period following the colonial period. And this effort concludes two potential resolutions of the west. Firstly, to validate the colonial ruling in the states through an experiment, specifically importing the western ideas in literature, architecture, and economic spheres. In so many countries, the colonial power just destroyed the indigenous education system, outlawed new languages and academic courses, vastly built the western structures, and destroyed the home economy; all they did for their exploitation ease. Most of the present nation-states in Asia; the Middle East, South Asia, and East Asia were under European dominance. However, Said's understanding of *Orientalism* represents critical 'colonial' states of the colonized nations. The European colonization powers, either any of the European companies or the British Raj, initially convinced the central power of a state asserting their identity as merchants. Generally, they used to deal with the central power with the British Raj to facilitate their commerce altogether to influence the other different national merchants and the local people. In most of the states, the colonial powers face early rebellion from the poets and literary figures. As a result, the European colonial powers took two initiatives to defend the hidden protest and remove the claw of exploitation. Firstly, they immediately ban that literature and undermine the persons, often the literary figures, facing sentences. Secondly, the literature used to be disappeared (Al Jazeera, 2019). Critics often make the European colonial powers accountable for importing magnificent works in literature in their countries.

In every colonial state, the literary figures firstly vented frustration on them and helped

to awaken people. The memory of the colonial period portrays significantly the expectations and reality of the colonial powers. Morocco, a country with strong Arabic and Islamic identity, was colonized by French and Spanish protectorates from 1912 until 1956. The difference in pervasive influence during the pre-colonial, colonial, and post-colonial periods is obvious. Morocco tries to assimilate their post-colonial culture and identity with the pre-colonial era, an effort that clashes with the colonial perception and digital colonialism. But the memory of the colonial period and post-colonial era is exquisitely portraying the mass stance in those years.

Ahmed Sefrioui's (1915-2004) *The Box of Wonders* (1954) explores the explicit colonial influence on Moroccan traditional identity. Ahmed was the prime character in Sefrioui's literature, where the character recalls his childhood, his relationships with his family, and his observations of Moroccan society during a time of colonial domination. The book comprises the pre-colonial rich traditional culture and history of Morocco, and with the colonial period, that ultimately leads to a protest and owning the Moroccan identity of the main characters. Sefrioui metaphorically used a box; Ahmed's mother was the owner, and the box was not just a physical object but an embodiment of traditional Moroccan identity. Ahmed, in his school, notices that the language Arabic is being replaced by French, the academic courses are being westernized, and the holy concepts of religion are being promoted to secularism. Sefrioui's character doesn't only imply the colonial feeling within an individual but also the collective feelings of the generation. Ahmed's mother was the symbol of Morocco's sophisticated past, who came from a more conservative tradition but still confronted the European modern doctrines and influence. Gradually, Ahmad confronts his Moroccan identity clash with European teaching, apprehending, 'I looked at the box and saw not just the wonders inside, but the way the world was changing, slowly stealing from us what made us who we were,' the core difference and mystery between the colonizer and colonized powers. Sefrioui portrays the French colonial era, forwarding Ahmed. Ahmed realizes that 'the French soldiers,' 'new French language signs,' and 'foreign ideas' are symbols of cultural displacement. The Ahmed generation felt an identity crisis whenever they were taught, 'The world outside our city is different' and 'to adopt the French language.' But ultimately 'the box' serves as a reminder that the world without the new foreigners, new languages, and new soldiers would be the only Moroccan way of life.

Edward criticized the Western idea of the East as being 'backward,' 'stereotyped,' and 'exotic,' which represents the completely different portrayal of the East. Rather, colonial power always demonstrated totalitarianism, imposing new languages, new social codes of conduct, and excessive manipulation. The prominent Moroccan writer Ahmed Sefrioui exactly manifested the hindsight of colonial tactics in Morocco. Even Ahmed Sefrioui's *The Box of Wonders* (1954) was written and published in French. One of the unique aspects of the Moroccan colonization period is that the French language became frequent and generalized in their culture, literature, and politics as an official language. *Le Passé simple* by Driss Chraïbi (1926) is a semi-autobiographical novel that similarly voices Ahmed Sefrioui. The children got to comprehend the identity clash between their own and colonized tradition and seek freedom. The boy aspired to be free: '*Je voulais être libre, mais ma liberté était un piège dans un monde qui ne voulait pas de liberté* (I wanted to be free, but my freedom was a trap in a world that did not want freedom) (Choukri, 1973).' To be free, but the French and Spanish colonized Morocco socio-politically, that freedom seems intangible for them. To approach with a panoramic view, Edward Said's theory of the colonizers in imposing a language and immortalizing that is partially accurate in the Indian subcontinent context. The core difference between Morocco and the Indian subcontinent. In the Indian subcontinent, they introduced a new language, 'Sanskrit,' but in the post-colonial era, that didn't simplify things; rather, the governments reintroduced their own languages, highly influenced by nationalism.

Edward Said, in *Orientalism*, talks about the theory of alienation: The Orient is not the West,

and yet it is constantly being pulled into a relationship of power, dependence, and difference with the West (Said 1978).’ The theory exposes a contrast in an individual’s identity with a colonized approach that leads to an alienation trying to seek their identity. *La Nuit sacrée* (The Sacred Night) by Tahar Ben Jelloun (born in 1944) is the second part of his *L’Enfant de sable* (The Sand Child) series that explores Moroccan identity, alienation, and psychological trauma of the Moroccan people. The prime character, Ahmed, was born in the colonial period and in post-colonial independent Morocco; he simply blended his tradition with old traditions and the colonial period, and he tries to cope with his own identity. Edward Said stated that a psychological scar the colonial power seeds in those nations, which in the long run made them colonized in different ways. The European notions like secularism, liberalism, and freedom all lead to being recolonized under those powers in the post-colonial world. Simply put, the colonized people get to comprehend their enslavement but are ultimately unable to change the system. In *La Nuit sacrée*, the writer aligned with Said, articulating a similar sentiment: Colonialism left invisible scars, but deeply rooted in souls and bodies.’ Even the Moroccan independence from colonized time was described as merely an illusion: ‘The independent Morocco was only a pure fiction; that’s never possible.’

Mohamed Choukri’s novels *For Bread Alone* (1973) and *The Sign of the Cross* (1980) are seminal works that reflect the harsh reality in colonial Morocco. The autobiographical novel *For Bread Alone* (1973) describes the Moroccan city Tangier. The writer explores both the colonial and post-colonial challenges Morocco faces, ranging from education and politics to economic poverty. The writer criticizes the colonial French and Spanish, complaining, ‘Colonialism snatched everything from me. Even my dignity.’ The novel highlights the individual’s struggle to cope with psychological subjugation experienced in the colonial period. One of the powerful lines that echo the reality of Edward Said’s theory is that ‘independence didn’t free us; it’s just about changing hands.’ Moroccan society experienced much poverty during the opposition’s total period. Edward Said’s theory of ‘alienation’ to justify the Occident by modern, new, epic, and ‘otherness’ efforts is in reality proven by the colonial states’ severe economic exploitations. Like Morocco, the Indian subcontinent under the British Raj endured a catastrophic famine that killed one third of the total population in Bangla in 1770 CE. The theory of severe exploitation leading to alienation of the generation and psychological trauma to hold identity is evident in the Moroccan context.

Next, Morocco’s literature was noticeably banned during the French and Spanish protectorates (1912-1956) and reported to have disappeared afterward. Abdellah Guennoun authored *an-Nubūgh al-Maghribī fī al-adab al-‘Arabī* (The Moroccan Genius in Arabic Literature) on the history of Moroccan literature in three volumes that was censored by the French colonial authorities (Literatura Marroqui, 2009). This 20th-century Middle East, on one hand, is defined by the more literary exposure; on the other hand, a significant number of literatures were banned by colonial censorship. Later in his book *La pensée arabe contemporaine* (1986), he explains that the colonial power not only destroyed the Moroccan Arabic literature but also highly downplayed the scholars of Morocco. In *Culture and Imperialism* (1993), Edward Said mentioned, Imperialism has never been just about domination. It’s also about memory, about forgetting, about trying to erase certain histories.’ Abdellah Laroui, a Moroccan historian and intellectual, argues in *The History of the Arab-Muslim Civilization* (1977) that the colonial power ravaged the literary and educational systems, imposing western-style doctrines and academic discourse. Tahar Ben Jelloun, a Moroccan-French author, in his novel *La Nuit sacrée* (1987), demands accountability for colonialism’s impact on Al Maghrib literature. In *The Sign of the Cross* (1980) by Mohamed Choukri, the author consents with Edward’s theory of cultural trauma, composing that the western influence is like a cross that ruins everything under its weight.’ Again, the cultural and psychological trauma is omnipresent in Tahar Ben Jelloun’s novel «*The Yellow Notebook*» (1980), which confesses that ‘France is more than a distant nation

to me. France is everywhere in me.' The pressure of the French in patronizing their influence to facilitate their colonial interests was severe and chained every individual's mind. He also says that 'colonialism is everywhere; it's invisible, but it's within me and around me.' In a broader context, the French and Spanish Protectorates (1912-1956) introduced massive judicial reform in Morocco, and still now the laws and courts operate within colonial boundaries. Progressively, the colonial period became a part of Moroccan history and tradition.

The principle to subjugate the '*Oriental*' is found in Edward Said's theory in *Orientalism*: 'The Orient was not (and is not) a free subject of knowledge or a free society; it was made to appear in the West as an object of knowledge, and therefore as an object for Western domination.' (Said, *Orientalism*, 1978). The Occident imposed power on the Orient, treating it as an object of western knowledge. As the determinants of being superior or inferior depend on suppression and oppression of knowledge production. Accordingly, the exploitation and psychological trauma were the key components of colonial powers in Morocco. Abdellatif Laâbi's *The Plague* (1967) and *Poèmes de la rupture* (2002) deeply observe and address the post-colonial trauma and huge impediment in continuing pre-colonial Moroccan hierarchy, hegemony, and progression. These books reflect the colonial past and post-colonial present and criticize the post-colonial government's failure to fulfill the promise of independence. Similarly, Idriss El Khayat's *Le Dernier Retour* (1990) addresses the complexities the post-colonial states face in redefining their own culture, heritage, and history. The main character of this novel, Mohammed, returns to Morocco after independence after spending years abroad and feels profound disillusionment and alienation. He reacted, 'I no longer recognize my own land; it is bearing the wounds of colonialism.' Respectively, in another novel, *La Saison des amours* (1981), he discerns a path to retrieve Morocco's lost traditions displaced by colonial rule through gaining personal and collective freedom.

In the final stage, Edward Said's resistance theory explains the ways the Orient reclaims their lost past in *Culture and Imperialism*: Resistance is a reaction to domination; it is also a kind of historical reassertion of a way of life that has been erased or distorted. (Said 1994 p. 263). According to Said, reclamation takes many forms, e.g., awakening mass people by changing the colonial narratives, poetic rebel voices, reclaiming cultural identity, and foreign influence. Analyzing all the colonial history, it's found that the average years of the people to reclaim their own country takes almost more than 50 years. They began considering the colonizers foreigners within a gap of a long time, and then gradually, they began asserting agency and reclaiming lost past. This theory is mostly relevant to all Orient and Occident colonial histories in the respect of their gaining independence. In Morocco, the literary figures highly influenced people to reclaim their sovereignty. Mohamed Ben Brahim's poetry *Rise, O People!* (1925) composed that 'The chains of foreigners bind our feet, but our spirit is free. Rise, O people, and claim the sky (Ben Brahim, 1925, p. 12). In another poem, *The Voice of the Land* (1930), he narrated, 'Our land sings its name, even when silenced by the oppressors (Moroccan Nationalist Poetry, 1930, p. 56).' Among others, Malika al-Fassi's poetry *A Mother's Lament* (1943), Ahmed Sefrioui's novel *La Boîte à merveilles* (*The Box of Wonders*, 1954), Abdallah Guennoun's *Preserving Our Heritage* (1946), and *Homeland of Martyrs* (1956) by Allal al-Fassi greatly catalyzed widespread protests against colonialism and the struggle for independence. They awakened the masses, and they performed the Istiqlal (Independence) movement and the Berber Revolts to gain their independence.

Theories of Cultural Imperialism: critical intersection between orientalism and cultural imperialism

Cultural imperialism is Edward Said's extended theory from *Orientalism*. He further analyzed the type of colonial powers to the potential dominance of indigenous cultures. This theory is applicable to every colonial power and in the modern data colonialism era. Culture is an integral part of a certain society that shapes everyone's identity, ethnicity, and community

affiliation. The colonial powers used the defacement of culture for two significant reasons. Firstly, to facilitate their ruling in a certain context. They used to show that the new culture they bring is modern, new, and more sophisticated. In every country in Asia that went through colonization, the destruction of their indigenous culture occurred, and they confronted the new culture. Secondly, as Edward Said mentioned, the tendency of the Occident to treat the Orient as 'other.' The prone to reflect the inferior reflection on Orient leads to the effort of cultural obliteration. However, the concept of culture applies in a very wide lens of society, ranging from language, food habits, clothing, social beliefs, and concise ways of life. Colonialization evolved through time; in modern times, cultural imperialism redefines the 'colonization' concept. Edward Said's theory includes every individual, society, or nation that is vulnerable enough to cultural imperialism as under neo-colonization. However, Morocco was under French and Spanish colonial power (1912-1956) and was significantly shaped with cultural imperialism.

In *Memory in Exile* (1997), Abdelkebir Khatibi addresses the clash between Moroccan indigenous culture and western values. Among the Berber (Amazigh) and Gnawa communities, Gnawa music was pervasive in spiritual and ritual contexts; Andalusian music was also sung with Islamic lyrics with traditional musical instruments like oud, rebab, and bendir. Also being referred to in Abdellah Laroui's *The History of the Maghreb* (1977) and Tahar Ben Jelloun's *La Nuit sacrée* (1987), the traditional Moroccan music was downplayed, replacing it with western music and influence, such as introducing violin, piano, and brass. The themes of the traditional songs, which variously used mystic and spiritual elements of Islamic religion, were gradually replaced by secular, liberal, and western pop music. Western culture was gradually overshadowing the clothing traditions of the people. Simply, the western clothing was replaced by the Moroccan traditional kaftan *Djellaba* and *KafKafta*.

According to Edward Said, *the enterprise of empire depends upon the idea of having an empire... and all kinds of preparations are made for it within a culture; then, in turn, imperialism acquires a kind of permanence in that culture* (Said, 1994). The colonial French were to permanently dominate Morocco; the narratives of literature were forced to shift significantly. Tahar Ben Jelloun's *La Nuit sacrée* (1987) addresses the literature shift from Islamic spirituality to secularism; Islamic literature, the Quran, Hadith, and Fiqh were instrumental in Moroccan culture. But in the post-colonial period, the western-influenced writers like Albert Camus and Jean-Paul Sartre mainly focused on individualism, alienation, questioning Moroccan traditional values, Islamic philosophy, and Islamic morality. Again, Driss Chraïbi's *The Simple Past* (1954) addresses the neo-tendency of the literary figures to write about nationalism, naturalism, and existentialism. Notably, Mohamed Choukri's *For Bread Alone* (1973) deals with the growing tension between two ideologically different traditions: Moroccan and colonial. Also, the revised thematic trends in literature. However, at present, there is noticeable literature in both literatures. But the Edward theory of the colonial permanence effort in culture remains uninterrupted. Currently, in the late 20th century to the present, the literature in-depth explored the individualism, gender and social issues, modernization, diaspora, and immigrants.

Traditional literary Moroccan poetry was shifted from *adab*, *Al-Mahfuzat*, and *mystical* poetry to western secular, feminist, and liberal poetry. The colonizers used to make society, by wealth, into two parts: wealthy and poor. It's evident in every colonial history in the Orient. They do it as for ease in exploiting and injecting their own narratives. In modern times we call the process 'materialism' and 'capitalism.' The technique is also a significant interpretation of Edward Said's post-colonial theories. In Morocco, during the colonial period (1912–1956), poverty was widespread. And this was not any separate phenomenon under a colonial power, but it was general. Driss Chraïbi's *The Simple Past* (1954) and Mohamed Choukri's *For Bread Alone* (1973) address the colonial repression and introduce the western method in literature. The voice of Islamic traditional culture was widely replaced by western-influenced freedom of expression and modernism. The harsh reality of poverty in Morocco, like the Indian subcontinent, forced

people to grasp and practice Western colonial narratives, literature, and doctrines. The way the cultural imperialism of Morocco was influenced by French and Spanish colonization. 4 years in Morocco.

About the cultural collaboration of the writers with colonizers, Edward Said opined, «*In the case of imperialism, the subject matter of the novel, its characters and landscapes, its 'realism,' and its forms were all used to validate imperial power and to illustrate the necessity of domination* (Said, 1994).’ The theory validates the colonizers efforts to cultural dominance as to identify themselves as superior and great. But, in Morocco, after the post-colonial period, the dual nationality writers and Western-influenced writers hugely published their works prompted by Western influence. Such works include Abdellah Taïa’s *Salvation Army* (2006), Leila Slimani’s *Lullaby* (2016), Adèle (2014), Yasmina Khadra’s *The Swallows of Kabul* (2002), and Nadia Yassine’s *The Islamic Feminist Project* (2003). These works were widely influenced by the Moroccan Arabic and Islamic values as well as conflict with Islamic norms. These works repeatedly represent colonizers (1912-1956) as modern and question the Islamic values of Morocco as backward. Similar literature after the post-colonial period strongly refers to validating the imperialists and, according to Edward, illustrates the necessity of domination.’

The post-colonial phenomena are, in other words, described as western influence in narratives. The way the former colonizers narrate the history is often more acceptable to the western. According to Edward Said, «The European writer’s role... is not to create a moral judgment but to describe the world of the empire as it was seen and experienced by those who carried out its civilizing mission» (Said, 1994, p. 15). The theory is widely applicable in Morocco (Al Maghrib literature). After the post-colonial period, both the colonizers and the colonized people tend to rewrite the history on their own. But this history is often quietly biased, as the colonizers are prone to validate their imperialism and exploitation, and the colonized people tend to explain the invalidity and unlawfulness of their dominance. But as Edward said, between these two, the West always prioritizes the colonizers narrative. That’s rapidly validating all his theories on postcolonialism. This is about one side of the West considering the Orient as ‘other.’ Also, there is another phase that the colonized countries have an inclination to write biased history in favor of the colonizers.

Oftentimes, as the colonizers narration got prioritized in the western world. Then the western writers try to bolster the logics of the colonizers rewriting the history. To be noted, most of the colonizers in the world are the Europeans, and their values, social norms, and beliefs are identical. Consequently, on one side, there remain western and colonizer narration and, on the other side, the other’s narration.’ So, in this phase, the colonized writers often get simply biased in data collecting and proofing the history to validate it as factual. In Morocco, the post-colonial tendency of the literary figures is being derived from these two streams. However, as there is a huge conflict of interest remaining on both sides, the unbiased history is quite complex. But, in Moroccan literature, the literature published during the colonial period often rejects the logics of the colonizers to validate their imperialism. Edward Said’s standpoint of the western ‘not to create a judgment’ is applicable in every colonial experience. In the Indian subcontinent, there is also antagonism in history between the western and indigenous narrations. Bengali philosophers like Dr. Abdul Karim and Dr. Mohor Ali frequently claimed Bengal to be one of the world’s largest GDP holder countries in the pre-colonial period (before 1757). But the history written by James Rennell (1742–1830) or William Wilson Hunter (1840–1900) often focused more on the adversity and critical situation of the economy in Bengal. Similarly, in Morocco, the core, unbiased history often leads the indigenous writers to be biased, validating ‘colonial powers.’

Edward Said’s another significant theory implies the continuity of cultural imperialism of colonizers over former colonial countries. He said, «*Cultural imperialism is about the imposition of one culture’s values and norms over another’s, making the dominated culture internalize the superiority*

of the colonizer's culture» (Said, 1994). This theory is widely applicable to Morocco. The French and Spanish cultural hegemony was introduced (1912-1956 CE) during their colonial period. However, those cultural permanences in Morocco still now, especially in education (secular), language (French), clothing (western fashion), literature, and economy, trigger neo-colonialism in Morocco. As Morocco is practicing and preserving the motifs, art, sculpture, and architecture of French rather than Moroccan indigenous traditions and social beliefs, the indigenous culture faces vulnerability. Even in the modern context, where cultural imperialism became a routine term and imposed threats to every weak culture, Moroccan literature attitudes towards favoring the colonial period make it more vulnerable.

Another significant remark by Edward Said is that the colonial powers make the indigenous history inviable and invisible and serve their culture anew. He said, «Cultural imperialism works by subordinating local cultures not through brute force but by making them invisible or by subsuming them into a dominant framework of Western culture (Said, 1994).» In Morocco, there are a few histories about pre-colonial cultural traditions, and the critiques liable the colonizers to disappear a large amount of literature. This phenomenon is also a general practice by the European colonizers. Taking the Indian subcontinent into account, the British Raj destroyed all the components of indigenous culture to make it comparatively vulnerable to imposing the Western values. Most prominently, Bengal was rich in producing the world's most valuable and comfortable 'Reshmi' clothing commercially. But the British Raj sanctioned cultivating 'Reshmi'; instead, they impelled the peasants to indigo planting, dating back to 1777 CE. Even after the decolonization period (after 1947 to the present), people can't plant 'Reshmi.' Also, the literature about 'Reshmi' isn't numerous. This implies a general effort of the colonizers to disappear the past practices and to force them to stay in sync with the western dominant culture. In Morocco, during the colonial period, the Islamic traditions and Moroccan indigenous traditions were significantly ignored. Altogether they banned enriched literary works, and afterward they disappeared the elevated Moroccan literature. So, this theory validates the revival of imperialism through cultural dominance. And Al Maghrib (Moroccan) literature and traditions are significantly susceptible.

Concludingly, Edward Said's post-colonial theories in *Orientalism* (1978) and *Cultural Imperialism* (1993) in the Moroccan context validate the western colonizers theories. Moroccan own Arab and Islamic traditions were severely ignored by colonial powers: the French and Spanish (1912-1956 CE). Morocco is still now bearing the western-introduced traditions and literary trends that exposed it to the effects of cultural imperialism. However, the narratives of indigenous writers in literature mostly influence the conservative and religious families to overlook the western trends. Yet, with a strategic demographic location in western hegemony, Moroccan literature tends to approach colonial powers with bowstrings of its pre-colonial literature, art, history, traditions, and architecture.

Conclusion and Summary

The paper aimed to analyze Moroccan literature through Edward Said's *Orientalism* (1978) and *Cultural Imperialism* (1993) to perceive the literary frequencies and resistance during the colonial period (1912-1956) and current trends in the post-colonial context. The study significantly found that the authors and poets deliberately participate in criticizing the colonial period through their works. Their general tendency was to find the pre-colonial identity in Morocco. That inquisitive paved the path to profoundly realize that the colonial powers gradually injected them with their own doctrines that destroyed the uniqueness of traditional Arabic and Islamic cultural richness of Morocco. The prominent literary figures of Morocco, e.g., Ahmed Sefrioui (1915-2004), Mohamed Choukri (1935-2003), Driss Chraïbi (1926-2007), Tahar Ben Jelloun (1944-present), and Mohammed Berrada (1938-present), frequently criticize the French rule. Besides, singled out post-colonialism bias among the Moroccan writers in favor

of western narratives that validate the colonial powers. On the other hand, this neotendency is marked as making Morocco vulnerable to neocolonialism in this globalization era.

References

- Al Jazeera. (2019, November 20). *قمر كمل اةكمو رصمو يفس آىل برغمل انم ردان فحصم*. Al Jazeera. Retrieved from <https://www.aljazeera.net/news/2022/11/20/قمر-كمل-انم-ردان-فحصم-رصمو-ي-فس-آ-ىل-برغمل>
- Azzouzi, M. A. R. (2002). *La littérature marocaine moderne: Tendances et courants*. Editions Marocaine.
- Ben Brahim, M. (1925). *As-Salaam*, Issue No. 17, p. 12.
- Ben Jelloun, T. (1987). *The sacred night*. The New Press.
- Berrada, M. (1982). *Le roman marocain*. Editions Afrique.
- Bhabha, H. K. (1994). *The location of culture*. Routledge.
- Bouزيد, A. (2009). *Language and cultural imperialism in postcolonial Morocco*. University of Rabat Press.
- Chatterjee, P. (1986). *Nationalist thought and the colonial world: A derivative discourse*. University of Minnesota Press.
- Choukri, M. (1973). *Le pain nu (For bread alone)*. (P. Bowles, Trans.). Grove Press.
- Gilbert, J. (2003). *The politics of postcolonialism: Edward Said and the representation of the Orient*. Routledge.
- Hall, S. (1997). «The West and the Rest: Discourse and power.» In D. Held & H. L. Lutz (Eds.), *The colonial encounter* (pp. 267-287). Polity Press.
- Hammoudi, A. (1997). *Master and disciple: The cultural foundations of Moroccan authoritarianism*. University of Chicago Press.
- Hughes, R. A. L. (2005). *Postcolonial narratives in Moroccan literature: Reimagining identity and resistance*. University of Chicago Press.
- Khatibi, A. (1983). *Maghreb, cultures et civilisations*. Le Seuil.
- Laroui, A. (1977). *The history of the Arab nation*. Dar al-Fikr.
- Literatura Marroqui. (2009, February 13). *Literatura Marroqui* [Archived]. Retrieved from the Wayback Machine: Microsoft Word - GUENNUN, Abdallah 1908-1989.doc
- Mernissi, F. (1987). *Beyond the veil: Male-female dynamics in a modern Muslim society*. Saqi Books.
- Mongia, R. (2019). *Race, empire, and postcolonialism*. Oxford University Press.
- Moroccan Nationalist Poetry. (1930). Casablanca: Moroccan Literary Press, p. 56.
- Nandy, A. (1983). *The intimate enemy: Loss and recovery of self under colonialism*. Oxford University Press.
- Qaiser, R. (2016). *Postcolonial encounters: Race, gender, and imperialism*. Palgrave Macmillan.
- Rachmaoui, S. (2001). *Colonialism and cultural transformation in Morocco*. Presses Universitaires du Maroc.
- Roy, A. (2004). *The algebra of infinite justice*. Penguin Books.
- Sadiqi, F. (2003). *Women, gender, and language in Morocco (Vol. 1)*. Brill.
- Said, E. (2013). *Orientalism and after*. In *A critical sense* (pp. 65-86). Routledge.
- Said, E. W. (1994). *Culture and imperialism*. Vintage.
- Said, E. (1994). *Culture and imperialism*. Vintage Books.
- Said, E. (1978). *Orientalism*. Pantheon Books.
- Said, E. (1978). *Orientalism: Western conceptions of the Orient*. Pantheon Books.
- Spivak, G. C. (1988). «Can the subaltern speak?» In L. Grossberg, P. Nelson, & P. Treichler (Eds.), *Cultural studies* (pp. 271-313). Routledge.

Stora, B. (2001). *Histoire de la guerre d'Algérie*. La Découverte.

Tazi, M. A. M. (2010). *The French protectorate and the evolution of Moroccan elites*. Le Seuil.

Әдебиеттер тізімі

Al Jazeera. (2019, November 20). *تمركز الما ءكمو رصمو يفسأ ىلإ برغملأ نم رءان فءصم*. Al Jazeera. Retrieved from <https://www.aljazeera.net/news/2022/11/20/بـرغـمـلـأـنـمـرءانـفـءصم>
تمركز الما ءكمو رصمو يفسأ ىلإ

Azzouzi, M. A. R. (2002). *La littérature marocaine moderne: Tendances et courants*. Editions Marocaine.

Ben Brahim, M. (1925). *As-Salaam*, Issue No. 17, p. 12.

Ben Jelloun, T. (1987). *The sacred night*. The New Press.

Berrada, M. (1982). *Le roman marocain*. Editions Afrique.

Bhabha, H. K. (1994). *The location of culture*. Routledge.

Bouزيد, A. (2009). *Language and cultural imperialism in postcolonial Morocco*. University of Rabat Press.

Chatterjee, P. (1986). *Nationalist thought and the colonial world: A derivative discourse*. University of Minnesota Press.

Choukri, M. (1973). *Le pain nu (For bread alone)*. (P. Bowles, Trans.). Grove Press.

Gilbert, J. (2003). *The politics of postcolonialism: Edward Said and the representation of the Orient*. Routledge.

Hall, S. (1997). «The West and the Rest: Discourse and power.» In D. Held & H. L. Lutz (Eds.), *The colonial encounter* (pp. 267-287). Polity Press.

Hammoudi, A. (1997). *Master and disciple: The cultural foundations of Moroccan authoritarianism*. University of Chicago Press.

Hughes, R. A. L. (2005). *Postcolonial narratives in Moroccan literature: Reimagining identity and resistance*. University of Chicago Press.

Khatibi, A. (1983). *Maghreb, cultures et civilisations*. Le Seuil.

Laroui, A. (1977). *The history of the Arab nation*. Dar al-Fikr.

Literatura Marroqui. (2009, February 13). *Literatura Marroqui [Archived]*. Retrieved from the Wayback Machine: Microsoft Word - GUENNUN, Abdallah 1908-1989.doc

Mernissi, F. (1987). *Beyond the veil: Male-female dynamics in a modern Muslim society*. Saqi Books.

Mongia, R. (2019). *Race, empire, and postcolonialism*. Oxford University Press.

Moroccan Nationalist Poetry. (1930). Casablanca: Moroccan Literary Press, p. 56.

Nandy, A. (1983). *The intimate enemy: Loss and recovery of self under colonialism*. Oxford University Press.

Qaiser, R. (2016). *Postcolonial encounters: Race, gender, and imperialism*. Palgrave Macmillan.

Rachmaoui, S. (2001). *Colonialism and cultural transformation in Morocco*. Presses Universitaires du Maroc.

Roy, A. (2004). *The algebra of infinite justice*. Penguin Books.

Sadiqi, F. (2003). *Women, gender, and language in Morocco (Vol. 1)*. Brill.

Said, E. (2013). *Orientalism and after*. In *A critical sense* (pp. 65-86). Routledge.

Said, E. W. (1994). *Culture and imperialism*. Vintage.

Said, E. (1994). *Culture and imperialism*. Vintage Books.

Said, E. (1978). *Orientalism*. Pantheon Books.

Said, E. (1978). *Orientalism: Western conceptions of the Orient*. Pantheon Books.

Spivak, G. C. (1988). «Can the subaltern speak?» In L. Grossberg, P. Nelson, & P. Treichler

(Eds.), Cultural studies (pp. 271-313). Routledge.

Stora, B. (2001). Histoire de la guerre d'Algérie. La Découverte.

Tazi, M. A. M. (2010). The French protectorate and the evolution of Moroccan elites. Le Seuil.

Абдуллах әл-Зубайер

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: alzubayer799@gmail.com)

Әдеби отаршылдық мұралар: әл-Мағриб әл-Ақсадағы шығыстану және мәдени империализм

Аңдатпа. Зерттеу жұмысында Марокко тарихындағы француз және испан протектораттары (1912-1956), Эдвард Саидтың *шығыстанудағы* (1978) және *мәдени империализмдегі* (1993) пост-отаршылдық теориялары арқылы әдеби жиіліктер мен қарсылықты талдау үшін өте маңызды уақыт шкаласы қарастырылады. Жұмыста отаршылдық дәуірдегі және одан кейінгі әдеби мәтіндер мен шығармаларды алу үшін сапалы аналитикалық әдіс қолданылады. Зерттеу Марокко әдебиетінің қайраткерінің «шығыс», «бөтендік», «мәдени және психологиялық жарақат», «гибридтілік», «қарсылық» және «мәдени империализмді» қалай бейнелейтінін зерттейді. Маңызды тұжырымдар отаршылдық кезеңде (1912-1956) авторлардың мароккоға дейінгі ислам дәстүрлері мен араб дәстүрлеріне қатты әсер еткенін көрсетеді. Француз үстемдігі, француз тілі, зайырлы білім беру жүйесі, батыс стиліндегі киім және поп-музыка авторларды Марокконың түпкілікті қарсыласуы мен тәуелсіздігіне әкелетін байырғы Марокко әлеуметтік-экономикалық тарихын қайта тұжырымдауға итермелейді. Дегенмен, отаршылдықтан кейінгі әдеби тенденция Марокконың цифрлық дәуірдегі неокOLONиализмге осалдығына қатысты. Әдебиет қайраткерлері Марокко романдарында, эсселерінде және поэзиясында әлеуметтік және экономикалық құрылымдарға батыстық көзқарастарды талқылауға бейім болғандықтан, бұл пост-отаршылдық тенденция Эдвард Саидтың «Батыс» және «Шығыс» бейнесін біркелкі бейнелейді. Жалпы алғанда, мәдени империализм Марокко жазушыларының отарлаудан кейінгі кезеңдегі әдебиеттегі қос стандарттарын әшкереледі, бұл «біржақты тарихтың» сыни түсіндірмесін ашады. Зерттеу Саидтың шеңберін Солтүстік Африка әдебиетіне кеңейту арқылы постколониалдық зерттеулерге үлес қосады, постколониалдық кезеңдегі қарсыласу мен тұлғаны қайта құрудың әдеби тетіктері туралы түсініктерді ашады.

Түйін сөздер: Шығыстану, Мәдениет, Марокко әдебиеті, отаршылдық, постколониализм

Абдуллах аль-Зубайер

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: alzubayer799@gmail.com)

Литературные колониальные наследия: ориентализм и культурный империализм в аль-Магриб аль-Акса

Аннотация. В статье изучается очень важный период истории Марокко: французский и испанский протектораты (1912-1956), чтобы проанализировать литературные тенденции и сопротивление через постколониальные теории Эдварда Саида в работах *Ориентализм* (1978) и *Культурный империализм* (1993). Статья использует качественный аналитический

метод для извлечения литературных текстов и произведений из колониального и постколониального периода. Исследование анализирует, как литературная фигура Марокко отражает «ориент», «отчуждение», «культурную и психологическую травму», «гибридность», «сопротивление» и «культурный империализм». Существенные результаты показывают, что в колониальный период (1912-1956) авторы активно пытались найти свои доколониальные традиции марокканского исламского и арабского влияния. Французское господство, французский язык, светская образовательная система, западный стиль одежды и поп-музыка побуждали авторов пересматривать местную социально-экономическую историю Марокко, что в конечном итоге привело к марокканскому сопротивлению и независимости. Однако постколониальная литературная тенденция касается уязвимости Марокко к неоколониализму в цифровую эпоху. Литературные фигуры склонны обсуждать западные подходы к социальным и экономическим структурам в марокканских романах, эссе и поэзии. Эта постколониальная тенденция наглядно изображает представления Эдварда Саида о «Западе» и «Ориенте». В целом, культурный империализм выявляет двойные стандарты марокканских писателей в литературе постколониального периода, что раскрывает критическое объяснение «предвзятой истории». В значительной степени исследование предоставляет глубокие идеи о литературных тенденциях Марокко в колониальный и постколониальный периоды. Это исследование вносит вклад в постколониальные исследования, расширяя теоретические рамки Саида на литературу Северной Африки, раскрывая литературные механизмы сопротивления и реконструкции идентичности в постколониальный период.

Ключевые слова: Ориентализм, культура, Марокканская литература, колониализм, постколониализм.

Автор туралы мәлімет:

Абдуллах әл-Зубайер – студент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-9259-2985>

Information about author:

Abdullah al-Zubayer – student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-9259-2985>

Сведения об авторе:

Абдуллах аль-Зубайер — студент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-9259-2985>

ҒТАР 03.61.91

Ғылыми мақала

Гүлханьс Арыстанова*Еотвөш Лоранд университеті, Будапешт, Мажарстан**(E-mail: arystanova.gulkhanys@gmail.com)***Заманауи қазақ ұлттық киімі мен әшекейлік бұйымдар:
мәдени дәстүрдің жаңаруы**

Аңдатпа. Киім – ұлттық құндылық, өткенді, бүгін мен ертеңді бір-біріне байланыстырушы дәнекер құрал. Жаһандану дәуірінде ұлттың тұтастығын сақтап қалумен қатар келешек ұрпақтың бойына қазақ халқының мәдени этникалық ерекшеліктерін сіңіру де маңызды болмақ. Аутентикалық бұйымның қаншалықты өзгергенін байқау мақсатында қазақтың заманауи ұлттық киімдері мен тапсырыспен жасатқан заманауи әшекейлер зерттеудің объектісі ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында бүгінгі заманауи ұлттық киімдердің ізін өткеннен қарастыру үшін ретроспективті әдіс пен синхрондық және диахрондық әдістер қолданылады. Бұған қоса арадағы ұқсастық, алшақтық пен өзгерісті анықтау мақсатында салыстырмалы әдіс арқылы талдау жасалады.

Нәтижеде XX ғасырда белең алған жасанды дәстүрді (Invention of tradition), жаңғырту аясында киімдер тігіліп, қоғам тарапынан қабылданып, сұранысқа ие болып тұрған ұлттық киім-кешектер мен оны толықтырушы дәстүрлі ұсталардың қолдан соғып жасаған зергерлік бұйымдары, киім альбомдары, киім-кешек және әшекей каталогтары сонымен қоса мұражайларда сақталған бұйымдармен салыстырылып ұқсас жақтары мен ерекшеліктері анықталып, этномәдени дәстүрдің өткеннен бүгінге трансмиссиясы жасалып, реті келгенде жазбаша деректердегі мәліметтермен қуатталып, ғылыми өндіріске енгізіліп, аутентикалық киімдердің репродукциясы алынып, заманауи жаңғыртылған үлгіде беріледі.

Түйін сөздер: қазақ, аутентикалық киім-кешек, заманауи ұлттық киімдер, оюлар, әшекей, жасанды дәстүр, ойдан шығарылған дәстүр, жаңғырту, мәдени мирас

DOI: <https://doi.org/10.71078/gcz7ps77>

Түсті: 31.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.03.2025.

Кіріспе

Ұлттық киім-кешектер мен әшекейлер және оларға байланысты дәстүрлердің шаруашылық өмірде, тұрмыстық жағдайда, күнделікті өмірде, қоғамдық әлеуметтік статустық жүйесінде, жас және жыныстық сипатта, діни-рәсімдік қызметте өз орны бар. Мұнан басқа киім саяси тұрғыдан біріктіруші фактор қызметін де атқарады. Оған бүкіл түркі әлемінің киім-кешегі, әшекейі мен оларға байланысты дәстүр, ғұрыптары мысал бола алады. Десе де киімнің өзгеріске ұшырауына әлемде және ел ішінде болып жатқан экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өзгерістер, урбанизация, индустриалды даму, жеке тұлғаның әлемнің түкпір-түкпірімен әр түрлі мақсатта араласуы (білім, сауда) мен кейбір құндылықтардың өзгеруі және жаһандану үдерісі де әсер етеді. Жалпы алғанда жасанды дәстүр<invention tradition<изобретение традиции немесе ойдан шығарылған дәстүр<выдуманые традиции терминін теориялық тұрғыдан британдық тарихшылар Эрик Хобсбаум¹ (1917-2012) мен Тэрэнс Ранджэр (1929-2015) еңбектерінде қолданған.

¹ Hobsbawm Eric, Ranger T, The Invention of Tradition, Cambridge: Cambridge University Press, 1983.

Нәтижесінде 1983 жылы тек қана киім-кешекте емес, бірден көптеген салада ғылыми еңбек, кітап ағыны пайда болған.

Бұл ағым – теориялық тұрғыдан фундаменті ерте салынғанымен, әсіресе киім-кешекте практика тұрғысынан соңғы жылдары кеңінен өріс алған жаңа нысан болып табылады. Басқа салаларды айтпағанда киім-кешекпен оны толықтырушы бұйым әшекейлерде және бұларға байланысты дәстүр, ғұрыптарда халық арасында кеңінен қолданыс табуда. Қазіргі таңда бұл терминдерден басқа *дәстүрді жаңғырту* мен *ұлттық киімді жаңғырту* терминдері де кеңінен өріс алды. Аталмыш ұғым дәстүрмен қоса басқа да құбылыстарды қамтиды. Жасанды дәстүр ғұрыпқа айналдыру және қалыпқа айналдыру болып табылады. Негізінде дәстүрлі киімдер аса қатты өзгеріске ұшырамайды. *Жасанды дәстүр* әрі әлеуметтік әрі саяси функцияға ие дей аламыз. Киім-кешек пен әшекей бойынша *ойлап шығарылған дәстүр, жасанды дәстүр, жаңғыртылған дәстүр* яғни, дәстүрді жаңғыртуға ұмтылу барысында бұрмалауға ұшырауы әдетте ашық немесе жасырын түрде қоғам тарапынан қабылданған ереже, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тыйым мен ырымдар немесе символдық сипаттағы іс-әрекет, тәжірибе жиынтығы болып табылады. Дегенмен бастапқы төл мәдени қалпынан (аутентикалық халден) өзгергенімен *жасанды дәстүрмен* арасында бір сабақтастық бар екені көрінеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне сәйкес «салт – ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып, дәстүр әсіресе шаруашылық өмірінде қалыптасқан әдет», – деп өтеді². Ұлттық (дәстүрлі) киім мен заманауи (модерн) киім-кешектің арасындағы басты ерекшеліктерді айқындап алу үшін Карабийык Байрактардың (Fatma Karabıyık Barbarosoğlu)³ салыстырмасын ұсынамыз:

Ұлттық киімнің ерекшелігі:	Заманауи (модерн) киімнің ерекшелігі:
1. Киімнің статусты анықтаушы функциясы бар, яғни, төменгі таптың адамы жоғарғы таптың киіміне еліктей алмайды.	1. Киім статуска, жоғарғы тап, төменгі тап қатынасына негізделмеген. Төменгі тап жоғарғы таптың киіміне ұдайы еліктейді, қайталайды.
2. Климаттық жағдайларға сәйкестікке баса назар аудару аймақтар арасында киім айырмашылығын тудырады.	2. Климаттық жағдайлармен үйлесімділік басты назарда емес. Мысалы, джинсыны аптап ыстықта да қақыраған суықта да киюде.
3. Киім стилі ұзақ жылдар бойы еш өзгеріссіз жалғасады.	3. Киім сәннің (мода) арқасында қысқа мерзімде өзгеруде.
4. Киім дайындау үлкен қол еңбегін, көздің нұрын қажет етеді.	4. Киімде қол еңбегінің орнына конфекция арқылы жаппай өндіру орын алады.
5. Киім қоғамда қалыптасқан моральдық ережелерді көрсетеді.	5. Моральдық принциптерді сақтау наразылық көзқарасымен ауыстырылды.

Ата-бабаларымыз мынау жүзік анамның аманаты, келіңіз тағарсың немесе бұл қамшы атамның көзі, қарашығыңдай ұстарсың деп кейінгі ұрпаққа тапсырып жататын. Тіпті сандықтарында сақтаса да сарғайтып өткен шақ мен бүгінгі шақты бізге дейін жалғастырып берді. Ендігі кезек киім тарихшылары мен зерттеушілерінде. Олар тарихтың қойнауынан қазып күн бетіне шығарса, тігінші, дизайнерлер мен ұсталар дәріптеуші болуы қажет. Бүгінгі таңдағы қолданыстағы киім-кешектің көрінісі ұқсағанмен негізінен ауытқып бара жатқаны мені толғантады. Ия, ою-өрнек еркіндік. Дегенмен әр өрнектің өз орны бар емес пе? Әйтсе де бүгінгі таңда ою-өрнектің орны да өзгерді. Дәстүрлі киімнің өзін тану уақыт өткен сайын күрделеніп барады. Сондықтан біздер, яғни зерттеушілер, аманатқа

2 Кеңесбаев Ісмет, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Екінші том, Қ-Я, Алматы: ҚазақССР Ғылым Академиясының баспасы, 1961, б. 241.

3 Fatma Karabıyık Barbarosoğlu, Modernleşme Sürecinde Moda ve Zihniyet, İstanbul: İz Yayıncılık, 2004, s. 23-24. Қараңыз: Arystanova Gulkhany, XIX. Yüzyıldaki Osmanlı (Anadolu Toplumı) ve Kazak Toplumunun Giyim Tarihi ve Kültürü (XIX ғасырдағы Османлы (Анадолы түріктері) мен қазақ қоғамының киім тарихы және мәдениеті), Uludağ Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Doktora Tezi, Uludağ, 2024, 774 s.

қиянат жасамай бүгінгі таңда мұражайлар мен сандықта сарғайып жатқан қазақтың ұлттық киімдерін жинақтап, әлі де болса Қазақстанның жеті аймағына этнографиялық ғылыми зерттеу экспедициясын ұйымдастырып, көзі тірісінде қарттарымыздан сұрап, таспаға түсіріп материалды мәдениет пен фольклорды әсіресе, аутентикалық киімдердің қалыбы, киім бөлшектерінің ерекшеліктері, сипаттамасы, сакральды мәні мен бұларға байланысты дәстүрлерді хатқа түсіріп, дәстүрлі зергерлік бұйымдарды құю мен жасау әдіс-тәсілдерін жинақтап алуымыз керек деп ойлаймын. Бұл тақырып өзекті.

Заманың түлкі болса тазы болып шал демей ме... Алайда киім тек қана бұйым, үстін жабатын құрал ғана емес. Киім-идеология, киім-саясат. Ұлттық киім-құндылық, бір ұлттың идентификациясы. Сондықтан бір ұлттың материалды мәдениетін құрайтын киім-кешекті, дәстүрді кейінгі ұрпаққа дәріптеп, сіңіру маңызды. Н. Володева⁴ да бұл ғасырдың басқа ғасырлардан ерекшелігі – әр түрлі халықтар мен ұлттар арасындағы мәдени бірегейліктің тез жойылуына әкелетін жаһандану мәселесі екенін жазады. Яғни адамзаттық мәдениеттің қалыптасуы жүріп жатыр. Тарихта әр түрлі себептермен жақын көрші мен алыстағы халықтардың мәдениетін сіңірмеген, киім-кешегіне немесе әшекейіне өзге ұлттан терминдер қарызға алмаған халық табу қиын ақ. Өткенді, бүгін мен келешектің байланысы мен сабақтастығын, арадағы байланысты сақтау үшін әрбір ұлт өз мәдени этникалық ерекшеліктерін соның ішінде киім-кешек пен оған қатысты дәстүрлердің негізін сақтай отырып, бүгінгі ағымдағы модаға бейімделуі қажет.

XX ғасырдың басына дейінгі түсінікте киім-кешек пен оны толықтыратын әшекейлер кісінің жынысы, әлеуметтік жағдайы, діні, географиялық ортасы мен салт-дәстүр және әдет-ғұрыптарынан сыр шертетін болса, қазіргі таңда жеке тұлғаның психологиялық жағдайы, саяси символы, идеологиясы, менталитеті, талғамы, әлеуметтік ұстанымы, кәсібінен мәлімет береді. Жаһандану дәуірінде тұлғаның функционалды қызметінің бірі тұтынушылық болып табылады. Яғни, өздерін идеал көрсету немесе заттарын сату, жарнамалау үшін үстіне киген киімі, әшекейі тіпті макияждарын қолданады. Кейде киім-кешек пен әшекейге байланысты кейбір дәстүрлер бұқаралық ақпараттар арқылы жалпыланып көпшілікке танылуы, сіңуі мүмкін. Соңғы жылдары ұлттық киімнің де әшекейдің де тіпті оларға байланысты ғұрыптардың да жасанды, ойдан шығарылған немесе бүгінгі өмір сүру салтына сай жаңғырған түрі көбейді. Осы тақырыпты (мәселені) зерттеудің мақсаты жасанды дәстүр аясында аутентикалық бұйым мен оған байланысты дәстүрдің қаншалықты өзгергенін талқылау болып табылады.

Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан деп қазақ бекер айтпаған болар. Дәстүрлі қоғамда да әдет-ғұрып өзгереді. Әлемде киім-кешек бойынша ең үлкен өзгерістердің бірі өнеркәсіп революциясынан кейін болды дей аламыз. Тігін машинасының келуі, машина тігістерінен дайын үлгілер мен оюлар, әр түрлі геометриялық тігістерді қолдану қыз-келіншектердің көз майын тауысатын қол еңбегінен ұзақтап, әрі уақытты тиімді пайдалануға, әрі тігін машинасымен сан жағынан көбірек киім тігуге бейімдеді.

Нәтижеге жету үшін жаңғырту аясында тігіліп, қоғам тарапынан қабылданып, сұранысқа ие болып тұрған ұлттық киім-кешектер мен әшекейлерді аутентикалық киім-кешектермен әшекейлермен салыстыру және оларды бөлшекте (детальді) зерттеу үшін арнайы түсірілген фотосуреттердегі қазақтың ұлттық киім-кешегі мен әшекейлердің символикасы мен сакральды мәнін ашу; жасанды дәстүрдің ерекшеліктерін анықтау міндеттелді. Мақалада арнайы таңдалған көйлектің сыртынан сән үшін киіліп жүрген төрт киімдегі заманауи ою-өрнек пен таңбалардың мәнін ашу үшін ою-өрнекке байланысты жазбаша дереккөздер пайдаланылды. Ал тарихи дереккөз ретінде аутентикалық киім-кешектер атап айтқанда *бешпент* мысал ретінде берілді. Сонда ғана бүгінгі таңда қоғамда орын алған жасанды дәстүрдің ішкі әлемі, образы, күші, сакральды мәні ашыла түспек.

Зерттеудің ғылыми гипотезасы: ұлттық (дәстүрлі) киімнің жалғасы – заманауи

⁴ Володева Н., Художественные традиции казахского национального костюма в современной практике дизайна одежды, Простор, Алматы, №10, с. 178-183.

жасанды киім мен жасанды дәстүр. Яғни, қазіргі таңда жасанды киім үлгілері бұрынғы дәстүрлі қазақ киім мәдениетіне еліктеп, жаңартылған үлгідегі ұлттық киім қалыптастыру процесінде дамуда, бірақ олардың өзара ұқсастығы қаншалықты сақталатыны талдауға алынып, киімге қатысты дәстүр және инновация алшақтады деген долбар ұсынылады. Заманауи және аутентикалық киім-кешекті зерттегенде салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылады. Бірақ жасанды дәстүрді зерттеу пәнаралық зерттеу болып табылады. Зерттеу тарихшының, мәдениеттанушының, тіл маманының, әлеуметтік антропологтың бірігіп қарастыруымен іске асуы тиіс.

Зерттеу әдістемесі

Тақырыпты ашу үшін ретроспективті талдау, тарихи-этнографиялық және инвентарлық талдау жүргізілді. Ретроспективтің бірнеше мағынасы бар: *retro* артқа, *spectro* қараймын; *retro* өткен, *spectif* көзқарас. Ретроспекция – өткенге көз жүгірту, тарихтағы өткен оқиғаларға, артефактілерге үңілу, өткенді зерттеу мағынасына келеді. Яғни алдымен бүгінгі жасанды дәстүрмен тігілген киім-кешек пен қолдан соғылған әшекейлерді талдап, мұражай, каталог, альбом мен жазбаша деректердегі аутентикалық бұйымдармен салыстырып қаншалықты ұқсастық пен алшақтық барын анықтау. Мақалада интервью алу әдісі, синхронды және диахронды әдістер қолданылды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Негізі қазақтың заманауи киім-кешектегі жасанды дәстүр, жаңғырту мен ойдан шығарылған дәстүр тұрғысынан ғылыми тұрғыда зерттеу аясы айтарлықтай төмен. Қазақтың аутентикалық бұйымдарын бүгінгі қолданысқа әкелу мәселесі бойынша Н.Володева, Анадолы түріктерінің кілем мотивтерін (оюларын) киімде қолдану үрдісі бойынша Торун Сечил, Нас Эмине⁵, ежелі петроглиф өнерінің киім дизайнында қолдану үлгісі бойынша Гузал Мусадикова⁶, тарихи көзқараста ХІХ. ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік және дәстүрлер мен инновациялар еңбегі жайлы Жамбыл Артықбаев⁷ жазған.

Нәтижелер мен талқылаулар

Төменде 14 маусым - 5 қыркүйек 2023 жылы Будапешт-Шымкент-Астана-Түркістан-Қызылорда, Алматы, Астана мен Қарағанды-Будапешт бағыты бойынша өз тарапымнан ұйымдастырылған аймақтық-этнографиялық ғылыми зерттеу барысында Алматы қаласы, Қарасай ауданы, Көкөзек ауылында орналасқан Салтанат ұлттық киімдер орталығында арнайы тарапымнан жасалған фотосессия үлгілеріне талдау жасалады.



Суреттер 1-5. Заманауи ұлттық киімдер [Г. Арыстанованың жеке архивінен, 30.10.2023]. Салтанат ұлттық киімдер орталығының коллекциясынан алынды.

5 Torun Seçil, Nas Emine, "Tasarımda Gelenekselin Sürdürebilirliğine Bir Örnek: Kilim Motifleri ile Çağdaş Tasarımlar", Ulakbilge, 83 (2023 Nisan), ss. 339-353.

6 Масадикова Гузал, "Ежелгі петроглиф өнерінің киім дизайнында қолдану үлгісі", Central Asian Journal of Art Studies (CAJAS), Volume 9, Issue 3, 2024, бб. 178-193.

7 Артықбаев Жамбыл, Казахское общество: Традиции и инновации, Караганда: Полиграфия, 1993, с. 326

1-суретте қолданылған мата түрі бір көргенде кәдімгі алаша, терме алаша, кілем тоқымаларына ұқсағандықтан информант Дәмегүл Алшынбайқызы бұл матаны *алаша мата* деп, ал 2 -суреттегі матаны кәдуілгі дастарханға ұқсағаны үшін *дастархан мата* деп атап кеткен. Бұл маталардың көрінісі қалың, ебедейсіз көрінгенмен киюге ыңғайлы етіп, Түркия мен Қытай елдерінен арнайы тапсырыс беріп, баспа түрінде тоқытып әкелінуде. Қазақстан (Алматы) мен Қырғызстанда да біртекті маталарды таңдап, бетіне арнайы принттен өткізіп дәл осы маталардың баламасы жасалуда. «Бір көргенде кілем, терме алаша, алаша, кілем мен жұлқышқа салатын ою-өрнек болып көрінеді» дейді дизайнер Д. Алшынбайқызы [Информатор Д. Алшынбайқызы, 25.12.2024]. Ал дизайнер Гүлжан Байназарова болса, 1-суреттегі матаны *гобелен*, ал екінші суреттегі матаны *дак* деп атайтынын білдірді [Информатор Г. Байназарова, 28.12.2024].

Сән мен кілем әр түрлі мәдениеттердің қиылысында біріккен тамаша қарым-қатынас, үйлесімділікті білдіреді. Соңғы кезде сән индустриясы өткенді бүгінмен байланыстыру мақсатында кілем өрнектерін киім-кешекке, әшекейлерге, сөмкелер мен аяқ киімдерге, сонымен қатар шарфтар мен сырт киімдерге қолданып бренд, тренд, этникалық стиль мен сән белгісі жасауда. Бұлар *дәстүр*, *қайта жандану* мен қазіргі заманның синтезін білдіреді. Бұл да материалды мәдени мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізудің бір жолы болып табылады. Тек қана ою-өрнек ерекшеліктері ғана емес, сонымен қатар кілем тоқу әдістері арқылы сырт киім тігу, материал мен жіптерді жанды түс колориттерін қолдану арқылы дайындалған заманауи қолдануға икемді киімдер Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан мен көптеген елдерде сәнге айналуда. Бұрын ауылда қазақ үйлерінің жанында қыз-келіншектер жиналып кілем тоқитын. Әрбір үйде ілулі кілем болатын. Заманауи өмір сүру салтында болса бұл үрдістер тек кішігірім гобелен ретінде көрініс тапты. *Ілу* ретінде салтта жүретін қабырға кілемдері, үлкен кілемдер жер төсеніші ретінде модернизацияланған орнаменттермен қолданыстан шығып, қабырғаға ілінетін қол кілемдері антиквар бұйымдар ретінде дүкен, музейде өз орнын алды. Мәйітті жерлеу рәсімінде әлі де киізге орап шығарып салу дәстүрі жалғасын табуда. Тарихта Кеңес Өкіметі тұсында көптеген киім мен бас киімнің киілуіне тыйым салынып жатқанда жадта сақтап қалу үшін кілемдерге тоқылғаны белгілі.

Кілем, ши, текеметтегі орнаменттерді бастапқыда жаман рухтардан қорғану, кейінірек көз-тіл мен сұқтан қорғану мақсатында әшекей ретінде жақсы ниетпен киімге барқытпен кестелеп, моншақ, меруерт қойып нақышына келтіріп қолданған. Бір жағынан киімге жасалған кілем мотивтері құндылықты сақтау, дәріптеумен қатар өткенге ностальгия және жарнама болып есептеледі. Әсіресе моншақпен тізбектеп жасалған аксессуарлар мен білезіктер кілем өрнектерімен жасалған элементтерімен ұштасып дизайнның инновациялық тәсілін көрсетеді⁸. 3-4 суреттегі киім барқыттан тігілген. Бұл жеңіл сырт киім түрін халық арасында *абайка* деп атап жүр. Мақалада киім термині қолданылады. Оюлары парша матадан ойылып, жиектері зер жіппен нақышталған. Ал 5-суреттегі киім күрең қоңыр велюр матасынан тігілген. Оның иығына түлкінің терісі пайдаланылған. Ішіндегі көйлек крепшифоннан тігілген.

Киімге оюды жеріне, мәніне, сәйкестігіне қарай жарасымды әрі үйлесімді етіп оюшы өз дүниетанымына, ойлау жүйесі мен сеніміне қарай түсірген. Жоғарыдағы үлгі ретінде берілген төрт киімде қолданылған түстерді оюшылардың түсінігімен қарастырып көрсек: Шөптібай Байділдаұлы көк түстің аспан мен көк Тәңріні, ақ түс – бақыт пен пәктікті, қара түс – жердің символын, сары түс биліктің, мұңның белгісі екенін; ал 2-суреттегі жасыл түс – көктемнің, жастықтың белгісі; 3-суреттегі қызыл түс – от пен күннің символы⁹ екенін білдіреді десе, Жанерке Шайғозова көгілдір – аспан түсін түрік-моңғол халықтарында Көк Тәңір, аспанды білдіреді дей келе қара түсті өлілер мекенімен байланыстырады.

8 Torun Seçil, Nas Emine, "Tasarımda Gelenekselin Sürdürülebilirliğine Bir Örnek: Kilim Motifleri ile Çağdaş Tasarımlar", Ulakbilge, 83 (2023 Nisan), ss. 351.

9 Байділдаұлы Шөптібай, Қазақтың ою-өрнек Альбомы, (1-альбом), Алматы: Өнер, 2006, 8 б.

Ашық сары түсті сопылықпен, күн мен оттың түсіндей сарыны рухани жолдың екінші сатысы және рухтар әлемімен байланыстырады. Ақ түс – тазалық пен пәктіктің; қызыл түс – билік, батырлық пен жеңістің белгісі; жасыл түс – көктем, өсудің ал қоңыр түс – байсалдылық, сыпайылықтың белгісі белгісі екенін жазған¹⁰.

Көркем шығарма тілін жандандыратын түстерге байланысты фразеологизмдер мен синонимдер көп¹¹. Атап айтқанда, *ақ қарасын ажырату* (айыпты немесе айыпсыз екенін ажырату); *көздің қарашығы* (қадірлеу, қымбат); *қарабет* (ұятсыз); *қара табан* (жалшы, тас кедей); *қара жамылу* (бас иесінен айрылу, аза тұту), *сарғая күту* (ұзақ уақыт күту), *көсегі көгеру* (бақытты болу), *көк мылжың* (сөзуар); *сарғаю* (сағыну), *ақ ниет* (таза ниет), *қоңыр үн* (құлаққа жағымды жұмсақ үн) т.б. Б. Жұмабайұлы ежелде қара түсті мұң, ауыр азап пен жаман ниеттерден қорғану, құртылу мақсатымен өлімге ақтық апарып, киелі, қасиетті орындарға ақтық байлайтынын, сары – сағыныш пен қарғыстың белгісі, қызыл – ауруды қоздырғыш, көк – сергек көңілдің, Тәңірдің сыйы болса, ақ – пәктік пен тазалықты бейнелегенін білдірген. Сонымен қоса *ит құйрық*, *бөрі құлақ*, *иттабан* өрнектері арқылы олардың айбаты, қайраты мен жігері иірілген құйрығында екенін аңғарып аталмыш өрнектерді бақыт пен байлықтың, ырыс пен берекенің символы ретінде қолданғанын жазған¹². Б. Жұмабайұлының, еңбектеріне сүйене отырып киімге қолданылатын киімдердің бірқатарын ұсынуды жөн көрдік: киімде өмірінің су сияқты тынық, таза, ғұмырың су сияқты ұзақ болсын деп *су* өрнегін етекке, киімнің жиегіне қолданса, *қошқар мүйізді* бақыт пен байлықтың символы, *сыңар мүйіз* бұйымның ернеу мен жиегіне; *марал мүйіз* жастық пен бақыттың символы көбінесе жаздық киімдерге салынған.

Түстерден басқа киімнің мата баспасында қолданылған оюлар да тарихтан сыр шертеді. 1-5 суреттерде дизайнер өрнектелген дайын матаны қолданып, оюды келісіне, сәйкестігіне қарай салғанмен жазбаша деректердегі  *абылайша*;  *бүркіт көз* (қырағылық, тіл-көзден, жауынан, бәле жаладан сақтану); *бота көз* (сұлулық);  *сыңар мүйіз*;  *құш-құшақ* (құшақ толы байлық) пен  *тұмарша*,  *қошқар мүйіз* (билік, материалды молшылық) өрнектеріне ұқсайды. 2-суретте *қошқар мүйіз* бен *жебе құрағы* принтпен басылған. Қазақ философиясында адамның денесін адамның өмір танымына байланысты үшке бөліп қарастырған. Ою-өрнек салғанда бұған жіті көңіл бөлген. Адамның башпайынан бастап кіндігіне дейін, кіндігінен кеуде тұсы, мойынға дейін бөлген, үшінші бөлік адамның басына аса қатты қастерлеген. Бірінші деңгейге (башпайынан бастап кіндігіне дейін) жер асты әлемімен байланыстырып, жер астына тән зат, жануар, бейнелерді; екінші деңгейге жер әлеміне байланысты ою-өрнектер салса, мойыннан бас киімге аспан әлеміне қатысты дүниелерді (күн, ай, жұлдыз) салған. [Информатор Дәулет Шоқпарұлы, 29.01.2025].

Соңғы жылдары нөсерден кейін қаулап шыққан саңырауқұлақтай *тақия*, *кимешек* кию үрдісі белең алды. Негізінде *тақия* әрі іш киім әрі сырт киім ролін атқарады. Қыз балаларда құда түсіп, иелеп кеткенде *үкілі тақия* кигізіп кететін. Иесі бар екен деп ешкім ол қызға көз салмайтын. Тақиямен қоштасу – балалықпен, қыздық ғұмырмен қоштасу. Ұлдың әке-шешесі ақ жаулығын салып, сол әулеттің ұрпағын жалғастырушы келін етіп еншілеген соң басына ақ орамалын таққан. Алайда бүгінгі таңда қыз-келіншектер тіпті әйелдер де бастарына тақия киіп жатады. Осыған мән беру қажет. Ер кісілер болса тақияны қыстық бас киімнің ішінен немесе өзін ғана өмірінің соңына дейін киген.

Әсия, *желбіршек*, *екі-үш қатпарлы көйлектер* де жасы үлкен әйелдерге тән дүние емес. Мүмкін болғанша аутентикалық кимешекті дәріптеген дұрыс. Өйткені әр рудың (Қытай кимешек т.б.) өзіне тән үлгісі мен ерекшеліктері бар. Киім тарихын, киім мәдениеті мен

10 Шайғозова Жанерке, Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының қысқаша энциклопедиясы, Алматы: ҚазҒЗМИ, 2023, 320 б.

11 Мажитаева Ш., Қасқатаева Ж., “Фразеологизмдер құрамындағы түр-түс атаулары; лингвотанымдық талдау”, Филология, №1 (69)/ 2013, бб. 159-166.

12 Жұмабайұлы Байахмет, Ою-өрнек әлемі, (The world Kazakh Nation Ornaments), Алматы: Үш қиян, 2018, 36 және 80 б.

этнолингвистиканы зерттеп жүрген зерттеушілер киім-кешектердің аймақтық, рулық ерекшеліктеріне де жіті мән беріп зерттеген дұрыс. Қазіргі таңда киім-кешек тарихы мен оны толықтырушы әшекейлерге макро емес, микро; жалпылама емес, детальді зерттеулер жасау қажет. Айтқымыз келгені, киім бұрынғы факторлардың (материалдық жағдай, статус, діні т.б.) орнына дәстүрлі емес заманауи, жергілікті емес әмбебап халде сәнде өз орнын алуда.

Әшекей – киімді толықтыратын, сәнді көріну үшін тағатын зергерлік бұйымдар мен оның бетіне салынатын ою-өрнектер болып табылады. Жоғарыда ұсынылған 1-5 суреттерде киімнің толықтырушы ретінде әшекей қолданылған. 2-суретте көрсетілген бастағы *диадема* алдымен фетрмен ойылып, моншақтармен тізбектелген. Халықтың қалтасына тиімді, арзанқол әшекейлер мелхиордан жасалған. Өйткені мелхиордан жасалған әшекейлердің тиімді жері сырты қарайып, ағарып түсін өзгертпейді. Төменде *Салтанат* ұлттық киімдер орталығының коллекциясынан алынған заманауи әшекейлер берілген.

Заманауи киім-кешекті ұлттық киім-кешектермен байланыстыра отырып дамыту, әлемдік сәнге шығару үшін көбірек қазіргі таңда бірінші дереккөз болып табылатын аутентикалық киімдерді жіті зерттеу қажет. Сондықтан Нұрсан Әлімбайдың¹³ жетекшілігімен дайындалған Мемлекеттік Орталық музейінің этнографиялық коллекциясы аясында шығарылған Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі иллюстрацияланған альбом каталогында берілген әр түрлі ғасыр, жылдарға тиесілі бешпенттің көркемдік конструкторлық талдау әдісі арқылы талдау жасалып, көп орын алмау үшін тек екі бешпенттің талдау үлгісі берілді.

Кесте 1. Көркемдік конструкторлық талдау әдісі арқылы бешпентті талдау

Бешпент (жеңіл сырт киім)	Құжат №	Аймағы	Ғасыр ландыру	Әдісі	Әшекей, өрнек салу	Ерекшелігі
	КП 661	А л м а т ы облысы	XIX (1890)	С ы р у , м а ш и н а т і г і с і , б ү р м е л і т і г у , з е р т а с п а т і г у әдісі, т ү й м е қ а д а у әдісі	Зертаспа (е к і өңірінің ш е т і , жағасы, е т е г і) , түйме (10 дана)	Қынама бел, тік жаға, бұлықты (қызыл сәтен), иінішті (желке, иық іші), қондырма ұзын жеңді, етегінің артқы жағы сәл жырық
	КП 3389	Ш ы ғ ы с Қазақстан (Семей) облысы	X I X ғасырдың соңы	М а ш и н а т і г і с і , сән т і г і с і (тік тігіс), зер салу әдісі, о қ а л а у ә д і с і , ілмек салу, т ү й м е қ а д а у , кестелеу	Зер, кесте, а қ ш ы л түсті 2 қ а т а р о қ а л ы (жағасы, өңірі, жең аузы, е т е г і) ; к ө г е р і с өрнегі (зер жіп), ілмек (өңір іші)	Трапеция, екі бүйірден үшкілді (етек); Артқы өңірдің қақ ортасы а ұзын тік тігісті, ойма жағалы, ұзын қондырма жеңді, алқымы кеңірдекке дейін ашық, желкеден төмен үшкілді, ойық қалталы

Каталогтағы инвентарлар: КП 661, КП 3389, КП 3390, КП 3700, КП 9428, КП 10409, КПМ 3539, КП 25692, КП 3362, КП 21427, КП 5851, КП 16239, КП 605, КП 3699, КП

¹³ Әлімбай Нұрсан, Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі, (иллюстрацияланған альбом-каталог), ҚР, Мемлекеттік Орталық музейінің этнографиялық коллекциясы, Алматы: Өнер, 2009, 104 б.

3695, КП 623, КП 604/903, КП 11356 барлығы 18 бешпентке көркемдік конструкторлық талдау әдісі арқылы жалпылама талдау жасалды. Аутентикалық киімнің (бешпент) алынған аймақтары: Алматы облысы, (2), Шығыс Қазақстан (Семей) облысы (1), Батыс Қазақстан (Орал) облысы (5), Ақтөбе облысы (1), Орталық Қазақстан (1), Орынбор, Ресей (1). Алайда каталогта кей бешпенттің алынған аймағы берілмеген. Мысалы: КП 3390 бешпентті сақтаған Ахмет-Кариева Зарипа, музейге тапсырған қызы. Бір жақсысы жетіру - асан екенін инвентарда көрсеткен. Бұл мәліметті сұрастыру арқылы ата-бабасының қай аймақта тұрғанын, қайдан келгенін, егер ол руға тиесілі болса онда бұйымның ерекшеліктерін анықтап білуге мүмкіндік туады. Қосымша мәліметтің бірі КП 3390 ісмердің (Рабиға), КП 3700 ісмер Бибия Ерембекованың аттары берілген. КП 9428 Ш. Уәлихановтың әпкесі Бәдігүл Уәлиханованың бешпенті. КП 3695 нөмірлі бешпент те маңызды. Бұл Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің әйелі Фатима ханымның бешпенті. Фатиманың Зүлейхадан тараған Гүлсім немересі музейге 1923 жылы өткізген.

Бешпенттер XIX ғ. аяғы (1890), XIX ғ. соңы – XX ғ. басы, XIX ғасырдың ортасы, XX ғ. басы – XX ғ. ортасына (1900, 1912, 1922, 1930, 1934-1935) тиесілі. Мақалада көркемдік конструкторлық талдау әдісі жалпылама қарастырылды.

Бешпенттер көбінесе жоғарыда аты аталған аймақтардан әр түрлі жылдарда MOM экспедициясы барысында жиналған. Төменде бешпенттің көркемдік конструкторлық талдау әдісі бойынша талдауы берілді.

Әйтсе де әрбір киім-кешекті алдағы уақытта мұнан да тереңінен бөлшектеп зерттеп зерттеу үлгісі ұсынылуы қажет. Зерттеу кезінде анықталған тыстық үшін қолданылған бешпенттік маталар: *барқыт* (қызыл күрең барқыт, күрең барқыт, жасыл барқыт, гүл бедерлі тарғыл түсті барқыт, қызыл барқыт, қызыл қара түсті барқыт, қоңыр барқыт); *пүліш* (ашық қызыл пүліш); *атлас* (сары атлас); *сәтен* (қызыл түсті сәтен); *жібек* (жолақты жібек, қанаус жібек).

Ал астарлық маталар: *сәтен* (жолақты көк сәтен; қызыл, сары, көк түсті жолақты сәтен; ашық қоңыр сәтен); *атлас* (сиякөк атлас, қоңырқай атлас, сары атлас); *шыт* (гүл бедерлі шыт, жасыл түсті шыт); *мақта мата* (қоңыр түсті гүл бедерлі мақта мата; саржа (жасыл саржа), *жібек* (қызыл сары жібек, қызыл жібек, қара көк түсті жібек, жолақты жібек, қызыл күрең жібек) қолданғаны анықталды.

Талдау нәтижесінде бешпенттің төрт жаға түрі кездесті: 1. тік және жіңішке тік жаға, 2. қайырма, 3. ойма жаға; 4. орама жаға. Тік жаға солға қайырылған. Жеңде екі түрлі қондырма қолданған. Бірі жең асты қусырып тігілген қондырма болса, екіншісі жеңі таяздау жең ойындысына тігілген қондырма. Бешпенттің жағасы, өңірі, жеңінің аузы мен етегін айналдыра әшекейлеу, көркемдеу үшін көгеріс өрнегін қолданған. Кейінірек XIX ғасырдың аяғында болса жаға, жең аузы, өңір мен бешпент етегін айналдырып сұр түсті оқа жүргізіп, сыртынан зертаспа басып, арасына *көгеріс* өрнегін зер жіппен (КП 605) зерлеген. Мұнан басқа *стилденген мүйіз өрнектерін* алдыңғы, артқы бойы мен жеңін кестелеген. Өңірі мен жең аузына ширатпа зермен *зооморфты және геометриялық өрнек* салған (КП 21427), жең аузы әдіптелген; кей бешпентте қалтаның аузы, жең ұшы, жағасы матадан қабатталып әдіптеліп, тігін машинасымен әшекейлеп сырып тігілген. Жең, өңіріне зермен *ромб тәрізді геометриялық өрнек* салып кестелеп, қызыл барқыт жолақ бастырған. Жағасын қызыл сәтеннен немесе күрең түсті барқытпен бұлықтаған. Қолтырмашты қолтыққа салған. Шабудың үш түрі көрсетілген: төрт шабу (екеуі үлкен шабу, екі кішкене қиық); қиықша шабу және үшкіл шабу (екі бүйіріне және етегінің екі жанына).

Зертаспаны бешпенттің жағасына, терең жең ойындысына жапсарлай екі өңірінің шетіне, етегіне айналдырып басқан. Әшекейлеу үшін ширатпа зер, зертаспа, оқа, кесте, металл, шытыра, түрлі түсті жіптер, аққу мамығын (жағасы, өңірі, жең аузы мен етегіне) қолданған. *Оқаны* жағасы, өңірі, жең аузы, етегін айналдыра екі қатар етіп, ал қалтасының

аузы мен жеңінің ұшына бір қатар етіп салған. Зерттеуге алынған бешпент үлгілерінде оқаның ақ, ақшыл және сұр түстері қолданылған.

Бешпентте жүн сыру әдісі, әдіптеу, машина тігісі, бүрмелі тігу (бел тұсынан майда бүрме салу), зертаспа тігу әдісі, түйме қадау әдісі, жиектеу (бұлықтау); сән тігісі немесе тік тігіс (артқы өңірінің қақ ортасынан бойды қусырған тік тігіс жүргізеді кейде бұл тігістің үстіне ақ зер таспа бастырады), зер салу әдісі, оқалау немесе оқа бастыру әдісі, ілмек салу, түйме қадау, кестелеу (зер жіппен көгеріс өрнек кестеленіп, жолақ салынады) әдістері қолданылған. Қолымызда бар мәліметтерде бешпентте *қынай бел* (белі бүрмелі) мен *қынама бел* кездесті. *Қынама бел* түймемен қаусырылған. Кей бешпентте 3 метал түйме мен 3 ілмек түймебау жасалса, кей бешпенттің сол жақ өңірінің ішкі жағының көкірек тұсы ілмектелген. Бешпенттерге көбінесе оң жақ өңірінде жасырын қалта (КП 21427), екі жанында жасырын қалта (КП 5851); екі жанын ойып тік екі қалта (КП 16239); бүйірінде қиғаштап ойық қалта (КП 3389); ойып жасалған жан қалта тігілген. Қалта аузының бір қиығына жапырақ тәрізді және қызыл рең шыныдан көз салынған. Бешпенттің етегі: шалғайы кең, етегінің артқы жағы сәл жырықты болып келген.

XIX ғасырдың басында 1912 жылы тігілген бешпенттің астарлығы *қанаус жібектен* тігілсе, XX ғасырдың аяғында астарлық *жасыл саржа* атауы көзге түсуде. Осы атау XIX ғасырдағы мата атауларының ішінде кездеспеуде. XX ғасырдың басында 1912 жылдары белді белінен сәл танап тігіп, қынағаны айқын көрінеді. Етегінің екі жанына үшкіл шабу салынып, шалғайы кеңейтілген. Жеңін қусырып тігіп, таяздау жең ойындысына қондырған. Жағасы, жең аузы, екі өңірі мен етегін айналдыра екі қатар етіп зертаспа басқан (КП 11356). Ал XX ғасырдың аяғында (музейге түсу уақыты 1984 ж., КППМ 3539) төрт шабу (екеуі үлкен шабу, екі кішкене қиық) шабылғаны көзге түседі. Бешпенттің артқы жағы 4 бой матадан салынып, етек жағына үшкіл қиықтар салынғаны байқалады. Солға қаусырынған тік жаға сопақша келген үш метал түймемен ілмек түймебау арқылы іліктенген. XIX ғасырдың аяғында трапеция пошымды бешпент пішімі кездесуде.

Төменде көрсетілген әшекейлер де сұранысқа ие. Әсілімде Салтанат ұлттық киімдер орталығы халықтың сұранысы бойынша ұлттық және заманауи киім-кешектің бәрін тігіп ұсынуда. Бұл суреттер тек қана тақырыпқа тұздық болғаны үшін ғана үлгі ретінде қолданылды. Дизайнер Д. Алшынбайқызы алтынмен апталып, күміспен күптелген әшекейлермен толықтырып, алтын жіппен зерлеп, оқалап, әдіптеп тігілген қымбат бұйымдар қарапайым тұтынушының қалтасына шақ келмейтінін айтады. [Информатор Д. Алшынбайқызы, 25.12.2024].



Сурет 6. Сырға.



Сурет 7. Алқа.



Сурет 8. Шекелік.



Сурет 9 - сырға.

Салтанат ұлттық киімдер орталығының коллекциясынан

6-суреттегі сақинаға ұқсас сырғаның қазақи атауы *құстұмсық сырға* соңғы кезде *тамшы сырға* деп те атап жүр. *Құстұмсық* (еркіндік), *қошқармүйіз* (береке, байлық), *үкі* (қорғау) мәнін береді. Құйма әдісімен жасалып тас орнатқан. Ертеректе металмен жұмыс істеген кезде асыл тас немесе жартылай қымбат бағалы тастардан сырғаға көз орнатқан.

Қазақтың көшпелі өмірінде үшкір заттарға қарағанда дөңгелек, шеңбер, доғал көбірек қолданылған. Қандай бұйым жасаса да бұрыштарын тұжырып, дөңгелетіп жасаған. Мысалы: киіз үй, балғаның сабы т.б. Бірақ бұл әшекейлер дәстүрлі әшекейлерден ұзақ, қазіргі заманның тұтынушыларына қолжетімді етіп жасалған дүниелер дейді Дәулет Шоқпарұлы.



Сурет 10. Дәстүрлі тұмариша. Сурет 11. Үкіаяқ. Сурет 12. Алқа Сурет 13. Бес білезік
[Дәулет Шоқпарұлының жеке архивінен, 29.01.2025].

Ең көп қолданылатын әшекейдің бірі – сырғаны бастапқыда сакральды тұрғыда сақтану, қорғану үшін қыз келіншектер мен әйелдерден басқа ер кісілер де қолданған. Қыз-келіншек, әйел сырғасы жайлы жазылған мәліметтер көп ақ. Төменде ер баланың құлағына сырға салу салтын ұсынылады.

Ертеректе қазақта нәресте шетінеп, баласы тұрмаған жағдайда ер баланың құлағына ен салып, сырға тағып қоятын болған. Немесе әйел ұл тапқанда әрі көз тимесін әрі жалғыз тұяқ екенін көрсету мақсатында ұлдың оң құлағына сырға салған. Әулетімізге әмеңгерлікпен келін болып түскен Райхан (Оспанова) әжеміз көп құрсақ көтергенмен, ол кезде жаман аурудың атын айтпайтын, қызылша, желшешек сияқты ауру белең алып, балалары әрі кетсе 2-6, 13 жаста шетінеп, қайтыс болып кете бергені үшін ауыл аймақты жинап, қан шығарып, қой сойып, ас беріп, елдің батасын алып, құлағына тесік сырға тағып, үкілеп өсірген екен.

10-суреттегі Ұлы Отан соғысынан кейін туылған тәтеміздің (Сапар Төлебаев) кіндігін ырымдап, үйдің қарама-қарсысында тұрған, көп бала көтеріп, бала-шағасы аман қалған Ақылай әже кессе, тұрсын, ел қатарлы өмір сүрсін деп өлімді алдау мақсатымен ел тілеуімен жүзге келген Күләйім Отарбаева оң құлағын тесіп, терезеден шығарып, есіктен кіргізіп, нәрестені қолына алып екі-үй рет үйді айналдырып салтын жасаған екен. Сапар айында дүниеге келгені үшін аталас туысқан Садық ата нәрестенің атын Сапарәлі деп қойған екен. Бұл сырға мектеп жасына дейін тағылған. Садық атаның да бала-шағасы көп болып, шетінеп, нәтижеде тек тұяқ Айтуған (Садықов) ата ғана қалғандықтан оның да оң құлағына сырға таққан екен. Негізінде Төлебай атада да оның ұлы Арыстанның әулетінде де қыз тұрмаған. Туылғанмен балиғат жасқа жеткенше қайтыс бола берген екен. [Информатор: Әсел Керімбайқызы Жанаева, 29.01.2025].

Этнолингвистика, этнопсихологияға байланысты ақпараттарды фольклордан зерттеп заманауи өмір сүру салтына ыңғайластырып, жаңғыртып, қолданысқа енгізу қажет. 7-суретте берілген өңіржиек әрі мәртебенің көрсеткіші болса, әрі қорғаушы қасиеті болған. Сұқ, көз ең алдымен қыз-келіншектің кеудесіне емес, жарқыраған күмістен, әшекейлеп жасаған өңіржиекке түскен. Дәстүрлі зергерлік бұйымдарда ең көп қолданған бағалы метал жамбы, ұрғашы күміс болған. Ертеректе зергерлік бұйымдарға қолданылатын тастар Самарқаннан әкелінген. Негізі зергерлікке қажетті парафин, тоқыма бұйымдарын орыстар жеткізсе, мақта, жібек, қойдың терісі, кілемдерді орыстар Түркменістаннан алып отырған. Сауда керуендері көшпелілердің шабуылына жиі

ұшырағандықтан І Петр (1696-1725) кезеңінің өзінде-ақ Ресей Орта Азияға әсіресе, қазақ даласына қорғаныс шебін құра бастаған. Осылайша Орынбор, Сырдария мен Арал аймақтарына әр түрлі байланыс соның ішінде сауда қатынасын арттырған¹⁴.

9-суреттегі салпыншақ ретінде қауырсын қолданылған. Осы қауырсынға байланысты наным-сенім бойынша аңызды Дәулет Шоқпарұлынан беруді жөн көрдік: ... жер бетінде көктөбенің үстінде көктерек өседі. Көктеректің үстінде көк кептер отырады деген сенім бар. Көктеректе әлемде қанша адам болса соншама көк жапырақ болады екен. Жер бетінде өмір сүріп жатқан барлық адамның аты сол жапырақтарда жазылып тұрады екен. Бір адам өмірден өткенде аты жазылған жапырақ үзіліп түседі, қайтыс болған адамның жаны көк кептерге айналып, көктеректің бұтағына келіп қонады. Марқұмның жетісі, қырқы өткізілген соң адамның жаны көк шыбынға айналады екен. Қазақша шыбын жаным шыға жаздады, шыбын жанын шүберекке түйді деген сөз бар [Информатор Дәулет Шоқпарұлы, 29.01.2025].

Шекелік – түркімендер мен өзбектердің мәдениетінің әсерінен болар көбінесе басқа өңірге қарағанда Батыс Қазақстанның зергерлеріне тән. Әсіресе XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында сөлкебайды тесіп, бір-біріне жиі орналастырып, тізбектеп жасаған. Көбінесе жас қыз балалар таққан.

Алқаны көбінесе тұмар, тұмарша ретінде жасаған. Тұмарды үшбұрышты етіп жасап, ортасына перузадан көз салып, ішін қуыс, трубка секілді дайындаған. Кейіннен мұсылман дінінің әсерінен молдалар осы қуыс трубканың ішіне құран аяттарын салғызған. Алқаны таққан қыздың денесін адамның сұғынан, көз тиюден, әр түрлі бәле-жаладан қорғайтынына сенген.

Дегенмен бұл жерде сән әлемі болғандықтан әлемде болып жатқан глобалды ортақ мәселелерге де көңіл бөлген жөн. COVID-19-дан кейін адамдардың аллергияға қарсы бейімделмеуі, жаңа аурулардың белең алуы, жер сілкінісі, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, соғыс, күннің шамадан тыс ысынуы, судың тапшылығы, талғамның өзгеруі, қаладан гөрі ауылда өмір сүруге қызығушылық, табиғи эко өнімдерді қолдануға көшу сынды өте көп өзгерістер мен қажеттіліктер тұтынушының құндылығы мен өмір сүру салтының да өзгеруіне себеп болуда. Қазақтар саят құру, жылқы бағу, қойшы болу, егіншілік дәстүрі мен мал шаруашылығын т.б. қазақтың киім-кешегі мен шаруашылық тұрмыстық жағдайына лайықтаған. Түркі халықтары жылқы шаруашылығы, әскери өнер, егіншілік, қол өнер кәсіптері, сауда-айырбас сияқты еңбек түрлерінің барлығымен шұғылданып, экономика мен шаруашылығының негізіне айналдырған. Яғни олар егіншілікпен де айналысып, қамданған, оны дамыту үшін теміршілікте, темір ұсталығында да мықты болған, тоқ етері дала халықтарының үлкен өркениеті болған¹⁵.

Қорытынды

Жаһандану дәуірінде адам баласы жақсы тұтынушыға айналғанда сәнді әрі орынды киіну – табыс кілті болса, аутентикалық киімдер мен оларға байланысты дәстүрлерді сақтай отырып, киімдерді, оларға жасалатын ою-өрнектерді саналы түрде дәріптей отырып тігу, халыққа ұсыну және кию ұлттық рухты көтереді. Ұлттық киім-кешегіміз ұлтымыздың бейнесі, коды. Бүгінде салмақ ұлттық киімді тігетін ісмер, дизайнер, тігіншілерге түсуде. Олар – ұлттың материалды құндылығын дәріптеуші, насихаттаушы. Ұлттық нақыштағы киімдерді тігіп халыққа ұсынып жатқан әрбір дизайнер мен тігінші тұтынушының тапсырысын қабылдап жатқанда сол киім туралы дұрыс мәліметті бере білуі қажет. Ол үшін тігіншілерге арнайы ұлттық киім-кешек, әшекейлердің тарихын, даму, өзгеру процестерін түсіндіретін арнайы курстар ұйымдастыру қажет. Тіпті киім-

14 Zhangabulova Zh., Alpysbes M., Central and South Asia as Priority of Russian and British Foreign Policy in the Second Half of the 19th and early 20th Centuries, Annals of the University of Craiova, History, XXVI, №2 (40), 2021, p. 52.

15 Arystanova Gulshanys. (2024). XIX. Yüzyıldaki Osmanlı (Anadolu Toplumunu) ve Kazak Toplumunun Giyim Tarihi ve Kültürü (XIX ғасырдағы Османлы (Анадолы түріктері) мен қазақ қоғамының киім тарихы және мәдениеті), Uludağ Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Doktora Tezi, Uludağ. - 774 s. [In Turkish].

кешек пен әшекейді, оларға байланысты ұлттық дәстүрді дәріптеуші және зерттеуші дәстүрлі мектеп қалыптастырылса артық болмас еді. Судың да сұрауы бар демекші, аманатқа қиянат жасамай, ата-әжеден көрген өнерді кейінгі ұрпаққа жеткізу шарт.

Ұлттық киімдерді тек қана мереке мен той-томалақта, үлкен жиында ғана киілетін киім ретінде қолданбай, аутентикалық киімдердің реконструкцияларын жасап, жинақтап, үлгі, киім-кешек атауларын арттырып, ұлттық киімді күнделікті өмірге (ресми орындарда, мектеп, жоғарғы оқу орындарында, үйде) икемді етіп, эко дәстүрлі стилде ыңғайластыру қажет.

Мұнан басқа мата түрлерін жазбаша деректерден, иллюстрациялардан жинақтап, зерттеп, зерделеп, сөздік қорына қосып, тоқып шығарып күнделікті қолданысқа енгізсек, онда қарқынды дамып жатқан технология мен әлеуметтік экономикалық дамуға себін тигізеді. Материалды мәдени-тарихи мұраарқылы өскелең ұрпақ тәрбиеленеді. Жаңашыл интерпретациялар мен өткенді ағымдағы сәнге әкелуде эстетика, әдемілік, жаңғырумен қатар сакральды, символдық мәндерін сезіну мен сақтау көзқарасын қалыптастыру қажет. Заманауи брендті, ұлттық идеологияны қалыптастыру үшін мүмкін болғанша әрбір аутентикалық, дәстүрлі ұлттық киім мен әшекейдің ерекшеліктері, детальдары, өрнегі, символы, түсін саналы түрде сакральды мәнін аша отырып, өндіріске қосу қажет.

Әсіресе ауылдық жерлерде сақталып қалған дәстүрлі құндылықтар (қолөнер, мал шаруашылығы, ауыл аймақ пен көрші арасындағы қарым-қатынас соның ішінде біздің зерттеу объектіміз болған ұлттық киім мен әшекейлер және оларға байланысты салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым, тыйымдарды болашақ ұрпаққа жеткізу маңызды ресурс болмақ.

Әдебиеттер тізімі

- Артықбаев, Ж. (1993). Казахское общество: Традиции и инновации. Полиграфия.
- Асомиддинова, М. (1981). Кийим-кечак номлари. Ўзбекистон ССР «Фан» нашриёти.
- Байділдаұлы, Ш. (2023). Қазақтың ою-өрнектері: Альбом (1-альбом). Өнер.
- Володева, Н. (2010). Художественные традиции казахского национального костюма в современной практике дизайна одежды. Простор, (10), 178-183.
- Жұмабайұлы, Б. (2018). Ою-өрнек әлемі. Үш қиян.
- Кеңесбаев, І. (1961). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Екінші том, Қ-Я. Қазақ ССР ғылым академиясының баспасы.
- Мажитаева, Ш., & Қасқатаева, Ж. (2013). Фразеологизмдер құрамындағы түр-түс атаулары: лингвотанымдық талдау. Филология, (1), 159-166.
- Масадикова, Г. (2024). Ежелгі петроглиф өнерінің киім дизайнында қолдану үлгісі. Central Asian Journal of Art Studies (CAJAS), 9(3), 178-193.
- Мейрбекова, Ф., Доскараева, Ж., Абуова, М., & Түсенбекова, А. (2024). Заманауи этникалық сәндегі мәдени дәстүрлер мен инновациялар. Endless Light in Science, (19), 18-19.
- Шайғозова, Ж. (2023). Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының қысқаша энциклопедиясы. ҚазҒЗМИ.
- Arystanova, G. (2024). XIX. Yüzyıldaki Osmanlı (Anadolu Toplumı) ve Kazak Toplumunun Giyim Tarihi ve Kültürü (Doctoral dissertation, Uludağ University, Institute of Social Sciences).
- Barbarosoğlu, F. K. (2004). Modernleşme sürecinde moda ve zihniyet. İz Yayıncılık.
- Hobsbawm, E., & Ranger, T. (2023). The invention of tradition. Cambridge University Press.
- Torun, S., & Nas, E. (2023). Tasarımda gelenekselin sürdürülebilirliğine bir örnek: Kilim motifleri ile çağdaş tasarımlar. Ulakbilge, 83(April), 339-353.

Zhangabulova, Z., & Alpysbes, M. (2021). Central and South Asia as priority of Russian and British foreign policy in the second half of the 19th and early 20th centuries. *Annals of the University of Craiova, History*, XXVI(2), 47-60.

References

- Artykbaev, Zh. (1993). *Kazakhskoe obshchestvo: Traditsii i innovatsii* [Kazakh society: Traditions and innovations]. Poligrafiya. (In Russian).
- Arystanova, G. (2024). XIX. Yüzyıldaki Osmanlı (Anadolu Toplumu) ve Kazak Toplumunun Giyim Tarihi ve Kültürü (Doctoral dissertation, Uludağ University, Institute of Social Sciences).
- Asomiddinova, M. (1981). *Kiiim-kechak nomlari* [Names of clothing and accessories]. Uzbekistan SSR «Fan» Publishing House. (In Uzbek).
- Baidildauly, Sh. (2023). *Қазақтың оюу-өрнектері: АІ'бом (1-аІ'бом)* [Kazakh ornaments: Album (1st album)]. Oner. (In Kazakh).
- Barbarosoğlu, F. K. (2004). *Modernleşme sürecinde moda ve zihniyet*. İz Yayıncılık.
- Hobsbawm, E., & Ranger, T. (2023). *The invention of tradition*. Cambridge University Press.
- Kenesbayev, I. (1961). *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Екінші том, Қ-Үа* [Explanatory dictionary of the Kazakh language, Volume II, Q–Ya]. Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. (In Kazakh).
- Masadikova, G. (2024). *Ezhelgi petroglif өнерінің киім dizainynda қолдану үлгісі* [Application of ancient petroglyphic art in clothing design]. *Central Asian Journal of Art Studies (CAJAS)*, 9(3), 178-193. (In Kazakh).
- Mazhitayeva, Sh., & Kaskatayeva, Zh. (2013). *Frazeologizmder қырамындары түр-түс атаулары: lingvotanyndyқ taldau* [Color names in phraseological units: A linguistic and cognitive analysis]. *Philology*, (1), 159-166. (In Kazakh).
- Meirbekova, F., Doskaraeva, Zh., Abuova, M., & Tusenbekova, A. (2024). *Zamanauı etnikalyқ sәndegi мәдени дәстүрлер мен innovatsiyalar* [Cultural traditions and innovations in modern ethnic fashion]. *Endless Light in Science*, (19), 18-19. (In Kazakh).
- Shaighozova, Zh. (2023). *Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының қысқаша entsiklopediyasy* [Brief encyclopedia of Kazakh cultural symbols and signs]. KazGZMI. (In Kazakh).
- Torun, S., & Nas, E. (2023). *Tasarımda gelenekselin sürdürülebilirliğine bir örnek: Kilim motifleri ile çağdaş tasarımlar*. *Ulakbilge*, 83(April), 339-353.
- Volodeva, N. (2010). *Khudozhestvennye traditsii kazakhskogo natsional'nogo kostyuma v sovremennoi praktike dizaina odezhdı* [Artistic traditions of Kazakh national costume in modern clothing design practice]. *Prostor*, (10), 178-183. (In Russian).
- Zhangabulova, Z., & Alpysbes, M. (2021). Central and South Asia as priority of Russian and British foreign policy in the second half of the 19th and early 20th centuries. *Annals of the University of Craiova, History*, XXVI(2), 47-60.
- Zhumabaiuly, B. (2018). *Oyu-örnek әlemi Ush Kiyan*. [The world of ornaments]. (In Kazakh).

Gul Khanys Arystanova

Eötvös Loránd University, Budapest, Hungary
(E-mail: arystanova.gul Khanys@gmail.com)

Modern Kazakh National Clothing and Jewelries as an Innovation of Cultural Tradition

Abstract. Clothing is a significant national value that connects the past, present, and future. In the era of globalization, preserving national identity while transmitting the cultural and ethnic characteristics of the Kazakh people to future generations becomes increasingly important. This study examines contemporary Kazakh national attire and custom-made jewelry as objects of research to determine the extent of their transformation.

The research employs retrospective, synchronic, and diachronic methods to trace the continuity of modern national clothing with historical examples. Additionally, a comparative analysis is conducted to identify similarities, differences, and changes in design.

The findings indicate that the concept of the «Invention of Tradition,» which gained prominence in the 20th century, has played a crucial role in shaping contemporary national attire. The study analyzes ethnocultural garments created within the framework of tradition revival, which have gained recognition and demand in society. Traditional jewelry crafted by artisans, clothing and accessory catalogs, and museum exhibits are examined for comparative analysis. This research highlights the transmission of ethnocultural traditions from the past to the present, substantiates findings with written sources, integrates them into academic discourse, and reconstructs authentic garments in a modernized form.

Keywords: Kazakh, authentic clothing, modern national clothes, ornaments, jewelry, artificial tradition, invention tradition, modernization, cultural heritage

Гульханьс Арыстанова

Университет Этвёша Лоранда, Будапешт, Венгрия

(E-mail: arystanova.gulghanys@gmail.com)

Современная казахская национальная одежда и предметы украшения как инновация культурной традиции

Аннотация. Одежда является важной национальной ценностью, связывающей прошлое, настоящее и будущее. В эпоху глобализации не только сохранение национальной идентичности, но и передача этнокультурных особенностей казахского народа будущим поколениям приобретает особую значимость. В качестве объекта исследования рассматриваются современные казахские национальные костюмы и заказные ювелирные украшения с целью выявления степени их трансформации.

В ходе исследования используются ретроспективный, синхронный и диахронный методы для выявления преемственности современных национальных костюмов с традиционными образцами прошлого. Кроме того, проводится сравнительный анализ для определения сходств, различий и изменений в дизайне.

В результате исследования выявляется, что в XX веке концепция «изобретенной традиции» (Invention of tradition) сыграла ключевую роль в формировании современной национальной одежды. Анализируются созданные в рамках ее возрождения этнокультурные костюмы, которые получили признание и востребованность в обществе. Для сравнительного анализа используются традиционные ювелирные изделия, изготовленные народными мастерами, каталоги одежды и аксессуаров, а также музейные экспонаты. Исследование позволяет проследить трансмиссию этнокультурных традиций от прошлого к настоящему, подтвердить результаты письменными источниками, ввести полученные данные в научный оборот, а также создать репродукции аутентичных костюмов в обновленном современном формате.

Ключевые слова: казахи, аутентичная одежда, современные национальные костюмы, орнаменты, ювелирные украшения, изобретенная традиция, возрождение, культурное наследие

Автор туралы мәлімет:

Арыстанова Гүлханьс – PhD докторант, Еөтвөш Лоранд университеті, Моңғол және ішкі Азия тіл зерттеулері бөлімі, Будапешт, Мажарстан. ORCID: 0009-0000-1281-515X.

Information about author:

Arystanova Gulkhanys – PhD candidate, Eötvös Loránd University, Department of Mongolian and Inner Asian Studies, Budapest, Hungary. ORCID: 0009-0000-1281-515X.

Сведения об авторах:

Арыстанова Гүлханьс – PhD докторант, Университет Этвёша Лоранда, кафедра монгольских и внутренних азиатских языковых исследований, Будапешт, Венгрия. ORCID: 0009-0000-1281-515X.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Ж.С. Аймахан*Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан*
(E-mail: jyldizai.ai@gmail.com)**Түркі тіліндегі мақал-мәтелдердің тақырыптық қолданысы**

Аңдатпа. Әрбір халықтың мақал-мәтелдері оның өмір салтын, дүниетанымын, тәрбиелік жүйесін бейнелейтін даналық қазынасы болып табылады. Мақал-мәтелдер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, халықтың мәдени мұрасына айналады. Қазақ және түрік халықтарының мақал-мәтелдерінде ортақ құндылықтар мен тақырыптар көп кездеседі. Бұл мақалалар отбасы, ана мен әке, бала тәрбиесі, әйел мен ер адамның рөлі сияқты маңызды әлеуметтік мәселелерді қамтиды. Қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талдау арқылы екі халықтың мәдениетінің жақындығы мен тарихи байланыстары туралы түсінік алуға болады. Әсіресе, отбасы құндылықтары мен отбасындағы әр адамның орны туралы мақал-мәтелдерде ортақ пікірлер көрініс табады. Қазақ халқы да, түрік халқы да ата-анаға, әсіресе анаға, ерекше құрмет көрсетеді. Балаларға тәрбиелік мәні зор үгіт-насихаттар айтылып, олардың өмірде дұрыс жолмен жүруі үшін еңбек пен мейірімділікке тәрбиелейді. Бұл зерттеу қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің арасында терең мәдени байланыс пен рухани сабақтастық бар екенін көрсетеді. Мақал-мәтелдер халықтың рухани байлығын сақтап, ұрпаққа жалғастырады, бұл екі елдің мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Түйін сөздер: мақал-мәтелдер, отбасы құндылықтары, қазақ-түрік мәдениеті, ана мен әке, бала тәрбиесі.

DOI: <https://doi.org/10.71078/mj2zg040>

Түсті: 30.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.03.2025.

Кіріспе

Әр халықтың даналығы мен жігерлігі мақал-мәтелдерінен айқын көрініс табады. Басқа ұлттың даналығын білу арқылы, біз сол ұлтты жан-жақты тани аламыз, халықтар арасындағы ұқсастықты, достықты сезінеміз. Туыстас түркі халықтарының қай-қайсысын алсақ та, рухани қазынаға бай, ұрпағына қалдырар өсиеті мол. Мақал-мәтелдердің мазмұнына, сөздік құрамына қарап, олардың қашан пайда болғанын, тақырыбының сан алуандығын байқауға да болады. Қай елде болмасын ел мен жер, оны сүю, құрметтей білу, батырлық пен батылдық, оқу-ғылым, ерлік пен еңбек, отбасы, дін, жақсы-жаман қасиеттер, сұлулық, табиғат, т. б. сияқты тақырыптар мақалдардың басым бөлігін құрайды. Сондай-ақ, әр ұлттың кәсібіне, тұрғылықты жеріне, ұлттық болмысына, тіпті жиі тұтынатын заттарына, тағамына байланысты да жекеленген, болмысын танытатын аталы сөздері де кездесіп жатады. Ол атаулар басқа ұлттарда сирек немесе мүлде кездеспейтін мүмкін.

Қоғам іргетасының қалыптасуында «отбасы» мәдениетінің ықпалы зор. Адам – әр мемлекеттің құнды қазынасы болса, отбасы – мемлекеттің ішіндегі шағын мемлекет. Барлық елде әрбір қоғам мүшесінің орны ерекше, отбасы ретінде адамдардың қоғамға тигізер үлесі зор. Қазақ халқы «Отбасы ошақ қасы» деп отбасы сөзін ошақпен, жылулық, мейіріммен байланыстырады.

Зерттеу әдістемесі

Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріне өте ұқсас келеді. Олардың М. Қашқаридың «Диуани Лұғат-ит түрк» сөздігінен бастау алғаннан болса керек. Тілдік өзгеріске ұшырағанмен, сөздердің орны ауысқанмен, мағынасы бір болып келеді. Түбі бір түрік халқының қазақ халқымен ортақ тұстары көптеп кездесіп жатады. Екі елдің шығу тегі, тілі, діні өте ұқсас келеді. Мәселен, отбасылық мәселені алар болсақ, екі мемлекетте де «өмірдің тірегі- әке, тұрағы ана» деп ата-анаға ерекше құрметпен қарайды. Осы бір үлкен құндылықтардың екі ел арасындағы мағыналас мақал-мәтелдерден қалай көрініс табатын қарастырсақ. Отбасына қатысты мақалдарда әр отбасы мүшесіне қандай да бір талап қоятындығы, қоғам алдындағы міндеттерін тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен жеткізе білгендігін аңғаруға болады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Отбасындағы ең киелі, қасиетті адам – ана. Ана туралы жырламаған ақын, мүсінін жасамаған мүсінші, ән арнамаған әнші, құрметтемейтін адам жоқ. Барлық тіршіліктің басы, үйдің берекесі де аналарымыз. Сондықтан да аналар жайлы мақалдар қай халықта болсын, көптеп кездеседі.

Қазақ тілінде: Жұмақ ананың аяғының астында

Түрік тілінде: Cennet annelerini ayakları altındadır (Güneş, 1999: 432) немесе,

Қазақ тілінде: Анаңды Меккеге арқалап барсаң да, қарызынан құтыла алмайсың.

Түрік тілінде: Anneni sırtında Hicaz Mekke'ye götürsen de, hakkını ödeyemezsin. (Güneş, 1999: 410), – деп Қазақ халқы да, Түрік халқы да қасиетті Меккеге жаяу апарсаң да, ананың қарызынан құтылу мүмкін емес екенін айтады. Әлбетте, шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, есейіп ер жетіп кеткен баласы үшін әр ана жүрегін шүберекке түйіп, соңғы демі қалғанша, баласының тілеуін тілеп өтеді. Ананың балаға деген махаббатының өлшеуі жоқ. Ал келесі мақалда:

Қазақ тілінде: Анасын көріп қызын ал,

Ыдысын көріп асын іш.

Түрік тілінде: Anasına bak kızını al,

Keparına bak bezini al (Güneş, 1999: 409), – деп өмірлік жар таңдағанда да, қызын көрмесе де, білмесе де анасының қандай екеніне мән берген. Анасының мінезінің, тәрбиесінің ел арасындағы маңызы зор болған. Бұл жерден де аңғаратынымыз ананың қоғам өмірінде де үлкен рөл атқаратындығы. Яғни, жоғарыда аталған үш мақал-мәтелдің мағынасы ғана емес, дыбысталуы да ортақ боп келеді. Сондай-ақ, келесі бір мақал-мәтелден ананың орнын өмірде еш адамның алмастыра алмайтынын, анасыз адамдардың жауһарға қол жеткізсе де жүрегінің бір бөлігі бос тұратынына көз жеткіземіз:

Қазақ тілінде: Әкесіз жетім жарты жетім,

Шешесіз жетім анық жетім.

Түрік тілінде: Anasız çocuk evde çürür,

Babasız çocuk çarşıda (Сарыбаев, 2023: 428) / (Анасыз бала үйде шіриді, Әкесіз бала базарда)

Қазақ тілінде: Анадан артық дос бар ма?

Ашудан жаман қас бар ма?

Түрік тілінде: Ana gibi yar olmaz,

Bağdat gibi diyar olmaz. (Güneş, 1999: 124) (Ана сияқты ғашық болмас, Бағдат сияқты ел болмас).

Бұл мақалдан аңғаратанымыз ана сияқты баласы үшін ешкім қуана да, қайғыра да алмайды. Мақал-мәтелдегі сөздердің орны ауысқанымен, мағынасы толықтай сақталады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Отбасында орны бөлек адам – әке. Әке – асқар тау, отбасының тіреуі, қамқоршысы, асыраушысы. Отағасының тәрбиесі, махаббаты, мейірімі ерекше болады. Баланың әкеге деген құрметі де ерекше. Екі елдің де отбасылық психологиясына үңілер болсақ, ер адам сөздің иесі, барлық мәселенің түйінін шешуші, қабағына қарап отбасы мүшелері ойын аңғарып, әр нәрсені орнымен жасап отырған. Төмендегі мақал-мәтелдер арқылы халық әкенінің қоғам алдындағы дәрежесін, сый-құрметін, қадірін аңғартады:

Қазақ тілінде: Әкесін сыйламаған кісіні баласы сыйламайды.

Түрік тілінде: 1. *Babasına hayrı olmaуanın kimseye hayrı olmaz* (Әкесіне қайыр қылмаған, ешкімге қайыр жасамайды)

2. *Atasına düşman olan, evladına dost olmaz.*

(Атасына жау болған, адам баласына дос болмайды) немесе

Қазақ тілінде: Әкенің қадірін балалы болғанда білерсің

Түрік тілінде: *Baba olmaуan, babasının kıymetini bilmez* (Әке болмай, әкенің қиындығын білмес), – деп әкенің бала үшін еңбегінің есепсіз екенін айтып, жеткізгісі келеді. Енді бірде:

Қазақ тілінде: Әкенің байлығы балаға азық болмас.

Түрік тілінде: *Baba malı tez tükenir* (Әкенің малы тез таусылар), – деп баланы еңбекке баулып, жалқаулықтан аулақ болуға шақырады. Әкесі ұл баланы жанында ертіп жүріп, болашақта оның да бір отбасының асыраушысы болатынын, мойнына үлкен жауапкершіліктің артылатынына тәрбиелейді, кәсіпке үйретеді.

Ер адам мен әйел адамның сөз байласып, шаңырақ көтергенде, алдымен армандап, Алладан тілейтіні – бала. Нәресте дүниеге келген күннен ата-анасына қуаныш сыйлап, отбасыларының берік, махаббатқа толы, көз нұры, көңіл қуанышына айналады. Қазақ халқы да, Түрік халқы да бала тәрбиесіне, күтіміне ерекше назар аударады. Сондықтан халық даналығы:

Қазақ тілінде: Балалы үй базар, баласыз үй мазар.

Түрік тілінде: *Çocuklu ev pazar, çocuksuz ev mezar*, – деп шаңырақ көтерген отбасында баланың орнын ерекше бағалап, асыға күтеді. Бала болмаған үйде қуаныш та, күлкі де жоқ, мазармен теңестіреді. Бұл мақал-мәтелдің мағынасы да дыбысталуы да бірдей боп келеді. Сондай-ақ, баланың пәктігі, шыншылдығы, періштедей тазалығы жайында халық былай дейді:

Қазақ тілінде: Балалы үйдің ұрлығы жатпас

Түрік тілінде: *Bir çocuktan bir deliden al haberi*, –

Түрік халқында да, «бір нәрсені білгің келсе, баладан не ақымақтан сұра» (тікелей аудармасы) деп, олардың пәктігін мақал-мәтелдеріне қосады.

Сонымен қатар:

Қазақ тілінде: Баланы жастан

Түрік тілінде: *Ağaç yaş iken eğilir* (Жас ағаш тез иіледі), – деп бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, кішкентай кезден дұрыс тәрбиелеу керектігін айтады. Түрік мақал-мәтелдерінде де жас шыбық иілгіш болатындай, бала да тәрбиеге тез бағынатынын астарлап жеткізеді. Сол сияқты келесі бір мақал-мәтелде:

Қазақ тілінде: Бала, баланың ісі шала

Түрік тілінде: *Çocuğa iş ver, ardına sen düş.* (Балаға іс тапсырсаң, артына түс), – деп бала балағын жасайтынын ескертеді. Әр балаға қатысты мақалдың мағынасына үңілсек, екі елде де балаға деген сүйіспеншілік, еркелету жатқандығы сезіледі.

Сонымен қатар отбасы жайлы сөз болғанда, ерекше суырылып шығатын тақырып – әйелдерге қатысты. Себебі, әйел адамның қоғамда, отбасында атқаратын рөлі ұшан-

теңіз. Әйел – алдымен ана, ақжаулықты әже, екі елді байланыстырып, бірлікті сақтаушы, туыстық орнататын, ер адамның бақыт мекеніне айналған нәзік жаратылыс иесі. Ежелден әйел адамдарды мойнына артылған қаншама міндетке, ыстықты да, суықты да қабылдап, жат жұртқа барып сіңісіп, барлық нәрсенің бабын таба білгеніне қарап, халқымыз

Қазақ тілінде: Әйел қырық шырақты, – десе, қандас бауырларымыз:

Түрік тілінде: Kadının kırk tımtı var, biri sönse biri yapar, – әйел заты қырық шырақты, бірі сөнсе, бірі жанады деп нәзік жандыларға ерекше құрмет танытады. Сондай-ақ, екі елде де әйелдерді ерекше бағалайтын, мағыналас мынадай мақал-мәтел бар:

Қазақ тілінде: Әйелі жоқ үй жетім.

Түрік тілінде: Kadınsız ev olmaz (Әйелсіз үй болмас), – деп әйелдерді ерекше бағалаған. Пайғамбарымыздың өзі ерекше бағалап, қаншама хадисінде сөз еткен ерекше қоғам иесі – қыз бала. Қыз дүниеге келген күннен бастап, «шаңырақтың қырық шырағы жағылды» деп елде ерекше қуаныш болған. Отбасында ұл баланы қаттырақ тәрбиелесе, қыз баланы қонақ деп ерекше құрметтеген. Олардың тәрбиесіне ерекше жауапкершілікпен қоғам болып ат салысқан. Себебі, болашақтың барлық тармағы осы нәзік жанды арулармен байланыстырылған. Сол себепті, бала тәрбиесіне ерекше мән беретін екі халықта да:

Қазақ тілінде: Қызға қырық үйден тыю

Түрік тілінде: Kadını erkek değil, ar ve namus korur.

(Әйелді еркек емес, ар мен намыс қорғайды), – деп қыз баланың жүріс-тұрысына, тәрбиесіне, сөзіне, киіміне ерекше мән берген. Енді бірде:

Қазақ тілінде: Қызым саған айтам, келінім сен тыңда

Түрік тілінде: Kızım sana söylüyorum, gelinim sen anla

(Қызым саған айтамын, келінім сен түсін) – деп, қызына айта отырып, барша нәзік жандыларға құлақ қағыс жасап, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен, бір қауымды тәрбиелеген. Жаңа түскен келінге үйреткісі келгенін, астарлап жеткізген, жанын жаралап алудан сақтанған. Келінді «қызым» деп бауырына басқан. Сөйтіп жаңа ошақтың шамын жағып, жақсы ана, инабатты келін, сыйлы жеңге, болашақта сабырлы, салиқалы әулиетті тәрбиелейтін отана болуы үшін, аналар аянбай еңбек еткен. Осылайша ұрпақ жалғастығы, ел тұтастығын сақтайтын жастарды тәрбиелеу дәстүрін қалыптастырған.

Қазақ тілінде: Қыз бала жат жұрттық

Түрік тілінде: Kız çocıǵı, el çocıǵı. (Қыз бала, қолбала), – деп қыз баланы үнемі төрге отырғызып, ерекше еркелеткен. Барлық наз қылықтарын қабылдап, жастайынан жат жұрттық екендігін есіне салып, үй шаруасына икемдеп, басқа ошақтың түтінін түзу түзететіндей етіп тәрбиелеген.

Қорытынды

Қазақ-түрік мақал-мәтелдері күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ортақ тіл қазынасы. Түрік және қазақ мақал-мәтелдерінен олардың тақырыптары мен мазмұндарының ортақтығын сақтап қалғанын аңғарамыз. Мақаламда талданған мақал-мәтелдерден кейбірінің дәл баламалары болғанын байқасақ, енді бірінің сөздерің орны ауысқанмен мағынасын сақтап қалғаны аңғарылады. Түрік халқында да, қазақ халқында да әр шағын мемлекет мүшесіне жеке мән беріп, тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Ұсақ дүниеден көлемді мәселелерге ден қойып, мемлекеттің мызғамастығын сақтау үшін үлкен жұмыстар атқарған. Халық арасында тоқсан ауыз сөзді, бір ғана сөзбен шешетін «ауызша энциклопедияларын» қалыптастырған. Сөйтіп мақал-мәтелдер бүкіл халықтың өмірін суреттей білген, қастерлі ескерткішіне, сарқылмас даналығына айналған. Мақаламда екі елдегі отбасына қатысты мақалдарды зерттей келе, олардың қоғам өміріндегі қызметін айқын аңғаруға болады. Мақал-мәтелдерден қазақтар мен түріктерде отбасы және неке

ұғымы аса қастерлі екенін түсінеміз. Мәдени мұрасының көптеген ұқсас тұстары, ойлау дәстүрі, дүниетанымы туыстас түбі бір екендігінің айғағы. Мақаламда тек отбасының құндылығы ғана емес, екі елдің мәдениетін біріктіре білу көзделді. Бұдан өзге де мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Өлі де тереңдетіп зерттеу жұмысын жүргізіп, осы бір құнды дүниелерге зер салсақ, бұл ортақ мәдени құндылықтардың ашылуына үлкен үлес қосады деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

Güneş, S. (1999). Türk ve Rus Atasözleri Arasındaki Benzerlikler.

Сарыбаев, Ш. (2023). Мұрағаттағы мақал-мәтелдер. Қазақ университеті.

References

Güneş, S. (1999). Türk ve Rus Atasözleri Arasındaki Benzerlikler [Similarities Between Turkish and Russian Proverbs] (In Turkish)

Сарыбаев, Ш. (2023). Мұрағаттағы мақал-мәтелдер [Proverbs in the archive]. Қазақ университеті. (In Kazakh)

J.S. Aymahan

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

(E-mail: jyldizai.ai@gmail.com)

Thematic Use of Proverbs in Turkish

Abstract. Proverbs of each nation are a treasure trove of wisdom, reflecting its way of life, worldview, and education system. Proverbs are passed down from generation to generation and become the cultural heritage of the people. The proverbs of the Kazakh and Turkish peoples have many common meanings and themes. These articles discuss important social issues such as family, mother and father, raising children, the role of women and men. By analyzing the similarities and differences of proverbs in the Kazakh and Turkish languages, one can get an idea of the cultural closeness and historical ties between the two nations. Particularly common opinions are reflected in proverbs about family values and the place of each person in the family. Children are taught educational propaganda, hard work and kindness so that they can follow the right path in life. This study shows that there is a deep cultural connection and spiritual continuity between Kazakh and Turkish proverbs. Proverbs preserve the spiritual wealth of the people and pass it on to generations, it is an integral part of the cultural heritage of both countries.

Keywords: proverbs, family values, Kazakh-Turkish culture, mother and father, raising a child.

Ж.С. Аймахан

Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

(E-mail: jyldizai.ai@gmail.com)

Тематическое использование пословиц в турецком языке

Аннотация. Пословицы каждого народа – это сокровищница мудрости, отражающая его быт, мировоззрение, систему образования. Пословицы передаются из поколения

в поколение и становятся культурным достоянием народа. В пословицах казахского и турецкого народов много общих значений и тем. В этих статьях рассматриваются важные социальные вопросы, такие как семья, мать и отец, воспитание детей, роль женщин и мужчин. Анализируя сходства и различия пословиц в казахском и турецком языках, можно получить представление о культурной близости и исторических связях двух народов. Особенно распространенные мнения отражены в пословицах о семейных ценностях и месте каждого человека в семье. Детей обучают образовательной пропаганде, учат трудолюбию и доброте, чтобы они могли идти по правильному пути в жизни. Данное исследование показывает, что между казахскими и турецкими пословицами существует глубокая культурная связь и духовная преемственность. Пословицы сохраняют духовное богатство народа и передают его поколениям, это неотъемлемая часть культурного наследия обеих стран.

Ключевые слова: пословицы, семейные ценности, казахско-турецкая культура, мать и отец, воспитание ребенка

Автор туралы мәлімет:

Аймахан Ж.С. – магистрант, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Information about authors:

Aymahan J.S. – Master's student, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Аймахан Ж.С. – магистрант, Кокшетауский университета им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан.

Қазақ тіл білімі / Kazakh Linguistics / Казахское языкознание

FTAP 16.41.25

Ғылыми мақала

А.О. Тымбол

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: tymbolova@mail.ru)

Тарихи фразеологизмдердің лингвомәдени уәжі

Аңдатпа. Тіліміздегі бейнелі сөз оралымдары, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер халқымыздың рухани байлығы ғана емес, сонымен бірге мәдениетіміз бен әдебиетіміздің бай тарихы, ізгі дәстүрі, асыл қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа қалар мирасы. Қазақ ұлтының баға жетпес рухани құндылықтарының бірі – ұлттық тілі болса, сол тілдегі «сөз маржандары», «ерекше қабаты», «бейнелі формулалар» болып табылатын фразеологизмдерде халықтың салт-санасы, әлеуметтік жағдайы, мәдени деңгейі, бір сөзбен айтқанда бүкіл болмысы тұнып жатады. Демек, әр кезеңнің үзігін танытатын мақал-мәтелдер, фразеологизмдер мен қанатты сөздердің өн бойында ақпараттық, тілдік деректер жатады. Халық санасында қатталып, сақталып қалған мұндай тілдік деректерді зерттеу арқылы біз өз тарихымыздың тереңіне бойлап, түркілік діңгектен нәр алған қазақы ұлттық жад пен сананы жаңғыртуға қол жеткіземіз. Сондықтан менталдық тарихи-мәдени тұтастықты көрсететін лингвомәдени тілдік бірліктерді талдау танымдық білім қорын толықтыруға сеп болары сөзсіз. Мақалада астарында тарихи, мәдени, тілдік код сақталған тарихи фразеологизмдердің лингвомәдени уәжі бағамдалады. Мысалы, «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би», «Тарықсаң – Таласқа бар», «Қап тауы. Қойқантың тауы», «Ақтабан-шұбырынды, Алқакөл сұлама» сияқты фразеологизмдерге тарихи деректерді саралай отырып редукция тәсілі арқылы талдау жасалады.

Түйін сөздер: тарихи фразеологизмдер, ақпараттық, тілдік деректер, ұлттық жад пен сана, мәдени код, лингвомәдени уәж

DOI: <https://doi.org/10.71078/s79vgm70>

Түсті: 14.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.03.2025.

Кіріспе

Қазақта «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін қанатты сөз бар. Түркі халықтарында жиі ұшырасатын есімнің бірі – *Майқы би*. *Майқы би* – ел билеген көсем, басынан сөз асырмаған шешен. Аңыз бойынша Орманбет би қайтыс болған соң қазақтарды үш жүзге бөлген осы *Майқы* екен. «*Майқы айтты*» деген сөздің көпшілігі халық даналығына айналып кеткен.

Оңтүстік-Шығыс Башқұртстанда ер адам туралы оның тектілігін мақтан еткенде: *Төп атаһы – Майқы бей ‘әкесі – Майқы би* деп сөйлейді. Қарақалпақ тілінде мақал-мәтелдер сияқты даналықтан туған, өсиет мәнінде айтылатын әсерлі ой түйінділерінде, ел арасында таралған, көбінесе өмірде болған, елге ерекше еңбегі сіңген, даңқы жер жарған тұлғалар ретінде *Майқы бидің* есімі кездеседі. Айталық, «*Қазақ, қарақалпақ түбі бір, Түп атасы Майқы бий, Түбен Өзбек түбі бір, Түп атасы Майқы бий*» фразеологизмдерінде *Майқы би* образы бүкіл түркі жұртын біріктіруші тұлға ретінде танылады. Осыған орай шешендік дәстүрдің негізі әріден, ежелден басталады деген ұғымды білдіретін мақалдағы *Майқы кім?* деген сауалға жауап іздеген зерттеушілер аз емес. Көптеген зерттеушілер тарихта екі *Майқы* болған деп көрсетеді. Алайда пікірлер әртүрлі. Біріншісі – Айса пайғамбардан

жүз елу жыл бұрын өмір сүрген, сөз бастаса шешен, қол бастаса көсем, болжап жіберсе айтқаны келген әулие Майқы Мәнұлы (б.з.б. 178-89). Бұл Майқы үйсін мемлекетін билеушілердің бірі болған, би атанған тұңғыш адам. Екіншісі – Шыңғысхан заманында өмір сүрген, ханның он екі биінің бірі, ақылшысы, оң қолы болған, қазақтың үш жүзіне де төбе би атанған 1105-1225 жылдар шамасында ғұмыр кешкен *Майқы би Төбейұлы*. Тарихи деректерге қарағанда, ол бір ғана емес бүкіл түркі тұқымдас халықтардың бас биі болғанға ұқсайды. Сондықтан да оны түрік тұқымдас елдер әсіресе татар, башқұрт, қарақалпақ, өзбек халықтары бас биіміз деп санаған. Сондықтан Майқы – түркі халықтарында қадірлі есімдердің біріне жатады.

Зерттеу әдістемесі

Тіліміздегі «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін нақылға айналып кеткен тұрақты оралым бүгінде екінші Майқы биге телініп айтылады. Тарихи деректерге лингвоэтнологиялық тұрғыдан талдау жүргізу арқылы адресант қолтаңбасын нақты ажыратуға болады. Осы орайда тарихи деректерді саралай отырып, прецедентті есімге (Майқы би) редукция тәсілі арқылы талдау жасадық.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Абай «Маңғұлдан Шыңғыс хан шыққанда қазақтардан құтты болсынға он екі кісі барыпты. «Сол он екі кісінің бірі қазақтан Майқы би деген кісі екен. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген мақал болған. Майқы сол кісі екен» деп екінші Майқыны атайды. Белгілі тарихшы ғалым Т. Омарбеков те «Майқы би» атты зерттеу мақаласында шежірелік және жазба деректерді салыстыра отырып, түркі қоғамында осы екі Майқы болған деп көрсетеді. Бұл деректерді парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің «Жамиғат ат-тауарих», моңғол жылнамасы «Алтын тобчида», башқұрт тарихшылары Р.Г. Кузеевтың, Я.А. Башировтың, Ш.Ш. Уәлихановтың жазбалары растай түседі деп дәйектейді (Омарбеков, 2021).

Қазыбек бек Тауасарұлының кітабында түп Майқы мен Бабыралы туралы айтылады (Тауасарұлы, 1993).

Тарихшы ғалым Т. Қаратаев «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген қанатты сөз Мәнұлы Майқыға арналса керек. «Майқы би қазақтан да бұрын жасаған. ...Алаш, Алаштан – Қазақ пен Созақ» деп шежірені келтіреді. Ғалым екінші Майқыны (Майып) Айтұлы деп көрсетеді. Кейін атағы шырқап тұрғанда, қазақтар майып деп кемсітіп атауды қолайсыз көріп, он сегізінші бабасы Майқы бидің атымен атап кетіпті» (Қаратаев, 1998), – деп көрсетеді.

Мифолог ғалым С. Қондыбай Шыңғысхан тұсындағы Майқыны атайды: «*Майқы. Байқы. Байгу*. У казахов первый жрец или царь (бек-бий), в генезисе – первый человек на Земле. Согласно квазиисторическому преданию, Майқы бий – историческое лицо, жившее во времена Чингизхана, он – один из биев-жрец Чингизхана. Говорят, что он раздавал казахским жузам и отдельным родам знаки (тамга) и девизы (ұран); это отгласок мифического представления об устройтеле социума, цивилизации» (Қондыбай, 2008). Бұдан ғалымның «Ілкі Төрдің құзырындағы» сөздің бастауын осы екінші Майқыға телітінін байқаймыз.

Профессор Б. Тілеубердиев те қазақ ономастикасындағы антропонимиялық бейнелерді талдау барысында С. Қондыбай деректерін келтіре отырып, мынадай тұжырым жасайды: «Майқы би» мифоантропонимиялық концептісінің басты идеясы, лингвотанымдық мазмұны елдің, қазақ атаулы халықтың ең алғашқы адамы, түп қазығы, ұлы бабасы деген түсінікке тіреліп тұр. «Майқы би» туралы аңыздық деректердің саны аз, мысалдарын мифтік «Ұлы Баба» деңгейінде түсіндіруге болады», – дейді (Тілеубердиев).

Ал Б. Қыдырбекұлының «Түгел сөздің түбі бір» (1993) еңбегінде тарихта үш Майқы

болған. Нағыз Майқыдан басқа Майып, Ұран (үшеу) болғандығы көрсетіледі: «XII ғасырда жасаған Майқы (Майып) мансап иесі, бірақ сөз иесі емес. Оған бұрын өткен аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермеген, қаусырма жақ, қызыл тілге келгенде алдына жан салмаған он сегізінші бабасы түп Майқының аты берілген» (77 б.).

Тарихта үш Майқы болғандығын жазушы Б. Нұржекеұлы да мынадай деректермен растайды: «Біз білетін үш Майқы бар. Біріншісі – 1 ғасырға дейін туған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би; екіншісі – Бабыралы деген ақсақ кісі. Оны жұрт Майып деп атап, кейін пысықтығына бола Майқы атап кетеді. Үшінші Майқы Шыңғысханның заманында 12 ғасырда өмір кешеді. Шын аты Ұран болған, әділдігі мен шешендігіне бола Майқы атанған. Көп шежірешінің ежелгі Майқымен шатастырып жүргені – осы Майқы. XII ғасырда өмір сүрген адам, меніңше, қазақ сөзінің «түп атасы» бола алмаса керек. Өйткені ол кезде Махмұт Қашқари мен Жүсіп Баласағұн кітаптары жазылып қойған. Қазақ сөзінің түбі осы XII ғасырда ғана қаланса, онда «түгел сөздің түбі» Махмұт Қашқари мен Жүсіп Баласағұн болуы керек-ті. Демек, «түгел сөздің түп атасы» майқыдай болған Бабыралы да, Ұран да болмайды, Майқының өзі болады» дейтін уәжді пікір айтады (Нұржекеұлы, 2005). Біз де осы деректерге сүйене отырып, Айс пайғамбардан бұрын өмір сүрген, үйсін елінде билік құрған, тарихи қайраткер тұлға бірінші Майқыны түгел сөздің түп атасы деп танимыз.

Майқыға қатысты деректерде оны «Қарқуардай Майқы» деп, таңның атысы күннің батысы талмай шырылдайтын құсқа теңеген. Теңеуге арқау болған қарқуар қандай құс десеніз, сайрауық құстардың бір түрі (зат. зоол.). Ертеден сайрағаннан талмай түннің біршамасында сайрауын қояды екен. Содан аз ғана демалып, таң құланиектене қайта сайрайды екен. Бүгінде қызыл кітапқа енген, сирек кездесетін әдемі құс Қарқуар сайрағанда басқа құстар сап тынады екен. Сайрағыш құстардың ішіндегі ең даусы жағымды, талмай шырылдайтындығы жағынан Майқының тоқтамай төгіліп сөйлеуіне теңеу болған. Ал ақындар өлеңіндегі «Көкте ойнап қарқуар құс жүр ақырып!» (С.Нұржан) дегенге назар аударсақ, бидің бетің бар, жүзің бар демейтін турашылдығы, өжеттігі бейнеленіп тұр деуге болады.

Майқы би дискурсындағы сөз этикетіне келетін болсақ, бүгінде афоризмге, мақал-мәтелге айналып кеткен аталы сөздері, бата беру салты дәстүрлі түрде орын алады. Бұл орайда, адамның ойына, көңіл-күйіне, сезіміне, мінез-құлқына, іс-әрекетіне суггестиялық амалдар зор ықпалын тигізеді. Би айтты деген «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Ханның биі ақылды болса, Қара жерден кеме жүргізеді. Би екеу болса, дау төртеу болады. Дауыл болмай жауын болмас, Даулы болған қауым болмас» дейтін адамды сендіру, иландыру, шабыттандыру, т.б. аталы ой, баталы пікірдің барлығы сөз арқылы іске асады. Сонымен, қарап отырсақ, би болған, ел басқарған үш Майқы да өз заманында сөз тізгінін ұстаған аузы дуалы, сөзі уәлі тұлғалар болған.

Нәтижелер мен талқылаулар

Халық тарихымен тығыз байланысты жер-су атауларына қатысты қызық деректер қазақ лингвомәдени бірліктерінде жақсы сақталған. Мысалы, «Тарықсаң – Таласқа бар» фразеологизмі. Бұл тарихи тұрақты тіркес жер атауы Талас өзені бойында V ғасырға дейін салынған бүгінгі Тараз қаласының бұрынғы аты. Махмұд Қашқари сөздігінде: Талас екеу болған. Ол «Талас – Тираз деген атпен мәшһүр болған екі шаһар. Біріншісі Улуғ талас – Үлкен талас, мұсылмандардың шекарасына орналасқан. Екіншісі Кәми Талас – Кіші талас деп аталады», -деп көрсетілген (Қашқари, 1993).

М.Х. Дулати әйгілі «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде «Йанки» не «Йанги» сөзін Таразбен балама түрде қолданады: «...Осы кітапта айтылатын бір қаланың аты – Тараз. Онда моғолдар таразды Ианки деп атайды. Бұл мәліметке ғалым И. Жеменейдің аудармасымен жарық көрген М.Х. Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» еңбегінің үшінші басылымындағы

«Сұлтан Әбусаид мырза Мауараннахрда патша болатын. Ол ханды қуып, тарихи кітаптарда Тараз деп жазылған «Ианкіде» оған жетіп, соғыс басталып кетті» дейтін жолдарды жоғарыдағы деректі нақтылай түсу үшін келтіруге болады («Ақ жол» газеті. №123/124. 6 қазан, 2015).

«Тарықсаң – Таласқа бар» дейтін көне ұғым қазақтармен көрші қырғыздардың тілінде де сақталған. Талас жерін «Манас батырдың бектері мен шоралары жиналып іштеріндегі өкпе-реніштерін, жүрек сырларын ашып, түсінісетін жері болған», - дейді Ә. Қайдар (Қайдар, 2003).

Жамбыл облысы Тараз өңіріндегі Талас өзенінің арғы жағы қырғыздардікі. Қырғыз тілінде Талаш (Талас) – топоним. Жер, аймақ атауы. Жоғарыдағы ғалым айтқан «жүректегі шерін тарқататын, түсінісетін» жер дегендегі дерек «Манас» жырында кездеседі. «*Киынсып келген кырғызға, кылсам кыйла жанжал бар, Сыртында Талас жерим бар, Жырғалдуу шөкүн әлим бар*» (Манас, 2015).

Тараз өңірін зерттеуші ғалым З. Құламанова «Тастағы Тараз тарихы» атты кітап-альбомында мынадай пікір білдіреді: «Біздің пайымдауымызша, Талас, Талғар топонимдерінің құрамындағы «тал» сөзі өзара мәндес, әрі бір түбірден болуы керек. Ә.Мурзаевтың көрсетуінше, тәжік тілінде «таль» – «тау, жота, жон, шоқы, биік, төбе». Атаудың екінші сыңарындағы «ас» сөзі орал-алтай тілдерінде өте ерте замандарда қолданылса, қазірде кейбір тілдер қорында берік сақталған. Мысалы, ханты тілінде «ас» – «су, үлкен өзен», хакас тілінде «Талакан» («кан» – өзен тава Азас) «ас» – «өзен, су», казас («ас» – «өзен»). Егерде аталған сөздердің лексикалық мән-мағыналарына жүгінсек, «Талас» – «таудан құлай аққан өзен», «тау өзені» деген мағынаға ие сияқты» (Әбіласан, 1998). Ал Ә.Әбіласан тарихи-этимологиялық зерттеулерінде бұл атауды былай тарқатады: «Тираз» аты не мағына береді? «Тур» монғол тілінде ғимарат, қалашық, баба түрkte (мәйіт қоюға оңды орын) оңды орын, төбе. «Аз» көне түрkte тайпа, құс аты. Қашқари түсініктемесі бойынша азғантай және сусар тон, киімдік жібек не басқа тоқыма мата, адасу, азғындау мәндерін білдіретін сөз. Егер Тираздың тұзды кен орындарындағы шаһарлар екенін ескерсек, бұл баба түрк мәніндегі «тур» мәйіт қоюға оңды орын және «аз» (мәңгілік шыңы) мата ұғымындағы сөздерден шыққан деуге негіз шығады. Ал «Талас» аты – баба түрктің «тал» – су және көне түрkte «аш» – асу, өту мәніндегі сөздерден шыққан деп білеміз. Демек, «Тираз» да, Талас аты да жергілікті жағдайдың өзіне тән сипаттарына сәйкес келеді», - деп көрсетеді (Әбіласан, 1998).

Өтен Сағындықұлы Тараз атауының туындауына бірнеше себептер бар деп көрсетеді: «Біріншісі, таразы, себебі бұл қалада сауда кеңінен жайылған, яки болмаса осы қалада таразылардың шығарылуы да ықтимал, яки болмаса осы жерде таразылардың дұрыс қолданылуына жергілікті өкімет қатты көңіл бөлсе керек. Ендігі бір болжам – «тараз» - тар-ыздан да пайда болуы мүмкін. Осы атаудың төркіндері «тар – асу немесе «тар – азу» да болуы ғажап емес» деп болжам жасайды (Сағындықұлы, 2009).

Сондай-ақ «Тараз сөзінің мәні – әдеміліктің үлгісі дегенге келеді. «Тараз қыз» – тал бойлы талдырмаш қыз» (І.Кеңесбаев. ҚТФС, 494 б.) деп берілген.

«Тараз – арабша үлгі, жүйе немесе стандарт деген мағынада. Стандарт сөзінің қазақша баламасы – «тараз» болуы керек», - дейді Ғ.Ақпанбек («Зерде» журналы. №10. 2004. 18-б).

Қырғыз тіліндегі Бішкек (бесінші көк), Шолпан қалаларының атаулары астрономиялық мәнге ие екендігін байқаймыз. Тараз атауын да аспан әлемімен (таразы жұлдызымен) байланыстыратын деректер бар. «Жұлдыз аттас жалғыз шаһар жердегі» (М.Ыбырайым. «Көне тараз» өлеңі) деп ақындар да қаланың атауын таразы жұлдызымен байланыстырады. Осы орайда біз де бір жорамал ұсынғымыз келеді. Алдымен Таразы шоқжұлдызы туралы айтып өтсек. Алғашында Таразы шоқ жұлдызы Сарышаян шоқжұлдыздары қатарында болған. Б.з.д. I ғасырда Август императордың құрметіне

шоқ жұлдыз ашу ұсынылады. Қазіргі Таразы шоқжұлдызы сол кезеңдерде Сарышаян шоқжұлдыздарына бөлініп жеке атау алады. Таразы салмақ өлшеуіш құрал екені белгілі. Шоқжұлдыз атауы да осы таразы бейнесіне ұқсағандықтан қойылған. Енді қызығы осы шоқжұлдыз атауы пайда болған кезеңдерде, яғни осыдан 2000 жыл бұрын Тараз қаласы да бой көтерген. Ұлы жібек жолындағы сауданың негізгі қаласына айналған. Сауда сөзімен таразы сөзінің қатар жүретіні анық. Түрлі саудагерлердің тауары мен тағдыры таразыға түсіп жататын қаланың атауы Таразы деп аталып кетуі де әбден мүмкін деген жорамалымыз да жоқ емес.

Сонымен Тараз сөзі өте көне атау. Шығу тарихы да өте ертеде жатыр. Тараз шаһары VII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолы бойындағы ең ірі сауда орталықтарының бірі болған. X-XII ғасырларда Тараз түркі дүниесінің аса ірі саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғанын бүгінде зерттеушілер дәлелдеп жүр. «Таяқ тастасаң тал болып көктейтін» деген Асанқайғы айтқан мекен осы. 2000 жылдық тарихы бар қала атауының шығу тарихын жоғарыдағы деректердің барлығы Талас өзенімен байланыстырады. Тараз қаласы атын тоғыз рет өзгерткені тарихтан белгілі. Бірақ қазіргі күні осы атаумен қалды. 2000 жылдық дәуірді бастан кешкен қаланың тарихына қатысты айтылатын «Тараз – тарихымыздың темірқазығы», «Тараз – рухани байлығымыздың алтын діңгегі», «Тараз – шын мәнінде де біздің тарихымыздың таразысы, ғажайып айнасы, бұлтартпас айғағы» дейтін афоризмдер көне шаһардың бейнесін таныта түседі деуге болады.

Қап тауы. Қойқаптың тауы. Көне. 1. Алыстық, тылсым күш өлшемі, биіктік өлшем-межесі болған мекенжай. «Қап» – араб сөзі, ұшы-қиыры жоқ, бүкіл әлемді орап алатын тау деген ұғымды білдіреді. Хасен ел-жұртын, мал-мүлкін тастап, қаңғырып ғашығын іздеген... Неше ай, неше күн михнат шегіп, жол жүріп, Қап тауынан асып, бір бәйтеректің түбіне келіп, тынығып жатқан (С.С.). Кеудесінің кеңдігі Қойқаптың тауы сыйғандай (А.Ә). (ҚТФС, 1977, 320 б) 2. Қап тауындай. Молдық, үлкендік өлшемі (320б) (ҚТФС, 1977).

Парсы тілінде гаф – тау, бүкіл дүниені қоршап жатыр дейтін аңызға айналған зор тау. Араб тілінде хафф – бірдемені қоршау деген сөз (119 б.) (ҚТЭС. I.К. және Ж.Б.). Татар тілінде Каф тавы (Кәф тай арты) өте алыс жер. Барлық зұлым рухтар өмір сүрген мифологиялық Каф тауының атымен аталады (Татарча-русча фразеологик сүзлек, 2001).

Қырғыздың Манас жырында Қап – мифтік өткелсіз биік тау. Қап – өте алыс, белгісіз, қорқынышты жер, тау (Манас, 2015).

Белгілі мифолог ғалым С.Қондыбайдың еңбегінде Қойқап – Көйқап – Қап тауы туралы мынадай дерек бар: «Қап – су арқылы да, құрлық арқылы да жетуге болмайтын мифтік қасиетті таудың атауы. Кітаби, сондай-ақ фольклорлық дәстүрде қазақтар да, басқалар да оны Кавказ тауларымен сәйкестендіруге тырысады, әйткенмен, бұл – бастапқы келтірімді түсінбегендіктен туындаған үйреншікті қателесулердің бірі болып табылады дей отыра, Р.Генонның араби-мұсылмандық дәстүрдегі «Қаф» тауын қасиетті немесе полярлық тау деген пікірін атап көрсетеді. Қап тауын типологиялық деңгейде «Барсакелмес» ұғымымен салыстыруға болады. «Қап» («Қаф») – араб дәстүрінің ұғымы; оның да аржағынан дей-түркілік бастауды табуға болатын шығар. Осы атаудың алдына жалғанған «Қой» («Көй») сөзі байырғы түркілердегі мағынасы жағынан Қап тауының символдық мағынасына қарайлас, оның дей-түркілік аналогы, параллелі болған дербес мифтік ұғым болуы әбден мүмкін дей аламын, мағынасы бірыңғайлас Қой (Көй) ұғымы мен Қап ұғымы кейінгі ортаазиялық және қазақстандық мұсылман түркілердің келтірімінде тұтасып, бір атау болып кеткен. Осындай қисынның жай ғана тұспал деңгейінде қалып отырғанына қарамастан, «қой» («көй») сөзінің дей-түркілік этимологиясы («көң/көнг» праформасы) осы тұспалдың негізсіз еместігін көрсетеді. К.Юдахин «көйтун» сөзін «искусственно образованное по типу көйқап, «страна ночи, север» деп тұспалдайды, мұндағы біз үшін маңыздысы – «көй» немесе «қой» сөзінің неліктен «Қап тауы» атауына жалғануын анықтау болмақ, өйткені осы сөздің жалғануын кездейсоқтық деп қарауға

болмайды. Сөздің бүгінде ұмыт болған астарлы мағынасы болуы мүмкін. Қойқап немесе Көйқап – 1) Ғаламдық тау, 2) Ілкі Төрдің символы. Яғни оның солтүстік полюспен немесе полярлық белдеумен байланыстылығы айқындалады. Қойқап тауы, Ілкі Төрдің бір атауы ретінде, осы дәстүрдің қорышылары (хранители) мекендеген, жатқан, тұрақтаған нүкте-кеңістік ретінде қабылданады. Фольклорда Қойқапты немесе Қап тауын мекендеушілер ретінде дәулер, перілер, т.б. квазитарихи тұлға есімдері аталады» (Қондыбай, 2008).

Қорытынды

«Аңыздарға сәйкес, Қап – әпсаналық тау. Ол жердің айналасын көмкеріп жатыр. Күн кешке Қап тауының артындағы шұңқырға батып, таңертең сол таудың үстінен шығады-мыс. Хаят суы да Қап тауында деген сөз бар. Әдебиетте тұспалмен әлемнің ең алыс жерін Қап тауы дейді. Бұрынғылар Қап тауын жердің шегесі деп білген. Олардың сенімі бойынша, тау жасыл зүміреттен тұрады; аспанның көгілдірлігі осы таудан түсетін зүміреттің жарығы, әйтпесе аспан пілдің сүйегі сияқты ақ түсті-міс. Қап тауын адам баласы мекен етпейді. Қап тауы мен аспанның арасы бір адамның бойындай ғана. Исламдық жағырапиялық кітаптарда Қап тауын Ирандағы Алборз тауы деп атаған. Сопылар Қапты жүректің, самұрықтың, жан мен хақтың мекені санаған (А.Қасым. «Түркістан» газеті. №20 (1294), 2019).

Қап тауы арқау болған фразеологизмге қатысты осындай мифтік-танымдық деректерден адам баласының аяғы баспайтын алыс, тылсым, зор, үлкен деген мәнді көреміз.

«Ақтабан-шұбырынды, Алқакөл сұлама». Ш.Құдайбердіұлы «...1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың бастығы Цеван Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: «Балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қалай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де солай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты *«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болсын»* дейді. Мағынасы «табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн» дегені және сол жолда айтылған қазақтың өлеңі мынау деп *«Қаратаудың басынан көш келеді»* дейтін қазақтың азалы әнін келтіреді (Құдайбердіұлы, 2015).

Сонымен қатар М.Ж. Көпейұлы бұл зобалаң туралы «Жұттан, жаудан, жаяу басын алып қашқан елдің шұбырған шұбырындысы аппақ сүрлеу болып қалады екен де, табандары таздың басындай жалтырап қалады екен. Жатқанда алқа қотан айнала жатады екен. Семіздерін ортасына алып, қорғап, күзетіп жатады екен. Басқа бөтен ру ұрлап, сойып жеп қоя ма? деп. Сондай-ақ «Қазақтың ең алғаш көрген жұты – Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама. Күннің суықтығынан тайыншаның маңдайы қарс айрылған, киіз үйдегі шойын қазандар қақ жарылған» (Көпейұлы, 2008).

Екі ғасырға созылған жоңғар шапқыншылығын сипаттайтын тарих бедерінің ізі *«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама, қайың сауған, Қаратаудың басынан көш келеді»* секілді тұрақты қолданыстар арқылы тілімізде сақталып қалған. Демек, тіліміздегі мұндай тарихи фразеологизмдерді зерттеу – тіл мен мәдениет арасындағы байланысты көрсетіп, олардың халықтың тарихи, мәдени, әлеуметтік жағдайын тілдік деректер арқылы тереңірек түсінуге және ұлттық жадты жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- Әбіласан, Ә. (1998). *Көне сөздер құпиясы (тарихи-этимологиялық зерттеулер)*. Алматы.
 Кайдар, А. (2003). *Тысяча метких и образных выражений*. Астана.
 Қондыбай, С. (2008). *Казахская мифология* (5 т.). Алматы.
 Қондыбай, С. (2008). *Казахская мифология* (8 т.). Алматы.

- Көпейұлы, М. Ж. (2008). *Шығармалар жинағы* (8 т.). Алматы.
 Қаратаев, Т. (1998). Қазақ тарихы. *Қазақ тарихы*, (4-5).
 Қашқари, М. (1993). *Түбі бір түркі тілі*. Алматы.
 Құдайбердіұлы, Ш. (2015, қазан 6). Қазақ қайдан шыққан. *Ақ жол*, (№123/124).
 Құламанова, З. (2017). *Тастағы Тараз тарихы*. Тараз.
 Манас энциклопедиясы. (2015). *Манас энциклопедиясы* (1 т.). Бишкек.
 Нұржекеұлы, Б. (2005, қазан 13). Майқы би. *Жас алаш*, (№122-123).
 Омарбеков, Т. (2021, маусым 10). Майқы би. *Егемен Қазақстан*, (№47).
 Сағындықұлы, Ө. (2009). *Сөз төркіндері туралы*. Алматы.
 Тілеубердиев, Б. (n.d.). [Article title]. Retrieved from <https://atau.kz/kz/article/7>

References

- Abilasan, Ä. (1998). Köne sözder qūpiyasy (tarihi-etimologiyalyq zertteuler) [The Mystery of Ancient Words (Historical and Etymological Studies)]. Almaty. [In Kazakh]
 Kaidar, A. (2003). Tysiacha metkikh i obraznykh vyrazhenii [A Thousand Apt and Figurative Expressions]. Astana. [In Russian]
 Kondybay, S. (2008). Kazakhskaya mifologiya (5 t.) [Kazakh Mythology (Vol. 5)]. Almaty. [In Russian]
 Kondybay, S. (2008). Kazakhskaya mifologiya (8 t.) [Kazakh Mythology (Vol. 8)]. Almaty. [In Russian]
 Köpeiūly, M. Zh. (2008). Shygharmalar zhinaghy (8 t.) [Collected Works (Vol. 8)]. Almaty. [In Kazakh]
 Qarataev, T. (1998). Qazaq tarikhy [Kazakh History]. *Qazaq Tarikhy*, (4-5). [In Kazakh]
 Qashqari, M. (1993). Tübi bir türki tili [The Common Turkic Language]. Almaty. [In Kazakh]
 Qūdaiberdīūly, Sh. (2015, October 6). Qazaq qaidan shyqqan [Where Do Kazakhs Come From?]. *Aq Jol*, (No. 123/124). [In Kazakh]
 Qūlamanova, Z. (2017). Tastağy Taraz tarikhy [The History of Taraz in Stone]. Taraz. [In Kazakh]
 Manas entsiklopediiasy. (2015). *Manas entsiklopediiasy* (1 t.) [Manas Encyclopedia (Vol. 1)]. Bishkek. [In Kyrgyz]
 Nūrjekeūly, B. (2005, October 13). Maıqy bi [Maiky Bi]. *Zhas Alash*, (No. 122-123). [In Kazakh]
 Omarbekov, T. (2021, June 10). Maıqy bi [Maiky Bi]. *Egemen Qazaqstan*, (No. 47). [In Kazakh]
 Sağyndyqūly, Ö. (2009). Söz törkinderi turaly [On the Origins of Words]. Almaty. [In Kazakh]
 Tileuberdiev, B. (n.d.). [Article title]. Retrieved from <https://atau.kz/kz/article/7>. [In Kazakh]

A.O. Tymbol

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
 (E-mail: tymbolova@mail.ru)

Linguocultural Motivation of Historical Phraseologisms

Abstract. The figurative expressions, rhetorical phrases, proverbs, and sayings in our language are not only the spiritual wealth of our people but also the rich history, noble traditions, and precious heritage of our culture and literature, passed down from generation to generation. One of the priceless spiritual values of the Kazakh nation is its national language, and within that language, the «jewels of words,» «special layers,» and «figurative formulas»

found in phraseological units encapsulate the people's customs, social conditions, cultural level, and, in short, their entire essence. Thus, proverbs, phraseological expressions, and famous sayings that reflect the fragments of each era contain informational and linguistic data. By studying such linguistic data, which have been solidified and preserved in the collective consciousness, we can delve into the depths of our history and revive the Kazakh national memory and consciousness, rooted in Turkic origins. Therefore, the analysis of linguistic and cultural units that demonstrate mental historical and cultural unity will undoubtedly contribute to the expansion of our cognitive knowledge. This article explores the linguistic and cultural motivation of historical phraseological units that preserve historical, cultural, and linguistic codes. For example, phraseological expressions such as «All words have a single origin, and the source is Maiky bi,» «If you are in trouble, go to Talas,» «The mountain of Qap, the mountain of Qoykap,» and «Akhtaban-shuburindi, Alqakol sulama» are analyzed through the reduction technique while considering historical references.

Keywords: historical phraseologisms, informational and linguistic data, national memory and identity, cultural code, linguocultural motivation.

А.О. Тымбол

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: tymbolova@mail.ru)*

Лингвокультурные мотивы исторических фразеологизмов

Аннотация. Образные выражения, риторические обороты, пословицы и поговорки нашего языка – это не только духовное богатство народа, но и богатая история нашей культуры и литературы, благие традиции, драгоценное наследие, которое передается из поколения в поколение. Одним из бесценнейших духовных ценностей казахского народа является национальный язык, и в нем такие «жемчужины слов», «особые слои», «образные формулы», как фразеологизмы, отражают народную психику, социальное положение, культурный уровень и, одним словом, все бытие народа. Таким образом, пословицы, поговорки, фразеологизмы и крылатые выражения, сохраняя следы каждого исторического периода, являются носителями информационных и языковых данных. Изучив эти языковые данные, которые закрепились в народной памяти, мы сможем углубиться в историю нашего народа и возродить казахское национальное сознание, которое берёт начало от тюркского корня. Поэтому анализ лингвокультурных языковых единиц, которые отображают ментальное историко-культурное единство, несомненно, способствует расширению познавательного потенциала. В статье рассматриваются лингвокультурные мотивы исторических фразеологизмов, в которых сохранены исторический, культурный и языковой код. Например, такие фразеологизмы, как «Түтел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би», «Тарықсаң – Таласқа бар», «Қап тауы. Қойқаптың тауы», «Ақтабан-шұбырынды, Алқакөл сұлама», анализируются с помощью метода редукции, с использованием исторических данных.

Ключевые слова: исторические фразеологизмы, информационные и языковые факты, национальная память и сознание, культурный код, лингвокультурные мотивы.

Автор туралы мәлімет:

Тымбол А.О. – филология ғылымдарының докторы, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-4757-2618

Information about authors:

Тымбол А.О. – Doctor of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-4757-2618

Сведения об авторах:

Тымбол А.О. – доктор филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-4757-2618

ҒТАР 16.21.35

Ғылыми мақала

Ж. Аманбекқызы

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан
(E-mail: zhandau06@gmail.com)*

Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық мәні

Аңдатпа. Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының бірнеше өлеңіндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық қызметі талданады. Зерттеу тақырыбы халық ауыз әдебиетінің рухани мұрасындағы өнегелі сөздердің авторлық қолданыстағы танымдық, тілдік және мәдени маңыздылығын дәйектеуге бағытталған. Ғылыми зерттеудің мақсаты – Шәкәрім өлеңдеріндегі мақал-мәтелдерді саралап, олардың адам өміріндегі құндылықтарды насихаттау мен ұлттық дүниетанымдық негіздерді нығайтудағы рөлін анықтау. Зерттеу барысында ақын өлеңдерінде қолданылған мақал-мәтелдердің құрылымы мен мәніне талдау жасалып, олардың әлеуметтік және рухани мәнмәтіндегі орны бағаланды. Зерттеудің ғылыми маңызы Шәкәрім поэзиясындағы мақал-мәтелдердің ұлттық сипатын түсіну мен әдеби мұраға тілдік таным тұрғысынан жаңа көзқарас қалыптастыруға негізделеді. Ал практикалық маңызы бұл мақал-мәтелдердің қазіргі білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндігін анықтаумен сипатталады. Зерттеу әдістемесі ретінде мәтіндік талдау, салыстырмалы-тарихи әдіс, кейс-стади, концептуалды-логикалық тәсілдер қолданылды. Жұмыс барысында өлеңдердегі өмір туралы мақал-мәтелдер жүйелі түрде талданып, мағыналық ерекшеліктері мен танымдық мәні анықталды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Шәкәрім өлеңдеріндегі мақал-мәтелдер өмірдің мәнін ұғындыруға, адамгершілікке, білім мен еңбекке шақыруға бағытталған. Бұл тұжырымдар қазақ халқының рухани құндылықтарын түсінуге үлес қосады және оларды бүгінгі заман қажеттіліктеріне сай бейімдеуге мүмкіндік береді. Жұмыстың практикалық мәні – алынған нәтижелерді тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, этнолингвистика саласында пайдалануға болады.

Түйін сөздер: паремиологиялық бірлік, мақал-мәтел, құндылық, әлемнің тілдік моделі, таным.

DOI: <https://doi.org/10.71078/fxa9wr62>

Түсті: 27.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.03.2025.

Кіріспе

Қазақ өркениетінің көрнекті өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шығармаларында қоғамның мәдени және адамгершілік құндылықтарын бейнелейтін мақал-мәтелдерді шеберлікпен қиыстыра білген. Мақал-мәтелдер қазақ халқының ұжымдық даналығы мен адамгершілік ілімін бейнелейтін әдеби мазмұнның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мақал-мәтелдердің мұндай мәні көркем баяндауды байытып қана қоймай, оның поэзиясының ұлттық ерекшелігі мен философиялық негізін күшейтеді. Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдердің рөлін олардың мәдени түсінік мен әлеуметтік нормаларды тасымалдаушы қызметі арқылы түсінуге болады. Г. Мұстағалиева мақал-мәтелдердің мәдени мәнмәтінде қалыптасқан ұлттық-спецификалық дүниетанымды бейнелейтінін атап көрсетеді (Мұстағалиева, 2024:34). Шәкәрім ар-ождан мен

адамгершілік тақырыптарында адамның тіршілігі мен әдебі, мінез-құлқы туралы терең сұрақтарға жауап іздейді. Осы ретте мақал-мәтелдер арқылы философиялық зерттеулерінде халық даналығын молынан қолданып, күрделі идеяларды оқырманына жеңіл де түсінікті түрде жеткізеді: «Екі өмірдің азығы – осы ұждан!» – деген Шәкәрім ұйғарымында, «ұждан тек ар-намыс қана емес, ол әрі қанағат, әрі әділет, әрі мейірім. Осы үшеуі бірігіп қана ұжданды құрайды». Мұндай идеяның мәні адамгершілікті жеткізу құралы ретінде қолданылған мақал-мәтелдермен айқындала түседі дейді зерттеушілер (Нұрланова, 2023:239).

Ондағы адалдықты және арлы өмір сүруді насихаттайтын танымдық мән ақын ойымен астасып, оқырманға ой салатындықтан өмір туралы мақал-мәтелдердің қолданысына тоқталып, мәнін аша түсудің өзектілігі жоғары. Себебі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің мағынасы қарапайым тілдік көріністен асып түседі; олар қазақ халқының тарихи және мәдени сабақтастығын бейнелейді. Мәселен, «Диуани Хикмет» сияқты жинақтағы ілімдер мақал-мәтелдердің де сенім, бауырластық және мейірім сияқты құндылықтарды бойына сіңірген білім беру құралы екендігін көрсетеді (Сүлейменова, 2023:116). Шәкәрімнің шығармалары осы дәстүрмен үндеседі, өйткені ол адамгершілік ілімі мен мәдени мұраны жеткізу үшін мақал-мәтелдерді жиі қолданады, осылайша көркем шығарманың қоғамдық құндылықтарды қалыптастырудағы танымдық рөлін арттырады. Шәкәрім поэзиясындағы мақал-мәтелдер өзінің адамгершілік және тәрбиелік функцияларынан басқа ұлттық бірегейлік пен мәдени танымның сан алуан қырын көрсетеді. Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдерді талдау олардың мәдени мұраны сақтау құралы ретінде қызмет ететін қазақ халқының ұжымдық санасымен терең тамыр жайған байланыстарын анықтайды (Базарбай, 2022:261).

Шәкәрімнің мұндай тілдік бірліктерді шебер қолдануы оның поэтикалық тілін байытып қана қоймай, қазақ халқының өзіндік ерекшелігі мен мәдени мұрасын бүгінге жеткізіп, тарихи тізбектің үзілмей, одан әрі болашаққа жалғасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, Шәкәрім поэзиясындағы мақал-мәтелдердің тақырыптық аясы тіл, мәдениет және таным арасындағы үздіксіз байланысты паш етеді. Түрлі зерттеулерде дәлелденгендей, мақал-мәтелдер тек лингвистикалық артефактілер емес; олар адамның ішкі әлемін түсіндіретін когнитивті шеңберді қамтиды (Саурықова, 2024:104). Шәкәрім шығармаларын мұндай когнитивтік аспектіде қарастыру адамның өмір тәжірибесін зерттеуде ерекше маңызды, мақал-мәтелдер оқырмандарға өмірдің, адамгершіліктің, адамның қатпарлы жан-күйінің сан қатпарын көруге мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шығармаларында мақал-мәтелдерді қолдану арқылы оларға мынадай мән жүктейді: баяндауды байытады, ұлттың тектілігін танытады, адамгершілік сабақтарын береді және тілдің танымдық қабатын дамытады. Оның поэзиясы қазақ қоғамының мәдени және этикалық бейнесін қалыптастырудағы мақал-мәтелдердің танымдық күшінің айғағы бола алады.

Зерттеу мақсаты – Шәкәрім өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдерді саралап, олардың адам өміріндегі құндылықтарды насихаттау мен ұлттық дүниетанымдық негіздерді нығайтудағы қызметін анықтау.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу барысында Шәкәрім өлеңдеріндегі мақал-мәтелдердің мағыналық ерекшелігі, оның ішінде адам өмірі мен тәжірибесіне қатысты мәселелерді бейнелі түрде жеткізу жолдары қарастырылады. Бұл зерттеудің негізгі гипотезасы – Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдердің тек стильдік құрал ретінде емес, сонымен бірге адам өмірі туралы терең философиялық және танымдық ойларды жеткізу құралы ретіндегі қызметін айқындау. Мақал-мәтелде сақталған ұлттық таным мен даналық негіздерін ақын өмір шындығымен шебер үйлестіреді. Демек, Шәкәрім

шығармаларындағы өмір туралы мақал-мәтелдерді зерттеу арқылы олардың бүгінгі қоғам мәселелерімен де үндесетінін, осылайша уақыт пен мәдениет бірлігінің өзектілігін негіздеуге болады.

Зерттеу кезеңдері Шәкәрім поэзиясы мен қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің тілдік қолданысы туралы әдебиеттерге шолудан басталды. Бұл Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдердің тақырыптық және стильдік мазмұнына қатысты ғылыми еңбектерді талдауды қамтиды. Ақын шығармаларындағы өмір туралы мақал-мәтелдерді анықтау және тақырыптық топтарға жіктеу үшін өлеңдеріне мәтіндік талдау жасалады. Зерттеу тақырыбына сай келетін өлеңдер сараланып, онда қолданылған мақал-мәтелдердің өлеңнің жалпы мазмұнына қосқан үлесі назарға алынады. Зерттеуде дереккөздерге сүйене отырып автор қолданысындағы қазақ халық ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдердің танымдық мәні мен қоғамдық құндылықтарды жеткізудегі рөлі бірлікте қарастырылады.

Мақалада Шәкәрім өлеңдеріндегі мақал-мәтелдердің мағынасын айшықтау үшін тілдік талдау әдісі қолданылады. Мұның өзі мәнмәтіндегі мақал-мәтелдердің ұлттық мәдени сипаты мен астарлы мағынасын айқындауға мүмкіндік береді. Шәкәрім поэзиясындағы мақал-мәтелдерді жіктеу үшін адам өміріне, адамгершілігіне, өмірлік тәжірибесіне қатысты қайталанатын тақырыптар мен идеяларды жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік беретін тақырыптық талдау әдісі қолданылды. Сонымен бірге кейс-стади ретінде мақал-мәтелдердің қолданысы мен олардың тақырыптық мағынасын айшықтайтын өлеңдер таңдап алынып, зерттеу нәтижелерін айғақтайтын нақты мысалдар қарастырылды. Қорыта айтқанда, Шәкәрім өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдерді зерттеу тіл, мәдениет және таным бірлігіндегі ұлттық мәнге тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдерде қазақ халқының өмірден түйген тәжірибесі мен танымдық ойларының үйлесімді бейнеленгенін зерттей отырып, ұлттық тәжірибені қалыптастырудағы Шәкәрім Құдайбердіұлының мол мұрасы мен халық даналығының мызғымас бірлігін түсінуге тырысамыз.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Шәкәрім шығармаларындағы философиялық ойларға тоқталған абайтанушы Ғ. Есім «Данышпан Шәкәрім» атты жинағында ақынның қырық өлеңін герменевтикалық тұрғыдан талдау арқылы оның даналық дүниетанымын көрсетуге талпыныс жасайды (Есім, 2008:16).

Ал Б. Әбдіғазіұлы ақын шығармашылығындағы дәстүрлік және көркемдік негіздер туралы «Шәкәрім әлемі» атты монографиясында Шәкәрім еңбектерін тұтастай қарастырады (Әбдіғазіұлы, 2008:123). Б. Әбдіғазіұлы өз еңбегінде Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдерге де біршама тоқталады. «Шәкәрім де халықтың фольклор қазынасының өлмес рухы мен ғажап нәрін мейлінше ұтымды пайдаланды. Ақынның барлық шығармаларында да көркем ойға қанат бітіретін мәйектей мақал-мәтелдер молынан кездеседі. Шәкәрімнің өз қаламынан туған тапқыр тіркестер де көп жағдайда мақал-мәтелдер, афоризмдер іспетті нақыл сөздерге айналып кеткенін байқаймыз» (Әбдіғазіұлы, 2008:43), - дей келіп, ақын қолданысындағы мақал-мәтелдерді құрылымы мен мағынасына қарай топтастырады, мағыналық реңкіне басымдық бере отырып, біршама мысалдар келтіреді. Ал қазақ тіл білімінде Шәкәрім шығармашылығын когнитологиялық бағытта талдап, идеясы мен стилі, сөз қолданысын ғылыми тұрғыдан жаңаша зерделеген ғалым А. Салқынбай болатын. «Шәкәрім шыққан шың» атты монографиясында ақын поэзиясы туралы: «Шәкәрім шығармашылығының кемелдігі – оның концептуалды ойында, болмыстың сырына үңілуінде, өмірдің мәнін талдауында» деп лайықты бағасын береді (Салқынбай, 2020:5). Біз бұл зерттеуімізде ақынның «Кәрілік», «Кешегі Қаражан мен Байғұлағым», «Жаз келер», «Кәрілік туралы», «Дүние мен өмір» атты өлеңдеріндегі паремиялогиялық бірліктерге, мәтінде кездесетін өмір

туралы мақал-мәтелдердің тақырыптық ерекшеліктеріне, семантикасына тоқталамыз.

Нәтижелер мен талқылаулар

Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдер көбіне болмыс табиғаты, өткінші уақыт пен ақиқат өлім туралы болып келеді. Сонымен бірге автор мақал-мәтелдер арқылы өмірді зерттеп, өзін-өзі жетілдіру мақсатын да көздейді. Әсіресе, табандылық пен төзімділікті, білімге құштарлықты насихаттайтын мақал-мәтелдерді жиі қолданады. Автор өзін-өзі тану арқылы әлемді тануға бағытталған философиялық ойларын мақал-мәтелдер арқылы да тиімді жеткізеді:

Айнымайтын ақ жүрек пен
Таза ақылды адамның
Таппасы жоқ бұл өмірде,
Осынымды ұқ, балам (Құдайбердіұлы, 2008:388)!

«Бұл өмірге келген соң жақсылық қыл,

Жаман істі жамандарға ғана қалдыр» (Бабалар сөзі, 2010:87) деп келетін қазақ мақалымен мағыналас бұл оралымдар арқылы өмірлік қиындықтарды шешуде, тура жол табуда ақ адал жүрек пен таза ақылға сүйенуді жөн көреді. Шәкәрім шығармаларында адам өмірі мен адамгершілігінің мәнін, өмір сырын суреттейтін мақал-мәтелдер молынан көрініс тауып, олар ар-ұждан мен адами қатынастың, өзін-өзі танудың құралы ретінде терең философиялық мәселелерді шешуде дәстүрлі даналықтың көрінісі ретінде сипатталады. Шәкәрім өлеңдерінде қолданылған мақал-мәтелдер қазақтың мәдени құндылығының көрінісі ғана емес, өмірлік мәселелерді шешудегі халық тұрмысы мен тәжірибесінен жинақталған танымдық өнегені жеткізу құралы болып табылады.

Өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық мәні – адам тәжірибесінің, мәдениеті мен танымының түрлі сипатын қамтитын көп қырлы тақырып. Мақал-мәтелдерді ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан даналығын, адамгершілік сабақтары мен әлеуметтік құндылығын қамтитын тілдік және мәдени қойма деп тануға болады. Олар жеке адамдардың өмір сабақтары мен ұжымдық тәжірибені айшықтайтын, өмірдің түрлі қиындықтарын еңсеруге бағытталған танымдық шеңберді бейнелейді. Мақал-мәтелдерде сақталған мұндай жиынтық ұғым түрлі дереккөздер негізінде олардың танымдық мәнін зерттеуге мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдердің өміршеңдігі күрделі өмірлік тәжірибені түсіну мен есте сақтауға жеңіл, қысқа да нұсқа тіркестерге айналдыру қабілетінде жатыр.

«Кешегі Қаражан мен Байғұлағым» деген өлеңіндегі «Доссыз өмір – сөнген көмір» (Бабалар сөзі, 2011:118) деген мақал түпнұсқаға өте жақын, бір сөзі ғана (сөнген – шоғы жоқ қара) өзгертіліп қолданғанын байқауға болады:

Доссыз өмір – шоғы жоқ қара көмір,
Өткен күн – елестеген ол бір сағым.

Мұнда ақын қайтып келмес жастық шағы мен жан достарының арасындағы алаңсыз күндерін қинала еске алады. Бұл өлеңнен ақынның жақындарына деген жоқтауы, жүрегін өртеген жан жарасы мен оларға салауат айтқан ізгі тілегі де байқалады.

«Өткен өмір, қалған салауат» (Бабалар сөзі, 2011:282) мақалымен мазмұндас қолданыстарды да ақын өлеңдерінен молынан кездестіруге болады:

Шал-кемпір күншуақтап, көңілі жай боп.
Өткен күн, өмірін айтып, күбірлесіп (Құдайбердіұлы, 2008).

«Жаз келер» атты өлеңінде қарттардың өткен өмірі мен баянды ғұмырын жаймашуақ әңгімелеп, ризашылықпен еске алғанын жырлай отырып, адамның қанша нәсіпке ие болса да, көзі тоймай сонда да бір нәрсе күтетін тоғышарлығын жырлайды.

«Кәрілік туралы» өлеңінде адамға қарттық келгенде «артында таяу бір іс» күтіп,

жастық өмірімен мақтанып, орнынан тұра алмай жатып, былшылдап, шатып, әрнені айтып, басқаға жалынышты болатын аянышты күйін суреттейді. Бұл кезде болашақтан үміт күтпей, тек өткенді еске алып, соны мақтан етумен күнді өткізіп, көңілдегі жарығың сөніп, өлім күткен шарасыз сәтті жырлайды:

Өткен күнді айтып мақтанып.

Жарығың өшіп көңілден,

Кәрілік жаман өлімнен (Құдайбердіұлы, 2008).

«Өкінішті өмір» атты өлеңінде ақын өз басының қайғылы да ашулы, ызалы күйін суреттейді. Мақсатсыз өмір сүріп, ардан безіп, қу дүниенің соңында жүрген жанның өкініші де көп болатынын ескертеді:

Өткен өмір – өкініш, ой жаралы,

Дерті қалың делбемін шірік өкпе (Құдайбердіұлы, 2008).

Ақын шығармаларында өмірге анықтама берген мұндай өлеңдер жиі кездеседі және оны халық мақалдарымен әрлеп отырады. Дүние туралы ақын толғаныстары осы мақал жолымен астасып жатыр. Сонымен бірге «Дүние мен өмір» атты өлеңінде бірнеше мақалды қатар қолданғанын да байқауға болады.

Өлеңнің алғашқы тармағында «Бейнет көрмеген зейнет көрмейді» (Бабалар сөзі, 2011) деген мақалды оқуға болады:

Бейнет көрме, біреуге бейнет берме,

Дүние – алдамшы, өмір – қу деп елірме,

Дауың дұрыс бола ма, ойласаңшы,

«Өмір – қу, дүние – алдамшы» дегеніңмен (Құдайбердіұлы, 2008).

Өмір – мәңгілік ғұмырдың көрінісі. Ол туралы түрлі ғылым саласы түрліше толғайды. Шәкәрім өз ізденістерінде бұл тақырыпқа арнайы тоқталып, «Үш анық» еңбегінде біршама анықтама береді. Тіршілікті адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол дей келіп, жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Ол екі жолды бұл дүние мен мәңгілік әлем (ахира) тізбегі, жанның осы дүниеге келіп-кетуі туралы өмір – тіршілік – өмір тізбегі деп сипаттайды.

Өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық мәні мәдени, лингвистикалық және философиялық негізден құралған бай мұра болуымен сипатталады. Олар ұжымдық даналық пен адамгершілік ілімдерді және адамның ішкі күйін бейнелейтін, оның жан дүниесін түсініп, ықпал етуге мүмкіндік беретін когнитивтік құралдар ретінде қызмет атқарады. Адамдардың өмір тәжірибесі негізінде түрлі қиындықтарды шешуге бағытталған когнитивті шеңбер деуге болады. Осылайша, мақал-мәтелдер адами қарым-қатынас пен мәдени тұлғаланудың, когнитивті дамудың маңызды басымдықтарының бірі болып қала береді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясындағы мақал-мәтелдердің қолданысын зерттеу оның шығармашылығының мәдени-философиялық негіздеріне тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Шәкәрім өз поэзиясында мақал-мәтелдерден шеберлікпен өрнек тоқып, оларды тек стилистикалық құрал ретінде ғана емес, сонымен бірге терең адамгершілік-этикалық алғышарттарды жеткізу құралы ретінде де қолдана білді. Мақал-мәтелдер халық даналығының қысқаша көрінісі ретінде ұжымдық мәдени білімді қамтып, әлеуметтік құндылықтарды бейнелейтіндіктен бұл ақын поэтикасының маңызды бөлігін құрайды.

Шәкәрімнің шығармашылығының тақырыптық құрылымын қалыптастыруда мақал-мәтелдердің қызметін түсіну өте маңызды. Мақал-мәтелдер оқырманына ақын поэзиясындағы философиялық сұрауларды тереңірек түсіндіруге негіз болады.

Мәселен, мақал-мәтелдерді қолдану оқырманның өз тәжірибесімен және оның мәдени тамырларымен үндесіп, оның адамгершілік сапалары мен түрлі сезім күйлерін жеткізе алады. Мұндай байланыс оқырманның мәтінмен өзара әрекеттесуін арттырып, ақынның көркемдік әлемін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеуші А. Салқынбай ақын шығармаларында өмірдің сырын да, мәнін дей іздейтінін, іздеп тапқанын да айтып беретініне тоқталады: «Өмірдің басы – бала, ортасы – адам, қартайып шал болған соң кетті шамаң» дей келе, осы ортаншы өмірдің бір сәтін де бос жібермей, артыңда адам атың қалсын десек, ғылым іздеу керектігін баса көрсеткені – бұл өмірдің мәнін іздеушілерге берген жауаптай» (Салқынбай, 2020).

Сонымен қатар, мақал-мәтелдердің Шәкәрім поэзиясында қолданылуы ауызша даналық пен жазба әдебиетті тоғыстыратын әдеби дәстүрдің үлгісін көрсетеді. Түрлі мақал-мәтелдердің пайда болуына алып келген ауыз әдебиеті ұлттық мәдени танымды қалыптастыруда әңгімелеу мен тәжірибе алмасудың маңыздылығын көрсетеді. Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдердің қолдануын осы мәдени дәстүрмен байланыстыруға болады, осылайша ақын поэзиясының ұлттық мәдени негіздерді қалыптастырудағы маңыздылығы арта түседі. Ауызша дәстүрлермен мұндай байланыс оның поэзиясының эстетикалық қасиеттерін арттырып қана қоймай, қазақ халқының мәдени мұрасын сақтауға және насихаттауға қызмет етеді.

Шәкәрім поэзиясының стилистикалық элементтері, атап айтқанда, бейнелі тілді қолданудағы мақал-мәтелдердің маңыздылығы да көрініс береді. Мақал-мәтелдерде метафоралық тіл жиі қолданылады, оны семиотика мен когнитивті поэтиканы қоса алғанда, әртүрлі тәсілдер арқылы талдауға болады. Шәкәрім поэзиясының тілін зерттей отырып, оның мақал-мәтелдеріне енген семантикалық қабаттарды ашуға болады. Бұл талдау мақал-мәтелдердің лингвистикалық және мәдени негіздер ретінде қалай жұмыс істейтінін көрсетеді, бұл жеке көрініс пен ұжымдық түсінік арасындағы алшақтықты жояды.

Шәкәрім поэзиясындағы мақал-мәтелдер өзінің тақырыптық және стилистикалық рөлінен басқа адамгершілік құндылықтарды насихаттау құралы ретінде де қызмет атқарады. Мақал-мәтелдердің этикалық мәні Шәкәрімнің шығармашылығы аясында айқындала түседі, өйткені олар көбінесе ізгілік, әділеттілік және адамзат тәжірибесін сабақ етеді. Осылайша, ақын өз өлеңдерінде мақал-мәтелдерді қолдана отырып, көркемдік қуатын байытып қана қоймай, оқырманды адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік нормалар туралы диалогқа шақырады. Оның поэзиясының мұндай ағартушылық мәні даналық қазынасының оқырмандар арасында сыни ойлау мен этикалық пайымдауды дамытудағы мәнін арттырады.

Сонымен қатар, Шәкәрім поэзиясындағы мақал-мәтелдердің мәдени маңызы олардың тікелей көркемдік қызметінен асып түседі. Мақал-мәтелдер өздері пайда болған тарихи және әлеуметтік мәнмәтінді бейнелейді және қазақ халқының құндылықтары мен нанымдары туралы түсінік береді. Осылайша, Шәкәрімнің мақал-мәтелдерді қолдануын ұлттық мәдениетті жалғастыру құралы ретінде қарастыруға болады, өйткені ол осы дәстүрлі мәлімдемелер арқылы өз қоғамының алдында тұрған заманауи мәселелер мен қиындықтарды жеткізе білді. Ұлттық дәстүр мен қазіргі заманның өзара әрекеті Шәкәрімнің поэтикалық көзқарасының айрықша белгісі болып табылады, өйткені ол тез өзгертін әлемдегі мәдени бірегейліктің күрделілігіне назар аудартады. Қорытындылай келе, Шәкәрім өлеңдеріндегі мақал-мәтелдерді зерттеу олардың тақырыптық, стилистикалық және адамгершілік құралы ретіндегі көп қырлы қызметін айшықтайды. Мақал-мәтелдер арқылы оның жалпы поэтикалық өрнегін құрайтын күрделі тәсілдерін зерттей отырып, шығармашылығының мәдени және философиялық негіздерін тереңірек түсінуге болады. Шәкәрім поэзиясы оқырманын қазақтың бай мұрасымен танысуға шақырып, мақал-мәтелдердің даналық, мәдени бірегейлік және этикалық ой-пікірлердің

тасымалдаушы ретіндегі тұрақты күшінің айғағы ретінде қызмет етеді.

Қорытынды

Шәкәрімнің философиялық ізденісі, дүниенің сырын танып, жаралыс құпиясын білуге деген ұмтылысы бір сәт те тыншымай оның жырларында сақталып, ұрпағына мәңгілік мұра болып қалды. «Дүние-әлемдегі барлық зат, құбылыс толассыз өзгеріп, дамып, алмасып отырады: осы тұрғыдан алғанда дүниеге келу, өмір сүру адам үшін қандай заңды болса, дүниеден кету де сондай заңды, өмірге келу де, өлу де табиғи құбылыс демекші» (Қайдар, 2004). Міне, осы философияға сай, Шәкәрім де өмір мен өлімді қатар жырлап, адам баласының бұл дүниеге келгендегі миссиясын анықтап, тіршіліктің мәнін ашуға бағытталған ізденісін паш етеді.

Қорыта айтқанда, өмір сырын ашуға бағытталған «Кәрілік», «Кешегі Қаражан мен Байғұлағым», «Жаз келер», «Кәрілік туралы», «Дүние мен өмір» атты өлеңдерінен өмірдің түрлі сипатын табуға болады. Мәселен, «доссыз өмір – шоғы жоқ қара көмір» деген тіркестен доссыз өмірдің сүреңсіз екенін сипаттаса, «өткен күн», «өткен күн, өмірі», «өткен заман» деген тіркестерден өткінші өмір, қайта келмес уақытқа деген сағынышы көрінеді. Сонымен бірге «Жарға құрбан қылуға жан жараса», «туған жан өлмек, тағдырға көнбек», «кәрілік жаман өлімнен» т.б. секілді авторлық қолданыстар да жиі кездеседі. Бұл ретте мақал-мәтелдер белгілі бір қоғамда білім мен танымды жеткізу және мәдени сабақтастықты сақтау құралы ретінде қызмет атқарады. Олар өмірдің маңызды сабақтарын ұсынып, әсіресе алдыңғы буынның өмір тәжірибесін жас ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсынады. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұндай даналықтың мәнін түсіну тарихи тізбекке жалғанып, ұлтыңның әдет-ғұрпы мен рухани құндылықтарын түсіну үшін де аса маңызды. Осылайша, мақал-мәтелдердің танымдық қызметі қарапайым тілдік қызметінен мәдени тұтастық пен ұлттық танымды жеткізуші, әлеуметтік ережелерді реттеуші қызметіне ұласады.

Әдебиеттер тізімі

- Әбдіғазизұлы, Б. (2008). Шәкәрім әлемі. Алматы: Раритет.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық. (2010). 66-том. Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: Фолиант.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық. (2011). Т.68. Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: Фолиант.
- Есім, Ғ. (2008). Данышпан Шәкәрім. Алматы: Атамұра.
- Қайдар, Ә.Т. (2004). Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: Тоғанай Т.
- Құдайбердіұлы, Ш. (2008). Шығармаларының үш томдық жинағы. Қажыма, ойым, қажыма (Т.1: Өлеңдер). Алматы: Халықаралық Абай клубы.
- Нурланова, А.Н., Сейпутанова, А.К., & Жәмсап, А.Т. (2023). Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, 4, 238-247. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.16>
- Салқынбай, А. (2020). Шәкәрім шыққан шың (Стер. бас.). Алматы: Қазақ университеті.
- Саурыкова, К., Шойбекова, Г., & Абрахманова, Ж. (2024). Теоретические и паремиологические основы казахского туристического дискурса. Вестник КазНУ. Серия филологическая, 195(3), 103–113. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph010>
- Сүлейменова, Ж.А., & Қорғанбеков, Б.С. (2023). «Диуани хикмет» жинағы және оның қазақ халқының ауыз әдебиетімен байланысы. Ясауи университетінің хабаршысы, 2(128), 114–124. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.09>
- Bazarbay, G. (2022). Kazak yazar Azil Khan Nurşayihov ve Uzaktaki Semtte adlı eseri. Turkology, 112(4), 259-275. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-3162.13>
- Mustagaliyeva, G., Khairzhanova, A., Bissenbayeva, R., Muratova, L., Maratova, A., &

Koptleuova, K. (2024). Influence of gender-marked Kazakh proverbs on the content of cultural stereotypes. *Forum for Linguistic Studies*, 6(5), 25–31. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.6833>

References

- Äbdіğaziұлы, B. (2008). *Şäkärim älemi* [The World of Shakarim]. Almaty: Raritet. (In Kazakh)
- Babalar Sözi: Jüz tomdyq [The Words of the Ancestors: A Hundred-Volume Collection]. (2010). 66-tom. Qazaq maqal-mätelderi [Kazakh Proverbs and Sayings]. Astana: Foliant. (In Kazakh)
- Babalar Sözi: Jüz tomdyq [The Words of the Ancestors: A Hundred-Volume Collection]. (2011). T.68. Qazaq maqal-mätelderi [Kazakh Proverbs and Sayings]. Astana: Foliant. (In Kazakh)
- Bazarbay, G. (2022). Kazak yazar Azilkhan Nurşayihov ve Uzaktaki Semtte adlı eseri [Kazakh writer Azilkhan Nursayihov and his work Uzaktaki Semtte]. *Turkology*, 112(4), 259–275. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-3162.13> (In Turkish)
- Esim, G. (2008). *Danyşpan Şäkärim* [The Wise Shakarim]. Almaty: Atamura. (In Kazakh)
- Mustagaliyeva, G., Khairzhanova, A., Bissenbayeva, R., Muratova, L., Maratova, A., & Koptleuova, K. (2024). Influence of gender-marked Kazakh proverbs on the content of cultural stereotypes. *Forum for Linguistic Studies*, 6(5), 25–31. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.6833> (In English)
- Nurlanova, A.N., Seyputanova, A.K., & Jämsap, A.T. (2023). *Ş. Qūdayberdiұлы poeziyasındaǵı «ar-ujdan» kategoriyası* [The Concept of «Conscience» in the Poetry of Shakarim Kudaiberdiev]. *Eurasian Humanities Institute Bulletin*, 4, 238–247. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.16> (In Kazakh)
- Qaydar, Ä.T. (2004). *Halıq danalıǵı (qazaq maqal-mätelderińń tüsindirme sözdigi jáne zertteu)* [Folk Wisdom (An Explanatory Dictionary and Study of Kazakh Proverbs and Sayings)]. Almaty: Toǵanay T. (In Kazakh)
- Qūdayberdiұлы, Ş. (2008). *Şıǵarmalarınń úş tomdyq jınaǵı. Qajıma, oyım, qajıma* [Three-Volume Collection of Works. Do Not Lose Heart, My Thought, Do Not Lose Heart]. (T.1: *Öleńder* [Poems]). Almaty: Halyqaralıq Abay Kluby. (In Kazakh)
- Salqınbay, A. (2020). *Şäkärim şıqqan şıń* [The Peak Reached by Shakarim] (Ster. bas. [Stereotyped Edition]). Almaty: Qazaq Universiteti. (In Kazakh)
- Saurykova, K., Şoybekova, G., & Abrahmanova, J. (2024). Teoreticheskie i paremiologicheskie osnovy qazahskogo turističeskogo diskursa [Theoretical and Paremiological Foundations of Kazakh Tourism Discourse]. *Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya*, 195(3), 103–113. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph010> (In Russian)
- Süleymenova, J.A., & Qorǵanbekov, B.S. (2023). «Dıuani hikmet» jınaǵı jáne onıń qazaq halqınıń auız ädebietimen baylanısı [The Diwani Hikmet Collection and Its Connection with Kazakh Oral Literature]. *Yassawi University Bulletin*, 2(128), 114–124. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.09> (In Kazakh)

Zh. Amanbekkyzy

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

(E-mail: zhandau06@gmail.com)

Cognitive Character of Proverbs About Life in Shakarim's Poetry

Abstract. The article analyzes the cognitive function of proverbs and sayings about life in several poems by Shakarim Kudaiberdiuly. The research topic is aimed at substantiating the cognitive, educational, linguistic and cultural significance of moral words in the spiritual heritage of folklore in the author's use. The purpose of the scientific research is to analyze proverbs and sayings in Shakarim's poems and determine their role in promoting values in human life and strengthening the foundations of the national worldview. The study analyzed the structure and essence of proverbs and sayings used in the poet's poems, and assessed their place in the social and spiritual context. The scientific significance of the study is based on an understanding of the national character of proverbs and sayings in Shakarim's poetry and the formation of a new approach to literary heritage from the point of view of linguistic cognition. And the practical significance is characterized by the definition of the possibility of using these proverbs in the modern system of upbringing and education. Textual analysis, comparative historical method, case study, conceptual and logical approaches were used as research methods. In the course of the work, proverbs and sayings about life in poems were systematically analyzed, semantic features and cognitive significance were revealed. The results of the study showed that the proverbs and sayings in Shakarim's poems are aimed at understanding the meaning of life, calling for morality, education and work. These findings contribute to understanding the spiritual values of the Kazakh people and make it possible to adapt them to the needs of today. The practical meaning of the work is to use the results obtained in the field of linguistics, sociolinguistics, cognitive linguistics, ethnolinguistics, and can also be used in the spiritual and moral education of young people.

Keywords: paremiological unit, proverb, value, language model of the world, cognition.

Ж. Аманбекқызы

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
(E-mail: zhandau06@gmail.com)*

Познавательный характер пословиц о жизни в поэзии Шакарима

Аннотация. В статье анализируется когнитивная функция пословиц и поговорок о жизни в нескольких стихотворениях Шакарима Кудайбердиулы. Тема исследования направлена на обоснование когнитивной, образовательной, лингвистической и культурной значимости слов морали в духовном наследии фольклора в авторском употреблении. Целью научного исследования является анализ пословиц и поговорок в стихах Шакарима и определение их роли в продвижении ценностей в жизни человека и укреплении основ национального мировоззрения. В ходе исследования был проведен анализ структуры и сути пословиц и поговорок, используемых в стихотворениях поэта, и оценено их место в социальном и духовном контексте. Научная значимость исследования основана на понимании национального характера пословиц и поговорок в поэзии Шакарима и формировании нового подхода к литературному наследию с точки зрения лингвистического познания. А практическая значимость характеризуется определением возможности использования этих пословиц в современной системе воспитания и образования. В качестве методов исследования были использованы текстологический анализ, сравнительно-исторический метод, кейс-стади, концептуально-логический подходы. В ходе работы были систематически проанализированы пословицы и поговорки о жизни в стихотворениях, выявлены семантические особенности и когнитивное значение. Результаты исследования показали, что пословицы и поговорки в стихах Шакарима направлены на понимание смысла жизни, призывают к нравственности, образованию и труду. Эти выводы способствуют пониманию духовных ценностей казахского народа и дают возможность адаптировать их к потребностям сегодняшнего дня. Практический

смысл работы заключается в использовании результатов, полученных в области лингвистики, социолингвистики, когнитивной лингвистики, этнолингвистики, а также может быть использован в духовно-нравственном воспитании молодежи.

Ключевые слова: паремиологическое единица, пословицы, ценности, языковая модель мира, познание.

Автор туралы мәлімет:

Аманбекқызы Ж. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0009-0005-6828-4542.

Information about authors:

Amanbekkyzy Zh. – doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0009-0005-6828-4542.

Сведения об авторах:

Аманбекқызы Ж. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0009-0005-6828-4542.

ҒТАР 16.21.33

Ғылыми мақала

А.Ғ. Төлеутаева*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан*
(E-mail: aiyastudent@mail.ru)**Сапарғали Бегалин мен Христиан Андерсен шығармалары
тілінің көркемдік ерекшелігі**

Аңдатпа. Мақалада көркем әдебиет, оның ішінде балалар әдебиеті негізінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақ және шетел балалар жазушыларының шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктері сипатталған. Балаларға арналған шығармалардың тілдік және стильдік айшықтары қазақ балалар жазушысы Сапарғали Бегалин және дат балалар жазушысы Христиан Андерсен шығармалары негізінде нақты мысалдармен талданды. Авторлар өз шығармаларында балаларға арналған әдебиеттің шынайылығын, тәрбиелік мәнін, ұлттық ерекшеліктерін және шығармашылық шеберлігін айқын көрсеткен.

Екі қаламгердің шығармалары балалар әдебиетін дамытудағы баға жетпес мұра болып табылады. Сапарғали Бегалиннің ұлттық сипаттағы тәрбиелік шығармалары мен Ганс Христиан Андерсеннің поэтикалық және философиялық мәнге толы туындылары балаларды адалдыққа, еңбекқорлыққа және адамгершілікке баулиды. Авторлар өз оқырмандарына шығармашылық шеберлік пен көркемдік құралдар арқылы тәрбиелік, танымдық және эстетикалық әсер қалдырудың биік үлгісін көрсетеді. Мақалада осы ерекшеліктерді анықтауға бағытталған әдеби-теориялық және тілдік-стистикалық талдаулар ұсынылған.

Түйін сөздер: балалар әдебиеті, балаларға арналған шығармалар, балалар жазушысы, тілдік ерекшелік, стиль, көркем шығарма.

DOI: <https://doi.org/10.71078/w8q4wr90>

Түсті: 30.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.03.2025.

Кіріспе

Балалар әдебиеті – жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызды құралы. Ол балалардың ой-өрісін дамытуға, ұлттық және адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған ерекше әдебиет саласы. Әлемдік және ұлттық балалар әдебиеті өкілдерінің шығармалары осы міндетті жоғары деңгейде атқарып келеді. Қазақ әдебиетінде Сапарғали Бегалин балалар әдебиетінің көрнекті өкілі ретінде танылса, әлем әдебиетінде Ганс Христиан Андерсеннің ертегілері ерекше орын алады. Бұл екі автордың шығармалары тәрбиелік мәнімен ғана емес, көркемдік тіл байлығымен де құнды. Мақалада Сапарғали Бегалин мен Ганс Христиан Андерсен шығармаларының тілдік және жазу стиліндегі ерекшеліктері талданады.

Сапарғали Бегалин – қазақ балалар әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан көрнекті қаламгер. Жазушы шығармаларының ерекшелігі оның кейіпкерлерінің өміршеңдігі мен шынайылығында жатыр. Балалардың табиғатпен етене байланысы, өмірдің қарапайым сәттерін көркем бейнелеу арқылы жазушы оқырмандардың ішкі жан-дүниесін тәрбиелейді. Мысалы, «Сәтжан» әңгімесінде Сәтжанның ұстамдылығы мен табиғатқа деген құмарлығы арқылы адамгершілік құндылықтар насихатталады. Сонымен қатар, Бегалин табиғат көріністерін сипаттау барысында теңеулер мен көркемдеуіш құралдарды

шебер пайдаланып, қазақ даласының әсем бейнесін ашады. Ұлттық элементтерді қолдануы оның шығармаларына өзіндік реңк береді. Автордың әдеби тәсілдері қатарында ұлттық элементтерді пайдалану, көркем тілдік құралдар қолдану және кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктерін шынайы бейнелеу маңызды орын алады. Сонымен қатар, жазушының фольклорлық элементтерді қолдануы шығармаларының тәрбиелік және танымдық мазмұнын арттыра түседі.

Ганс Христиан Андерсен шығармаларының тілдік ерекшелігі оның сюжеттеріндегі философиялық мазмұн мен поэтикалық бейнелілік арқылы айқындалады. Оның «Су перісі», «Бұршақ дәнін сезген ханшайым» сынды ертегілерінде диалогтар мен метафоралардың көптеп қолданылуы, табиғат пен адам өмірінің арақатынасы, қайғы мен қуаныштың үйлесімді суреттелуі ерекше әсер қалдырады. Жазушының балаларға арналған шығармаларының қарапайымдылығы мен тереңдігі кез келген оқырманның қызығушылығын оятады.

Зерттеудің мақсаты – Сапарғали Бегалин мен Ганс Христиан Андерсен шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктерін анықтап, олардың балалар әдебиетіндегі орнын айқындау.

Зерттеудің міндеттері:

- Сапарғали Бегалин шығармаларындағы тілдік құралдарды талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау;
- Ганс Христиан Андерсен ертегілерінің тілдік стилін зерттеп, оның көркемдік ерекшелігін көрсету;
- Балалар әдебиетінде ұлттық және әмбебап құндылықтарды бейнелеудегі тілдік ерекшеліктерді анықтау;
- Зерттеу нәтижелерінің тәрбиелік және мәдени-танымдық маңызын ашып көрсету.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу жұмысы Сапарғали Бегалин мен Ганс Христиан Андерсен шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктерін талдауға бағытталған. Жұмыс барысында Сапарғали Бегалиннің әңгімелері, Ганс Христиан Андерсеннің ертегілері, сондай-ақ Сапарғали Бегалин шығармаларының қазақ балалар әдебиетіндегі орнын анықтау үшін қосымша дереккөз ретінде С. Өскенбаевтың «Қазақ балалар прозасының даму тенденциясы» еңбегі пайдаланылды.

Аталған екі автор шығармаларының тілдік ерекшелігін зерттеу үшін олардың негізгі туындылары таңдап алынды. Зерттеу жұмысын жазу барысында салыстырмалы-типологиялық, авторлардың көркемдік тәсілдерін, тілдік құрылымын және бейнелеу құралдарын сипаттау үшін сипаттамалық әдіс, мәтіндердегі көркемдік құралдарды (метафора, эпитет, теңеу) анықтап, олардың балалар әдебиетіне тән ерекшеліктерін көрсету үшін лингвистикалық талдау, Сапарғали Бегалин шығармаларындағы ұлттық ерекшеліктерді Андерсен ертегілерімен салыстыра отырып, мәдениетаралық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауда интертекстуалдық әдістер пайдаланылды. Бұл әдістер мен материалдар зерттеудің нақты әрі жүйелі жүргізілуіне мүмкіндік беріп, екі автордың шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктерді анықтауға көмектесті.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Сапарғали Бегалин шығармалары қазақ әдебиеттануында бірнеше рет зерттеліп, оның балалар әдебиетіндегі орны мен тілі жайында ғылыми еңбектер жазылды. Алайда оның тілдік ерекшеліктері тереңірек зерттеуді қажет етеді. Ал Ганс Христиан Андерсен ертегілері әлемдік әдебиеттану ғылымында кеңінен қарастырылғанымен, шығармаларының қазақ әдебиетімен ұқсастығы мен тілдік ерекшеліктері туралы салыстырмалы зерттеулер аз жүргізілген. Сондықтан бұл тақырып өзекті әрі жаңа деректерді талап етеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қаламгер Сапарғали Бегалин әдебиет жанрларының біразына серпе қалам тербеген. Соның ішінде, әсіресе, жазушы есімі қазақ балалар әдебиетімен қатар аталады. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті тарихи даму үдерісінен өтіп, нық қалыптасқанымен, оның қалыптасуына зор еңбек сіңірген қаламгерлердің бірегейі – Сапарғали Бегалин. Туындыгер шығармаларын балалардың сүйіп оқуы әрі өз оқырманының жүрегіне жетуі оның шығармашылық шеберлігіне, тілінің көркемдігіне, туындысының мәтіні мен мәнін нақты кімге ұсынып отырғанын түсінуінде деп білеміз. Шындық дүниеде орын алатын алуан оқиғалар мен жағдаяттарды, танымдық-тәрбиелік мәні зор ақпаратты оқырманына логикалық әрі эмотивті, эстетикалық сипатта жеткізе білді. «Қыран кеті», «Цимлян теңізі», «Таңдамалы», «Сырлы қайнар», «Көксегеннің көргендері», «Ермектің алмасы», «Сәтжан», «Жас бұтақ», «Жеткіншектер», «Мектеп түлектері», «Шоқан асулары», «Қыран туралы аңыз», т.б. көптеген туындылары мен жинақтарында берілген шығармалар тізбегі өзінің идеялық, мазмұндық, пішіндік ерекшелігімен қатар тілінің көркемдік айшықтарымен де баса назар аударуға тұрарлық. Мысалы, қаламгердің «Құс қуған бала» әңгімесінің сюжеті қарапайым, негізінен диалогқа құрылғанымен, шығармадағы жазушы тілінің ерекшелігін атап өтпеу мүмкін емес. Ителгіні «...тұғырда отырса, құм қайрақ қызғылт көзі жалын шашып...», (Бегалин, 2024) – деп сипаттауында, қыран бейнесіне тән құстың өткір көзін құм қайраққа теңейді. Мұнда көркемдеуші құрал – теңеудің ұтымды нұсқасы қолданылған.

Сапарғали Бегалин өз шығармаларының көркемдік сипатын сақтау үшін, әрі өзіне ғана тән жазушылық тәсілді көрсету мақсатында өз туындыларының кейіпкерлерінің портреттік суреттерін, мінез-құлық сипатын, іс-әрекеттерін бейнелегенде ұзақ мәтінді баяндау мен суреттеулерге бармай-ақ, өзінің сипаттауындағы көркемдік нақтылығымен, қысқалығымен, оқырманның есінде сақталып қалатын ерекше суреттеу тәсілі арқылы береді. Мысалы қаламгердің «Сәтжан» атты әңгімесіндегі: «...Бірақ Сәтжан Жанаймен бұл жерде сөз таластырған жоқ» немесе «Оның құзар қиясынан бір құстың шарылдаған дауысы естілді, Сәтжан көп тыңдады», «Түз қырандарын ұстап баулуға Сәтжан аса құмар болатын» (Бегалин, 2024), – деген тармақтардан бас кейіпкер Сәтжанның мінезі мен ішкі дүниетанымы оқырманға көркем ұсынылған. Жазушы қарапайым ғана баяндау тәсілі негізінде кейіпкер образын ашып берген. Сәтжанның сөз таластырмайтын ұстамдылығы, табиғатқа деген ерекше ынтасы, онымен тілдесе білуі, құс үйрету әдетін көркем сипаттап отыр. Сөзсіз, бұл да қаламгер шығармасы тілінің көркемдік ерекшелігін танытып тұр. Аталған шығармасында туындыгер табиғат құбылыстарының сиқырлы бояуын шығарма тілімен оқырманның көз алдына елестетеді: «Арқан бойы көтерілген шілденің ыстық күні әлден-ақ қыздыра бастады. Өсіп жетілген көк сүйрік шөптердің түн самалынан бойына тартқан салқын шіріні де бозарып кебірсіген тәрізді» (Бегалин, 2024). Сапарғали Бегалин өз шығармасындағы пейзаждық суреттемелерді беруде де қарапайым тілдік қолданысты ұстанғанын байқаймыз. Әсірелеп немесе көркемдеуші құралдардың барлығын тізе бермей, бірнеше тіркес арқылы-ақ қазақ даласындағы сан бояулы табиғат келбетін бейнелеп, шығарма тілінің көркемдік-эстетикалық мәнін арттырып отыр.

Қаламгер шығармалары тілінің көркемдік сипатын арттыратын тағы бір деталь – автордың көркем кеңістігі. Себебі жазушы шығармаларына негіз болған сюжеттер мен оқиғалар қазақтың аязды паң даласында, қақтаған қызыл күн астында, кең жайлауда орын алады. Бұл да жазушы шығармаларының тілдік көркемдік ерекшелігін айқындайды. Қаламгер шығармаларының көркемдік мәні – оның қазақ дәстүріне тән алуан ұлттық элементтер жүйесін қолдануы. Мысалы: ««Ертеде елді қалмақ шауыпты» деп бастайтын, апасы әңгімесін» (Бегалин, 2024). Мұнда қазақ фольклорының элементтерін пайдалану арқылы автор шығарманың әрі мазмұндық, әрі танымдық мәнін де арттырып отырғаны даусыз. Демек, қаламгер шығармалары тілінің көркемдік ерекшелігі тек арнайы

көркемдеу құралдарына ғана бағынышты емес. Жазушы шығарма тілінің көркемдік сипатын түрлі әдеби тәсілдер негізінде өз оқырманына танытып отыр. Сапарғали Бегалиннің шығармаларының көркемдік мәнінің үстем болуы – адамгершілік, парасаттылық, еңбекқорлық жолындағы кейіпкерлерінің жиілігімен де анықталады. «Сапарғали Бегалин балалар бейнесін көркемдік талаптарды ескере отырып, өмір шындығына сай етіп жасайды» (Өскенбаев, 1970). Ол өз оқырманын адалдыққа, әділдікке тәрбиелейді.

Қаламгер шығармалары тілінің көркемдік ерекшелігін оның поэмаларынан анық аңғарамыз. Мәселен, «Ұр, тоқпақ» поэмасындағы:

Ертеде, ерте, ерте күнде,
Ешкі жүні бөрте күнде,
Жер жаялықтай,
Аспан тебінгідей екен.
Онда өзеннің басы
Арық сияқты жіңішке екен.
Алтайдың тасы –

Қиыршық ұсақ күмісті екен» (Бегалин, 1962), – деген жолдарында поэманың ертегі үлгісіндегі «ерте, ерте, ерте күнде» деп басталуы, шығарма тілінің көркемдігін арттырып тұрған «тебінгідей», «арық сияқты» теңеулері, тасты «ұсақ күмісті екен» деп суреттеуі, әсіресе, жас оқырман үшін көркемдік мәні үстем. Қаламгердің кез келген туындысы өзінің тілдік сипаты тұрғысынан, тақырыптық әрі идеялық мәні тұрғысынан да биік тұратыны да сондықтан.

Балаларға арналған шығармалардың, әсіресе, ертегі жанрының әлем әдебиетінде шарықтап дамуы, әрине, Христиан Андерсен атымен байланысты. Қаламгердің «Су перісі», «Кішкентай үйрек балапан», «Қар ханшайымы» және «Жаңа жылдық шырша», т.б. ертегілерін дүниежүзі халықтары мол ықыласпен оқитыны анық. Жазушы үшін ертегі шындықты сипаттайтын өмір мәні іспетті болды. Оның ертегілерінде өзге балаларға арналған шығармаларда байқала бермейтін суретті көркемдік сипат бар. Христиан Андерсен шығармалары тілінің көркемдік сипаты оның барлық әдетті, көзге үйреншікті жағдайлардан поэтикалық элементтерді таба білу қасиетімен ұштасты. Туындыгер шығармалары тілінің көркемдігі оның ертегілерінде диалогтардың жиі ұшырасуымен де анықталады. Андерсен өз шығармаларында халық дүниетанымын, оның арман-мұратын, үмітін өз кейіпкерлері арқылы, сюжеттерде көрініс табатын еңбекқор адам, адалдық қасиетін дәріптеу амалдарымен көркем жеткізіп отырады. Шығарма тілінің көркемдік ерекшелігі әуелі осы айшықтар негізінде пайда болатынын білеміз.

«Су перісі» ертегісінде қаламгер шығармасы тілінің көркемдік мәні кейіпкерлер арасындағы әңгімелер арқылы, олардың көңіл-күй спектрлерін суреттеуі арқылы, мысалы, мейірім мен таңдану, аяушылық, қызғаныш, жанашырлық, махаббатты түрлі оқиғалар легінде ұсыну арқылы ерекшеленеді. Автор ертегілерінде теңіз, тау, мұз, т.б. табиғат белгілерінің көбінесе адамдар өмірімен тығыз байланыстырыла отырып көркем сипатталуы, сондай-ақ шынайы өмірде орын алатын қайғы мен қуаныштың, өмір мен өлімнің арақатынасын бейнелеудің молынан кездесетіні байқалды. Мысалы, «Мені өлімнен құтқарып қалған қызды тапсам, өзіме жар етемін деп серт еткенім есінде ме? Сен мен үшін қымбатсың» (Андерсен,) – деген тармақ әуелі қарапайым диалог сипатында көрінгенімен, мұнда автордың адамзат арманындағы өлімді жеңу идеясы берілген. Сондай-ақ «Бұрынғы өткен заманда ұшы-қиыры жоқ көк теңіздің тұңғыық тереңін су перілері мекен етіпті» (Андерсен, – деген жолдарда мифтік образды қолдану арқылы шығарманың мәнін ашады. Бұл шығарманың поэтикалық реңкін арттырады.

Қаламгер шығармалары тілінің көркемдік ерекшелігі, туындының түпнұсқа тілінде анық байқалады. Андерсеннің «Бұршақ дәнін сезген ханшайым» атты ертегісінде

қолданылған түрлі метафоралар мен салыстырулар, теңеулерді анықтау жұмысы бұл тұжырымды дәлелдей түседі. «He is such a respectable and dignified tree, but is old and crippled, with grass and brambles growing out of a cleft in his middle», яғни «Ол сондай құрметті және қадірлі ағаш, бірақ кәрі және мүгедек, ортасындағы жырықтан шөп пен қаражидек өсіп шыққан» деген жолдардағы метафоралық тізбек, қарапайым эпитеттер оқырманға ағаштың шын мәнінде реңі қандай болғанын көрсетіп тұр. Сондай-ақ мұндай салыстыруды және метафораларды «He bends forward, with his branches hanging down to the ground as if they were long green hair» (Андерсен, 1962) тармағынан да анық байқаймыз. Мұндай нақты әрі тура сипаттау оқырманға шығармадағы орын алған оқиғаларды, портреттерді, заттардың бейнесін нақты автордың суреттеуі негізінде елестетуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қаламгер ертегілері тілінің көркемдік ерекшелігіне автордың әңгімелеуші ретіндегі өзіне тән характерлік ұстанымы, көзқарасы да тікелей әсер етеді. Христиан Андерсен ертегілерінің балалармен қатар үлкендердің де сұранысына ие болуы – шығарманың әрі балаларға арналған сюжеттік желісі, әрі үлкендердің танымына сай терең мазмұнды мәні жазушының шығармашылық шеберлігімен берілген. Бұл шығарма тілінің көркемдігі оның философиялық мәнімен, астарлы мәтіндік ойды артуымен ерекшеленеді. Ертегілер мазмұнының шынайылығы қаламгердің жазу стилі мен тілін, мәнерін қалыптастырды. Қаламгердің қай ертегісін алсаң да, ондағы түпкі мотивтің мәні, автордың кейіпкерлерді сөйлету интонациясы, оқырманға тікелей сауал тастау, синтаксистік қалыптардың өзгергіштігі, сөздің әуезділігі, авторлық көрегендік пен образдардың жарқын болуы, шығарма детальдарының нақтылығы – Андерсеннің шығармаларының тілін, оның көркемдік сипатын нақтылап берді. Ал шығармалардағы дыбыстық сипатта берілген элементтер жазушының тілдік қолданыстарының негізінде туындыға характер үстейді.

Андерсеннің шығармалары тілінің тағы бір көркемдік ерекшелігі – оқиғаны баяндаудағы ертегі жанрына тән айшықтардың үздіксіз көрініс табуы. Оған жазушының оқырманына сюжетті әңгімелеуінен бөлек, әр заттың немесе жануардың, элементтің, кейіпкерлердің іс-қимылын, дыбысталу бейнесін ашық ұсынуында. Андерсеннің ертегілеріндегі нақты әлем шын мәнінде, яғни түрлі-түсті, көлемді, дыбысты және, ең бастысы, қозғалыста көрінеді.

Зерттеу барысында екі автор шығармаларындағы мынадай ұқсастықтар мен айырмашылықтары көрінді:

Ұқсастықтары:

- Екі автор да балалар әдебиетінің өкілдері ретінде жеңіл әрі түсінікті эмоционалды-экспрессивті сөздерді пайдаланады.
- Синтаксистік құрылымда қарапайым сөйлемдер басым. Бұл мәтінді балалардың оңай қабылдауына мүмкіндік береді.
- Көркемдік құралдардың (теңеу, метафора, эпитет) кең қолданылуы екі автордың да тілінің бейнелілігін арттырады.

Айырмашылықтары:

- Сапарғали Бегалиннің шығармаларында қазақ тіліне тән бейнелі сөздер мен идиомалар жиі кездессе, Андерсен шығармаларында еуропалық мәдениеттің элементтері байқалады.
- Андерсеннің шығармалары эмоцияға басымдық беріп, оқырманды қиялға жетелесе, Бегалин туындылары өмірдің шынайылығын суреттеуге жақын.

Тілдік құралдардың пайдаланылуы балалар әдебиетінің негізгі ерекшелігін айқындайды. Сапарғали Бегалиннің шығармаларында ұлттық құндылықтар мен қазақи дүниетанымды жеткізуге бағытталған тілдік бірліктер кездессе, Ганс Христиан Андерсен шығармаларында жалпыадамзаттық құндылықтарды бейнелеуге арналған әмбебап

тілдік құралдар басым.

Сапарғали Бегалин мен Ханс Христиан Андерсен шығармалары балалар әдебиетінде ерекше орын алады. Бегалин ұлттық болмысты бейнелеуге бағытталса, Андерсен шығармалары қиялға жетелей отырып, эмоционалды әсер беруге бағытталған. Бұл екі автордың тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазақ әдебиетіне балаларға арналған стильді байытуда, сондай-ақ әлемдік әдеби тәжірибені енгізуде маңызды екенін көрсетеді.

Қорытынды

Сапарғали Бегалин мен Ханс Христиан Андерсен шығармаларының тілдік ерекшеліктерін зерттеу барысында балалар әдебиетінің ұлттық және әмбебап сипаттары жан-жақты қарастырылды. Зерттеу мақсаты екі автордың шығармаларындағы тілдік ерекшеліктерді анықтап, олардың балаларға арналған әдебиеттегі рөлін айқындау болды. Бұл мақсатқа жету үшін салыстырмалы-типологиялық, лингвистикалық талдау және интертекстуалдық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижесінде Бегалиннің шығармаларында қазақтың ұлттық мәдениеті мен тіліне тән ерекшеліктердің көрініс тапқаны анықталды. Оның туындыларындағы тілдік құралдар оқырманға қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен құндылықтарын жеткізудің тиімді жолы ретінде қолданылған. Андерсеннің ертегілері болса, әмбебап тақырыптар мен эмоционалды-экспрессивті стиль арқылы оқырманды қиял әлеміне жетелеп, жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттайтыны байқалды. Екі автордың шығармалары балалар әдебиетінде тәрбиелік мәні бар шығармаларды жазудың үздік үлгілерін көрсетеді. Зерттеу барысында анықталған тілдік ерекшеліктер мен көркемдік тәсілдер қазіргі әдебиеттің дамуы мен балаларға арналған туындыларды жазу тәжірибесінде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, бұл зерттеу нәтижелері балалар әдебиетін халықаралық деңгейде насихаттау мен заманауи білім беру үдерісінде қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеудің келешекте ұлттық әдеби мұра мен әлемдік әдебиет арасындағы байланыстарды тереңірек зерттеуге, балалар әдебиетін жаңа қырынан дамытуға ықпал ететіні анық. Бұл зерттеудің нәтижелері балалар әдебиетінде ұлттық және жаһандық құндылықтарды біріктіре отырып, болашақ жазушылар мен зерттеушілер үшін үлгі бола алады.

Қазақ қаламгері Сапарғали Бегалин мен дат жазушысы Христиан Андерсеннің шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктері ұлттық және туындыгерлерге тән шығармашылық талғам мен тәжірибе негізінде көрініс тапқан. Қос қаламгерге тән ортақ дүние – шығармаларының балалар әдебиетінің дамуына қосқан шексіз үлесі десек артық емес.

Әдебиеттер тізімі

Андерсен, Х.-К. (1969). Сказки и истории (Т. 1). Ленинград: Художественная литература.

Андерсен, Х.-К. (n.d.). Су перісі ертерісі. Ertegiler.kz. <https://ertegiler.kz/story/superisi>

Бегалин, С. (1962). Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Қазақ мемлекет көркем әдебиет баспасы.

Бегалин, С. (n.d.). Құс қуған бала. Bilim-All. <https://bilim-all.kz/article/9904-Qus-qugan-bala>

Бегалин, С. (n.d.). Сәтжан. Bilim-All. <https://bilim-all.kz/article/18018>

Өскенбаев, С. (1970). Қазақ балалар прозасының даму тенденциясы (Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыс).

References

- Andersen, H. C. (1969). Skazki i istorii [Fairy Tales and Stories] (Vol. 1). Leningrad: Khudozhestvennaya literatura. [In Russian]
- Andersen, H. C. (n.d.). Su perisi ertegisi [The Little Mermaid Fairy Tale]. Ertegiler.kz. <https://ertegiler.kz/story/su-perisi> [In Kazakh]
- Begalin, S. (1962). Öleñder men poemalar [Poems and Epics]. Almaty: Qazaq Memleket Korkem Ädebiet Baspasy. [In Kazakh]
- Begalin, S. (n.d.). Qus quğan bala [The Boy Who Chased Birds]. Bilim-All. <https://bilim-all.kz/article/9904-Qus-qugan-bala> [In Kazakh]
- Begalin, S. (n.d.). Sätjan [Satzhan]. Bilim-All. <https://bilim-all.kz/article/18018> [In Kazakh]
- Öskenbaev, S. (1970). Qazaq balalar prozasynyñ damu tendenciyası [Development Trends of Kazakh Children's Prose] (Doctoral dissertation). Almaty. [In Kazakh]

A.G. Toleutaeva

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan
(E-mail: aiyastudent@mail.ru)

The Artistic Specificity of the Language of the Works of Sapargali Begalin and Christian Andersen

Abstract. The article examines the artistic features of the language of the works of Kazakh and foreign children's writers as a result of research conducted on the material of fiction, including children's literature. Using specific examples, the linguistic and stylistic features of works for children are analyzed using the example of the works of the Kazakh children's writer Sapargali Begalin and the Danish children's writer Christian Andersen. In their works, the authors have clearly demonstrated the authenticity, educational value, national identity and creative skills of children's literature. Sapargali Begalin is an outstanding writer who has made a great contribution to the development of Kazakh children's literature. The uniqueness of the writer's works lies in the vitality and realism of his characters. Through the artistic depiction of children's close connection with nature and simple moments of life, the writer develops the inner world of readers. For example, in the story «Satzhan», moral values are promoted through Satzhan's restraint and her passion for nature.

In addition, Begalin skillfully uses metaphors and figurative techniques when describing natural scenes, revealing a beautiful image of the Kazakh steppe. The use of national elements gives his works a unique tone. Among the author's literary techniques, an important place is occupied by the use of national elements, the use of artistic linguistic means, and a realistic depiction of the psychological characteristics of characters. In addition, the writer's use of folklore elements enhances the educational and cognitive content of his works. The linguistic specificity of Hans Christian Andersen's works is determined by the philosophical content and poetic imagery of his subjects. His fairy tales, such as «The Little Mermaid» and «The Princess and the Pea» are particularly impressive for their extensive use of dialogues and metaphors, the interconnectedness of nature and human life, as well as the harmonious depiction of sadness and joy. The simplicity and depth of the writer's works for children will arouse the interest of any reader. The works of both writers represent an invaluable legacy in the development of children's literature. The popular educational works of Sapargali Begalin,

the poetic and philosophical works of Hans Christian Andersen educate children to be honest, hardworking and moral. The authors demonstrate a high level of educational, cognitive and aesthetic impact on their readers through creative skills and artistic means. The article presents a literary, theoretical and linguistic analysis aimed at identifying these features.

Keywords: children's literature, works for children, children's writer, language specificity, style, piece of art.

А.Г. Толеутаева

Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан
(E-mail: aiyastudent@mail.ru)

Художественная специфика языка произведений Сапарғали Бегалина и Христиана Андерсена

Аннотация. В статье рассматриваются художественные особенности языка произведений казахских и зарубежных детских писателей в результате исследований, проведенных на материале художественной литературы, в том числе детской. На конкретных примерах проанализированы языковые и стилистические особенности произведений для детей на примере произведений казахского детского писателя Сапарғали Бегалина и датского детского писателя Христиана Андерсена. В своих произведениях авторы наглядно продемонстрировали подлинность, воспитательную ценность, национальную самобытность и творческое мастерство детской литературы.

Сапарғали Бегалин – выдающийся писатель, внесший большой вклад в развитие казахской детской литературы. Уникальность произведений писателя заключается в жизненности и реалистичности его персонажей. Через художественное изображение тесной связи детей с природой и простыми моментами жизни писатель развивает внутренний мир читателей. Например, в рассказе «Сатжан» нравственные ценности пропагандируются через сдержанность Сатжана и ее страсть к природе. Кроме того, Бегалин искусно использует метафоры и образные приемы при описании природных сцен, раскрывая прекрасный образ казахской степи. Использование национальных элементов придает его работам неповторимый тон. Среди литературных приемов автора важное место занимают использование национальных элементов, использование художественных языковых средств, реалистичное изображение психологических особенностей персонажей. Кроме того, использование писателем элементов фольклора усиливает образовательное и познавательное содержание его произведений.

Языковая специфика произведений Ханса Христиана Андерсена определяется философским содержанием и поэтической образностью его сюжетов. Его сказки, такие как «Русалочка» и «Принцесса на горошине», особенно впечатляют обширным использованием диалогов и метафор, взаимосвязью природы и человеческой жизни, а также гармоничным изображением печали и радости. Простота и глубина произведений писателя для детей вызовут интерес у любого читателя.

Произведения обоих писателей представляют собой бесценное наследие в развитии детской литературы. Народно-просветительские произведения Сапарғали Бегалина, поэтические и философские произведения Ханса Христиана Андерсена воспитывают у детей честность, трудолюбие и нравственность. Авторы демонстрируют высокий уровень оказания образовательного, познавательного и эстетического воздействия на своих читателей посредством творческого мастерства и художественных средств. В статье представлен литературно-теоретический и лингвистический анализ, направленный на выявление этих особенностей.

Ключевые слова: детская литература, произведения для детей, детский писатель, языковое своеобразие, стиль, литературное произведение.

Автор туралы мәлімет:

Төлеутаева А.Ғ. – магистрант, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Information about authors:

Toleutaeva A.G. – Master's student, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Төлеутаева А.Ғ. – магистрант, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Ә.Қ. Бәкір

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Ұлттық тіл туралы

Аңдатпа. Бұл мақалада Мұстафа Шоқайдың ұлттық тіл және ұлттық рух мәселелеріне қатысты көзқарастары жан-жақты қарастырылады. Автор Мұстафа Шоқайдың еңбектерін талдау арқылы тілдің тәуелсіздік үшін маңызды фактор екендігін көрсетеді. Кеңестік кезеңдегі отаршыл саясаттың әсері, тілдік ассимиляция және түркі халықтарының орыстандыруға ұшырау қаупі сарапталады. Сонымен қатар, Шоқайдың «ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін емес» деген тұжырымы негізінде ұлттық сананы сақтаудың маңыздылығы талданады. Ол өз мақалаларында Түркістан халықтарының ана тілін дамыту қажеттілігін баса айтқан. Тілдің ұлтты қалыптастырудағы орны мен кеңестік биліктің оны шектеуге бағытталған іс-әрекеттері тарихи контексте қарастырылады. Соңында автор Мұстафа Шоқай көтерген мәселелердің бүгінгі тілдік саясат үшін өзектілігін атап өтеді.

Түйін сөздер: Мұстафа Шоқай, ұлттық тіл, орыстандыру, тіл саясаты, тәуелсіздік, түркі халықтары, ұлттық рух, кеңестік кезең.

DOI: <https://doi.org/10.71078/gyf5wg22>

Түсті: 5.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.03.2025.

Алаш алыптарының бірі Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі мен шығармашылық мұрасының басты тақырыбы тұтас Түркістанның тәуелсіздігі, болашақ мемлекеттің ұлттық сипаты болатын. Мұның себебі мен қажеттілігін 1932 жылы жарық көрген «Түркістанның бақытсыздығы және одан құтылудың жолы» атты мақаласында былайша түсіндірді: «Орыстың патшалық мекемелері біздің ұлттық дамуымызды тежеп келген болса, большевиктер басқаруы халқымызды ұлттық сезіммен жүрдай етуге, мұндай сезімді көкірегінен біржола сылып тастауға тырысып отыр».

Кеңес үкіметі Түркістан Мұқтариятын құлатып, басшыларын түгел тұтқындап, бұдан аман қалған, өзін ұстап бергенге 1000 сом бәйге тігілгеннен соң шет елге кетуге мәжбүр болған Мұстафа Шоқай түрлі қиыншылықтармен Грузия Демократиялық Республикасына жетіп, қызылдар басып алғанша Тифлисте екі жылдай тұрақтады. Осындағы жағдайды тиімді пайдаланып, саяси қызметі мен сан тақырыпты қамтыған шығармашылық жұмысына батыл кірісіп, 60-қа тарта мақала жазды.

Отарлық жағдайдағы тәуелділіктің басты көрсеткіші жергілікті халықтың ұлттық тілімен байланысты болатынын терең сезінген, «Советтік Түркістанда» («В Советском Турестане»), «Қазіргі Түркістан шындығы» («Современная Туркестанская действительность») атты мақалаларында Мұстафа Шоқай Түркістанның жергілікті халқы бүкіл тұрғындардың оннан тоғызын құрап отырғанымен басқару мекемелерінле қазақ және өзбек тілдері орыс тілімен тең қолданылмай отырылғаны, бұлар мемлекеттік деп саналғанымен ол тілдерде басылымдардың да аз екендігін жазған еді. Ал түркі тілін қорғау мақсатында өзі ұйымдастырған «Шафақ» газетінде жарық көрген «Большевиктер және шығыс мәселесі» («Большевики и восточный вопрос») деген мақаласында Тифлистегі түркі халқының өз тілдерін жоғалта бастағанын арнайы әңгіме еткен болатын.

Бұл дәстүр Парижде жиырма жылдан астам уақыт тұрғанда тамаша жалғасын тапты. Алдымен азаттық үшін күрестің мақсат-мұраты қайта айқындалды. Кешегі Автономия үшін күрес, Алаш партиясының бағдарламасына сәйкес «дербестік пен өзін-өзі басқаруға ұмтылу» туралы қағидатты мәселе желге ұшқанына көзі жеткен Мұстафа Шоқай осында шығатын «Orient et Occident» журналында 1923 жылы жарық көрген «Ресей саясаты және Түркістандағы ұлттық қозғалыс» деген көлемді мақаласында автономиядан тәуелсіздікке ауысудың қажеттігі мен мән-мағынасын толық ашып жазды. Ал «Біздің жол» атты мақаласында бұдан басқа жолдың жоқ екенін, тәуелсіздік жағдайында ғана халқымыз өз жерінің қожасы бола алатынын атап көрсетті.

Мұстафа Шоқай тәуелсіздікке жетудің жолын тікелей халықтың ұлттық рухымен байланыстырды. Оған мына сөздері дәлел бола алады: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді».

Патшалық Ресейдің саяси жалғасындай болған кеңестік жүйедегі Түркістан халқының ұлттық тілі мен алфавит мәселелері «Ақ-Қызыл», «Ұлттық зиялы», «Түркістандағы тіл саясаты» (Политика языка в Туркестане), француз тілінде жазылған «Мәселе тілдің қауымдастығы туралы» атты мақалаларында арнайы сөз болды. Алғашқы мақаласында: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Көне Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын» деп атап көрсете отырып, ұлттық тілдің кеңестік Ресей кезіндегі жағдайы кеңінен сөз болды. Патшалық Ресейдің үстемдігі кезіндегі оқу орындарда, әсіресе техникалық оқу орындарында амалын тауып оқып жатқан Түркістан жастары өз тілінен шала сауатты болып, халқының қажеті мен талаптары тұрғысынан пайдалы қызмет атқара алмаса, кеңестік кезеңде көне Ресейдің саясатынан іс жүзінде ешқандай өзгешелігі жоқ орыстандырудың екінші бір дәуірі басталғанын, Лениннің «социализмі» мен «интернационализмі» негіздеріне сәйкестендіру үшін большевиктердің «түрі ұлттық, мазмұны – пролетарлық» деген формула ойлап тапқандарын жазды. Бұған қарсы Мұстафа Шоқай халықтың рухани дүниесі (мәдениеті) біртұтас нәрсе екендігін, сондықтан оны «мазмұнға» және «формаға» бөлуге болмайтындығын айтып, ойын: «Кез келген рухани мәдениет өзінің мазмұнымен айқындалады» деп түйіндеді. Бұдан ары Түркістандағы мектептерде (орыс мектептері – Ә.Б.) біздің тіліміздің оқытылатыны, бұл тілде түрлі ғылыми негіздер үйретілетіні, алайда олар орыс мәдениеті мен орыс үстемдігін орнықтырудың құралынан басқа ештеңе еместігі, большевиктердің «мемлекет аппараттарын ұлттандыру» саясаты жүзеге асырыла қалған жағдайдың өзінде, біздің тіліміз «ұлы орыстың рухани мәдениетін таратушы техникалық құралдың рөлін атқаратын болады» деді. Сонымен бірге Түркістанда ұлттық тілді байытуға, дамытуға қабілетті ақын жазушыларымыздың қол аяғы байланып, ауыздарын аша алмастай етілгеніне мысал ретінде ұлттық әдебиетіміздің ең үздік тұлғалары, шығармалары орыс тепкісінде қысым көрген, тіліміз бен мәдениетіміздің өлмес, өшпес өміршең қуатын көрсететін Ахмет Байтұрсынұлы мен өзбек ақыны Шолпанды атай келіп, Мұстафа Шоқай мақаласын: «Орыс большевиктері социализмді желеу ете отырып, енді екі үш жыл ішінде біздің ана тіліміз – түрік тілін өзінің тарихи құқығынан мақұрым етуді көздеп отыр» деп жазды. Ал «Кеңес мектептері және Түркістан жастары» («Советские школы и туркестанская молодежь») атты мақаласында Кеңес үкіметі құрған оқу ағарту жүйесі, оның ішінде «ұлттық» деп аталған мектептер мен кеңестік оқу орындарының жайы мен ондағы түрістандық жастардың жағдайы арнайы әңгіме болады. Түркістанда жүргізіліп жатқан ағарту саясатын тану үшін автор жоғары білім ошағы деп саналған «Орта Азия мемлекеттік университетінің» он жылдық ғұмырында түркістандықтардан жеті адам ғана болғанын мысал етті.

Мұстафа Шоқай өзінің зиялы қауым туралы ойларға толы «Ұлттық зиялы» деген

еңбегінде орыс (Батыс) мектептерінде оқып, тәрбиеленіп, бірақ ұлттық нышандардан аулақ болған зиялылардың тағдырының қасіретке толы болатынын туралы айтты. Мұндай зиялылардың халыққа ұлттық тәрбие беріп жарытпайтыны және олардан халық та ұлттық тәрбие алып жарымайтыны туралы мынандай қорытынды жасады: «Батыс тәрбиесін алған зиялылардың аянышты жері – рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы еді. Батыс тәрбиесі көптеген туыстарымызды халқымыздың жан дүниесіне сіңген, ұлттық тарихымыздың өн бойында жатқан «Шығыс зердесінен» айырды. Олар, яғни Батыс тәрбиесін алған туыстарымыз басқа жақтан жинаған білімдерін өз халқының өмірімен бірлестіре алмады». Бұдан ары Мұстафа Шоқай: «Біз бүгін «Шығыс рухы» басым болуы себепті мешеу қалған» деп саналатын Түркияда Батыс білімі жергілікті жағдайларға сәйкес сәтті қолданылып жатқанын көріп отырмыз. «Батыс білімін» «Шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды. Біздіңше, дүние тарихында бұрын соңды көтерілмеген жетістіктердің түпкі себептері – Түркия ұлттық күштерінің Еуропа тәрбиесін алған түрік зиялылары мен шығыс зерделі зиялылары түркі менталитетін (Mentalitet) сәтімен үйлестіре алуында жатыр» деп жазды.

Бұл ойлар біз үшін де өзекті дегіміз келеді. Батысқа көбірек көңіл бөліп, Шығысты қаға беріс қалдыру – толыққанды тірлік болмайтынын өмір көрсетіп келеді. Біздің рухани байлығымыз Батыстың да, Шығыстың да мәдениетінен сусындауды қажет етеді. Осы сәтте бір ойымды білдіре кетсем деп едім. Ол - жүрегі елім, жерім және халқым деп соққан, Шығыс пен Батыстың білім ілімдерін қос қанат етіп, әлемге танылған Мұстафа Шоқай шындығы.

Мұстафа Шоқай «Түркістандағы тіл саясаты» (Политика языка в Туркестане) атты мақаласында осы тақырыпқа Есен Тұрсын дегеннің бірнеше мақала арнағанын, оларда Түркістандағы ұлттық тілдерге қатысты орыстандару саясаты туралы сөз болғанын, патшалық Ресей кезінде араб алфавитін қолдаушылар керітөңкерісшілер деп аталғанын, енді ондай атқа латын алфавитін ендірушілердің ие болып отырғанын жазған еді. Сонымен бірге большевиктердің араб алфавитін қолдаушыларды да, латын алфавитіне көшуді жақтаушыларды «пантюркизмнің» көріністері деп бағалағанын, ал орыс алфавиті таптық саясаттың құралы болып, бұрын орыс феодалдары мен капиталистеріне қызмет етсе, қазір ол Ресейдегі орыс пролетариаты мүдделеріне қызмет етіп отырғаны жазылды. Ал «Жұмһуриет» тілшісі Надыр Нади бекпен сұхбат жүргізген Саид бек кім?» деген мақаласында «Рухани салада маңызды рөл ойнайтын әліп-би мәселесінде кеңестердің саясаты белгілі. Олар өз тепкісінде отырған түріктерге орыс алфавитін зорлап тану арқылы түркиялық бауырларымыздан бөліп тастауды көздейді» деген еді. Бұл ойын «Кеңес мектептеріндегі оқу ұлттық мораль, ұлттық сезім және ұлттық рух үшін қандай үрейлі екені жөнінде бұл арада айтып отырудың қажеті жоқ» дей келіп, бұған Кеңес үкіметімен жақын дос болып келе жатқан Түркия үкіметі Еуропаға жүздеп студент жастар жіберіп отырғанын, ал Ресейге бір адам да жібере алмағанын мысал ретінде келтіреді. Ал 1937 жылы жазылған «Кеңестер Одағындағы ұлттық мемлекет мәселесі» деген орыс тілінде жазған мақаласында Мұстафа Шоқай патшалық Ресейдің мемлекетті басқару тәртібіне байланысты жергілікті тұрғындардың ана тілінде мектеп ашуға, бала оқытуға тыйым салынған озбыр саясатының нәтижесінде Ресейде дүниенің басқа ешбір жерінде болмаған бір ұлттың екі түрлі зиялылары қалыптаса бастағанын айта келіп, былай деп жазды: «Орыс мектептерінде оқып, орысша тәрбие алған орыс емес ұлт зиялылары, өздері меңгерген ғылым-білімдерін туған халқының игілігіне жұмсай алмай, орыс зиялыларының тобын көбейтіп, орыс білімін толықтыру үшін қызмет етті». Мұндай фактылар біздің өмірімізде де жоқ емес.

Жалпы халықаралық деңгейдегі тілдер дамуын кем білмеген, бұл бағыттағы құбылыстарды тани алған Мұстафа Шоқай 1935 жылы француз тілінде жазған «Мәселе тілдің қауымдастығы туралы» деген мақаласында Еуропалық басылымдарда көтеріліп,

алға қойылған «тілдердің бәсекелестігі» туралы тұжырымдамаларда ортақ мемлекеттік тіл ретінде «батыс Еуропаның мәдени елдерінде» қолданылатын тілдердің бірін ұсынылғаны туралы жаза отырып, мұндай ортақ мемлекеттік тіл жалпыадамзаттық мәдениетті толық меңгеруіміз үшін ғана қажет емес екендігі, оның қазіргі жағдайда бізді жұтып қою қаупі төніп тұрған орыс мәдениеті мен орыс ықпалынан тезірек ажырау тәсілі болатынын, саяси және рухани орыстандыруға қарсы қару ретінде қызмет ететін негізгі фактор екенін атап көрсетті. Сонымен бірге автор орыс тілінің ықпалынан тез арылуға барынша кепілдік беретін тіл туралы шешім қабылдауды ұсынып, осы бағытта сапасы мен үйренуде қарапайым түрік тілінің бірі құмық тілін ұсынып, оған нақты дәлелдер келтірген болатын.

Өзінің қайсар саяси қызметімен, бірнеше тілде жазылған шығармашылық мол мұрасымен, тамаша саяси-әлеуметтік ой-тұжырымдарымен әлемге танылған Мұстафа Шоқайдың біздің бүгінгі тәуелсіз жағдайымызда аса қажет ұлттық рух мен оның негізі болып саналатын ұлттық тіл туралы ойлары осыдан бір ғасырдай бұрын айтылса да, еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғанымызға отыз жылдан асса да, бұл қасиетті ұғымдарды биік, өз деңгейінен ұғынып, ұстай да алмай келеміз десек артық көрмеңіздер.

Бізде жалпы тарихымызды көбіне даталы кездерде ғана еске алу қалыптасқан. тарихи ұлттық құндылықтарымызды күнделікті өмірімізде жүйелі дәріптеп отыру салт-дәстүрімізге айнала қоймаған. Бұл көбіне өткен өміріміздің әсерінен жалғасып келеді. Алаштың алдыңғы толқын ардақтылары, тұңғыш ағартушы, ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов, атақты кәсіби педагог Ыбырай Алтынсарин және хакім Абай Құнанбаев халқымыздың отарлық жағдайын білмеді емес, білді, сонымен байланысты кейінгі ұрпаққа тамаша өсиеттер қалдырды. Шоқан Уәлиханов «Сот реформасы жайындағы жазбасында»: «Халықтың қалыпты түрде өсуі үшін ол дамудың қандай деңгейінде тұрса да: өзіндік дамуы, өзін-өзі қорғауы, өзін-өзі басқаруы және өзіндік соты болуы қажет» десе, саяси сергек Ыбырай Алтынсарин орыс селендерін қазақ еліне әкеліп орнатпақ болғандар туралы: «Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар, - келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, - тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың» деп еді. Хакім Абай «орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор» дей отырып, орыстың тілін, оқуын, ғылымын білгенде оның «пайдасына ортақ болумен қатар» «зарарынан қашық болуды» ескерткен еді. Ал басқа саяси жағдайда дүниеге келген Алаш жетекшілері тәуелсіздіктің ең басты талабы ана тіліміздің азаттығы, халқымыздың өз тіліне толық ие болуын басты мұрат еткен болатын.

Рас, бұл ойларға кешегі кеңестік кезең мойын бұрғыздады. Ал қазіргі тәуелсіздік жағдайында да оларды мектеп оқулықтарынан кездестіре бермейміз, оларға күнделікті өмірде жеткілікті көңіл бөлмейміз. Осыларды ескере отырып, қағидатты бір мәселеге назарларыңызды бұрғым келеді. Ол -сан ғасыр күресіп қол жеткен Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету Алаш жетекшілерінің асыл өсиеттерін бойымызға сіңіруді, оларды рухани азық етуді, бүгінгі тәуелсіздік ұсынып отырған талаптарды батыл шешуді, әлемдегі саяси-әлеуметтік жетістіктерді өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып қабылдауды қажет ететіндігі. Біз ислам дінін де өзіміздің тұрмыс-тіршілігімізді ескере отырып қабылдаған болатынбыз.

Кеше егемендіктің елең алаңында ұлтымыздың алдыңғы толқын азаматтары ана тіліміздің еркіндігі үшін күресіп, барлық елді мекендерде қазақ тілі қоғамдарының филиалдарын, мекемелерде оның бастауыш ұйымдарын құрды. Соның нәтижесінде 1989 жылдың 22 қыркүйегінде өткен он бірінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс он төртінші сессиясында «Қазақ ССР-інің тіл туралы» Заң қабылданып, қазақ тілі аса зор қиыншылықпен мемлекеттік мәртебеге ие болды. Шындығында бұл

еліміз үшін аса бір сындарлы кезеңде, республикада барлық 16,5 миллиондай халықтың 6 534 616-сы қазақ, 6 227 549-сы орыстар болып отырған жағдайда ана тіліміз үшін үлкен жетістік болатын. Алайда мұндай рухани өрісті, шынайы ұлтшылдық үдерісті ары қарай тиімді жалғастыра алмадық. Себебі алғашқы кезде қолдау көрсеткен, бірақ саяси саналы халықпен жұмыс істеу де, оны басқару да қиын, күрделі болатынын білген, жан жағына жалтақтаған билік тілімізді төрге шығару жолында қалың қазақты оятуға бағытталған, көптеген батыл қадамдар жасаған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын бірте-бірте назардан тыс қалдырып, оның жұмысының әлсіреп тарауына жеткізді. Содан бұл аты бар да, заты жоқ қоғамға айналды.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қайтадан шаңырақ көтерді. Алайда ала-құла деңгейде құрылған, тіл маңындағы ірілі-ұсақты тірлікпен айналысып, ана тіліміздің қолданысаясын кеңейтетін, мемлекеттік мәртебесін арттыратын елеулі шараларға бара алмай, екінші жағынан жергілікті билік тарапынан тиісті қолдау болмай тіліміз үшін күресті бүкіл халықтық қозғалысқа келтіруде белсенділік таныта алмады.

Осыдан отыз бес жыл бұрын ана тіліміз ие болған мемлекеттік мәртебесін көтеруде батыл қадамдар жасай алмаудың нәтижесінде оны ұлтаралық тіл деңгейіне көтере алмай келеміз. Бұған дәлелдерім жоқ емес. Аралас мектептер күн санап көбейіп, отбасында ұлттық тәрбиенің әлсіреуінен жас ұрпақтарымыздың өз тілдерін еркін меңгеруіне жағдай елеулі төмендеді. Сонан соң өз тілін еркін меңгермей, ұлттық ойлау жүйесі қалыптаса қоймаған жас ұрпақтың басқа тілдерді меңгеруі теріс тірлік екенін өмір көрсетіп отыр. Осылардың әсерінен 1995 жылы қабылданған Ата заңымыздың 7-бабының бірінші тармағында: «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп жаздық та, келесі екінші тармағында бұған қайшы: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген норма елімізді қостілділікке жеткізді. Ал 93-баптағы «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деген маңызды қағида көп ұзамай ұмытылды. Ал 1997 жылғы шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» (Бұл атау дұрыс, ол орыс тілінде «О языках в Республике Казахстан» деп аталады) Заңның 27 бабының басымы орыс тілінің жағдайын қарастырған болатын. Сондай-ақ мемлекеттік тілді білуді міндетті дей алмай, оны игеру «парыз» деп жазуға мәжбүр болдық. Ал парыз өз ішінде «айн» және «кифая» болып екіге бөлінеді: «Айн парыз» - әрбір мұсылманға тікелей жүктеледі, ал «кифая парыз» - кейбір мұсылмандардың іске асыруы арқылы барша мұсылманның мойнынан түсетін парыз. Осындай себептерден кезең-кезеңмен қабылданып келе жатқан Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламалары да тиісті нәтиже бере алмай келеді.

Кеше тәуелсіздіктің отыз жылында «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» немесе «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесуі керек» деп ұрандаттық та, мұны нақты іспен жалғастыра алмай, қайта қайшылық жағдайларға бардық. Үш тұғырлы тіл деген саясат ұстанып, жас ұрпағымызға балабақшаларда үш тілді, қазақ тіліне орыс және ағылшын тілдерін қоса үйретуге тырыстық. Балаға бастауыш білімді ана тілінде беру керек деген чехтың ұлы педагогы Я.А.Коменскийдің, орыстың атақты педагогы К.Д.Ушинскийдің, қазақтың тұңғыш педагогы Ы.Алтынсариннің айтқан ойларымен, кешегі ғасыр басында ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектепті бес жылдық етейік, оның үш жылында ұл қыздарымыз ана тілінде білім алып, төртінші кластан орыс тілін оқытайық деген өсиетін желге ұшырдық. Жапондықтардың балаларын он екі жасқа келгенше өзге тілді оқытпау дәстүріне көңіл бөлгіміз келмейді.

Мұның барлығы ата-бабамыз сан ғасыр алысып, талай ардақтыларымыз құрбан болып, қол жеткен тәуелсіздікті толыққанды сезінетіндей ұлттық рухани сезімнің әлі де жетісе бермеуінен, «Тәуелсіздік» деген қасиетті ұғымды тереңірек түсінбеуден болып отыр. Ресми құжаттарда «ұлттық мемлекет» деген сөздер айтыла бермейді. Халқымызды құлдық психологиядан арылту бағытында саяси құқықтық батыл қадамдардың жасалмауы былай тұрсын, бүгін тілге қатысты конституциялық нормаларды бұрмалау фактілері жоқ емес. Кейінгі кезде Ата заңымыздың 7 бабының 2 тармағындағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жегілікті өзі өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген құқықтық норманы орыс тілінің ресми мәртебесі деп айтатын болдық.

Ана тіліміздің абыройын арттыру бағытына жүйелі де батыл жұмыс жоқтығына тағы да бірнеше мысалдар келтіре кетейін, Бас басылымымыз - «Егемен Қазақстан» газетінің биылғы жылдың 23 тамызындағы санында басылған «Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру - жастарға сын» деген мақаласында әлеуметтанушы Айдар Хамит қазіргі ЖОО-да қазақ тілінде білім алып жатқандар қатары жылдан жылға өсіп, 65,3 пайызды құрайтынын, зерттеулерге сүйеніп, жастарымыздың 67,6 пайызы өз тілдерінде жиі сөйлесетінін жазыпты. Ал қазақ тілін тиісті деңгейде меңгергендердің көрсеткіші келесі облыстар бойынша мынандай көрінеді: Солтүстік Қазақстанда (8,2%), Қостанайда (9,0%) және Қарағандыда (6,5%). Бұл мәліметтерді қалай қабылдауды өздеріңіз білерсіздер. Ал осы газеттің 30 тамыздағы санында жарияланған «Павлодар: Қазақ мектебінің жайы қалай?» атты мақалада Кереку өңіріне қазақ мектептеріне баратын балалар санын ұлғайту өте өзекті мәселеге айналып отырылғаны жазылған. Білім беру басқармасының мәліметінше, өткен оқу жылында облыс бойынша мектеп табалдырығын аттаған 23,5 мыңның 43 пайызы ғана қазақ сыныбын таңдаған. Ал биыл 11 мыңға жуық баланың таңдауы 45 пайыз болып отырған көрінеді. Мұндай жағдайды Солтүстік облыстарымыздың барлығына дерлік тән деуге болады. Басқа қалаларға үлгі болуға тиісті Астанамыздағы жағдай да осындай.

Келесі бір жәйіт. Ана тіліміздің мүшiл халін «Қазақ әдебиеті» газетінің 24 қыркүйектегі санындағы «Тіл тілді өлтірмейді, сөйлеуші өлтіреді» деген мақала еріксіз көз алдымызға келтіреді. Газетте «Зерттеулерде жойылып кететін тілдердің алғашқы белгісі «тіл өкілдері өз тілінде бола тұра, сөз арасында үстем тілдердің сөздері мен сөз тіркестерін қосып сөйлейді» делінсе, соңғы белгісі «тілде сөйлейтін ұрпақ өз қоғамында өз тілінде сөйлеуге ұялатын, намыстанатын халге жетеді» деп жазылған. Бұл белгілер бізде де айқын байқалып келеді. Сонымен қатар газетте «соңғы 10-15 жылдың көлемінде орыс және ағылшын тілдерінің әсерінен қазақ тілінің әдеби нормасына едәуір салмақты залал келгені тіл жанашырларын алаңдатыр отыр» деп жазыпты. Бізде мұндай жағдайды терең түсініп, қамқорлық жасайтын шынайы тіл жанашырлары табыла қояр ма екен?

Мұның барлығын жергілікті тиісті мемлекеттік мекемелердің ұлттық тілімізге көңіл бөлмеуінен басқаша түсіндіру мүмкін емес. Ана тілімізге осындай қатынастың нәтижесінде 2017 жылға қарай елімізде мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтардың санын 80 пайызға, ал 2020 жылға қарай кемінде 95 пайызды құрауы тиіс деген сөздерді қазір тіпті еске де ала қоймаймыз.

Ана тілімізді игерудегі бұл кемшіліктер ғасырларға созылған отарлық езгі мен кеңестік қыспақтың ұлттық намысымызды әлсіретіп тастағанынан болып отырғанына сөз жоқ. Дегенмен тәуелсіздікке жеткен жылдары ана тілімізге деген ұлттық қажеттілікті толыққанды сезіне алмай, ұлттық рухымыздың негізі болып танылатын тілімізді Азаттығымыздың басты коды және Тәуелсіздігімізді тұғырлы етудің негізгі құралы ете алмай келе жатқанымыз өкінішті. Бізде ғана тілдің қасиетті «Ана» атымен аталуының терең мағынасын ұғынып қана қоймай, оны тұрақты ұстаным, бойымызға қуат, рухани әлеміміздің басты арқауы және қоғамымыздағы негізгі қатынас құралы ете алсақ, осыдан

отыз жылдан астам мемлекеттік мәртебеге ие болған тіліміздің жұлдызы жарқырай түсер еді. Бұл құдірет халқымызды да өркениеттің жаңа биігіне көтерері сөзсіз. Алла, ата-баба рухы лайымда осыған жеткізсін!

Әдебиеттер тізімі

- Шоқай, М. (1932). Түркістанның бақытсыздығы және одан құтылудың жолы.
 Шоқай, М. (n.d.). Большевиктер және шығыс мәселесі. *Шафақ газеті*.
 Шоқай, М. (1923). Ресей саясаты және Түркістандағы ұлттық қозғалыс. *Orient et Occident*.
 Шоқай, М. (n.d.). Кеңес мектептері және Түркістан жастары.
 Шоқай, М. (1937). Кеңестер Одағындағы ұлттық мемлекет мәселесі.
 Шоқай, М. (1935). Мәселе тілдің қауымдастығы туралы.

References

- Shoqai, M. (1932). Türkistannyñ baqytsyzdygy jäne odan qutyludyn jolý [The misfortune of Turkestan and the way to salvation].
 Shoqai, M. (n.d.). Bolshevıktler jäne Shygys mäś'elesı [The Bolsheviks and the Eastern question]. *Shafaq gazetı* [Shafaq newspaper].
 Shoqai, M. (1923). Resei sayasaty jäne Türkistandagy ulttyq qozgalys [Russian policy and the national movement in Turkestan]. *Orient et Occident*.
 Shoqai, M. (n.d.). Keñes mektepteri jäne Türkistan jastary [Soviet schools and the youth of Turkestan].
 Shoqai, M. (1937). Keñester Odayndagy ulttyq memleket mäś'elesı [The issue of the national state in the Soviet Union].
 Shoqai, M. (1935). Mäsele tilđiñ qauymdastygy turaly [The problem of linguistic community].

A.Q. Bakir

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

On the National Language

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of Mustafa Shokay's views on national language and national spirit. The author examines Shokay's works to demonstrate the importance of language as a key factor in achieving independence. The study explores the impact of colonial Soviet policies, linguistic assimilation, and the threat of Russification to Turkic peoples. Additionally, the article highlights Shokay's assertion that «a nation cannot achieve independence without a national spirit.» He strongly advocated for the development of native languages among the peoples of Turkestan. The role of language in shaping national identity and the Soviet government's restrictive policies are examined within a historical context. Finally, the article emphasizes the relevance of Shokay's ideas for modern language policies.

Keywords: Mustafa Shokay, national language, Russification, language policy, independence, Turkic peoples, national spirit, Soviet period.

А.К. Бакир

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

О национальном языке

Аннотация. В статье проводится всесторонний анализ взглядов Мустафы Шокая на проблемы национального языка и национального духа. Автор рассматривает его труды, показывая, что язык является ключевым фактором в борьбе за независимость. Анализируются последствия колониальной политики СССР, языковая ассимиляция и угроза русификации тюркских народов. Особое внимание уделяется утверждению Шокая о том, что «без национального духа невозможно достичь независимости». Он подчеркивал необходимость развития родных языков народов Туркестана. Рассматривается роль языка в формировании национальной идентичности и политика Советской власти, направленная на его ограничение. В заключение отмечается актуальность идей Мустафы Шокая для современной языковой политики.

Ключевые слова: Мустафа Шокай, национальный язык, русификация, языковая политика, независимость, тюркские народы, национальный дух, советский период.

Автор туралы мәлімет:

Бәкір Ә.Қ. – саяси ғылымдар докторы, профессор, Мұстафа Шоқай ҒО ғылыми жетекшісі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Information about authors:

Bakir A.Q. – Doctor of Political Sciences, Professor, Scientific Director of the Mustafa Shokay Research Center, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Бакир А.К. – доктор политических наук, профессор, научный руководитель Научного центра Мустафы Шокая, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

Әдебиеттану / Literary studies / Литературоведение

ҒТАР 17.82.09

Ғылыми мақала

А.Г. Курбанов, Р.Б. Кажиақбарова, Б.Қ. Абралиева^{1,2} Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан³ Мұрас Университеті, Шымкент, Қазақстан(E-mail: ¹agapasha.kurbanov.67@bk.ru, ²raushan.kazhiakbarova.75@mail.ru,³botagoz.abralieva@mail.ru)**Қ.А. Ясауи шығармашылығындағы танымдық аспектілер**

Аңдатпа. Мақалада исламның сопылық түркі тармағының негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауидің қызметі мен дүниетанымына талдау жасалады. Түркі мәдениетінің негізін қалаушылардың бірі ретінде сипаттайтын Қ.А. Ясауидің жеке басы, қызметі туралы жазбаша куәліктер беріледі. Оның «Диуани Хикмет» шығармасын талдау негізінде оның діни-философиялық дүниетанымының сипаты туралы, оның Исламды түркі ортасына бейімдеуі, түркі тілдес халықтарды біртұтас мәдени-саяси қауымдастыққа біріктіруі, Ясауидің сара жолын құруы, түркі тілінің мәртебесін көтеруі, хикмет арқылы Шығыс философиясы мен поэзиясымен танысуы сияқты маңызды аспектілері бар сопылықтың негізін қалаушы ретіндегі қызметі қарастырылады.

Ясауидің ең әрідегі деген қолжазбасы бойынша лексика-фразеологиялық, морфологиялық, археологиялық сипаттамасын беру, сол арқылы түркі жазба әдеби тілінің қатысуы мен дамуы теориясына үлес қосу болды. Ясауи хикметтерінің тілі жайлы зерттеулерді жинақтай тілдік, танымдық тұрғыдан талдау жасау ең маңызды жұмыстардың бірі. Бұл – Ясауи шығармаларының тілдік қаттауы толық және жан-жақты талданып көрсетуге жол ашары даусыз. Мәдениет – қоғамның, адамның шығармашылық күштерімен адам қабілетінің тарихи дамуындағы белгілі-бір саты, деңгейін, адамның өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың формасы мен типін, адам баласы жасаған рухани және материалдық игіліктердің дәрежесін көрсетеді. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік бостандығы мен тарихи зейіні, рәміз, таңбалық жүйелері, орны толмайтын шығындары мен өсиеттері, өмірлік сабақтары, діні мен тілі – бәрі мәдениетпен бітісе қайнасқан. Сол себепті тіл мен мәдениетті, адамның дүниетанымын қоса алып қарастыру көптеген алғышарттарға жол ашады. Ахмет Ясауидің шығармашылығын мәтіндік тұрғыдан зерттеу оны барлық түркі халықтарының танымалдығы, жалпы маңызы мен өзектілігі және әртүрлі тарихи дәуірдегі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл дәстүр соңғы онжылдықтарда қайта жанданды. Соңғы жылдары Ясауидің өмірі мен шығармашылығын зерттеудегі философиялық-мистикалық бағыт ерекше қызығушылық танытуда. Осындай сопылық бағытта жазылған дүниенің бірі – Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» танымдық, тілдік тұрғыдан алғанда табиғатының ерекшелігіне байланысты зерттеуді талап етеді.

Түйін сөздер: Қ.А. Ясауи, лингвотаным, аспекті, көне түркі тілдері, тіл ұғымдары.

DOI: <https://doi.org/10.71078/40k49s46>

Түсті: 27.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.03.2025.

Кіріспе

Ұлттық тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктерін, құпия сырын, табиғатын ашу, тіл жайындағы көзқарасты сол халықтың жан дүниесімен, тарихымен, ой-танымымен, мәдениетімен байланысты қарауды қажет етіп, оның кешенді сипатын күшейтеді.

Ал мәдениет болса адамның әрекетінен тыс өмір сүре алмайды. Сол себепті де адам, мәдениет, қоғам, тіл ұғымдары бір-бірімен өте тығыз байланыста бола отырып, үнемі бірін-бірі дамытып, жетілдіріп отырады даусыз. Соңғы кездерде философия, мәдениеттану, лингвистика, лингвомәдениеттану ғылымдары қарқынды дамыды деуге болады. Бұл ғылымдар адамға ерекше көңіл аударып, оның табиғатын, ішкі жан-дүниесін, менталитетін зерттеуге тырысуда.

Негізінен, мәдениет туралы әр түрлі еңбектерде мынадай анықтамаларды кездестіруге болады:

1. Мәдениет-адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терін тудырған жетістіктердің бәрін қамтиды.

2. Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы, адамгершілік нышаны жинақталады.

3. Мәдениет – адалдық мазмұнда болады. Мәдениеттің ерекшелігі сол – ол тек объективтік шындықты ғана емес, шығу жағынан қарағанда субъективті пікірді де қамтиды.

4. Мәдениет адам қабілеті игерген білімдердің жиынтығы (дін, заң, салт-дәстүр, өнер т.б.).

Жалпы Ясауидің философиялық көзқарастары, дүниетанымы, адамның және оның өмірінің мәні мен мақсатын, сондай-ақ оның негізін түсіндіру «Дафтар-и Авал» («Бірінші дәптер») еңбегінде көрініс тапты. Автордың басқа жазбасының абсолютті түпнұсқалығы туралы өзекті мәселелер А.К.Боровковтың (1904-1962), З.Б.Мухамедова (1922-1984) еңбектерінде қарастырылды. Сонымен қатар «Дафтар-и сани» («Екінші дәптер»), яғни әйгілі «Диуани хикмат» («Дана сөздер») шығармасы бар. Бұл әйгілі поэтикалық шығарма ретінде автор араб тілінде немесе бұрыннан бар әдеби дәстүрге қайшы келе отырып, түркі тілінде жазған. Осыған орай Ясауи шығармаларын танымдық тұрғыдан зерттеу өте маңызды (Исламов, (n.d.): 23).

Қ.А.Ясауи шығармашылығындағы лингвотанымдық аспектілер. Адам – белгілі бір ұлттық тілі мен менталитеті бар ірі тұлға. Ғылым адамды саналы, ішкі жан дүниесі, тағдыры бар жеке тұлға ретінде қарастыра бастады. Адам – Жер әлемінде өмір сүріп, дүниемен қарым-қатынасқа түсе алатын, Алланың әмірімен жаратылған, өзіндік ерік-күші бар тұлға.

Адам мен тіл арасындағы байланыс ғаламдарды ерте кезден-ақ қызықтыра бастаған. Солардың бірі – В. Гумбольдт. Ол былай дейді: «Изучение языка не заключает в себе конечной цели, а вместе со всеми прочими областями служит высшей и общей цели познания человечеством самого себя и своего отношения ко всему видимому и скрытому вокруг себя».

М.Бубер адамның үш жақты қатынасын ашып көрсетеді.

1. Әлемге деген қатынас;
2. Адамға деген қатынас;
3. Жаратушыға деген көзқарас.

Әлемге деген қатынас өнермен шектеледі, адамға деген қатынас махаббатпен шектеледі, жаратушыға деген көзқарас діни қатынаспен шектеледі. Адам мен адам арасындағы қатынас диалогпен айқындалады. Аллаға деген қатынас бізге естілмейтін, бірақ сезетін сезімдік құбылыстарға жауап қайтарумен нақтыланады. М.Бубер бөліп көрсеткен адамның жаратушыға деген көзқарасын зерттеу нысанымыз етіп алып отырған Қ.А.Ясауидің «Диуани хикметінен» де анық байқауымызға болады. Ясауидің баяндауынша: әрбір адам Аллаға бар ықыласымен, бар жан дүниесімен беріліп сиынуы тиіс. Аллаға деген көзқарасың шексіз махаббатқа ұласса ғана Хақ дидарын көре аласың деп, жаратушы бір Құдай екенін барша мұсылман қауымына түсіндіреді.

Э. Бенвенист 1960 жылдары жазған мақалаларында тіл табиғатының адамға берген сыйы. Сондықтан оны жасанды деу қате пікір деп көретеді. Оны былай деп дәлелдейді: «Өмірде тек тілі бар, екінші адаммен тілдік қатынасқа түсе алатын адам ғана өмір сүреді. Тілдің арқасында адам субъект ретінде қалыптасады, тіл ғана шындықты бейнелей алады».

Мыңжылдық тоғысында адамды зерттеп білуге деген қызығушылық арта түсті. 1990 жылдан бастап Ресейде «Человек» атты журнал шыға бастаса, 1991 жылы РҒА Адам институты құрылды. 1990 жылы «Человек и культура» жинағы, 1991 жылы «Адамдағы адамшылық қасиеті» атты жинақ шыға бастады. Ал Н.Д.Арутюнова осы мәселе бойынша көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 1998 жылы «Язык и мир человека» және «Логический анализ языка. Образ человека в культуре и языке» деген атпен екі кітабын жарыққа шығарды. Н.В. Уфимцева мен Ю.А.Сорокина әр ұлт өкілдері арасында тәжірибе жүргізіп, бір тілдегі көріністерге басқа ұлт өкілдеріне баға бергізу арқылы тілдік талдау жасады. Мәселен, орыс халқы өздеріне мейірімді, шыдамды, кішіпейілді, кең пейілді, ашық, сенгіш, талантты, өнертапқыш, интеллигентті, шындықты айтушы т.б. баға берсе, америкалықтар оларға, материалист, тату, қатты сөйлейтін, еркін, өркөкірек, өз ісіне берік, еңбексүйгіш, агрессивті, сараң, дөрекі т.б. баға берген.

Мәдениетті жасайтын да, мәдениетпен бірге өмір сүретін де – адам. Жеке тұлға мәдениет шеңберінде қалыптасады. Кеңістік – уақыт, тағдыр, құқық, байлық, еңбек, ар-ұят, өмір, өлім, бәрі – мәдениет категориялары. Бұлар жеке тұлғаны қалыптастыруға көмектесетін координаттар. Жеке тұлға туралы алғашқы пікірді И.Вейсгербер айтқан. Орыс тіл білімінде оны жалғастырушы В. Виноградов жеке тұлғаны қалыптастыратын екі факторды атап өтті:

1. Автордың жеке тұлғасы;
2. Кейіпкердің жеке тұлғасы.

Ю.Н. Караулов: «Тілдік тұлға тек мәтінді құрылымдық – тілдік қасиеті жағынан ажырата алатын, шындықты дұрыс бейнелей алатын, өзіндік мақсаттық бағыты бар адамды айтамыз»- дейді. Оның пікірі бойынша тілдік тұлғаның үш құрылымдық деңгейі болуы тиіс:

1. Вербальдық-семантикалық деңгей;
2. Когнитивтік деңгей (білім, таным);
3. Прагматикалық деңгей (уәжділік пен мақсат);

Тілдік тұлға ұғымының құрылымын төмендегіше көрсетуге болады:

1. Бағамдық, дүниетанымдық, тәрбиелік компонент. Тіл дүние туралы алғашқы және терең түсінікті қалыптастырады.
2. Мәдениеттанымдық компонент. Бұл тілге деген қызығушылықты қалыптастырады.
3. Жеке тұлғалық компонент: жеке қасиеттердің қалыптасуы.

Тілдік тұлға әр түрлі деңгейдегі (ғылыми, тұрмыстық) қоғамдық санада, тілде көрініс тапқан мәдениет өрісінде өмір сүреді. Мәдениет сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдерде, мәтіндерде көрініс табады. Әр мәдениеттің өзіне тән өлшемі мен координаттары бар. Ал, этностың бар өміріне рухани азық болған, тұрақты ұрпақ жалғастығына себепкер құбылыс – салт-дәстүрлердің ұлттық мәдениет бастауы екендігі сөзсіз. Мәдениет тілдің таңбалау қасиеті арқылы танылады. Оған дәлел халық ауыз әдебиеті үлгілері, соның ішінде біздің зерттеп отырған Қ.А. Ясауи «Хикметтері» екенін де ерекше атап кетуге болады (Маслова, 2001: 23).

XII ғасыр әдебиетінің үлгілеріне М. Қашқаридің сөздігін, Қ.А. Ясауидің «Диуани хикметін», Қ.А. Ясауи хикметтеріне сүйене отырып жазған Сүлеймен Бақырғанидің еңбектерін және т.б. туындыларды жатқызуға болады. Бұл шығармалардың барлығында діни мифтік таным өте көп кездеседі. Өйткені түркі әлемінде ислам діні IX-X ғғ. бастап кең таралып, ислам діні мойындала басталды. Сондықтан араб парсы мәдениетінің

түркі дүниесіне енуі нәтижесінде қалаларда дінді уағыздайтын мешіттер, медреселер, кітапханалар ашылып, діни сарында жазылған шығармалар пайда бола бастады. Осындай сопылық бағытта жазылған дүниенің бірі – Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» мен М. Қашқаридің сөздігі. Тарихи тұрғыдан ол дәуір туралы мәліметіміз шектеулі, өте аз. Тарихи құндылықтардың ішіндегі дереккөздердің жұтаңдығы, өте аздығы өз алдына бөлек нәрсе, ал, қолда бар деректердің өзін алып қарағанда, олар жеткіліксіз, оларды әлі де зерттеп толықтыра түсу керек. Қашқари, Ясауи өмір сүрген дәуірдің тарихи, діни, саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени-әдеби қабаттары әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Қолда бар деректердің өзі М. Қашқаридің, Қ.А. Ясауидің туған жері, өскен ортасы, оқыған мектептері мен рухани-мәдени әлемінен өз дәрежесінде ақпарат бере алмайды. Сондықтан да Ясауи өмір сүрген әлемдегі исламның хал-жағдайы, сопылық дүниетаным мен тариқаттардың рет саны мен сапасы, ғылымы, ілімі мен білімі арасындағы қатынастың мәні зерттелмей, анықталмай отырғандығы толғандыратын мәселе. Десек те, Әл-Фараби, ибн Сина, М. Қашқари, Қ.А. Ясауи, С. Бақырғани туралы жазылған тарихи, мәдени, әдеби маңыздылығы бар дереккөздердің көпшілігі аңыз-әңгімелерден құралған деп айтуға болады. Сонымен қатар, олар туралы деректер қазіргі заманға ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен. Олар кейін ғана хатқа түсіп, бір жүйеге келтірілген. Бұл соңғы уақыттың жемісі, жеткен жетістігі.

Жалпы алғанда, түркі заманындағы ислам әдебиеті, мәдениеті мен философиясы хикмет ретінде халық арасында жақсы танылған және Ясауи, Бақырғани хикметтері өздері өмір сүрген дәуірдің философиясын толық бейнелеп беретін дүниетанымдық, психологиялық ойлау жүйесі (Көпрүлү, 1999: 65-68).

XII ғасырдағы барлық әдебиет үлгілеріне тән «Хикмет» – ислам философиясын басқа философиялық мектептерден ажыратып тұрған, жинақтаушы ұғым, дүниетанымдық ойлау жүйесін құрайтынын жоғарыда айтқан болатынбыз. Фараби, Ибн Сина, Матуриди, Баласағұн, Қашқари, Иүгнеки, Ясауи сияқты даналарымыз Құранға негізделген хикметтері арқылы түрік-ислам өркениетіне жол салды. Мысалы, Фараби болмыстың мәніне жетуді рухани арылу мен рухтың интеллектуалдық тұрғыдан дамуына негіздесе, Ибн Сина да болмыстың мәнін құдайлық махаббат арқылы негіздеді. Ал, Ясауи бәрін жаратушы бір Алла деп есептейді.

Тіршілік заңдылығы мен құндылығы, өмір мен өлім, ізгілік пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, ақ пен қара арасындағы бітіспес қарама-қайшылық постмодернизм поэзиясында мүлде жаңа қалпымен мүсінделді. Фәнидің қас қағым сәттілігі мен бақидың мәңгіліктігін көркемдік танымында жаңаша түрлендірген ақындар бұл заңдылықты табиғат құбылысымен аастастыра бейнеледі.

Мифтік таным негізінде туындаған оқиғалар мен сол негіздегі бейнелер адамзаттың этикалық және эстетикалық мұраттарына қызмет етіп келе жатқанына ежелгі, орта, қазіргі дәуірлердегі фольклорлық мұралар, ауыз әдебиетінің үлгілері, қазіргі көркем әдебиет туындылары мысал бола алатыны даусыз. Қазақ әдебиетіндегі, сонымен қатар, әлем әдебиетіндегі классикалық дәуірден басталып, бүгінгі XIX-XX ғасырдағы қазіргі дәуірдегі әдебиетке дейін жалғасқан халықтың мифтік дүниетанымы сан алуан бейнелілікті, көркемдік қалыптарды түзіп, өзінің мүмкіндігін танытуда. Ұлттық әдебиетіміздегі осындай жаңа сипатқа ие болған поэзиялық, прозалық баға жетпес туындылардың барлығы дерлік осы мифопоэтикалық пішіндермен бейнеленіп, көркемделген. Мифтік танымның халықтың дүниетанымында тылсым сыр, киелі салт-дәстүр, әулиелік туралы саналы ойлар мен пікірлерді күрделі түрде жинақтап көрсетуінің өзі маңызды құбылыс екенін дәлелдейді. Оның өзі күрделі көркемдік тәсіл болып саналады. Мысалы, халықтың мифтік түсініктегі бойынша күн мен түннің арасындағы шекара өлеңде «қақпа» пішінінде көрінген. Қақпаның ішіндегі «түн – көк төбет» метафорасы келесі шумақта күрделене түседі. Түнгі суреттің бірін осылай «көк төбет» әрекетімен бере отырып, келесі жолдарда

қара түнді қара суға ұқсатады. Мәселен,

Қап-қараңғы үрейдің арқасындай,
Мына түннен азырақ қорқасың да,
Күлген сайын сырттағы күрең боран
Жын жылайды пешіңнің қолқасында.

ҚожаАхмет Ясауидің «Диуани Хикмет» атты өлеңдер жинағы орта ғасырлардағы (XII ғ.) түркі жазба ескерткіштерінің бірі. Қ.А.Ясауидің бұл шығармасы туралы, жазылу тарихы жайлы Қазақ ССР 4 томдық қысқаша энциклопедиясында төмендегіше түсініктеме беріліп өткен: «1157 жылы 63 жасқа толғаннан кейін пайғамбар жасына жеттім, бұдан әрі өмір сүруім күпірлік деген оймен осы күнгі өзінің кесенесі маңынан жер асты мешітін-хилует салдырып, сонда ғұмыр кешеді. Хилуетте өткізген он жылдың ішінде А.Ясауи өзінің атақты «Диуани Хикмет» («Даналық сөздердің жиынтығы») деп аталатын циклды өлеңдерін жазады. А.Ясауидің «Диуани Хикмет» тәрізді көне түркі мәдениетінің озық үлгісі қазақ халқының құрылу кезінде оның эстетикалық мәдениетінің қалыптасуына зор ықпалын тигізді. Бұл шығарма өз заманының рухани саладағы игі жетістіктерінің бірі екеніне ешкім дау келтіре алмас. Өйткені ол сол замандағы қоғамның рухани өмірін көркейте түсті. Сопылық өлеңдерді қамтыған әйгілі шығарманың қай жағынан алсақ та үлкен мәні бар:

1. «Диуани хикмет» тілдік және әдеби шығармалар, туындылар өте аз болған дәуірге жатады. Сондықтан мұндай шығарманың тілі жағынан болсын, әдебиет тарихы тұрғысынан болсын құнды болуы шарт.

2. «Диуани хикмет» сопылық түркі әдебиетінің ең маңызды жәдігері болғандықтан ертеден бері шығыстанушылардың назарын аударып келеді. Қазіргі уақытқа дейін жеткілікті зерттелмегенімен жеке дара кейбір зерттеулер жүргізіліп, баспа беттеріне жарияланып, енді кейбірі батыс тілдеріне де аударылды.

3. Шығыстанушылардың назарын аударып келген бұл шығарма тілдік қолданысы жағынан да, тәрбиелік мәні мен діни ұғымдарды насихаттауы жағынан да өте маңызды еңбектерінің бірі.

«Диуани хикмет» әдеби тұрғыда біршама зерттелгенімен, тілдік тұрғыдан зерттелуі кенже қалып келеді. Күні бүгінге дейін жарық көрген зерттеу жұмыстарында Ясауидің өмірбаяны, діни көзқарастары мен қызметі, уағыздары жайында мәселелер қарастырылған. Ал тілдік жағын қарастырған ғылыми зерттеулер аз.

Қ.А. Ясауи тіліне қатысты жалпы пікір айтқандардың бірі – А.К. Боровков. Ол Ясауи мұрасын қолжазба негізінде зерттеп, оның лексикалық, грамматикалық, морфологиялық құрылымына талдау жасаған.

Бұдан тыс баспа беттерінде жарық көрген еңбектерде С.Е. Малов, Л.М. Мелиоранский, акад. К. Залеман, Н.А. Баскаков секілді орыс түркітанушыларының, Ф.Көпрүлү, С.Айдын, К.Ераслан секілді түрік ғалымдарының, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ә.Марғұлан, С.Дәуітов, Р.Сыздықова, Ә. Құрышжанұлы, Ә.Қоңыратбаев т. б. өзбек, орыс, түрік ғалымдар біршама зерттеулер жүргізіп, сөз еткен.

Қ.А. Ясауи өмір сүрген дәуірдегі сопылық бағыт, соған байланысты туындаған Ясауи ағымының тарихы, дүниетанымы, шыққан тегі, ортасы, білім алған орындары, білім берген ұстаздары, ағымын әрі қарай ұштастырып жалғастырған шәкірттері жайында да зерттеулер, жүргізіп, түрлі пікірлер айтқан ғалымдар да бар. Мысалы, фон Г.Э.Грюнбаум, Дж.Тримингэм сияқты шетелдік ғалымдар; В.Д.Греков, В.В.Бартольд, А.Л.Гаррицкий, С.Э.Бертельс, В.А.Гордлевский, С.Г.Кляшторный, Г.М.Султанов сияқты орыс ғалымдары, К.Ераслан, Ерхан Айдын тәрізді түрік, М.Дулатов, М.Ж.Көпеев, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов, Ж.Жолаев, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, К.Тәжікова, М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, М.Шафиғи, Ә.Күмісбаев сияқты қазақ ғалымдарының есімдерін бір бөлек

атауға болады. Олар хикметтерінің мәтінін біршама талдап, өз тұжырымдарын ұсынған.

Қ.А.Ясауи тіліне қатысты жалпы пікір айтқандардың бірі ретінде А.К.Боровковты атауға болады. Ол Ясауи мұрасын қолжазба негізінде зерттеп, оның лексикалық, грамматикалық, морфологиялық құрылымдарына талдау жасаған. Ол өз ізденістерін тек бір ғана қолжазбаның мәтіні бойынша жүргізді. Бұл қолжазба орыс ғалымы акад. К.Г.Залеманның ХІХ соңғы кезінде Самарқанд қаласынан Ресейге алып шыққан қолжазбасы болатын. А.К.Боровковтың бұл зерттеуін Р.Сыздықова жүйелі түрде, белгілі бір тәртіппен жасалған талдау емес, дегенмен нақты фактілерді көрсеткен жақсы зерттеу үлгісі деп санайды.

Ал түркі халықтарының ішінде Ясауиді ең алғашқылардың бірі болып кеңірек таныстырған түрік ғалымы проф. Мехмет Фуат Көпрүлү болатын. Ол өзінің ең алғашқы мақаласын 1913 ж. «Ахмет Ясауи мен оның шағатай тіліне ықпалы» деген атпен жариялайды. Кейінірек 1918 жылы «Түркі әдебиетіндегі алғашқы сопы-ақындар» атты монографиясын Стамбул қаласында басып шығарады. Онда Ясуидің өмірі мен діни қызметі, жеке көзқарастары туралы сөз етеді. Бірақ бұл монографияның бір ерекшелігі автор мұнда Ясауи хикметтерінің тіліне талдау жүргізбейді. 1999 жылы М.Ф.Көпрүлүнiң аталған еңбегін түрік ғалымы Кенан Коч қазақ тіліне аударған. Бұл еңбек жөнінде Р.Сыздықова толығырақ баяндап, халыққа таныстырған (Көпрүлү, 1999: 41).

Мехмет Фуат Көпрүлүнiң «Қожа Ахмет Ясауи. Танымы мен тағлымы» деген зерттеуінде «Диуани хикметке» жан-жақты сипаттама берілген. Алайда тілдік мәні жөнінде терең талдау берілмеген. Дәл осы жөнінде ол былай дейді: «Біздің бұл бірнеше жазба нұсқалар жөніндегі зерттеулеріміз өкінішке орай, тіл және әдебиет тұрғысынан алғанда ешқандай жақсы нәтиже бере алмады, яғни бұл маңызды шығарманың ескі нұсқасына ойымызды терең жеткізе алмадық». Автор шығарманың бір рет Стамбұлда, төрт рет Қазанда, бір рет тас баспа ретінде Ташкентте басылғанын айта келе, олардың ешқандай сенуге тұрмайтын жаңа жазбаларға сүйене отырып жасалғандығын ескертеді. Стамбұл басылымындағы бес-алты өлең мен Қазан басылымындағы екінші бір өлеңнен басқаларының бәрі Құл Қожа Ахмет, Қожа Ахмет Ясауи, Ахмет Мискин деген секілді бір-біріне өте ұқсас бірнеше әртүрлі жақын лақап аттарды пайдаланған бір ақынға тиесілі екендігін атап көрсетеді. Бұл лақап есімнің иесі – Қожа Ахмет Ясауи деген абсолюттік хақиқат ретінде үстем болып отырғандығын айта келе, өзінің бұл пікірмен келіспейтіндігі жөнінде өз ойын білдірген. Оның пікірінше: «Жоғарыда атап көрсеткен Құл Қожа Ахмет, Ахмет Мискин т.б. сияқты лақаптармен жазылған шығармалардың барлығын Ахмет Ясауиге телімеу үшін жеткілікті дәрежеде тарихи және әдеби дәлел бар. Егер сол дәлеліміз дұрыс болса, онда бүгін Қожа Ахмет Ясауиге телініп жүрген бұл «Диуани хикмет» дәруіштерінің ішіндегі Ахмет деген бір ақынға тиісті болуы да мүмкін. Өйткені Стамбұл басылымындағы «Диуани хикметтің» бірнеше жерінде «Дефтери-сани» (екінші дәптер) мәселесі қайта-қайта айтылып өтеді. Бәлкім ол «Диуаниды» құрастырған ақынның Қожа Ахмет Ясауидің шығармасын «алғашқы дәптер» деп есептеп, дәл сондай стильдегі «хикметтерден» тұрғаны үшін «Диуани хикмет» есімін өз шығармасын «екінші дәптер» деп есептеген шығар. «Диуанидың болсын, оны құрастырған ақынның аттас болуынан болсын жазылған шығарманың кейіндері ескі танымал сопыға теліну мүмкіндігі әбден ықтимал».

Ф. Көпрүлүнiң өз еңбегінде атап көрсеткен болжамдары бүгін өз шешімін табуда. Тіл зерттеуші ғалымдар Қ.А.Ясауи шығармаларының тілін зерттеуді біртіндеп қолға алып, оның шығармаларындағы фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктерді жан-жақты зерттеп көрсетуде.

Орта ғасырдағы түркі әдеби тілдерінің қалыптасуы мен дамуы туралы мәселемен

шетелдік ғалымдармен бірге В.В.Радлов, К.Г.Залеман, С.Е.Малов, А.Н.Самойлович, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак, Э.Фазылов, С.Н.Иванов, З.Мұхамедова, А.Н.Кононов сияқты атақты түркологтардың да айналысқандығы туралы жоғарыда аталып өтті. Бұл ғалымдардың барлығы ерлік есерткіш тілін лингвистикалық тұрғыдан талдап, оларға сипаттама берді. Бұлар да Ясауи тілінің түп негізі қазіргі түркі тілдеріне қатысы туралы айтылған ой-пікірлері әртүрлі, кейде тіпті бір-біріне қарама-қарсы келетін жерлері де көптеп кездесіп жатады. Дәл қазіргі уақытқа дейін Ясауи хикметтерінің тілі жайлы мәселе зерттеушілер арасында дау-дамай туғызып келеді. Р.Сыздықова Ә.Нәжіптің оның тілін қыпшақ пен оғыз тайпаларының тілдеріне негізделген десе, К.Г.Залеман, акад. С.Е.Малов, А.К.Боровков, А.Н.Кононовтардың, Н.А.Баскаков, Ф.Көпрүлү сияқты ғалымдар Ясауи тілінің XI-XII ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген отырықшы және көшпелі түркі тайпаларының тілдерінен іздегендігін айтады.

А.Н. Кононовтың оны қараханидтер дәуіріндегі қарлұқ-ұйғыр жазба тіл үлгілерінің тіліне жақын келетіндігін айтса, А. К. Боровков оның оғыз-қыпшақ тілінің үлгісі деп санайтындығын, ал А.М. Щербактың оны оғыз тайпаларының тілі емес деп көрсеткендігін атап көрсетіп, осы мәселені шешу жолындағы өзіндік пікірлерін мысалдармен дәлелдеп көрсеткен. Ғалым бұл жөнінде былай дейді: «Ясауи хикметтерінің сөздік қазынасы мен фонетика-морфологиялық бітімі бір ғана түркі тілін былай қойғанда, бір ғана қыпшақтың немесе оғұздың, я болмаса қарлұқтың тобына жатпайды, мұнда өзге де түркі жазба ескерткіштері сияқты бұлардың барлығының да үлгілері орын алған. Бірақ Ясауи тілінің сүйегі қыпшақтың, оның - j тобына (йакын, йоқ, йаман) жататын тіл. Сонымен қатар мұнда оғұз элементтерінің мықты араласуы көзге түседі. Көп ретте қыпшақ-оғұз қатарлары жарыса қолданылып отырады, сондықтан Ясауи тілінің негізі қыпшақ-оғұз әдеби тілі деп бізден бұрын айтылған тұжырымды біздің талдауларымыз да қуаттайды.

Өзбек тілі мен әдебиеті тарихында Ясауи шығармашылығы жеке тарау болып соңғы елуінші жылдардан бері ене бастаған. Қазір Э.Рустамов сияқты өзбек ғалымы өз зерттеулерін жариялап жүр.

Қазақ ғалымдарының арасында да Ясауи тіліне қатысты айтылып келе жатқан пікірлер де баршылық, бірақ олардың көбі жалпы сипаттама беріп өткен. Нақты тұжырымдар жасап, ескерткіш тілін арнайы зерттеп, монографиялық еңбек жариялағандар, пікір білдергендер жоқтың қасы.

Қ.А. Ясауи шығармаларының зерттелуі жайлы сөз болғанда М.Дулатов, Қ.Жұбанов, Ж.Жолаев, Ә.Құрышжанов, Р.Сыздықовалардың есімдерін атамай кетпеске болмайды. Осы аталған ғалымдардың ішінде Ясауи туралы алғашқы сөздерді М.Дулатовтан оқи аламыз. Бұл туралы ол былай деп жазады: «Қ.А. Ясауи 1166-1167 жылы опат болып, оның бейітін түркі тұқымы, әсіресе, қазақ халқы әр уақыт зиярат ететін болған. Бұған қарағанда Әзірет Сұлтанды қазақты құрған ру- тайпалар о бастан қадір тұтып, іліміне бой ұсынған. Бұл дәстүр ХҮІІ ғасырдан бастап Түркістанды қазақ хандары бтлегеннен кейін, одан сайын күшейіп, соңғы ғасырларға, тіпті, күні бүгінге дейін халқымыздың өмір-тіршілігіне келіп ұласқан дауте болады (Сыздықова, 2000: 46).

М.Дулатовтан кейін Қ.А. Ясауи туралы сөз еткен проф. Құдайберген Жұбанов пен Жанғазы Жолаев. 1999 жылы осы аталған екі ғалымның авторлығымен «Жұлдыз» журналының 8 номерінде «Қ.А.Ясауи» атты көлемді басылып шығады. Бұл мақала туралы проф. Есет Жұбановтың алғысөзі берілген. Мақалада Қ.А.Ясауидің тілін тануға қатысты ой-пікірлері де берілген. Авторлар мұнда Ясауи тілі әлі толық зерттеліп біткен жоқ, оны зерттеудің маңызы өте зор, «Диуани Хикмет» тілі қазіргі түркі халықтарының ішінде қайсының тілі жақын екендігі туралы үзілді-кесілді жауап беру де қиын дейді.

1966 жылы Т.Есембаев Қ.А. Ясауидің поэзиясын, оның тіліндегі сопылық терминдерді, көріктеуіш элементтерін, поэзиясын зерттеудің кейбір қағидаларын сөз еткен. Ал

М.Жармұхамедов шығарма тілінде кездесетін араб сөздеріне біршама талдау жасап өткен.

Б.Жұбатова болса кейбір грамматикалық элементтеріне талдау жасап, біраз зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ал Р.Бердібаев өз еңбегінде Ясауи поэзиясы мен қазақ поэзиясы арасындағы байланыс, ұқсастықтар туралы, оның өмір сүрген дәуірі жайында сөз қозғайды.

Ө.Құрышжанов Ясауи тіліне, оның лексикалық сипаты мен ерекшеліктеріне назар аударып отырып, текстологиясы мен аудармасына байланысты құнды пікірлер айтып, аударма ісінде кеткен кемшіліктерге тоқталып, қате аударылған сөздерді түзетіп, аударманың дұрыс үлгісін көрсетіп береді.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу тақырыбының ерекшелігі мен мақсатына байланысты бұл жұмыста синхрондық тұрғыдағы сипаттамалы, салыстырмалы, салғастырмалы, құрылымдық (структуралық), жүйелеу, топтау, бағалау, талдау (семасиологиялық) тәсілдері қолданылады.

Нәтижелер мен талқылау

Тілдік ерекшеліктер Р.Сыздықованың «Ясауи Хикметтерінің тілі» деген көлемді еңбегінде жан-жақты сипатталған. Автор бұл еңбегінде «Хикметтің» зерттелу тарихына тоқталып, даналық жырлардың фонетикалық, лексикалық, морфологиялық сипатына терең талдау жасап көрсеткен. Хикмет тілінің көркемдік сипатына тоқталып, өлең құрылысы, тілдік негізі туралы баяндай келіп, Самарқанда қолжазбасының транскрипцияланған нұсқасы мен қолжазба мәтіннің өлең жолдарына келтірілген нұсқасын, қолжазбаның факсимилиесін, хикметтегі араб-парсы сөздерін, түркі сөздерін талдап көрсетеді (Сыздықова, 2004: 87). Бұл туралы өз еңбегінде былай дейді: «Ясауи хикметтерінің тілі» атты зерттеудің нысаны көп. Бұл еңбекте осы көп шаруаның ішінде бір ғана мақсатты көздедік: ол- Ясауидің ең әрідегі деген бір қолжазбасы бойынша лексика-фразеологиялық, морфологиялық, археологиялық сипаттамасын беру, сол арқылы түркі жазба әдеби тілінің қатысуы мен дамуы теориясына үлес қосу болды. Осы еңбекте Ясауи хикметтерінің тілі жайлы айтқан пікірлерін 2004 жылы жарық көрген «Ясауи Хикметтерінің тілі» деген еңбегінде терең талдап көрсеткен. Бұл- Ясауи шығармаларының тілдік қаттауы толық және жан - жақты талданып көрсетілген еңбек.

Талқылау мен бақылау. 1993 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты оқулығында Р.Сыздықова Ясауи хикметтерінің Самарқанд, Стамбұл, Ташкент, Қазан, Санкт-Петербург нұсқаларындағы айырмашылықтар жайлы айта келе, А.К.Боровков, П.М.Мелиоранский, М.Көпрүлүннің Ясауи шығармаларының арасына басқа авторлардың Ясауише жазған туындыларының еніп кеткендігі жөніндегі пікірлермен келісетіндігі туралы өз пікірін білдірген (Құрышжанов, 1994: 65).

Ясауи мұрасында баяндалатын сопылық ілімнің зерттелу тарихына біршама түсініктеме беріп өткен ғалым ретінде С.Дәуітұлын атауға болады. Ол өз еңбегін 1998 жылы «Диуани хикмет хақында» деген атпен жариялайды. Ал А.Әбуов өз мақаласында жалпы суфизм мен Ясауи ағымының тарихын, дүниеге деген көзқарасын, дүниетаным тарихын философиялық тұрғыдан қарастырады, жүйелеп көрсетуге тырысады. Бірақ лингвистика саласы бойынша бұл еңбектерде ешқандай ой-тұжырымдар берілмеген, талдаулар жасалмаған (Дәуітұлы, 1998: 41).

Ясауи хикметтерінің танымдық мәніне тоқталып, ілімі туралы біраз сөз еткен ғалым ретінде Т.Еңсегеновті айтуға болады. Ол былай дейді: «Өз топшылауымызша Қ.А.Ясауи аласапыран өмірге қайран қалып, оның зұлымдық, жауыздығына ем іздеп,

одан құтылудың жолын қарастырып, талай елді шарлаған. Бұған хикметтегі Ясауи сөзі айғақ бола алады.

Ясауи шығармаларының аударылуы жөнінде де біраз пікірлерге тоқталуға болады. Бір жүйеге түсіріп, қазақ тіліне аударып, алғашқылардың бірі болып толық жеке кітап етіп басып шығарған М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи, жинаққа қазақшасы мен шағатай тіліндегі нұсқалар қатар берілген. М.Жармұхамедұлы өз аудармаларына негіз етіп ең көне көне нұсқаларының бірі, жаңаша 1897 жылы (ескіше 1315 ж) Ыстамбул қаласында басылып, Республикалық Ұлттық кітапханасында сақаталып келген нұсқасын алғандығы туралы жазады (Маслова В.А., 2001).

Бұл авторлардың аудармаларынан бұрын да 1990 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде С.Битеновтің аудармасы жарық көреді. 1991 жылы Ж.Әбдірашевтің құрастыруымен ақынның бір хикметі шағатай, түрік, қазақ тілдерінде жарық көреді. Бірақ бұлар толық аударма емес еді.

2002 жылы Мырзагелді Кемелдің аудармасы жарық көреді. Ол өз аудармасына негіз етіп белгілі түркітанушы М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлының жолма-жол аударған Ыстамбул нұсқасын алғандығы жайында айтып кетеді (Кемел, 2002).

Қорытынды

Барлық зерттеу жұмыстарындағы пікірлерді салыстырып қарасақ, әр түрлі пікірлердің туындауына Ясауи шығармаларының ішіне араласып кеткен Ясауишілердің туындыларының тілі себеп болған шығар деген ойдың бой көрсетуі де мүмкін. Қалай болғанда да бүкіл түркі дүниесіне ортақ үлгі болып саналатын Ясауи шығармалары әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Р.Сыздықова Ясауидің тілін зерттеу өз алдына үлкен бір сала деп есептейді. Қазіргі кезде шығарма қазақ тілінде көптеп тараған. Халқымыз оны даналық сөз, имандылыққа тәрбиелейтін құнды еңбек деп санайды.

Әдебиеттер тізімі

Дәуітұлы, С. (1998). Диуани хикмет хақында. Алматы.

Исламов, Р. Ф. (n.d.). Ахмед Ясеви: жизнь и творческая деятельность. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/ahmed-yasevi-zhizn-i-tvorcheskaya-deyatelnost-k-voprosu-izucheniya/viewer>

Кемел, М. (2002). Қожа Ахмет Ясауи. Хикметтер (Даналық кітабы). Астана: Аударма.

Көпрүлү, М. Ф. (1999). Қожа Ахмет Ясауи. Танымы мен тағлымы. Шымкент.

Құрышжанов, Ә. (1994). Қ.А. Ясауи шығармаларын зерттеудің кейбір мәселелері. ҚР ҰҒА хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы, (5), 24-33.

Маслова, В. А. (2001). Лингвокультурология. Москва: Академия.

Сыздықова, Р. (2000). Ясауи мұрасының зерттелу тарихынан. ҚР ҰҒА хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы, (5, 6), 3-5.

Сыздықова, Р. (2004). Ясауи хикметтерінің тілі. Алматы.

References

Dauytuly, S. (1998). On Diwani Hikmet. Almaty.

Islamov, R. F. (n.d.). Ahmed Yassawi: Life and creative activity. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/ahmed-yasevi-zhizn-i-tvorcheskaya-deyatelnost-k-voprosu-izucheniya/viewer>

Kemel, M. (2002). Khoja Ahmed Yasawi: Hikmets (The Book of Wisdom). Astana: Audarma.

Köprülü, M. F. (1999). Khoja Ahmed Yasawi: His cognition and teachings. Shymkent.

Kuryshzhanov, A. (1994). Some issues of studying the works of Khoja Ahmed Yasawi. Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Language and Literature Series, (5), 24-33.

Maslova, V. A. (2001). Linguoculturology. Moscow: Akademiya.

Syzdykova, R. (2000). History of the study of Yassawi's heritage. Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Language and Literature Series, (5, 6), 3-5.

Syzdykova, R. (2004). The language of Yassawi's hikmets. Almaty.

A.G. Kurbanov¹, R.B. Kazhiakbarova², B.K. Abralieva³

^{1, 2}U.Zhanibekov SKPU, Shymkent, Kazakhstan

³Miras University, Shymkent, Kazakhstan

(E-mail: ¹agapasha.kurbanov.67@bk.ru, ²raushan.kazhiakbarova.75@mail.ru,

³botagoz.abralieva@mail.ru)

Cognitive Aspects in the Work of K.A. Yasawi

Abstract. The article analyzes the activities and worldview of Khoja Ahmed Yasawi, the founder of the Sufi Turkic branch of Islam. Written testimonies are given about the identity and activities of H. A. Yassawi, who characterizes him as one of the founders of Turkic culture. Based on the analysis of his work «Diwani Hikmet», his work as the founder of Sufism is considered, which has such important aspects as the nature of his religious and philosophical worldview, his adaptation of Islam to the Turkic environment, the unification of Turkic-speaking peoples into a single cultural and political community, the creation of the path of yasawi Sarah, raising the status of the Turkic language, familiarization with Eastern philosophy and poetry through wisdom.

The most important thing was to give a lexical-phraseological, morphological, archaeological description of yasawi's manuscript, thereby contributing to the theory of the participation and development of the Turkic written literary language. One of the most important works is a linguistic and cognitive analysis of research on the language of yassawi wisdom. It is undeniable that the linguistic overtones of Yassawi's works allow for a complete and comprehensive analysis. Culture - a certain stage in the historical development of society, human creative forces and human abilities, reflects the level, form and type of Organization of human life and activities, the degree of spiritual and material benefits created by human beings. The spirit and appearance of humanity, its free will and historical attention, symbols, symbol systems, irreparable losses and precepts, life lessons, religion and language are all intertwined with culture. Therefore, the consideration of language and culture, including the worldview of a person, opens up many prerequisites. A textual study of the work of Ahmet Yasawi makes it possible to identify the popularity, general significance and relevance of all Turkic peoples and their features in different historical eras. This tradition has been revived in recent decades. In recent years, the philosophical and mystical direction in the study of Yasawi's life and work has been of particular interest. One of these Sufi texts – Khoja Ahmed Yasawi's «Diwani Hikmet»- requires a cognitive, linguistic study due to the specifics of its nature.

Keywords: K.A.Yasawi, linguotology, aspect, ancient Turkic languages, language concepts.

А.Г. Курбанов¹, Р.Б. Кажиақбарова², Б.К. Абралиева³

^{1,2} ЮКПУ им. О. Жанибекова, Шымкент, Қазақстан

³ Университет Мираc, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: ¹agapasha.kurbanov.67@bk.ru, ²raushan.kazhiakbarova.75@mail.ru,

³botagoz.abralieva@mail.ru)

Познавательные аспекты в творчестве Х.А. Ясави

Аннотация. В статье анализируется деятельность и мировоззрение Ходжи Ахмеда Ясави, основателя суфийской тюркской ветви ислама. Выдаются письменные свидетельства о личности, деятельности Х.А. Яссауи, характеризующего его как одного из основоположников тюркской культуры. На основе анализа его работы «Дивани Хикмет» рассматривается его деятельность как основателя суфизма с такими важными аспектами, как его религиозно-философское мировоззрение, его адаптация Ислама к тюркской среде, объединение тюркоязычных народов в единое культурно-политическое сообщество, повышение статуса тюркского языка, знакомство с восточной философией и поэзией через хикмет.

Самым важным было дать лексико-фразеологическое, морфологическое, археологическое описание по рукописи Ясави, тем самым способствуя теории участия и развития тюркского письменного литературного языка. Одной из самых важных работ является обобщение исследований о языке хикметов Ясави с точки зрения языкового и когнитивного анализа. Неоспоримо, что языковая жестикция произведений Ясави дает возможность для полного и всестороннего анализа. Культура-отражает определенную ступень, уровень в историческом развитии общества, творческих сил человека и человеческих способностей, форму и тип организации жизни и деятельности человека, степень духовных и материальных благ, совершаемых человеком. Дух и облик человечества, его свобода воли и историческое внимание, символические, знаковые системы, непоправимые потери и заповеди, жизненные уроки, религия и язык – все это вместе с культурой. Именно поэтому рассмотрение языка и культуры, включая мировоззрение человека, открывает путь ко многим предпосылкам. Текстовое изучение творчества Ахмета Ясави позволяет определить его популярность, общее значение и актуальность всех тюркских народов и особенности различных исторических эпох. Эта традиция возродилась в последние десятилетия. В последние годы особый интерес представляет философско-мистическое направление в изучении жизни и творчества Ясави. «Дивани Хикмет» Ходжи Ахмеда Ясави, один из миров, написанных в таком суфийском направлении, требует изучения в когнитивном, языковом плане в зависимости от специфики его природы.

Ключевые слова: Х.А. Ясави, аспекты, древнетюркские языки, языковые понятия.

Автор туралы мәлімет:

Курбанов Агапаша Гулалұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Кажиақбарова Раушан Батыршақызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Абралиева Ботагөз Қалдыбекқызы – «Тілдер және әдебиет» секторының аға оқытушысы, Мираc Университеті, Шымкент, Қазақстан.

Information about authors:

Kurbanov Agapasha Gulalovich – candidate of philological Sciences, Associate Professor, South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan.

Kazhiakbarova Raushan Batyrshayevna – candidate of philological Sciences, Associate Professor, South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan.

Abralieva Botagoz Kaldybekovna – Senior Lecturer of the sector «Languages and literature», Miras University, Shymkent, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Курбанов Агапаша Гулалович – кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан.

Кажиякбарова Раушан Батыршаевна – кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан.

Абралиева Ботагоз Калдыбековна – старший преподаватель сектора «Языки и литература», университет Мирас, Шымкент, Казахстан.

ҒТАР 17.07.41

Ғылыми мақала

Ұ.О. Ахан, С.Д. Дарибаев*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
(E-mail: ulzhalgas.akhan@gmail.com)**Әке образының қазақ прозасындағы орны мен рөлі**

Аңдатпа. 1960-1990 жылдардағы қазақ прозасы қоғамның түбегейлі өзгеруін, әлеуметтік-саяси ахуалды және ұлттық құндылықтардың сақталуын ерекше бейнелеген кезең. Соның ішінде осы жылдарда жазылған прозалық шығармаларда әке образы тек отбасының басшысы ретінде емес, бір ұлттың рухани тірегі, тарихи жадты сақтаушы әрі ұрпақтар сабақтастығының басты өкілі ретінде көрініс тапты. Әке – қай заманда, қай жерде болмасын маңызды рөлге ие тұлға. Даналық пен парасаттылықтың айқын үлгісі. Сондықтан әке образының әдебиеттен алатын орны ерекше. Мақалада ұлттық әдебиеттегі әке образының әр қырынан қарастырылуы басты назарға алынады. Қазақ жазушыларының туындыларында әке бейнесінің дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік функциялары, өскелең ұрпаққа өнеге мен үлгі болудағы рөлі және оның рухани болмысы талданады. Шығармалардағы әкенің образдары арқылы ұлттық болмыстың құндылықтары мен ұрпақтар сабақтастығы зерделенеді. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынастың өзгеруі, отбасылық құрылымға және қоғамның жалпы рухани-әлеуметтік келбетіне ықпалы айқылдалады. Бұл зерттеу ұлттық әдебиетіміз арқылы әке тұлғасының маңызын терең түсінуге, оның қазақ қоғамындағы орны мен мәнін жаңа қырынан қарауға мүмкіндік ашады. Мақала әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістерге негізделіп, оқырмандарға қазақ прозасындағы әке образының маңыздылығын танытуға бағытталған.

Түйін сөздер: қазақ прозасы, әке образы, отбасы, ұрпақтар сабақтастығы, ұлттық құндылықтар, әке мен бала қатынасы

DOI: <https://doi.org/10.71078/rxpyd481>

Түсті: 31.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.01.2025.

Кіріспе

Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі – көркем шығармадағы кейіпкер образының сомдалуын қарастыру және мінез-құлқының ерекшеліктерін зерделеу. Көркем әдебиетте өмір шындығы адам бейнесі арқылы көрініс табады. Жазушының кейіпкер бейнесін жасаудағы басты мақсаты жай ғана сөзбен суреттеп көрсету емес. Образ арқылы адамның ішкі жан дүниесіне терең бойлауды, шығармаға арқау еткен тағдырдан сабақ алуды, адамдар арасындағы болатын өзара байланыстарды түсінуге үндейді. «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының алдындағы негізгі және күрделі міндеттердің бірі – жиырмамыншы ғасырда дүниеге келген қазақ әдебиетінің, әсіресе прозаның даму бағытын анықтау, оның өмір шындығын игерудегі сипатын саралау, болмыс-бітімі күрделенген адам образын жасаудағы ерекшеліктерін, жалпы көркем ойға қосқан үлесін айқындау болып табылатыны белгілі» (Омаров Н.Қ., & Халықова Н.С., 2021).

Көркем шығарма адам тағдырын арқау ететіні баршаға мәлім. Ал, адамның тағдыры арқылы өмірдің шындығын бейнелеу ХХ ғасырдың екінші жартысында қалам тербеген жазушыларға ортақ қасиет болды. 1960-1990 жылдар аралығындағы қазақ прозасы

қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси ахуалдың өзгеруімен қатар, ұлттық болмыстың, салт-дәстүрдің, адами құндылықтардың әдебиетте сақталуына ерекше үлес қосты. Бұл кезеңде жазылған шығармалардан көптеген образдың әртүрлі қырынан ашылуын байқауға болады. Соның ішінде әке образы ұлттық рухани тіректің символына айналып, тарихи жадтың сақтаушысы әрі ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың көрінісі ретінде бейнеленді. Әке образы отбасылық құрылымның жетекшісі ғана емес, сонымен қатар даналық пен парасаттылықтың үлгісі ретінде көрінді.

Зерттеу әдістемесі

Мақаланың мақсаты – қазақ прозасында бейнеленген әке образының ұлттық құндылықтар мен рухани болмысты сақтаудағы рөлін зерттеу және оның көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсету. Мақалада қазақ прозасының көрнекті туындыларындағы әке образына жалпы шолу жасалады. Зерттеу әдістері ретінде мазмұндық-идеялық зерттеу, образ жасау тәсілдерін саралау қолданылады.

Нәтижелермен мен талқылаулар

XX ғасырдың екінші жартысында қазақтың көркем әдебиеті бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеріліп, ұлттық сөз өнері жаңа биіктерді бағындырды. Ұлт зиялылары қалыптастырған сара жол кейінгі әдебиетте жалғасын тауып, жаңаша мазмұнмен толықты. Қазақ прозасы тақырыптық жағынан байып, авторлық идеялар тереңдей түсті. Ұлттық әдебиет бұл кезеңде өзінің көркемдік қуатымен ерекшеленіп, қоғамның рухани өміріне айрықша ықпал етті.

Қай заманды, қай елді алып қарар болсақ, белгілі бір халыққа тән құндылықтар әдебиетінде бой көрсетеді. «Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» (Қабдолов, З., 1992). Сондықтан да бір елді тану үшін әуелі әдебиетіне назар аударған жөн. XX ғасырдың екінші жартысында әдебиет сахнасында бой көрсеткен қазақ прозасындағы кейіпкерлерге қарап біз сол дәуір тынысын анық аңғарамыз. Осы кезеңде қазақ прозасының тақырыптық аясы кеңейіп, шығармаларда авторлық идеялар терең мазмұнға ие болды. Қазақ әдебиеті қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен құбылыстарды бейнелеуде және түрлі адам мінез-құлықтарын сомдауда айтарлықтай жетістіктерге жетті. 1960-1990 жылдар аралығында қазақ прозасы адамның ішкі жан дүниесіне терең үңілумен, оның нәзік қырларын бейнелеуімен және адам табиғатын зерттеуге деген ұмтылысымен ерекшеленді. Осы кезеңде қазақ жазушылары адам мінезінің әр қырын, адамгершілік қасиеттерін терең ашуға тырысып, шығармашылықта жаңашыл ізденістер жасап, толағай табыстарға жетті.

«Көркем бейне, яки әдеби қаһарман дейік, я болмаса шығарма геройы не кейіпкері немесе персонажы дейік, бәрібір, осылардың бәрі бір-ақ ұғым – образ. Бейнелеу – образдылық болса, бейне – образ. Әдебиеттегі адам, сөздегі сурет, шығармада өмір шындығын жинақтау, адам мінезін даралау, сайып келгенде, осылардың бәрінің сарқып құяр сағасы біреу, ол – образ» (Қабдолов, З., 1992). Әдебиет ежелден адам тағдыры мен өмір шындығын, сондай-ақ адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы күрделі байланыстарды басты тақырып етіп алып келеді. Сөз өнерінде адам өмірінің шындығы кейіпкерлердің мінез-құлқы арқылы ашылып, әдебиетте адам бейнелерінің түрлі нұсқасын жасайды. Кейіпкер – көркем шығарманың өзегін құрайтын, оған жан бітіріп, оқиғаны дамытудың негізі болатын басты тұлға. Жазушы кейіпкердің көркем бейнесін жасағанда, оның сыртқы кескіні мен әрекетін дәуірдің және ортаның ерекшелігін көрсететін типтік белгілермен бірге, тек өзіне тән дара қасиеттерін де анық әрі айқын бейнелейді. Осы себепті, кейіпкер бейнесі туралы айтқанда мінез-құлқы әрдайым басты назарда болады. Нақтырақ айтқанда, «мінез-құлық – адамның ішкі ерекшеліктері» (Добин, Е. 1962).

XX ғасырдың екінші елу жылдығында қазақ қаламгерлері өз туындыларында кейіпкерді сомдау, образ қалыптастыру жағын тағы да дамыта түсіп, ұлттық әдебиетіміздің алтын қорына мол мұра қалдырды. Сан алуан кейіпкер түрін жасаған жазушыларымыздың туындыларында айрықша орын алған образдың бірі – әке тұлғасы. Дәстүрлі қазақ қоғамында әке отбасының ғана емес, бүкіл ел мен қауымның рухани тірегі. Әкенің ақыл-кеңесі мен өмірлік тәжірибесі отбасына ұйықты болып ғана қоймай, ұрпақ тәрбиесіне де тікелей әсер етеді. Қазақ прозасында бұл рөлдің айқын үлгілері өткен ғасырдың алғашқы жылдарынан-ақ көріне бастады. Қазақтың тұңғыш прозалық шығармаларынан бой көрсеткен әке бейнесі жылдар өте құндылығы артты. М. Әуезовтың әлемге танымал туындысы «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі әке ретінде ғана емес, жол сілтеуші, өскелең ұрпаққа бағыт-бағдар көрсетіп, жолын айқындайтын тұлға ретінде сомдалады. Сонымен қатар, ішкі жан дүниесіндегі күрделі қайшылықтар арқылы қазақ қоғамының сол замандағы құндылықтарының дағдарысы мен жаңаруы сипатталады. Шығармадағы кейіпкерлер арқылы әке мен баланың көзқарастарындағы қайшылықтар көрсетіліп, олардың ұрпақтар арасындағы өзара түсінікті табу жолындағы ізденістері суреттеледі. Туындыдағы әкенің қысылтаяң шақтарда қабылдаған шешімі оның рухани күш-жігерін, өмірлік дана келбетін аша түседі. Осы арқылы жазушы ұлттық болмыстың мәнін тереңнен көрсетуді ойлайды.

«Суреткер өз шығармасында не жайлы, қандай өмір шындығы жайлы ой толғағанда да, басты шындықты адам образы арқылы ғана ашып береді. Тек сол арқылы ғана бейнелеп отырған дәуір тынысын танытады. Өйткені көркем шығармаға өзек болатын өмір шындығы да адамдікі, адам өмірдің шындығы» (Нұртазин, Т. 1968). Жазушылар өз туындыларында өмір шындығын суреттеуде әке мен бала қарым-қатынасы арқылы ұлттық дүниетаным мен құндылықтарды басты назарға алады. Бұл байланыс және моральдық құндылықтарды көрсету үшін кеңінен қолданылады. Осы тұрғыда әке мен бала қарым-қатынасының маңызы түрлі жағдайда көрініс табады. Әуелі ұрпақтар сабақтастығы. Қазақ әдебиетінде әке – шаңырақтың басты тірегі, тәрбие беруші, ал бала – әке мұрасын жалғастырушы ретінде бейнеленеді. Бұл қарым-қатынас ұрпақ арасындағы қайшылықтар мен түсіністік арқылы ұлтқа тән дүниелерді атадан балаға жеткізеді. Келесі тәрбие құралы. Әке образы арқылы балаға рухани және адамгершілік құндылықтар берілетіні прозада жиі байқалады. Әке үлгісінің намыс пен тәртіпке ықпалы айқын көрсетіледі. Одан кейін қайшылықтың болуынан шындыққа көз жеткізу. Прозада кейде әке мен бала арасында әлеуметтік жағдай, көзқарас немесе заман мен қоғам әсерінен туындайтын қайшылықтар бейнеленеді. Бұл қазақ қоғамындағы өзгерістерді, жаңа мен ескі көзқарастың қақтығысын ашып көрсетеді. Кей шығармаларда әке мен баланың өмірлік ұстанымындағы қайшылықтары арқылы дәуірдің шындығын суреттейді. Сонымен қатар, бұл бейнеде әлеуметтік және жеке тұлғаға тән жауапкершілік бар. Әке образы тек отбасылық емес, қоғамдық жауапкершілікті де білдіреді. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынаста қоғамның моральдық және әлеуметтік нормалары бой көрсетеді. Бұл ұлттық бірлікті сақтаудағы маңызды дүние.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қажырлы еңбек еткен Т. Әбдік, Ш. Мұртаза, Д. Исабеков, Б. Тоғысбаев, С. Мұратбеков, М. Мағауин, Б. Соқпақбаев, Т. Нұрмағамбетов, Қ. Омарұлы, О. Бөкей, Қ. Жұмаділов, Б. Нұржекеұлы, т.б., сынды қазақ жазушыларының туындыларында әке бейнесінің алатын орны ерекше. Әр жазушы бұл образды әр қырынан көрсете білді. Әке образының негізгі типологиясы, ақылды, мейірімді, қамқор, қатал, принципшіл, рухани ұстаз бола білетін я болмаса тағдыр тауқыметін тартқан адам бейнесі ретінде көрініс тапты. Осы кезеңде жазылған қазақ прозасы оқырман қауымды өзіне бірден баурады. Шығармалардың сюжеті әртүрлі болғанымен негізге алған идеясы бір болғандықтан көпшілік арасында сұранысқа ие болды. Жазушылардың осы жерде ұтымды тұсы туындыларында адамның ішкі әлеміне терең бойлай отырып, образды жан-

жақты ашуында еді. Біздің қаламгерлердің әке образын көркемдік тұрғыдан сипаттауында өзіндік ерекшеліктері бар. Олар бір бейненің астарына көп өнегені сыйдыра білді. «Кез келген образдың тасасында белгілі бір идеялар бас көтеретінін, кейіпкер толғанысынан, сөзі мен іс-әрекетінен жазушы концепциясы шаң беретінін сезесіз. Қоғам тірлігі, заман ағымы қаһармандар бойындағы түрлі қасиеттерден, олардың күрделі қарым-қатынасынан, дүниетанымынан, көзқарасынан көрінбек» (Қабдолов, З. 2003). Сол үшін де әке мен бала қарым-қатынасын басты мәселе ретінде алған жазушылар бір образдың өзін жасауда оған өзгеше мән берген. Өйткені, «образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты әрі жинақы жасалған адам өмірінің әсем суреті» (Гинзбург, Л. Я. 1979).

Әке образын арқау еткен қазақ прозасындағы туындылар ұлттық әдебиеттану ғылымында әлі де болса толыққанды жүйеленбеген. Келесі біздің алдымызда тұрған мақсат осы олқылықтың орнын толтыру. Себебі кез келген кезеңде әке болмысының орны ерен.

Қорытынды

1960-1990 жылдары қазақ жазушылары дәстүрлі әдеби бағытты заманауи үлгіде байыта отырып, қазақ әдебиетіне елеулі жаңашылдық енгізді. Қазақ әдебиетіне жаңа типтегі кейіпкерлер қосылып, олардың мінез-құлқы күрделене түсті. Әртүрлі жанрда жазылған жаңа мазмұнды шығармалар қатары көбейіп, өмір шындығын көркем бейнелеудің тың әдістері пайда болды. Осы кезеңде жазылған қазақ прозасындағы әке образы – ұлттық руханияттың айнасы, ұрпақтар арасындағы рухани байланыстың символы. Сонымен қатар, әке бейнесі күрделі, көпқырлы және жан-жақты суреттеліп, қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің көркем келбетіне айналды. Әкенің даналығы, жауапкершілігі мен сенімге беріктігі – ұлттық болмыстың негізгі құндылықтары ретінде әдеби шығармаларда көрініс тапты. Ендігі кезекте, әдебиеттегі орны мен рөлі айқындалған шығармадағы әке образына жекелей талдау жасап, зерттеу міндеті тұр.

Әдебиеттер тізімі

- Гинзбург, Л. Я. (1979). О литературном герое. Ленинград: Советский писатель, Ленинградское отделение.
- Добин, Е. (1962). Герой. Сюжет. Деталь. Москва: Советский писатель.
- Қабдолов, З. (1992). Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті.
- Қабдолов, З. (2003). Таңдамалы шығармалар. 2-т. «Сөз өнері» Оқулық-монография, талдаулар мен толғаулар. Алматы: Санат.
- Нұртазин, Т. (1968). Шеберлік туралы ойлар. Алматы: Жазушы.
- Омаров, Н. Қ., & Халықова, Н. С. (2021). Қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС.

References

- Ginzburg, L. Ya. (1979). O literaturnom geroye. Leningrad: Sovetskii pisatel, Leningradskoe otdelenie.
- Dobin, E. (1962). Geroy. Syuzhet. Detal. Moskva: Sovetskii pisatel.
- Kabdullov, Z. (1992). Soz oneri. Almaty: Qazaq universiteti.
- Kabdullov, Z. (2003). Tangdamaly shygarmalar. 2-t. «Soz oneri» Oqulyq-monografiya, taldaular men tolgaular. Almaty: Sanat.
- Nurtazin, T. (1968). Sheberlik turaly oilar. Almaty: Jazushy.

Omarov, N. Q., & Khalykova, N. S. (2021). Qazaq prozasyndagy korkemdik izdenister. Karagandy: "Medet Group" ZhShS.

U.O. Akhan, S.D. Darybaev

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: ulzhalgas.akhan@gmail.com)

The Place and Role of the Father's Image Kazakh Prose

Abstract. The period from 1960 to 1990 marked a significant phase in Kazakh prose, reflecting the fundamental transformation of society, socio-political circumstances, and the preservation of national values. During this time, father figures in prose were portrayed not only as heads of the family but also as the spiritual backbone of the nation, guardians of historical memory, and key representatives of generational continuity. The father is a vital figure in any era and in any society, serving as a clear example of wisdom and prudence. Therefore, the image of the father holds a special place in literature. This article focuses on the multifaceted representation of the father figure in national literature. The works of Kazakh writers analyze the social functions of the father figure in traditional Kazakh society, his role as a model for younger generations, and his spiritual essence. Through the depiction of fathers in these works, the values of national identity and generational continuity are explored. Changes in father-child relationships and their impact on family structures and the broader spiritual and social landscape of society are also examined. This study provides an opportunity to deeply understand the significance of the father figure through the lens of national literature and to reevaluate his role and importance in Kazakh society from a fresh perspective. The article is based on scholarly research in literary studies and aims to familiarize readers with the importance of the father figure in Kazakh prose.

Keywords: Kazakh prose, father figure, family, generational continuity, national values, father-child relationship.

У.О. Ахан, С.Д. Дарибаев

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

(E-mail: ulzhalgas.akhan@gmail.com)

Место и роль образа отца в казахской прозе

Аннотация. 1960-1990 годы стали для казахской прозы периодом, когда в произведениях нашла свое отражение кардинальная трансформация общества, социально-политическая ситуация и сохранение национальных ценностей. В частности, в прозе, созданной в этот период, образ отца представлен не только как главы семьи, но и как духовной опоры нации, хранителя исторической памяти и главного представителя преемственности поколений. Отец – это значимая личность в любые времена и в любом обществе. Он является ярким примером мудрости и благоразумия. Поэтому образ отца занимает особое место в литературе. В статье акцентируется внимание на многогранном рассмотрении образа отца в национальной литературе. В произведениях казахских писателей анализируются социальные функции образа отца в традиционном казахском обществе, его роль как примера для подражания молодому поколению, а также его духовная сущность. Через образы отцов в произведениях раскрываются ценности национальной идентичности и преемственность поколений. Рассматриваются изменения в отношениях между отцом и детьми, их влияние на семейную структуру и

духовно-социальный облик общества в целом. Это исследование открывает возможность глубже понять значение личность отца через призму национальной литературы, а также взглянуть на его роль и значение в казахском обществе с новой стороны. Статья основана на научных исследованиях в области литературоведения и направлена на ознакомление читателей с важностью образа отца в казахской прозе.

Ключевые слова: казахская проза, образ отца, семья, преемственность поколений, национальные ценности, отношения отца и ребенка

Автор туралы мәлімет:

Ахан Ұ.О. – магистрант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0007-4470-7517.

Дарибаев С.Д. – Филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-3551-770X

Information about authors:

Akhan U.O. – Graduate student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0007-4470-7517.

Darybaev S.D. – Candidate of Philology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-3551-770X

Сведения об авторах:

Ахан У.О. – магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0009-0007-4470-7517.

Дарибаев С.Д. – кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-3551-770X

*Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі / Methods of teaching language and literature /
Методика преподавания языка и литературы*

FTAP 16.31.51

Article

Zh. Iztayeva

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: zhanerke.sagimbaeva@mail.ru)*

Psychological Features of Teaching Zero Morphemes in the Kazakh Language

Abstract. The primary objective of language teaching is to cultivate the skill to effectively and proficiently use language. This involves strengthening the link between language and thought, enhancing intellectual and creative capabilities, and gaining an understanding of the function and structure of language within the communicative system. Attaining this goal is often closely tied to mastering one of the most crucial areas of linguistics—morphology. The focus of our research is the zero morpheme, a linguistic unit that serves as an indicator for all morphological categories and acts as a word-forming nominative element in word formation. Understanding the general patterns of knowledge and skill formation, along with the content of psychological processes, should assist the researcher in visualizing the psychological structure of the final product that training aims to achieve. In turn, a psychological analysis of learning outcomes is essential for evaluating the effectiveness of different teaching methods employed by educators.

Keywords: zero morpheme, language, morphology, psychology, language unit, learning, thinking

DOI: <https://doi.org/10.71078/xf44gh20>

Arrived: 18.02.2025; approved: 20.03.2025; available online: 25.03.2025.

Introduction

The main goal of language teaching is to develop the ability to fully and competently use language based on the development of the connection between language and thinking, the development of intellectual and creative abilities, and the acquisition of knowledge about the function and structure of language in the communicative system. Achieving this goal is often closely related to the mastery of one of the most important chapters of linguistics - morphology. The object of our research is the zero morpheme, which is a linguistic unit that occurs as an indicator of all categories of morphology, as a word-forming nominative element in word formation.

Zero morphemes have been found in Turkic languages since the time of ancient written monuments. The older the written monument, the more common the zero morpheme is. In M. Kashgari's work "Dīwān Lughāt al-Turk" the affixed and non-affixed (zero) forms of the genitive case are used simultaneously. In pronouns, the meaning of belonging is conveyed by a suffix. For example: Aniñ éligi iśka jeşildi, bu iśta sēniñ tablagiñ barmu. A genitive case affix is added to a noun if it comes after the attribute formed from a demonstrative pronoun. For example: bu aiakniñ aruki bar. The affixed form of the genitive case is also used to indicate belonging. For example: Satrniñ azuki apig bolsa, iol uza iep (Baltabaeva, 2006: 18).

In this work, when the zero morpheme of the genitive case represents a part of the whole, when a word with a possessive ending has a relative meaning, when a word with a possessive meaning is formed from a personal pronoun, if a noun comes after the definition formed from a demonstrative pronoun, then the meaning of the genitive case is conveyed using zero morpheme.

Let's give an example of such situations:

- a) When expressing a part of a whole: Koi başı utuldi, erkaç eti em bolyr, eçku eti iel bolur.
- b) When a word with a possessive ending has a relative meaning: Bir tilku terisin ikila soimas.
- c) When a word with a possessive meaning is formed from a personal pronoun: Er ózi ierlandi. Er ózi tolgandi.
- d) Rendering a personal pronoun with a zero morpheme: Kişi óz iunin súrúndi. Neça iitik biçak ersa oz sabin ianumas. Tulku óz iniga ursa uzuz bolur.
- e) Noun comes after the definition formed from a demonstrative pronoun: Bu boz eni neça? Bu osugy mundag.

Degree of the topic study

K. Karimov, who considered the case category in the Kutadgu-Bilik language, wrote about the zero morpheme of the accusative case.: «The only syntactic function of the accusative case is to form a direct object. This direct object complements, in addition to the predicate, other members of the sentence if their semantics is related to the concept of action. It complements: in this case, two adjacent words enter into a subordinating relationship with each other using the accusative case; the second of these words in lexical terms is always associated with the concept of action, movement. The case affix of the first of them is absent in most cases» (Baltabaeva, 2006: 12).

In the dictionary of M. Kashgari, considered a monument of the 14th century, there is a zero morpheme for the accusative case. For example: Ol kişi melim soz aitgan. Su bermese sut ber. Su é urmasga sut ber. In the Divan language, the zero morpheme of the accusative case is more common than the affixed form. A word in the accusative case formed by a zero morpheme is placed immediately before the verb.. For example: Mán at beklattim. Ol meña sui saçratti. Ol meni ier kezitti. Ol tauar satti.

W. Whitney, F. Fortunatov, Baudouin de Courtenay, S. Bally, F. F. Fortunatov, A. M. Peshkovsky, Yu. S. Maslov, I. G. Miloslavsky, A. I. Smirnitsky, P. S. Kuznetsov, V. I. Degtyarev, I. P. Ivanova, V. V. Burlakova, G. G. Pocheptsov T. B. A. M. Peshkovsky, Y. Mamanov, S. Isaev, N. Oralbaeva, Zh. Baltabaeva, A. Omarova and other scientists contributed to the study of the zero morpheme. A. Omarova divided the zero morpheme in the Kazakh language into two large groups: grammatical and word-formative and gave a definition to each of them: "Grammatical zero morphemes are linguistic units that serve as indicators of grammatical categories and express their meaning. A zero morpheme that functions in a group of word-formation units of a word-formation field and performs the function of creating word formations is called word-formation" (Omarova, 2004: 36).

It is known that not all types of grammatical meaning are produced by grammatical forms alone. That is, a grammatical form is a type of linguistic device that creates grammatical meaning. The transmission of grammatical meaning without any grammatical form is explained by the concept of zero form in morphology. The zero form and the grammatical form differ by their function in expressing grammatical meaning. The zero morpheme is an integral part of morphology, which makes it possible to identify common learning principles for them, justified from a psychological point of view. Due to the psychological specifics of studying any discipline, there is a need to use different methods of teaching the zero morpheme. Therefore, psycholinguistics, which studies and determines the specifics of

language cognition as an educational subject, takes the analysis of the content of the named field of knowledge as the starting point of the study. It is important to take into account not only individual facts, phenomena and patterns of linguistics, but also to clearly understand the general principles underlying these factors, transforming disparate concepts and ideas into systematic knowledge, reflecting the essence of the subject in all its connections and mediations (Bogoiavlenski, 1958: 91). The structural elements of language, their functions, connections and interactions, grammatical techniques for analyzing language material act as units of study, from a psychological point of view, these are units of acquisition - concepts about the structural elements of language, grammatical concepts, skills and abilities to analyze linguistic means. The psychological characteristics of the content of teaching should include the definition of units of teaching, methods of levels of their assimilation, criteria for the quality of knowledge, skills and abilities. The following model of educational technique is common to the grammatical analysis of language material: a) goal (task) – disclosure of a grammatical concept; b) educational material; c) method of action - abstraction, awareness and correlation of the meaning and formal attribute of the object being studied.

When teaching morphology, one should take into account the fact that each grammatical meaning, each grammatical form exists insofar as it opposes other meanings and forms in the same grammatical category, which requires the use of the technique of opposition (comparison) and identification. Only by contrasting and identifying units of study of the same grammatical category that are somewhat similar and differ in some characteristics can one abstract and understand the desired meaning and its material carrier (formal feature) (Zhuikov, 1979: 55).

S.Isayev wrote: «The zero form is a unit that does not have a special form expressing meaning, and according to these properties, it is opposed to the forms of one grammatical category with other forms, connects with it and forms a whole. The absence of the same sign in a given sign system is itself a sign» (Omarova, 2004: 8). According to A. Omarova, the presence of a zero morpheme in a word can be distinguished by comparing it with a word with an affixal form of the same category (Omarova, 2004: 12). That is, in order to determine the zero morpheme in a word, its meaning and function, we need to compare it with the affixal form of the word.

Another scientist who studied the relationship between language and psychology, A.A. Potebnya considered grammatical form as a semantic-syntactic concept and said that by the connection of one form with other words and forms in speech and language, its presence or function is not recognized otherwise. He believes that grammatical form cannot be determined by sound because it is primarily meaning, and writes that in some cases many grammatical forms do not have a phonetic sign. Grammatical forms can be conveyed both by the formal elements of a word and by its syntactic connections. Thus, the general linguistic concept of Potebnya is based on the fundamental position of linguistic psychology about a single process of thinking and language development, which cannot develop one without the participation and development of the other. The very origin of thought reveals its close connection with language. Thinking begins with the first linguistic activity and is formed in its categories - ideas, images, concepts - simultaneously with the formation of linguistic categories and forms. Considering coherent speech to be the basic reality of language, Potebnya studied language in connection with folk poetry, folk beliefs and customs. Potebnya associates changes in grammatical forms and the grammatical structure of language with changes in forms of thinking, on the basis of which he creates a coherent grammatical theory.

Results and discussion

The most important aspect in the psychology of mastering morphology should be considered the statement of D.I. Tikhomirov that grammatical knowledge is always abstract in nature, therefore there is a danger of purely verbal assimilation of definitions and rules, since

the transfer of knowledge to the area of skills is a transition from one type of thinking (abstract) to another (concrete). This approach allows the scientist to build a methodological model for teaching grammatical concepts: from observation and analysis of linguistic phenomena to their abstract perception, consciously reinforced with the help of specific types of exercises. In the psychological aspect, it is especially important to determine the psychological structure of students' activities, how the features of language material are reflected in the process of acquisition. The process of the emergence of associations from the point of view of psychology is ultimately the result of the combination of all kinds of conscious actions based on observation and analysis of the studied language units, which require the application of acquired knowledge in practice (the formation of skills). Studying grammar, according to D.N. Bogoyavlensky, "leads to an awareness of the dependencies that exist between the forms and meaning of language, allows you to verbally designate grammatical categories, verbally describe them and thanks to this correctly operate with them" (Bogoiavlenski, 1957: 277).

The assimilation of grammatical concepts requires a high development of generalizing and abstracting mentality, because the essence of grammatical concepts requires not only abstraction from objects and phenomena of the real world, but also abstraction from the specific meaning of words that generalize our immediate impressions of this world. Grammatical generalizations serve as a kind of second "floor" of abstractions, built above the primary verbal generalizations (Bogoiavlenski, 1957: 111). Psychologically, this means that the assimilation of a rule, behind which certain linguistic generalizations lie, is a process of meaningful memorization based on the close interaction of the first and second signaling systems. The fact that the rule operates with grammatical concepts, indicating the connection of a given grammatical form with its meaning, gives the rule a generalized character.

If the first stage of work on understanding the morphological concept "zero morpheme" requires generalization, then the second stage of students' analytical and synthetic activity should be differentiation, that is, the ability to distinguish and isolate the studied structural element of the language from a complex context. This stage is characterized by the ability to distinguish and highlight grammatical forms, abstracting from the lexical and syntactic context in which they appear (Bogoiavlenski, 1958: 120).

Conclusion

Based on the above, we can identify and generalize the main principles of the psychology at studying of zero morphemes:

- The abstractness of the zero morpheme requires their study from an abstract-generalized perception to a specific one;
- Conscious perception of the zero morpheme is possible on the basis of inductive-deductive presentation of the material using the method of observation and analysis of the zero form, the method of generalization, comparison, differentiation, classification, etc.
- Studying the zero morpheme is impossible without implementing intra-subject connections with other levels of language, especially vocabulary and syntax;
- Conscious use of zero morphemes is possible only when they are consolidated in practice, based on a well-thought-out system of training exercises;
- The study of the zero morpheme should be closely related to the level of language proficiency, since it is speech experience that allows one to realize knowledge about the word in the unity of its structure, content and function.

General patterns of the formation of knowledge and skills, the content of psychological processes should help the researcher imagine the psychological structure of the final product to which training should lead. In turn, psychological analysis of learning results is necessary to assess the effectiveness of various methodological techniques used by teachers.

References

- Baltabayeva, Zh. K. (2006). Kazak tilindegi kosymshasyzilik zhane tabys septikterinin sematikalyk-stilistikalyk kyzmeti: Oku kuraly [Suffixlessness and the Semantic-Stylistic Function of the Accusative Case in Kazakh: Textbook]. Almaty. [In Kazakh]
- Bogiyavlenki, D. N. (1958). Psikhologiya usvoeniya orfografii [Psychology of Orthographic Acquisition]. Moscow: APN RSFSR. [In Russian]
- Omarova, A. K. (2004). Kazirgi kazak tilindegi noldik morphema: Monograph [The Zero Morpheme in Modern Kazakh: Monograph]. Almaty: Ekonomik's. [In Kazakh]
- Zhuikov, S. F. (1979). Psikhologicheskie osnovy povysheniya effektivnosti obucheniya mladshikh shkolnikov rodnomu yazyku [Psychological Foundations for Improving the Effectiveness of Teaching Younger Students Their Native Language]. Moscow. [In Russian]

Әдебиеттер тізімі

- Балтабаева, Ж. Қ. (2006). Қазақ тіліндегі қосымшасыз ілік және табыс септіктерінің семантикалық-стистикалық қызметі: Оқу құралы. Алматы.
- Богоявленский, Д. Н. (1957). Психология усвоения орфографии. Москва: АПН РСФСР.
- Жуйков, С. Ф. (1979). Психологические основы повышения эффективности обучения младших школьников родному языку. Москва.
- Омарова, А. Қ. (2004). Қазіргі қазақ тіліндегі нөлдік морфема: Монография. Алматы: Экономика'с.

Ж. Изтаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: zhanerke.sagimbaeva@mail.ru)

Қазақ тіліндегі нөлдік морфемаларды оқытудың психологиялық ерекшеліктері

Аңдатпа. Тіл үйретудегі басты мақсат – тілді тиімді, шебер қолдана білуге дағдыландыру. Бұл тіл мен ойлау арасындағы байланысты нығайту, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін арттыру, тілдің қарым-қатынас жүйесіндегі қызметі мен құрылымы туралы түсінік алуды қамтиды. Бұл мақсатқа жету көбіне тіл білімінің маңызды саласының бірі – морфологияны меңгерумен тығыз байланысты. Барлық морфологиялық категориялар үшін көрсеткіш қызметін атқарып, сөзжасамда туынды номинативті элемент қызметін атқаратын тілдік бірлік саналатын нөлдік морфема – біздің зерттеу жұмысымыздың өзегі. Білім мен дағдыларды қалыптастырудың жалпы заңдылықтарын, сондай-ақ психологиялық процестердің мазмұнын түсіну зерттеушіге оқыту бағытталған соңғы өнімнің психологиялық құрылымын елестетуге көмектесуі керек. Өз кезегінде оқытудың нәтижелерін психологиялық талдау мұғалімдер қолданатын әртүрлі оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау үшін қажет.

Түйін сөздер: нөлдік морфема, тіл, морфология, психология, тілдік бірлік, оқыту, ой.

Ж. Изтаева

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
(E-mail: zhanerke.sagimbaeva@mail.ru)*

Психологические особенности обучения нулевым морфемам в казахском языке

Аннотация. Основной целью обучения языку является развитие навыка эффективного и искусного использования языка. Это включает в себя укрепление связи между языком и мышлением, повышение интеллектуальных и творческих способностей и получение понимания функции и структуры языка в коммуникативной системе. Достижение этой цели часто тесно связано с освоением одной из важнейших областей лингвистики — морфологии. В центре нашего исследования находится нулевая морфема, языковая единица, которая служит индикатором для всех морфологических категорий и действует как словообразовательный номинативный элемент в словообразовании. Понимание общих закономерностей формирования знаний и навыков, а также содержания психологических процессов должно помочь исследователю визуализировать психологическую структуру конечного продукта, на достижение которого направлено обучение. В свою очередь, психологический анализ результатов обучения необходим для оценки эффективности различных методов обучения, используемых педагогами.

Ключевые слова: нулевая морфема, язык, морфология, психология, языковая единица, обучение, мышление.

Автор туралы мәлімет:

Изтаева Ж. – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-9940-1028.

Information about authors:

Iztayeva Zh. – PhD student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-9940-1028.

Сведения об авторах:

Изтаева Ж. – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-9940-1028.

ҒТАР 14.25.05

Ғылыми мақала

Б.Ж. Мауленова

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Шымкент қаласындағы «Химия-биологиялық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: balnur.maulenova@bk.ru)

«Қиссас-ул-әнбия» ескерткішінің көркемдігі, ұрпақ тәрбиесіндегі танымдық мәні

Аңдатпа. «Қиссас ул-әнбия» кітабының тәрбиелік мәні адамның өз болмысын танып, өмірдің мәніне, жаратылыстың сырына үңілуге, жұмбағы көп тылсым әлемді аралай отырып, қиял-ойды дамытуға құрылуымен, адам бойында кездесетін қасиеттердің ең ізгі дегендерін қалыптастыруға ықпал етуімен маңызды болып саналатын үлкен тәлім мектебі, тәрбие құралы. Жасыратыны жоқ, ғылым дамыған мына заманда тіршіліктің, табиғаттың жаратылысын ғылым арқылы түсініп, түсіндіретін бала үшін қисса жанры өтпеуі де мүмкін. Себебі, оларды «техникалық сана» басқарады. Батыстан келген адам санасының қиялына шекара қою яғни әлемнің көзге көрінетін ғана тұсын зерттеп тану біздің кең далада өсіп ержеткен бабаларымыздың ұрпағының қиял көкжиегін келтелікке ұрындырғаны рас. Алайда қисса арқылы адам бойында болуы тиіс қандай эмоцияларды қалыпқа келтіре аламыз деген сұраққа былай жауап беруге болады: «Қисса болмыстан шығатын эмоцияның барлық қабатын қамтиды. Мысалы, Жүсіптің қиссасы арқылы махаббат эмоциясын тәрбиелейді. Дәуіт, Зәкірия, Ыбырайым пайғамбарлардың қиссалары арқылы адам бойындағы қайғы, шаттық эмоцияларын суғарады. Сүлеймен мен құмырсқаның диалогын оқығанда жүрекке даналықтың дәнін егіп жібереді. Әлемнің жаралу қиссасын оқысаңыз таңырқатып, елітіп ала жөнеледі. Яғни, қиссаның өн бойындағы бүкіл құндылық оқырманның жан қатпарында бүрісіп жатқан адами эмоцияларды суғарып, қайта суырып алады. Салақтыққа тақуалықты, арсыздыққа ұжданды, зұлымдыққа ізгілікті қоса қабат жаратқанын оқыту арқылы да біз жас ұрпақты жаман қасиеттерден арылтуға ықпал ете аламыз. Рабғузидің «Қиссас-ул-әнбия» ескерткішіндегі қиссалар ХХІ ғасырдағы «z» ұрпақ саналатын балалар үшін таптырмас тәрбие құралына айналып отыр. Оған дәлел ретінде жер-жерден ашылған қисса орталықтарын айтсақ болады. Алматы, Астана, Шымкент, Атырау, Маңғыстау, Ақтау, Түркістан сынды тағы басқа аймақтарда ашылған орталықтар қиссаны оқытып және қиссашы болуға тәрбиелеп жатыр. Аталған мақаламызда да Рабғузидің «Қиссас-ул-әнбия» ескерткішіндегі қиссаларының ұрпақ тәрбиесіндегі танымдық мәні талданып отыр.

Түйін сөздер: Рабғузи, қисса, тәрбие, қиссашы, танымдық мән

DOI: <https://doi.org/10.71078/bs0da140>

Түсті: 30.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.01.2025.

Кіріспе

Алғаш рет «Әлдиден эпосқа дейін» деген жинақ шығарып, оқырманның ыстық ықыласына бөленген «Отбасы хрестоматиясы» қоры осы қисса жанрын насихаттауды қолға ала салысымен оның үлкен сұранысқа ие екенін аңғарды. Оның себебі рухани

байлыққа әбден сусаған қалың халықтың көкейіндегі мол сұраққа осы қиссалар арқылы жауап табуында еді.

Алғашында кейбір адамдардың заманауи адамдарға мұндай ескі дүниенің қажеті жоқ, цифрлы ғасырда қисса өзекті емес деген сыңаржақ пікірлерді күл-талқан еткен бұл сұраныс 2016 жылы Бейсен Құранбектің бас болуымен студияда арнайы жазылып, аудио, бейне жазбалары әлеуметтік желілер арқылы, Youtube бейнематериалдар хостингінің сервистерін ұсынатын қызмет түрі арқылы шыққан соң, қиссалар тіпті кеңінен тарай бастады. Санжар Керімбай сынды сөз зергерлері майын тамызып жырлаған дүниенің жаратылысынан бастап пайғамбарлар туралы қиссалардың барлығы жұрт іздеп жүріп тыңдайтын хабарға айналды. Өзіне дейінгі шыққан барлық нұсқаны, жинақты толық қамти отырып, толықтырып, өңдеп, әрлеп шығарылған бұл еңбек көлемді, барлығы 552 беттен тұрады. Алғы сөзде он жылға жуық өз ортасында балаларды өсіріп, тәрбиелеуде эксперимент жасағанын, оның өз нәтижесін бергеннен соң ғана бұл істі шындап қолға алғандарын жазады. Балалардың шығармашылық қабілетін ғана емес өнерге деген құлшыныстарын, соған қоса техникалық, жаратылыстану бағытындағы қиын саналатын пәндерге деген ынта-ықыласын оятуға ықпал етуін олар былай түсіндіреді: «Рационалды таным өзінің күш-қуаты мен сарқылмас құнарын түпсанада жатқан иләһи символдардан алады екен. Яғни кімнің түп санасы Тәңірлік символдарға кедей болса, оның рационалды ғылымға деген жігері де солғын тартады» (Ергөбек, 2003).

Ал осы «Отбасы хрестоматиясы» шығарған тағы бір кітап «Логотерапия немесе өмірге құштарлық» деп аталатын психоналатик, философ, логотерапевт Виктор Франклдың экзистенция анализі және логотерапия туралы жазған бірнеше еңбектерінің аудармасы мен осы салаға қатысты жазылған басқа да ғалымдардың мақалалары жинақталып, логотерапия принциптері қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен салыстырыла отырып жазылған еңбекте экзистенция сөзіне мынандай анықтама береді: «Латынның көне «existere» сөзінен шығады. Мағынасы «даралану», «бөліну», «көзге түсу», «пайда болу», «іргелену» деген. Яғни адамды іштен өзгертетін қасиеттер жиынтығы» дей келіп, адамның өзінің емес, ойының ғана өзгеріп, ой-пікірі оның тіршілігін түрлендіріп, даралап, тұлғаландыратынымен түсіндіреді де, осы өзгерген тіршілікті «экзистенция» деп алады (Керімбай, 2019).

Бала есі кірген сайын өмірдің мәнін ұғуға ұмтылып, сан түрлі сауалды өзіне де, айналасындағыларға да қоюдан шаршамайды. Оны әрбіріміз күнделікті өмірде де көріп жүрміз. Франклдың тілімен айтқанда «Адам дүниеге келгенде кім екенін толық көрсетпейді. Бірақ міндеті «КІМ» екенін көрсету». Демек, саналылық пен еркіндік үстемдік құрғанда адам толыққанды жауапкершілікті сезінетін ересек адамға айналады екен. Ғылым мен техника дамыған сайын адам жанының нәзіктігі, оның ғылым түсіндіре алмас көп иірімдері түрлі дағдарысқа ұшырайды екен. Жоғарыда айтылған рационалды таным, иррационалды таным деген ұғым осыдан келіп шықса керек. «Шекаралық ахуал» күйін бастан кешіретін экзистенциализмде адамның бостандығы мен еркіндігі, яғни, өмір сүруі маңызды фактор болып табылады.

Зерттеу әдістемесі

Негізін Виктор Франклин қалады делінетін логотерапия ғылымы гректің «логос» сөзін «мән» деген мағынада ала отырып, «психотерапияның В.Франкл талдап-тұжырымдарған теориясы мен практикасы. Логотерапия тұлғаның мінез-құлқындағы және оның дамуындағы негізгі қозғаушы күш адамның өз өмірінің мән-мағынасын іздеу мен жүзеге асыруға ұмтылысы болып табылатынын негізге алады. Өмірдің мән-мағынасының болмауы немесе оны жүзеге асырудың мүмкін еместігі адамда экзистенциалдық фрустрация күйін тудырады; бұлар селқостық, торығу, өмірге деген ықыластың болмауымен, сондай-ақ іштей ширығуды барынша азайтуға

тырысушылықпен байланысты неогендік невроздар деп аталатындардың себебі болып шығады. Логотерапияның практикасы адамның өз өмірінің ғайып болған мән-мағынасының басты негіздерінің бірі – доготерапияда - діни сенім болып табылады. Сонымен қатар дін мән-мағынасын немесе нақ сол функцияны атқаратын жалпылама құндылықтарды пациент үш саланың біреуінен: шығармашылықтан, біз өзіміз өзгерте алмайтын жағдайларға қатысты көзқарас тұрғысынан ұғына отырып қабылдаудан және оны бастан кешіруден табуы мүмкін. Логотерапия практикасында негізгі әдіс сократтық диалог әдісі болып табылады және ол тән сипатты неогендік невроздар терепиясы кезінде қолданылады» (Сүйіншалиев, 1969).

Франклдің «мәнмен емдеу» немесе «хикмет шипасы» аталып жүрген логотерапия ілімі арқылы адамға зат деп қарайтын редукционизмге қарсы майдан ашуы адам болмысын тануда медицина, психология, философия, ғылымында айтулы жаңалық болды. Адамның жануардан айырмасы ретінде екі қасиетті ерекше атаған Франкл сол екеуін логотерапия ілімінің іргетасы етіп алады. Оның біріншісі – өзінен өзін есеп алу қабілеті, екіншісі – өзін жарып шығу мүмкіндігі (Мұқанов, 2018). Бірінші қабілетке қатысты түсінік қазақ халқының ұғымында бұрыннан бар. Абай өзінің он бесінші қара сөзінде: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?», - дейтіні бар (Жұмалиев, 1958). Ал екіншісі – «бұл өзіңді өзіңнен суырып алып, басқа аймаққа өткізу. Рухани болмысыңды бұл дүниенің шырмауынан босатып, ғайып әлемге самғату. Бұл терминді Яссауи «жаннан кешу» деп қолданған» дей келе Абайдың «Іштегі кірді шығарсаң Түседі Хақтың сәулесі // Жүректің көзі ашылса / Адамзаттың хикметі кеудесі» және Шәкәрім ақынның «Жасырып тұр Жар өзін / Бас көзімен қарама // Жүрегіңнің аш көзін / Жардың сырын арала» деген өлең жолдарымен нақтылайды (Құнанбаев, 2019).

«Өмірді Мәнге қалай толтырамыз?» деген сауалға Франклдың «жасампаз құндылық», «сезім құндылығы», «позиция құндылығы» арқылы деген үш нұсқалы жауабын ұсынады.

Бұл айтып отырғандарымыздың біздің тақырыбымызға қатысы қандай деген заңды сұрақ туындайтыны ақиқат. Осы біз сөз етіп отырған логотерапия ғылымы, оның негізін салған Франкл өз еңбектерінде қиссаны қолданғанын кітапты құрастырушылар жазады. Олар белгілі фактіге сүйенеді. Сондай-ақ, қисса жанрының экзистенциялық қуатын талай ғалымның мойындағанын айта отырып, құрастырушылар мысал ретінде Карен Армстронгты мысалға келтіреді: «Көне заманның адамы біз сияқты болған» деп ойлауға бейімбіз. Олардың рухани өмірі өзгеше болды. Ойлаудың, сөйлеудің, білім игерудің екі түрін ойлап шығарды. Ғалымдар оны «мифтік» және «логостық» таным деп екіге бөлді. Екеуі де маңызды. Екеуі де ақиқатқа жетудің құралы ретінде қаралады. Бірақ әрқайсысы өзіне тиесілі таным алдында қызмет етеді.. Миф тәңірлік уақытпен біздің мәңгілік болмысымыз жайында толғайды. Тіршіліктің қайнар бұлағына үңілдіреді. Мәдениеттің түп-тамырын жасақтайды. Адамның терең жанқатпарына бойлайды. Дүнияуи тұрмыс-тіршілікке араласпайды. Өмірден баянды Мән таппаса, адам торығуға бейім тұрады. Миф тіршілікке мағына сіңірумен назарыңды мәңгілік болмысқа аударады. Тура мағынасында қабылданбайтын аңыздық оқиғалар психологияның көне түріне жатады. Мұғжиза, керемет қолданып, дию-перімен соғысатын батырлардың ерлігі түпсанаға сәуле шашады. Бұл құбылысты рационалды ғылыммен тани алмайсыз. Есесіне қиссалар мінез құлыққа әсер етеді. Біздің заманда аңыз, қиссалардың жетіспеуінен іштегі вакумды толтыру үшін «психоаналитика» деген жаңа ғылым ойлап шығарды» (Жұмалиев, 1958). Бұл үзіндіні толық келтірген себебіміз де сол, «Қисас-үл-әнбия» туындысының жас ұрпақ тәрбиесіндегі орнын осы ғылымдармен байланыстыра қарастыра отырып, көрсету.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қисса жанрының дін ғылымының аксиология аймағына тиесілі екенін ескерсек, онда оның рухани қызметі айқындалады. Ол – қиссалардың адамзаттық құндылықтарды жоғалтпай сақтауы және биікте ұстауы. Демек, Қиссашыл немесе қисса жанрының оқырманы болған адам діни фанатизмге бой алдырады деу – қате түсінік. Қисса оқып, түсініп, түйсініп, өзгелерге айтып жеткізе білген адам Абай айтқан «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген қағиданы ұстанатын филантропистік қасиетке ие, яғни, адамдарды жақсы көретін қайырымды болып өседі. Бұл қиссаның тәрбиелік мәнінің бір қыры ғана.

«Отбасы хрестоматиясы» қоры шығарған жинақта «Мұхамбет пайғамбарға салауат» өлең түрінде беріліп, көрнекті оймен көмкерілген. Рабғұзидың қиссаны қалай жазғаны баяндалған соң бірден осылай бастауында да сыр жатыр. «Анас ибн Маликтен жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім маған бір салауат айтса, оған Алла он салауат айтады және оның он қателігін кешіреді» - десе, Жәбир ибн Абдуллаһтан жеткен хадисте, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім маған бір күнде жүз салауат айтатын болса, Алла оның жүз қажетін орындайды. Оның жетпіс қажетін Ақырет күні, ал отызын осы дүниеде орындайды» - дейді» (Ұласқанұлы, 2020). Басқа қиссалардан бөлек осылай Мұхамбет пайғамбарға салауатты 18 жол өлеңмен бере отырып, Мұхамбет ғ.с.-ның он сегіз мың ғаламның шұғыласы, үмбеттердің құбыласы, Алланың хабибі, ойы көркем нәби, мейірімнің кені, міскіндерді жебеуші, кешірімшіл һәм жетім мен пақырдың қамын ойлаушы, жеті көкке самғаған, миғражды шарлаған, пайғамбарлар сардары атайды.

Алланың бір ғана «Бисмиллаһи рахманир-рахим» деген сөзінен Нұр пайда болып, оның есімі «Алланы көп ұлықтаушы» делініп, ол тауыс құстың бейнесіне енеді. Алланың махаббатынан жаралған Нұрдан Ақылды, Сабырды таратуы және Алланың бірлігін осы екі қабілет арқылы тануды тапсырады. Содан бері «ақылды ерден иман қашып құтылмайды, сабырсыз ерге иман тоқтамайды» деген сөз қалған деседі. Бұл қазақта ежелден айтылатын «ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» немесе «сабырлылық жеткізер мұратқа, сабырсыздық қалдырар ұятқа» деген мақалдарды еске түсіреді. Демек, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болатын мақал-мәтел мәйегіне де осы қиссалар негіз болған ба деген ойға келеміз. Ал бұл туралы жинақты құрастырушылар әлем Мұхамбеттің нұрымен басталып, Пайғамбардың шапағатымен аяқталады деген қисынға тоқтайды. Осылай «Нұр Мұхаммед» концепциясын алға тартады. Ол ар алдында жауапкершілік арқалау, бір сөзбен айтқанда рух потенциалының белсенді күшке айналуы дегенге алып келеді. Демек, бұл әділдік, имандылық, адамгершілік, мейірімділік сынды асыл қасиеттерді бойға сіңіру. Қиссаның тәрбиелік мәнінің маңыздылығы осында. Ақыл, қайрат, жүректің ғылымға кеп жүгініп, кімнің мықты екеніне дауласқанда ғылымның қайратта бар қуат, күштің пайдасы мен залалы қатар жүретіні, ал ақылда амал мен айла да бар екенін айта келіп, бәрін де жүрекке билету керек деген шешімі адам бойындағы ең асыл қасиеттердің басын қосып ғана тұрған жоқ, «осы үшеуі бір кісіден табылса, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам» дегенді меңзеп тұр. Бұл жердегі бейнелі суреттеу қиссаның көркемдік қуатын күшейтіп, мазмұнын ашып қана қоймай, тәрбиелік мәнін де арттырып тұр. Егер адам құр ақыл иесі болып, мейірімнен, махаббаттан, адамгершілік асыл қасиеттерден мақұрым болса, оның ашқан жаңалығының адамзатқа тигізер пайдасынан зияны көп болмасына кім кепіл?! Абай айтқандай ақыл мен қайратты жүрекке бағындырғанда ғана «Нұр Мұхаммед» концепциясы негізіне сүйене отырып, ізгі қадамдар жасалады. Мәселен, сабақ беруші мұғалім шәкірттерін асқан сүйіспеншілікпен жақсы көріп, мейірімімен баурап, махаббатпен түсіндірмесе ол құр білім ғана болып қалады, балалардың қабылдауына да қиынға соғады. Ал осыны керісінше жасаған жағдайда оқушылардың көзінде нұр пайда болып, сыныпта ерекше

аура қалыптасады. Мұны өз тәжірибемнен білемін.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Он екі дария» әңгімесі арқылы адам баласына тән ақыл, қайрат, жүректен өзге де жақсы қасиеттер мен қабілеттердің бар екенін атай отырып, тіршіліктің, пайғамбарлардың жаратылуына қатысты аңызбен бөліседі. Әділет, ынсап, бауырмалдық, мейірім, бекзаттық, сұлулық, имандылық, өнер, білім, ұждан, ізгілік, шапағат деп аталатын он екі дарияның әрбіріне Мұхаммед пайғамбар Нұрын мың жылдан шомылдырғанда Нұр әр дем алған сайын «лә илаһа иллала» деп зікір айтып тұрады да Алла оған сол он екі дариядағы барлық қасиет пен қабілетті оның бойына сіңіреді. Алланың жаратуымен төрт бұтақты бәйтерек пайда болып, соның ең биік шыңына асқан құрметпен тауысты шығарғанда ол бес рет сәжде етіп, алғыс айтады. Бес уақыт намаз осыдан пайда болған деседі. Сол тауыстың денесінен үзіліп түскен 124 мың тамшы соншама пайғамбардың рухына айналған екен. Адамға да, хайуанға да, өсімдікке де тән физикалық қабат пен тек адам мен хайуанға тән психикалық қабат, тек адамда ғана бар рухани қабат дегенді логотерапия ғылымы әлдеқашан зерттеп, дәлелдеп тастаса, осы «Он екі дария» әңгімесі арқылы біз Нұрдың он екі дариядан бойына экзистенциялық қасиеттерді дарытқанын аңғарамыз. Ал енді осы он екі дариядағының бәрін бір сөзбен кітапты құрастырушылар «көңіл» деп атапты. Қазақта «көңіл көңілден су ішеді» деген сөз бар. Оған қоса «көңіл-тереземіз кірлемесін, көңіл тереземіз шытынамасын» деп жатамыз. Ауырған кісінің көңілін сұрау, кісісі өлсе көңіл айту, көңіліне қарап сөйлеу дегендер де ойымызды қуаттайды. Демек, он екі дариядағы қасиеттердің бәрінің басын қосқан көңіл атты алып дария суалмасын, ластанбасын деп тілейміз. Осыны жас ұрпақ санасына сіңіре отырып, олардың бойына әділет, ынсап, бауырмалдық, мейірім, бекзаттық, сұлулық, имандылық, өнер, білім, ұждан, ізгілік, шапағат деп аталатын ізгі қасиеттерді қоса қалыптастыратынымызды ұмытпаған абзал.

«Қалам мен Лаухының жаралуы» туралы әңгіме Тауыстың оң көзінен тамған екі тамшының бірінен Қалам, екіншісінен Лаухы жаралғаны, Алланың Қаламға «Жаз!» деп бұйырып, әуелден ақырға дейінгіні Лаухыдағы тағдыр тақтасына тізіп, оған Лаухының Махфуз деп ат қойғаны, Қаламның бірінші жазғаны «Мұхамбет» деген сөз болса да оның кім екенін білмеуімен басталады. Оған қынжылған Жаратушы Қаламға түсіндіріп және оған құрмет көрсетіп, салауат айт дегенімен Қалам қорқыныштан дірілдеп мың жыл жаза алмай тұрған екен. Содан соң ғана барып алғаш жазған сөзінің қасына салауатты қосып жазыпты. Содан бастап Мұхаммед пайғамбарға салауат айтатын болыпты. Одан Жаппар Хақ Қаламға бүкіл пайғамбардың үмбетінің болашақ тағдырын жаздырады. Адам пайғамбарға қатысты егер кімде кім жақын бауырын сүйсе жұмаққа, ал мал үшін арын сатып, қан төксе тозаққа жіберетінін, Нұқтың үмбетінен кімде кім оның насихатын тыңдап, ар-ожданын биік ұстаса оны пейішке, ал азығындыққа салынса тозаққа тастайтынын, Ыбырайымның үмбетіне жомарттық пен қайырымдылық жасаса кәусар бұлақтан қанып ішетінін, ал дүниеқоңыздықпен жалған дін жасаса у ішетінін, Мұсаның үмбетіне Алланы бір деп таныса жұмақты, зорлық зомбылықты таңдаса тозақты бұйыратынын, Ғайсаның үмбетіне жүрегін махаббатқа байласа хор қызы күтіп алатынын, ал сатқындық пен аярлықты таңдаса жанын жаһаннамға жіберетінін және тағы бұлардан басқа пайғамбарлардың барлығының үмбетіне жазады. Ең соңында Мұхамбет Пайғамбардың үмбетіне келгенде Қалам «Егер кімде кім жүрегін таза ұстап, Құдайдың алдына кіршіксіз жүреппен келсе, оны пейішпен қуантамын. Мұхамбеттің қарабет үмбеті Алланың атын жамылып, адам өлтіретін болса, дінді бетперде етіп қан төгетін болса, ар-намысты аяққа таптап, дінді былғайтын болса, тамұқтың түбіне тастаймын» деп жаза бастағанда Алла Қаламға асықпауды, әдепті болуды, бұлардың әлемдердің рақымы болатын Мұхаммеддің үмбеті екенін айтады. Қорқып екіге жарылған қалам екі

мың жыл бойы жаза алмайды. Сонда Алла дәл қазір біз өмір сүріп отырған заманды сипаттағандай айта келіп, Мұхаммедтің ақ жолда болған үмбеттеріне пейіштен бөлек нығмет – өзінің дидарын көру бұйыратынын айтады. Тек салауат айтып, кешірім сұраса, Мұхаммедтің құрметіне қабыл ететінін айтқанда Нұр ерекше шаттанған екен.

Бұл әңгімеден түсінгеніміз қазақта «тағдыр», «маңдайға жазылған», «тағдырынан көреді» деген ұғымдар қалыптасқан. Десе де, Алла жаратқанда ақыл, қайрат, жүрекпен бірге он екі дариядағы он екі қабілет пен қасиетті қоса дарытқан Мұхаммед үмбетінде әрдайым таңдау бар екенін ұмытпаған абзал. Себебі, Алла берген қабілет, қасиеттерді орнымен қолданып, өмірден өз жолын табуы әрбір адамның парызы деп білемін. Сондықтан бұл әңгімеден түйеріміз, адамдықтан аттамай, арсыздыққа бармай, жүрегімізді кірлетпей таза ұстау. Өмір сүру қағидаларын соған орайластыра жасау. Осының барлығын жас ұрпақтың санасына сынамалап болсын кіргізу. Қисаның тәрбиелік мәнінің маңыздылығы да осында жатса керек.

Ал келесі кезекте періштелердің жаралуы туралы әңгімеде Тауыстың сол көзінен екі тамшы тамып, бірінен Ғаршы, бірінен Күрсі, Мұбарактың оң құлағынан үзілген екі тамшыдан Жебірейіл мен Мәкәйіл, сол құлағынан үзіліп түскен екі тамшыдан Ысрапыл мен Әзірейіл, самайынан аққан тамшылардан миллиондаған періштелер жаратылып, бір тамшыдан барлық қасиет пен кие дарыған миғраж түнін, бір тамшыдан қанатты пырақтарды пайда қылады. Сондай-ақ, сол пырақтардың қайсысы өзін тақуа ұстаса сол Мұхаммед пайғамбар досын алып келетінін айтады. Тағы бір періштені жаратып оған жайнамаз тоқуды тапсырады.

Өзінің өзгелерден ерек жарқырап тұрғанына марқайған Жебірейіл Алладан өзінен де үлкен жаратылған нұр бар ма дегенінде Алла оның көкке қарауына және өзінің сол Нұрдың бір тамшынан пайда болғанын айтады. Жанындағы төрт нұрдың Мұхаммедтің төрт серігі – төрт шадияр – Әубәкір, Омар, Оспан, Әлидің нұры екенін айтады. Ал сегіз жұмақ Тауыстың тұмсығынан тамған тамшыдан пайда болса, аяғынан себелеген жеті тамшыдан жеті түрлі тозақ жаратылған екен (Құнанбаев, 2019).

Әрине дәл осы әңгімені бүгінгі индиго балаларға тәрбие құралы ретінде қолдану немесе осы әңгіме арқылы оларды тәрбиелеу қаншалықты қисынға келеді? Бұл сұрақ қазіргі таңда барлық педагогты да, психолог мамандарды толғандыруда. Біз әлеуметтік желілердегі өздерін коуч, мотиватор, психолог, психоаналитик санап жүргендерден түпсана, сана немесе бейсана деген сөздерді көп естиміз. Сондай-ақ, «IQ-ім Эйнштейннен де жоғары» деп жүрген, бірақ айналасындағылармен тіл табыса алмайтын, дұрыс қарым-қатынас орната білмейтін, жақындарымен сөйлеспейтін, тәлім-тәрбие туралы ойланбайтын цифрлық заманның технократ ұрпағы үшін осы қиссалардың берері мол. Ол үшін олардың бейсанасын қисса-дастандардағы мифологиялық бейнелермен, оқиғалармен толтырып, иманын қуаттау керек. Сонда ғана олардың қиссаға деген, оның мазмұндық ерекшелігіне деген көзқарастары ақырындап өзгерсе керек.

Ал тіршіліктің бастауы туралы әңгімеде бүкіл жаратылыстың қалай пайда болғаны баяндалады. Тауыстың екі бетінен сырғып түскен тамшыдан Ай мен Күн, маңдайындағы бір тамшының миллиондарға бөлінуінен жұлдыздар, алқымынан түскен төрт тамшыдан жер, от, су, жел, екі езуден тамғаннан күн мен түн пайда болады. Осылай табиғаттың барша тамашасы – боран, жауын-шашын, найзағай, Адам атаның аса таяғы, Сүлеймен пайғамбардың жүзігі, Ысрапылдың сүрі, мұхит пен теңіз, топырақ, тау-тас, бұлттар мен жасыл желек, мақұлықтар, жан-жануарлар мен жәндіктер, құстар пайда болады. Адамдар рухын жаратып, оның үсітіне ілім, білім, өнер, кәсіп жаратып, шашады. Содан бастап әр адам белгілі бір қабілетке ие болады екен.

Осы қиссаны кітапты құрастырушылар Шәкәрім ақынның мына өлең жолдарымен тәпсірлейді: «Жаралыс басы – қозғалыс / Қозғауға керек қолғабыс / / Жан де мейлің, бір Мән де / Сол Қуатпен бол таныс / Әлемді сол Мән жаратқан / / Қозғалмаса көшпейді

/ Көшпеген нәрсе өспейді // Өспеген нәрсе өзгермес / Түрден ол түрге түспейді / Қозғалыс түрлеп жаратқан»[10,33]. Осы қисса арқылы біз оқырманды болсын, жас ұрпақты болсын, ғаламды бір деп тануға ықпал ете алады екенбіз. Оның сыры осы жоғарыда айтылған Нұр Мұхаммед концепциясы. Яғни, бізді жаратушы бір Алла. Дүниедегі барлық тіршілік көзі сол бір Нұрдан таралады екен. Демек, Абай айтқандай «...Единица – жақсысы / Ерген елі бейне нөл // Единица нөлсіз-ақ / Өз басындық болар сол // Единица кеткенде / Не болады өңкей нөл?» (Нұрахметұлы, 2005).

«Сәлемнің басы» деп аталатын қиссада Алла Нұрға он сегіз мың ғаламды аралатып, бүкіл тіршілік атауымен сәлемдесіп шығуды тапсырады. Сонда Нұр бәрінен кім екенін сұрап, өзінің үмбеттеріне қайырлы болатын дүние айтқанда олар егер кімде кім саған күніне он рет салауат айтса деп деп бастап жауап береді. Бұл қиссада періштелерден бастап Ғаршы, Күрсі, Қалам, Лаухы, жер, су, от, жел барлығы кәлим шаһоодат айтып ммұсылман болады. Бұл қиссаның тәрбиелік мәні табиғаттың әрбір жаратылысының ерекше қасиеттерін тану, таныту. Мысалы, «Мен Жермін. Күллі тіршіліктің қайнаған құтты мекені менде болады, -деп мақтана жауап берген жерге Нұр-Мұхаммед: - Баяны жоқ сұм жалған, пәни дүние сенде екен. Сондықтан босқа мақтанасың» десе, «Мен Алланың ерекше хикметпен жаралған нығметімін. Күллі кірлеген затты мен тазартамын. Тіршіліктің бір көзін маған байлаған, - деп мақтанған суға, – Су, сен бекер мақтанасың. Күллі кірді тазартасың. Бірақ өзің де лас болып ағасың. Құдай қаласа тіршілікті топан сумен де тоқтата аласың деп судың аптығын бір ауыз сөзбен басты.- Мен Алла жаратқан құдіреттің бірімін. Менсіз тіршілік болмайды. Суықты қашырам, шикіні пісірем, темірді балқытам,- деп мақтанып қоя берген отқа Нұр-Мұхаммед: - Сен де босқа мақтанасың. Жануың желден, өшуің судан. Қараусыз қалсаң, тіршілікке қуаныш емес, қасірет сыйлайтын қадігездігің басым. Өз бетінше өшуді білмейтін қатыгез жансың, - дей келіп, «бұлттарды айдаймын. Жердің көгеріп көктеуі, қуаңшылықтан құтылып, құлпырып тұруы маған байланған, тіршілік менімен тыныстайды», - деп мақтанған желге де өз жауабын береді. - Міндетің жақсы екен, Тек ақылың кем екен. Кей кезде жыңдылықпен іс қыласың. Долданып соққанда гүлденген әлімді жермен-жексен етесің. Құбылмалы мінезің мұратыңа көлеңке түсіріп тұр,-дейді. Кейін осы төртеуі тіршіліктің тынысына айналады» (Құнанбайұлы, 2019).

Нұр-Мұхаммед атап айтқан олардың осы кемшіліктері келесі қиссаға арқау болған. «Үш тентектің төбелесі» деп аталатын қиссада құс жолының пайда болуы, жұлдыз ағып, бірі жанып, бірі сөніп жатуының себебі түсіндірілген. От, Су, Желдің тартысын сырттан тамашалап тұрған топырақ сабырмен ғана әрекетке көшіп, тіршілікке жан бітіру үшін от, су, желдің тартысынан ұшқан шаң мен тозаңды, тас қиыршықты лаймен біріктірді. Қойны қонышы жасыл желекке, қазба байлыққа толғаның, олардың бірлікте жұмыс жасап жатқанын көрген от, су, жел үшеуі топыраққа келеді. Сонда топырақ оларды сабырмен ақысыз қызмет етіп өмірге сән берсе ғана Жаратқанның назарына ілігетіндерін айтады. Олар серт беріп, содан дүние тіршілігі дүрілдеп сала берген екен. Бұл қиссаның берер тәлімі – топырақтай сабырлы да салқынқанды, өз ісіне бекем, берік болуды, үндейді.

«Бәніл жынның қиссасында» желмен, сумен тартысқан оттың бір ұшқыны көкті шарлап кезіп жерге құлап, жалыны қатты болғаны сонша жан-жағын түгел жайпайды. Құнарлы топырақ кеуіп, өсімдік біткен жанып, көшпелі құм пайда болады. Ол қазіргі сахара шөлі болатын. От лаулап жанып-жанып тұрып, қақ ортасынан екіге бөлініп бірінен арыстан басты, шаян құйрықты қорқынышты құбыжық Әбілет, екіншісінен қап-қара қасқыр басты, жылан құйрықты Тәбілет пайда болады. Олар құс сияқты ұша да алатын, хайуандарша төрт аяқтап, адамдарша екі аяқтап та жүре алатын, жер асты мен үстін, су астын да мекендей беретін, жынысы да ауыспалы болыпты. Алла оларға шоқтан жаратқанын айтып, некесіз қосылмауды, жердегі нығметтеріне шүкіршілік

айтуды тапсырғанымен ешбірін тыңдамапты. Аллаға бағынбай, білгендерін істеген ол екеуінен Ібіліс туылған екен. Артынан Ашына, Дию мен Жын, Түлен, Құлан, Албасты, Үббе туылады. Ібіліс туған қарындасы Ашынамен көңіл қосады. Содан бастап некесіз қатынас құрып, күнә жасайтындар ашына, ашыналар деп атайды екен.

Бұл қиссаға эксизтенциялық талдау жасаған құрастырушылар «жамандық қайдан шықты?» деген философиялық сұрақ қойып, оған онтология ілімі тұрғысынан қарайды. Онтология болмыс туралы ілім. Яғни, кез келген адамның бойында жақсы қасиеттермен қатар жаман да қасиеттердің болуы мүмкін. Тек баланың тәрбиесіне, алған тәліміне, өскен ортасына қарай оның болмыс-бітімі қалыптасады екен. Осы жерде кітап құрастырушылары мынандай сауал қойып, оған өздері ұтымды жауап береді: «Тәрбие дегеніміз не? Тәрбие жас балаға миындағы зұлымдық идеяны емес, ізгілікті таңдауды үйрету», -дейді.

Иә, расымен де барлық тіршілікті жаратушы Алла зұлымдық пен қатыгездікті де қоса жаратқанымен, адам баласы өз өміріне жауапкершілік ала отырып, бойындағы жаман қасиеттерді тұншықтыру арқылы пендешіліктен аулақ болары, жақсы, ізгі адам болып қалыптасары сөзсіз. Бұл қисса арқылы оқырман жамандықтың бастауы қайдан шыққанын ғана біліп қоймайды, өзіне өмірлік мәні бар тәлім тәрбие алады деп ойлаймыз.

«Ібілістің жеті қат көкке көтерілуі» жайлы қиссада ата-анасымен араз болған жын ұрпағы Құдайға құлшылық қылып, оны періштелер көріп Аллаға жалбарынып алдымен бірінші қат көкке көтеріп оған «Абид» деген ат береді. Сосын екінші қабатқа көтеріліп, «Заһид» деген ат алады. Үшінші қатта «Ариф», төртінші қатта «Уәли», бесінші қатта «Тақуа», алтыншы қатта «Хазин», ең ақырғы жетінші қатта «Өзәзіл» яғни, «Тәңірдің әзізі, құрметтісі» деген атақ алады. Барлығында періштелердің пәк көңілін қимаған құдай Ібілістің шынайы келбетін, ниетін танып біліп тұрса да, ісі әшкере болғанша соңын күтті. Ібіліс тәкаппарланып, менмендікке салынып, кеудесіне нан пісіп қана қоймай, көктен жерге түкіретін болыпты. Ол түкірген жерден тек жәндік жейтін жыртқыш өсімдіктер ғана өніп шығыпты. Ақырында аспанға қарап түкіріп, оны жұмақ былғанбасын деп періштелер қағып ап, ал Ібіліс болса қанша періште болса сонша рет түкірген екен дейді. Аспанда тұрған түкірік қиямет-қайым болғанда Ібілістің өз басына от боп жанады екен.

Бұл қиссаның тәрбиелік мәні кеудемсоқтық пен құр менмендік, тәкаппарлық Ібілістің ісі, Құдайдың сүйген құлына тән қасиет емес, «Ұлық болсаң кішік бол» дегенге саяды. Аспандаған адамдарға қатысты айтылатын «түкірігі жерге түспей тұр» деген тіркестің шығу төркіні де осы Ібіліспен байланысты екенін жас ұрпаққа ұқтыру арқылы оларды эстетикаға ғана тәрбиелеп қоймай, көшеде, аялдамада түкірмеу керектігін түсіндіріп тазалаққа да тәрбиелей аламыз. Сондай-ақ, ілім-білімі мол адамның ойы пасық, кеудемсоқ, пиғылы теріс болса, ниеті жаман, ойы арам болса, демек оның білгенінен қайыр жоқ. Пайдасыз білім арамдық пен қулық-сұмдыққа қызмет ететін болса оның елге тек зияны тиетінін түсіндіру арқылы жастардың бойына даналық дәнін еге аламыз. Осы ретте Әл-Фараби бабамыздың «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген сөзі еске түседі. Демек, осыдан ондаған ғасыр бұрын айтылған Отырардан шыққан Фарабидай ғұламаның бұл сөзі қазір де өз маңызын жоймаған.

Осы қиссадағы әр қатты суреттеп, бейнелеп жеткізуі өте көркем шыққан деуге болады. Ібілістің құлшылығын, періштелердің ақ адал көңілін шынайы жеткізе отырып, қиссаның мазмұнын байытқан және мағынасын аша түскен. Әбілет пен Тәбілет туралы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығында да айтылады. Ал көне аңыз ретінде алғаш рет көне грек мифологиясына Гомер енгізген деген дерек бар (Ғаббасов, 2008).

«Әбілет пен Тәбілеттің тамұққа түсуі» қиссасында Ібілістің Алладан оларды қамайтын зынданның қалай болатынын шешуді сұрап алып, жеті тозақты жасап шығарады. Бірақ күндердің күнінде осы тозақ оты өзіне бұйырарын болжамайды. Әбілет пен Тәбілетті

әбден қинап, олардан аққан қаннан жерді жыртқыш аңдар мен құстар пайда болып, олар адамға шабуылдайтын болыпты.

Бұл қиссаның тәрбиелік мәні өте зор. Қазақ халқындағы «Біреуге ор қазба өзің түсесің» деген мақалды, Мұхаммед ғ.с.-нан қалған дейтін «Өзіңе не тілесен басқаға да соны тіле» деген сөздерді еске түсіреді. Бойын ыза мен кек кернеген Ібіліс әкесі мен шешесіне жасағаны өз алдынан шығуы «Атаңа не істесен, алдыңа сол келеді» деген мақалды да еске түсіреді. Демек осы қисса арқылы біз жас ұрпақты ата-ананы қадірлеп, өзгеге қастандық жасамауға, жамандық тілемеуге шақырып, жақсылыққа, тәрбиелікке үндейміз.

«Адамның жаралу қиссасының» тәрбиелік мәні топырақпен тікелей байланысты. Таласқан тау, тас, су, алтын, жел, от, аспан, ешқайсына қарамастан бұйығы ғана үнсіз жатқан, сабырлы һәм кішіпейіл, қойны толған береке Жерден жаратады. Алланың шешімін естіген Жер адамдардың жер бетінде көп күнәға бататынын, соны арқалап жер қойнына келсе қалай бәрін көтеремін деген қаупіне Жаратушы былай деп жауап береді: «Қара жер, қайғырма! Мен шебер Алламын. Олардың күнәсін жойып, саған салмақ салмауға құдіретім жетеді. Мен адам ұрпағына Құран түсіремін. Марқұм болғандардың ұрпағы әруақты еске алып, оларға Құран оқытып, артынан дұға ететін болса, олардың күнәлары жойылып отырады. Сонда саған артық жүк түспейді. Мұсылмандар әруақтарды ұмытып, оларға Құран оқуды тоқтатқанша осылай жалғаса береді», - дейді. Сөйтіп, қара жер сауалына жауап алып, Алланың дегеніне көнеді. Топырақтан жаралған адам қайта топыраққа енеді. Әр бейсенбі, жұмада жеті шелпек пісіріп, иіс шығарып, әруақтарға бағыштап құран оқыту осылай дәстүрге айналған екен. Ал осының бәрі тоқтаған күні қиямет қайым болып, жер көп күнәні көтере алмай екіге жарылады екен дейді (Ергөбек, 2014).

Топырақтың жоғарыда айтылған қасиеттерінен «топырақ мінез» ұғымы пайда болған сияқты. Кітапты құрастырушылар топырақ сияқты толерантты болу, топырақ сияқты өнім бергіш, жасампаз, құнарлы, мәдени қабатқа айналу сынды екі қасиет адам бойынан табылуы тиіс деген тұжырымға келеді. Сондай-ақ, Құран кәрімді оқып қана қоймай түсіну, әбір халықтың өзіне ғана тән өмір сүру дәстүр-салты мен әдет-ғұрпын Құранмен әдіптеп, байланыстыра отырып жүргіздіру. Жасыратыны жоқ, жетпіс жыл бойы қызыл туға табынған еліміз алғаш егемендік алғанда көптеген жастарымыз діни сауатын арттыру үшін жан-жаққа білім іздеп кетті. Олардың кейбірі біздің ұлттық дәстүр, жөн-жоралғымызды құптамайтын теріс ағымдағы дінді оқып келгендіктен ел ішінде кереғар пікірлер көбейді. Тәуелсіз ел атанғанына отыз екі жылға жуықтаған елімізде әлі күнге дейін сан түрлі діни ағымдар емін-еркін білгендерін жүзеге асыруда. Бұл болашақ үшін, жас ұрпақ үшін қауіпті. Қанша жерден қадағалап, тәртіп орнатылды десек те басқа діни ағымдағы адамдардың ұрпақ тәрбиесіне теріс ықпал етуін көзден таса қылмауымыз керек.

«Жерден топырақ әкелу қиссасында» да топырақтың өзгелерден артықтығын адамды жарату процессі барысында көрсетеді. Жерден топырақ әкелуге жұмсап, бірақ жұмсақтықтары мен Жерді аяған жүрекпен топырақ ала алмай қайтқан Жәбірейілді адамдарды дос ететін, ал Мәкәйілді жер бетіне ризық шашатын, Ысрапылды жердегі табиғатты түрлендіріп, күн райын реттеп отыратын періште етуі – ниетіне қарай тілегін берем деген ұғымға саяды. Адамның бет-әлпетін Меккенің, бір қолын батыстың, бір қолын шығыстың, аяғын солтүстіктің, кіндік пен қарын тұсын Бағдат пен Шамның, кеудесін таудың, арқасын арқаның, жүрегін барлық жер бетінің топырағынан су, жел, от қосып жаратыпты. Мұның әрқайсының өзіндік себебі де жоқ емес екен. Адамның ашуланғанда оттай өрекіп, жаны бірдей желдей күркіреп, бірде жүні жығылып, ал көңілдің мұдай таза боп, бірде кірленіп, қуанса да, жыласа да жылайтыны осы себептен екен. Ал тән жасайтын балшықты илегенде қырық жыл қайғы жаңбырымен, бір жыл шаттық суымен суарғандықтан адам өмірінде қуанышты кездер аз, қайғы көп болып кеткендіктен екінші

рет шаттық жаңбырын жаудырып, қайғы соңын қуаныш басатын етіпті.

Осындағы қуанышты сәттерден туатын бақыт сезімі туралы құрастырушылар экзистенциялық талдау жасай келіп мынандай ой айтады: «Жаңа буын, жаңа ұрпақ қандай жолмен болса да қиындық пен қасіреттен қашып құтылудың бүкіл айла-шарғысын ойлап тапты. Есесіне оңай жолмен эйфорияға бата қалатын «жасанды бақыт» әдістерін әбден жетілдірді. Соның кесірінен адам ұрпағы стирилизацияға ұшырады. Яғни ешқандай болашағы жоқ ұрпақ пайда болды» (Сүйіншалиев, 1969). Бұл тұжырым ащы болса да шындық. Олай дейтін себебіміз, қазіргі таңда жастар барлығы дайын болса, бас ауыртпай, балтыр сыздамай алдыма келе қалса болмаса жеңіл жолмен байып кетсем деген оймен жүріп, рухани байлық туралы ойлауға мұршасы да келмей жатады. Бұл қиссаның бала тәрбиесіндегі маңызы сол – адамның қалай жаратылғанын осы қисса арқылы түсіндіру арқылы адам болмысында болып жататын жайттарды, түрлі кедергілер мен кездейсоқ жағдайларды дұрыс түсініп қабылдауына, қиындықтың соңында да береке бар екеніне иландыра отырып еңбексүйгіштікке тәрбиелеу жатыр. «Адамды адам еткен еңбек» деген кеңестік кезеңнен қалған қисынсыз деп табылатын қағиданы дұрыс мағынасында қолдана алсақ, өз нәтижесін берері сөзсіз. Еңбекті жастайынан сүйіп өскен бала келешекте өзгеге кәріптар болмай еркіндікте өсетінін де ұғындырсақ артық етпейді.

«Ібілістің адамды тамашалау қиссасы» арқылы адамның пендешілігі мен жүректің беріктігін, Ібілістің азғырғанына ермей, иманын берік етіп ұстауды жас ұрпақ бойына сіңірте аламыз. Адамды мойындағысы келмеген Ібіліс өзінің іліміне сенгенімен Адамның жүрегіне кіре алмай, Алла оның жүрек көзін ашқанда ғылымын паш еткен Адамға барлық періштелер бас иеді. Алла Адамды өзінің орынбасары еткенде қызғаныштың қызыл еті жанын жегідей жеген Ібіліс өзінің оттан жаралғанын айтып тәкаппарлық танытқанда Алланың бұйрығымен Жәбірейіл періште сұқ саусағын шошайтып «ұстаңдар оны» дегенде Ібілістің періште кейпінен түк қалмапты. Содан бастап адамға қарап саусағын шошайтпау керек деген ырым қалыптасыпты. Теңіздің суына тұншықтырғандықтан ол су ішуге жарамсыз ащы болып қалғаны, балықтарға Адамды жаман ниетті етіп айтып, олар бір-біріне хабарлағаны үшін Алла балықтарды тілсіз етіпті.

Бұл қиссаның танымдық-тәрбиелік мәні біріншіден, жеті қат көкке көтерілген Ібілістің бір сәтте бағының тайып, жұмақтан қуылы және күншілдік танытып, менмендігін жеңе алмау арқылы түсіндірілсе, екіншіден көзі жетпей Ібілістің айтқанына сеніп өсек сөз таратқан балықтың Алланың пәрменімен тілсіз қалуы арқылы жеткізіледі. Алғашқысының Құран кәрімде жеті рет кездесуінің де мәні зор. Себебі, Алла осы арқылы адамдарды сақтандырады. Іштарлық жақсы қасиет емес екенін ата-ана баласына тек сөзбен емес өзінің іс-әрекетімен, өмір сүру салтымен, күнделікті өмірде көрсетіп, үлгі болып отырса онда баланың бойында күншілдік патшалық етпейтін болады. Өкінішке орай, бүгінде дастартхан басында баланың көзінше әлдекім туралы ғайбат сөйлеу, оларды жамандау, істерін тізіп, кемшілігін көрсету белең алып барады. Мұның барлығының жас ұрпақ тәрбиесіне кері әсер ететінін естен шығармаған абзал.

«Адамға жан кіргізу» қиссасының тәрбиелік мәніне келер болсақ, мұндағы Рухтың (Жанның) адам денесіне кірген сәттегі мына бейнелеуден алсақ болады: «Жан адамның башпайынан бастап кірді. Башпайға жан кіргенде, ол жыбырлады. Жан тізеге жеткенде аяқтың жүргісі келді. Жаңа туған бөбектің жүргісі кеп талпынатын дегбірсіздігі осыдан қалыпты. Жан белге келгенде, отырғысы келді, қарынға келгенде аштықты сезді. Жүрекке жеткенде бойын үрей биледі. Кеудеге көтерілгенде, бойын мақтан кернеді. Мойынға мінгенде, жан-жағына қарағысы келді. Ауыздан әрі асқанда, тілі жыбырлап сөйлеуді тіледі. Жан мұрыннан өтіп, көзге келді. Айналасына қарап, сансыз періштені көріп қайран қалды. Құлағына келгенде, зікір, таспих, салауаттың әуенін естіді. Жан миға жеткенде, алғаш рет өзінің дене мүшесіне зер салды. ...Адам кесе толы пейіштің тәтті

сусын ішкенде, денесінен алпыс екі тамыр пайда болып, бойына қан тарады. Осыдан бастап адам қаны қасиетке ие болады. Нақақ төгілген адам қанының сұрауы қатты болатыны осыдан екен» (Ергөбек, 2003).

Мұрны қышып, түшкіргенде қорыққанынан әлһәмдулла дегенде періштелер жамырай «жәрәкімалла» депті. Түшкіргенде осылай деу содан қалған екен. Адамның жан біткен дене мүшелерінің айтысы арқылы да бұл қиссаның жеткізбек тәлімі мол. Жүректен өзгесі өзін мақтап, аптыққанда Алла жүректің сабырлы күйін ұнатып, ет-жүректі барлық тәннің патшасы, махаббат пен мейірімнің ұясы етіпті. Қиссадағы барлық мүшеге жеке дара тоқталып, Алла аманат еткен бүкіл дүниені жазып шығуды мақсат етпедік. Себебі бұл қисса мазмұны көпшілікке таныс. Сондай-ақ, физиология ғылымы бойынша әр дене мүшесінің қызметі қалай айқын болса, олардың руханиятта да атқаратын қызметі белгілі. Құлақпен естігенді көзбен көріп, жүрекпен сезіп, ақылмен шешіп, қолмен істеп жүргеніміз рас. Бұл да бір Алланың нығметі деп білген мұсылман қауымы ерте кезде жас балаға осы қиссадағы әр дене мүшесінің қызметін жаттатып тұрып айтқызатын болған. Бұл жас бала санасының дұрыс қалыптасуына ғана емес физиологиялық тұрғыдан жақсы дамуына, дене мүшесін күтіп ұстауына ықпал еткен.

«Ібілістің Алла дәрегейінен қуылу қиссасында» монша мен дәретхананың Ібілістің мекені екенін, базар оның құлшылық орны, сыпсың сөз бен өсек-аяң кітабы, «бісімилласыз» ішкеннің асы оның тамағы, арақ-шарап пен жақұт-алтын, атақ-даңқ, мансап-шен, ойын-сауық, қызық-құмар, тәтті сусын, дәмді тағам, зәулім сарай, нулы жер, рақат көлік, төрт түлік мал бәрі де соған тиесілі екенін, осылардың барлығын байлап матауға сұлу қыздың қос бұрымын пайдаланғанын білеміз. Қиссаның соңындағы сұлу қызға қатысты тұсқа келгенде есімізге Қыз Жібекке таласқан Бекежан мен Төлеген, қалмақ қызына бола бауырын өлтірген Баян батыр еске түседі. Құран кәрімде айтылған «менің ықыласты құлдарыма ғана зиян жасай алмайсың» деген аяттың мәні өзінің құмарлығы мен нәпсісін жеңе алған адам ғана Ібілістің арбауынан аман қалады екен.

«Әлімсақ уәдесі» қиссасында Адам Атаның Алла тағаладан өз ұрпақтарын көрсетуін сұрап, Жапбар Хақтың жүз жиырма төрт мың пайғамбардан тарайтын бүкіл ұрпақтың рухын аспанға шашып жібергенде симай қалғанын көреді. Жүрек көзі ашылғандардың ерекше қасиетке ие болатынын айтқан Алла адамдарды жаңа ұрпақтардың алмастырып отыратынын, ұлт пен ұлысқа бөлгенін, түрлі тілде сөйлетінін, бір-бірін салт-санасы мен әдет-ғұрпына қарап ажырататынын, оларды бір-бірін сағынып жүруі үшін жаратқанын айтады. Осы қиссадағы Адам атаның Алладан ең артық, ең қайырлы құлдарың кімдер деп сұрағанда Алланың «Ары таза адамдар!» деп жауап беруі түсіне білгенге мол тәрбие беріп тұр. Алла адамның жүрегінің түкпіріне ар мен ұяттың тұқымын еккен болса, олар тәубесіне келуі үшін кембағал жандарды да қоса жаратқан екен. Адамдар Алланы еске алып жүруге уәде береді. Осыны әлімсақ уәдесі деп атаған екен. «Бұл қиссадан адамды адам етіп тұратын екі қасиетті көруге болады. Біріншісі – Ар-ұят феномені. Екіншісі – Уәде феномені». «Уәде – Құдайдың аты», «Жақсы - арына құл, Жаман - малына құл», «Тәнім - жаным садағасы, Жаным - арым садағасы» деген халық мақалдары еске түседі. Сондай-ақ, «Бар бәледен ұят сақтайды // Барлық жақсы істің байламы да ұятта», - деген Баласағұнның сөзі де жайдан жай айтылмаса керек. Сондай-ақ осы Адам ата мен Хауа анаға қатысты қисаларда Адамға Ақыл, Иман, Ар-ұят үшеуінің бірін таңдау бұйыртылады. Сонда Адам ойланып барып Ақылды таңдағанда Иман мен Ар-ұят барып Ақылдың жанына жайғасады. Мұның сырын сұраған Жәбірейілге Алла үшеуінің о бастан бірге жаратылғанын, үшеуі ынтымақты болса адамдық борышты мінсіз атқарып шығатынын айтқан екен. Бұдан түйетініміз, иманымызды қуаттандырып отыру үшін бізге ақыл қандай қажет болса, ақымақтыққа ұрынып, қателік жасамауымыз үшін, әділдікті ту етіп дұрыс өмір сүруміз үшін де ар-ұят сондай керек. Демек, жас ұрпақтың бойына осы үш қасиетті айнымастай етіп еге алсақ, олардың адами асыл қасиеттерінің жоғалмасы анық.

«Әбіл мен Қабыл оқиғасы» қиссасының да берері мол. Өз іштарлығының құрбаны боп, бүкіл Адам ата ұрпағының қарғысына ұшыраған Қабылдың қара ниеті кейінгілерге сабақ болса игі. Қиянат пен зорлық-зомбылық жасап, адамдықтан аттаған жандарды Қабылдың ұрпақтары деп атауында да осы қисса себеп болған. Бұл қисса туралы өткен тараушаларда тоқталғандықтан қайталауды жөн санамадық.

«Шиш пайғамбар қиссасындағы» мың жыл өмір сүріп, дүниеден қайтар уақыты таяғанда Адам атаның айтқан бес өсиеті қазіргі таңда да өзекті: «Бірінші, тілегің ұлық болсын. Жұмақтың рақатына емес, Алланың дидарына ынтық бол! Екінші, бір істі бастамас бұрын жеті рет өлшеп, бір рет кес! Үшінші, әйелден күшің емес, ақыл-ойың артық болсын. Жарыңа адал бол, үйіне береке кіреді. Әйелді әлпештеп ұста, ұрпағың мейірімді боп өседі. Төртінші көппен санас, білгенге құлақ ас! Өзімбілемдікке салынба! Мен періштелермен ақылдасқанда, бидайды жемес едім, тауқымет тартпас едім. Бесінші, бір іске кез болсаң, көңіл сенбей, сенбе! Мен бидайды жегелі тұрғанда жүрегім қаламады. Анаңның көңілін қимай жей сап едім, аяғы осындай болды. Соңғы айтарым, Мұхамбет пайғамбардың нұрын сақта!» (Керімбай, 2019).

Осы қиссаларға көне түркілік аңыздар қосылып, Құран кәрім сүрелеріндегі аяттар мазмұнымен толысып, синтезделіп, белгілі бір заманда өмір сүрген адамдардың рухани қазынасына айналады. Олардың сұранысын қанағаттандырады. Демек, қиссалардағы айтылған дүниелер мифологиялық аңыздар негізінде түзелген жағдайдың өзінде белгілі бір тәрбиелік, танымдық мәнге ие екен.

Құдай он қасиет дарытқан Ыдырыс пайғамбар туралы қисса мазмұны сол қасиеттер төңірегінде өрбиді. Пайғамбарлықтан бастап, ғалымдық, алғаш жазу жазған, зергерлік, қару-жарақ жасаушы, соғыс өнерін жетілдіруші, соғыс тәртібін түзеуші, тігінші, кәлима айтып, иман нұрымен баураушы, пейіште қалған төрт тірі пайғамбардың бірі болуы. Мұнжа мазар салу дәстүрі, Тіпсінің пайда болуы, бозқаланың салынуы сынды оқиғалар арқылы өмірдегі жетекшінің, ұстаздың рөліне мән беруге үндейді. Кез-келген адам өмірде шәкірт, ал өмір жолында жолыққандарды ұстаз дейтін болсақ, адамдықтың сырын ашып, жетістікке жетуде жетекші керек. Демек, бұл қисса бізге үйрену мен сұраудан ұялмай, әркез ізденісте жүру керек дегенді меңзейді.

«Нұқ пайғамбар қиссасындағы» елді иманға шақырып, олардың азғындаудан бас тарта алмағанына әбден ызасы кеп ашуланған Нұқ пайғамбардың ел-жұртына байқамай қарғыс айтып, оны Алла қабыл етіп, топан су жіберетін, одан құтылу үшін үлкен етіп кеме жасайтын оқиға төңірегінде өрбиді. Бұл қиссада жас ұрпақ үшін Нұқтың кеме жасауынан бастап, кеме ішінде болған жағдайлар, Нұқтың ұлы үшін Алладан кешірім сұрап, шапағат дәрежесінен айрылуы, иттің ырзығы, есектің арам болуы, ешкінің құйрығының неге шошайған болғаны, жарқырауық қоңыздардың пайда болуы, мешіннің, суаршынның, жүзімнің, мысықтың, тышқанның, доңыздың, үкінің, кемпірқосақтың, ойын-сауықтың жаралуы, ит пен мысықтың араз болу себебі, тауықтың неге ұшпайтыны, төрт түліктің қасиеті, наурыз көженің жасалуы, киіздің пайда болуы баяндалады. Сондай-ақ, осы қиссада Құждың қу жілігі туралы қызықты дерек бар. Құрастырушылар белгілі жазушы, ғалым Мұхтар Мағауинның жазғанын жариялай отырып, аңыз түбі ақиқат екеніне сендіреді. Құж аңызы бойынша XIII ғасырда Алтын Орда тұсында Ніл дариясында көпір боп тұрған алып Құждың үлкен аяғы туралы мәліметпен бөлісуі осы тақырыпты аша түседі. Ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті әдебиеттерді ақтарып отырып кез болған Тизенгаузеннің материалынан қазаққа қатысты осы материалды тауып алып, өзіне түртіп қойған жазушы кейінірек онымен бөліскен екен. Жеті жүз жыл бұрын алтын Орданың ханы Берке Мысыр патшасы, мамлук Бейбарыс сұлтанның «Ніл-дарияның үсінде алып адамның жілігі көпір болып тұрғаны рас па?» деп сұрауы, оған Бейбарыстың «жоқ, көрмедік» деп жауап бергенімен М.Мағауинның өз әкесінен естуі және өзі кез болған материалдардың Құж туралы аңыздың ақиқатқа алып баратынын

айтады.

«Һұд пайғамбар қиссасы» көркемдігі тұрғысынан басқа қиссалардан көркем, ақ өлең үлгісімен өрілген. Дүниеге келіп, өсуі эпостық жырлардағы батырларды еске түсіретін Һұд пайғамбардың шын есімі Рай екен. Пұтқа табынған елін имандылыққа шақырып, Алланың бар екеніне, бір екеніне үндеген Һұдты тыңдаушылар өте аз болады. Мұны елді бұзушы, құртушы санаған қауым түрлі жоспар құра бастайды. Мұны естіп, қатты қапаланған Һұд Аллаға мұңын шаққанда Құдай бұл елге бір тамшы су тамызбай сынақ береді. Бір түйір дән іздеп сабылған пұтқа табынушылар жан сақтау үшін Һұдтың маңайына жинала бастайды. Құдайдың бар екенін дәлелдеп, жаңбыр жауғызсын деген тілегін қабыл алған Һұд оларға бұлтты таңдатып, иненің жасауындай жерді ашқаннан тұрған желден Һұдтың айналасындағылардан басқаның бәрін мақта құрлы көрмей ұшырып жібереді. Содан кейін ғана басқалар мойынұсынып, Һұдты тыңдап, бас ие бастапты.

Осы қиссаға экзистенциялық талдау жасай отырып, кітапты құрастырушылар адамдар арасындағы қарым-қатынастың үш түрін ұсынады: мен және зат, сен және сен, мен және сен. Бірінші қатынаста өзінен өзгені адам санамайтын, тек адамды пайдалануды көздеп тұратын, есеппен дос болатындар болса, екіншісі өте қауіпті адамдар – тек қара басының қамын ойлайтын, жалпақшешейліктен бас тартпайтын, өзіне жау арттырам деп сақтықпен жүретіндер. Бұлар көптің бірі, яғни бір-бірінен ажыратылмайтын талантын көрсетуден қорқатын, көзге түсіп қалудан, жауапкершілік алудан қашатындар. Мұндайлар көбіне «мен көрген қиындықты балам көрмесін» деп, бар тапқанын аузына тосып отыратын ата-аналардың балалары болып табылады. Ал үшінші мен және сен деп аталатын қатынас отбасы берекесінің алтын көпірі деп танылған екен. Пайғамбарлар өмірінде де осы мен және сен қарым-қатынасы қалыптасқанын қиссалардан айқын аңғарамыз.

Осы жерден келіп қиссалардың тәрбиелік мәні мен маңызы келіп шығады. Яғни өз өміріне, жақындары мен отбасында «мен және сен» деген қарым қатынасты ұстап, пайғамбарлар өміріндегідей жауапкершілікті сезінсе шаңырақтардың шайқалуы азайып, әкесіз бала, баласыз ана болмас па еді деген ой туады. Себебі көп отбасының ойран болуы осы жауапкершілікті сезінбеуден, әкелік, аналық міндетті дұрыс атқармағаннан, балаларға дұрыс тәрбие бермегеннен, отбасылық дұрыс ахуал қалыптаспағаннан болып жатқаны жасырын емес. Сондықтан жас ерекшелігіне қарамастан қиссаларды оқып, пайғамбарлар өмірін, Құран кәрім сүрелеріндегі аяттардың әдеби тілде тәпсірленуіне түсінікпен қараса дейміз. Себебі, бір отбасында дұрыс тәрбиеленбеген баланың болашағы бірнеше адамға кері ықпалын тигізуі әбден мүмкін. Оны бүгінгі статистика көрсетіп отыр: «Қазақстанда неке құрған әрбір үшінші отбасы ажырасады екен. Ұлттық статистика бюросының дерегіне көз жүгіртсек, былтырдың өзінде 17,7 мың отбасының некесі бұзылған». Демек, пайғамбарлар туралы қиссада айтылғандарды мұқият қарап, әйелді құрметтеуді, ердің отбасы алдындағы міндеті мен жауапкершілігін нақты сезіну маңызды болып отыр.

Біз сөз етіп отырған «Қисса-сүл-әнбия. Экзистенциялық талдау» кітабында түрік ғалымы Мұстафа Өзтүріктің «Құран қиссаларының мәні» деген кітабын қарастырады. Сонда М.Өзтүріктің қиссаларды құтқарушы фактор көретінін, себебі шариятқа қатысты үкім аятының саны екі жүзге жетпейтінін, ал пайғамбарлар қиссасы екі мың аяттан асып кететінін, бір ғана «Жүсіп сүресінің» өзі бастан-аяқ қиссадан тұратынын, Құранның ғаламдық үндеу екенін дәлелдейтін негізгі айғақ осы қиссалардың ішінде жатқанын айтады. Пайғамбарлардың батырлық істері қаһармандық ерліктері, олардың қаншама қорлық көрсе де бір Алладан ғана медет тілеп, жан баласына шағымданбастан өздерінің миссиясын ақ адал атқаруы шынында да ХХІ ғасырдағы «z» ұрпақ саналатын балалар үшін таптырмас тәрбие құралына айналып отыр. Оған дәлел ретінде жер-жерден ашылған

қисса орталықтарын айтсақ болады. Алматы, Астана, Шымкент, Атырау, Маңғыстау, Ақтау, Түркістан сынды тағы басқа аймақтарда ашылған орталықтар қиссаны оқытып және қиссашы болуға тәрбиелеп жатыр. Салық пайғамбарға, Ыбырайым пайғамбарға қатысты да осыны айтуға болады. Ең ұзақ қисса саналатын Ыбырайым пайғамбар туралы қисса Намрұд патшамен соғыспен басталып, Мекке қаласының салынуымен, онда Қағбаның тұрғызылуымен аяқталады. Осы жолда ол барлық қиындықты көреді. Сынақтан сүрінбей өтеді. Басқа қисса жинақтарында айтылмаған нұсқалар осы кітаптан кездеседі. Мысалы, Ыбырайымның Тұранда тұруы, қайта Меккеге көшуі оқиғасы басқа кітаптарда кездеспейді.

«Ыбырайымның қонақ күтуі» а жайлы қиссадағы «Таңғы ас тәңірден» деген Алла атынан айтылатын сөзді қазақ отбасында күні бүгінге дейін айтып, таңғы асты тастамауды дәстүрге айналдырған. Сондай-ақ, «жеті берекенің бірі – тұзда» деген тұжырым арқылы Ыбырайым тұзынан дәм татып келе жатқаны да айтылады. Ыбырайымның балаларына өсиет ретінде айтқан: «Әр пенденің көкірегінде екі қасқыр тістесіп, төбелесіп жатады. Оның бірі – күншілдік, қызғаныш, өзімшілдік, өтірік сияқты кесір мінездермен коректенеді. Екіншісі - сенім, шындық, мейірім, адалдық сияқты ізгі қасиеттермен сусындайды. Олар сәт сайын, қадам сайын айқасып, өмір сүрумен келеді. ...Қайсысың көбірек коректендірсең, сонысы жеңеді», - деген өсиеті әр адамның жадында ұстайтын, тәрбие мәселесінде өмірлік қағидасы, берік ұстанымы ететін өсиет деп танымыз. Сонымен бірге өмірден өтерінде Ыбырайым пайғамбарымыз балаларына: «Әманда алға үмітпен қараңдар. Артқа қарағанда шүкір етіңдер. Дұға жасағанда аспанға, тәубе қылғанда жерге қара! Ішіңе күмәнмен үңіл. Айналаңа махаббатпен назар сал. Мен бұл ғұмырымда өмірдің арымайтын, талмайтын, тайсалмайтын үш тұлпарын міндім. Ол үш тұлпар: сабырлық, ар-ұят, шүкірлік. Осы үшеуін қатар тізгіндеген адам Алланың жолынан ауытқымайды. Иманы кәміл болады» (Құнанбайұлы, 2019).

Қиссалардағы керемет пен мұғзижаларды бүгінгі балалардың қабылдай қоймауы да мүмкін. Мысалы, «Лұт пайғамбар» қиссасындағыдай сиқыршы деп тану немесе мүлде қбылдамауы мүмкін. Бірақ, біз бүгінгі таңда ешнәрсеге селк етпейтін, бәрін іштен біліп туған балалардың эмоциясын оятып, оларды машина адамнан шынайы адамға айналдырудың жолы осы қиссалар болып табылады. Себебі, XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын-жазушылардың барлығы да осы қисса тыңдап, өсіп, ержеткен. Бұл туралы Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебінде» де жазады: «Оның аса сүйіп, әндетіп оқитын кітабы — Мұхаммедия». Өлеңмен түркіше жазылған бұл қалың кітап Мұхаммед пайғамбарды мақтауға құрылған.

Қисса арқылы адам бойында болуы тиіс қандай эмоцияларды қалыпқа келтіре аламыз деген сұраққа былай жауап беруге болады: «Қисса болмыстан шығатын эмоцияның барлық қабатын қамтиды. Мысалы, Жүсіптің қиссасы арқылы махаббат эмоциясын тәрбиелейді. Дәуіт, Зәкірия, Ыбырайым пайғамбарлардың қиссалары арқылы адам бойындағы қайғы, шаттық эмоцияларын суғарады. Сүлеймен мен құмырсқаның диалогын оқығанда жүрекке даналықтың дәнін егіп жібереді. Әлемнің жаралу қиссасын оқысаңыз таңырқатып, елітіп ала жөнеледі. Яғни, қиссаның өн бойындағы бүкіл құндылық оқырманның жан қатпарында бүрісіп жатқан адами эмоцияларды суғарып, қайта суырып алады. Алланың Адамға жан бітіргенде құмарлыққа қарсы қорған етіп махаббатты, ашуға қарсы сабырды, кекшілдікке кешірімді, күндестікке ақжүректікті, сараңдыққа жомарттықты, надандыққа даналықты, арамдыққа адалдықты, қорқақтыққа - қаһармандық, ашкөздікке қанағатты, мешкейлікке ораны, сауатсыздыққа ғылымды, дүмшелікке ақылды, ездікке ерлікті, құлдыққа еркіндікті, салғырттыққа жауапкершілікті, салақтыққа тақуалықты, арсыздыққа ұжданды, зұлымдыққа ізгілікті қоса қабат жаратқанын оқыту арқылы да біз жас ұрпақты жаман қасиеттерден арылтуға ықпал ете аламыз. «Адам тәрбиесінде осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан сәйкессіздіктің

ең тұрпайысы, бүгінге дейін педагогика мен психологияны біртұтас бірлікте қарамай, керісінше екі бөлек байланыссыз ғылымдар тәрізді болып қолданылуы болып табылады. Екеуінің де шыққан тегі – адам баласынан пайда болғандықтан, ендігі жерде педагогика мен психологияның методологиясы, жүйелері, негіздері біреу-ақ екенін мойындамай болмайды» (Ғаббасов, 2003).

Қорытынды

Жасыратыны жоқ, ғылым дамыған мына заманда тіршіліктің, табиғаттың жаратылысын ғылым арқылы түсініп, түсіндіретін бала үшін қисса жанры өтпеуі де мүмкін. Себебі, оларды «техникалық сана» басқарады. Батыстан келген адам санасының қиялына шекара қою яғни әлемнің көзге көрінетін ғана тұсын зерттеп тану біздің кең далада өсіп ержеткен бабаларымыздың ұрпағының қиял көкжиегін келтелікке ұрындырғаны рас. Тіпті батыс үшін «машина адамдар» басқаруға ыңғайлы. Ол бізге кеше немесе бүгін келген жоқ. Өткен ғасырдың ортасынан бастап біздің қоғам басқаруға ыңғайлы адамдар қоғамын құра бастады.

Ниетін Алланың дидарына байлаған Пайғамбарлар туралы қисса бізге ақиқатты іздеуге жол салады. Бүгінде ақиқатты психология ғылымынан іздеп таптық деп жүргендер адасушылардан екенін арнайы мамандар мәлімдеп те үлгерді.

Ойымызды түйіндей келе айтарымыз, «Қисса үл-әнбия» кітабының тәрбиелік мәні адамның өз болмысын танып, өмірдің мәніне, жаратылыстың сырына үңілуге, жұмбағы көп тылсым әлемді аралай отырып қиял-ойды дамытуға құрылуымен, адам бойында кездесетін қасиеттердің ең ізгі дегендерін қалыптастыруға ықпал етуімен маңызды болып саналатын үлкен тәлім мектебі, тәрбие құралы.

Әдебиеттер тізімі

- Абай. (2020). Қара сөздер. Алматы: Алматыкітап.
- Ғаббасов, С. (2008). Педагогика мен психология негіздері. Алматы: Таймас баспа үйі.
- Ергөбек, Қ. (2003). Арыстар мен ағыстар: Әдебиеттану, сын әлемі. Алматы: Қазығұрт.
- Ергөбек, Қ., & Қожа, М. (2019, желтоқсан 5). «Қиссас-үл әнбия» – Бұл шығарма қай жерде туған? Egemen Qazaqstan. <https://egemen.kz/article/215008-qissas-ul-anbiya-%E2%80%93bul-shygharma-qay-dgerde-tughan>
- Ергөбек, С., & Көшенова, Т. (2014). «Қиссас-Ул Әнбия» әдеби ескерткіші және оның жариялану, зерттелу мәселелері. Ахмет Ясауи Университетінің Хабаршысы, (2), 325 б.
- Жоламанқызы, В. (2023, ақпан 24). Қазақстандық жұптар неге ажырасады? Inform.kz. https://www.inform.kz/kz/kazakstandyk-zhuptar-nege-azhyrasady_a4039370
- Жұмалиев, Қ. (1958). Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері (1-том). Алматы: Қазмемкөркемәдеббас.
- Кенжебаев, Б., Сүйінішәлиев, Х., Жолдасбеков, М., & Мағауин, М. (Құраст.). (1967). Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Алматы: Мектеп.
- Керімбай, С., Нәби, Ә., & Төлеген, М. (Құраст.). (2022). Қисса сүл-әнбия. Экзистенциялық талдау. Алматы: OtbasyBooks.
- Керімбай, С., Нәби, Ә., Төлеген, М., & Тайғарин, С. (Құраст.). (2019). Логотерапия немесе өмірге құштарлық: Отбасы хрестоматиясы. Алматы: Орхон.
- Қазақ әдебиетінің ертедегі нұсқалары. (1967). Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы: Мектеп.
- Құнанбаев, А. (2019). Өлеңдер (құраст. Е. Тілеш). Нұр-Сұлтан: Фолиант.
- Логотерапия. (n.d.). Wikipedia. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9B%D0%BE%D0%B3%D0%BE%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B0%D0%BF%D0%B8%D1%8F>

- Мұқанов, С. (2018). Өмір мектебі (1-кітап). Алматы: Өлке.
- Нұрахметұлы, И. (2005). Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін (б.з.д. Х ғ.-ХҮІІІ ғ.дейін). Астана: Еуразия ұлттық университеті.
- Сүйіншәлиев, Х. (1969). Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы: Жазушы.
- Ұласқанұлы, Б. (2020, наурыз 26). Салауат айтудың сауабы. Muftyat.kz. <https://www.muftyat.kz/kk/articles/sermons/2020-03-26/30703-salauat-aitudyn-sauaby/>

References

- Abai. (2020). Qara sözder [Black Words]. Almaty: Almatykitap. (In Kazakh)
- Ergobek, Q. (2003). Arystar men aghystar: Ädebiettanu, syn älemi [Aries and Currents: Literary Studies, The World of Criticism]. Almaty: Qazyghurt. (In Kazakh)
- Ergobek, Q., & Qoja, M. (2019, zheltosan 5). «Qissas-ul anbiya» – Bul shygharma qai zherde tughan? [“Kyssas-ul-Anbiya” – Where Was This Work Born?]. Egemen Qazaqstan. Retrieved from <https://egemen.kz/article/215008-qissas-ul-anbiya-%E2%80%93bul-shygharma-qaydgerde-tughan> (In Kazakh)
- Ergobek, S., & Kóshenova, T. (2014). «Qissas-Ul Anbiya» ädebı eskertkishi jáne onyń jariyalanu, zerttelu máseleleri [The Literary Monument “Kyssas-Ul-Anbiya” and Its Publication and Research Issues]. Ahmet Yassauı Universitetiniń Habarsysy, (2), 325. (In Kazakh)
- Ghabbasov, S. (2008). Pedagogika men psikhologiya negizderi [Basics of Pedagogy and Psychology]. Almaty: Taimas baspa úii. (In Kazakh)
- Kenzhebaev, B., Súinisháliev, H., Zholdasbekov, M., & Magauin, M. (Qurast.). (1967). Ertegedi qazaq ädebieti hrestomatiıasy [Anthology of Early Kazakh Literature]. Almaty: Mektep. (In Kazakh)
- Kerimbai, S., Nábi, Á., & Tólegen, M. (Qurast.). (2022). Qissa súl-anbiya. Egzistenttsıalyq taldaı [Kyssa Sul-Anbiya: Existential Analysis]. Almaty: OtbasıBooks. (In Kazakh)
- Kerimbai, S., Nábi, Á., Tólegen, M., & Taıǵarin, S. (Qurast.). (2019). Logoterapiıa nemese ómirge qushtarlyq: Otbası hrestomatiıasy [Logotherapy or Passion for Life: Family Anthology]. Almaty: Orhon. (In Kazakh)
- Logoterapiıa [Logotherapy]. (n.d.). Wikipedia. Retrieved from <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9B%D0%BE%D0%B3%D0%BE%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B0%D0%BF%D0%B8%D1%8F> (In Kazakh)
- Múqanov, S. (2018). Ómir mektebi (1-kitab) [School of Life (Book 1)]. Almaty: Ólke. (In Kazakh)
- Núrahmetuly, I. (2005). Ulystyq ädebietten ulttyq ädebietke deın (b.z.d. X ғ.-XVIII ғ. deın) [From Ulystyq Literature to National Literature (From the 10th Century BC to the 18th Century)]. Astana: Eurazıa ulttyq universiteti. (In Kazakh)
- Qazaq ädebietiniń ertedegi nusqalary [Early Versions of Kazakh Literature]. (1967). Qazaq Sovet encikopediıasy. Almaty: Mektep. (In Kazakh)
- Qunanbaev, A. (2019). Ólender [Poems] (E. Tilesh, Ed.). Nur-Sultan: Foliant. (In Kazakh)
- Súinisháliev, H. (1969). Qazaq ädebietiniń qalyptasu kezenderi [Stages of Formation of Kazakh Literature]. Almaty: Zhazushy. (In Kazakh)
- Úlaskanuly, B. (2020, naurız 26). Salauat aitudyń sawaby [The Virtue of Salawat]. Muftyat.kz. Retrieved from <https://www.muftyat.kz/kk/articles/sermons/2020-03-26/30703-salauat-aitudyn-sauaby/> (In Kazakh)
- Zholamankyzy, V. (2023, aqpan 24). Qazaqstandyq juptar nege azhyrasady? [Why Do Kazakhstanı Couples Divorce?]. Inform.kz. Retrieved from https://www.inform.kz/kz/kazakstandyk-zhuptar-nege-azhyrasady_a4039370 (In Kazakh)
- Zhumaliev, Q. (1958). Qazaq eposy men ädebiet tarihyńyń máseleleri (1-tom) [Issues of the Kazakh Epic and Literary History (Vol. 1)]. Almaty: Qazmemkórkemädebbas. (In Kazakh)

B.Zh. Maulenova

Branch of the «Nazarbayev Intellectual Schools» AEO – «Nazarbayev Intellectual School of Chemistry and Biology in Shymkent», Shymkent, Kazakhstan

The artistic significance of the monument «Kissas-ul-anbiya», the cognitive significance of the generation's upbringing

Abstract. The educational value of the book «Qissas ul-Anbiya» is a great school of education, an educational tool that is considered important also because it helps people to know their own nature, to look into the essence of life, into the secrets of creation, to know the mysterious world full of many mysteries, to develop imagination, to contribute to the formation of the most virtuous qualities that can be found in a person. It is no secret that in our age of advanced science, the genre of stories may not work for a child who understands and explains the nature of life and nature through science. This is because they are controlled by «technical consciousness». It is true that the establishment of limits on the imagination of people who came from the West, that is, who explore only the visible part of the world, has poisoned the horizon of the imagination of our ancestors who grew up in the endless steppes. However, the question of what emotions can be normalized in a person through a story can be answered as follows: “The story contains all the layers of emotions that come out of existence. For example, the story of Yusuf cultivates the emotion of love. Through the stories of the prophets David, Zachariah and Abraham, the emotions of sadness and joy in man are suppressed. When reading the dialogue of Solomon and the ant, the seeds of wisdom are sown in the heart. If you read the story of the creation of the world, you will be amazed and touched. That is, the whole value of the story is to absorb and draw out those human emotions that are hidden in the soul of the reader. We can influence the younger generation to get rid of bad qualities by teaching them to add piety to carelessness, conscience to impudence, virtue to evil. The plots of the Rabguzi monument «Kissas-ul-Anbiya» are becoming an indispensable educational tool for children of the «z» generation of the 21st century. As evidence, we can mention the plot centers that have opened everywhere. The centers, opened in Almaty, Astana, Shymkent, Atyrau, Mangistau, Aktau, Turkestan and other regions, teach stories and prepare them to become storytellers. This article analyzes the educational value of Rabguzi's stories in the monument «Kissas-ul-Anbiya» in the education of the generation.

Keywords: Rabguzi, story, education, storyteller, educational value.

Б.Ж. Мауленова

Филиал АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» – «Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления в городе Шымкент», Казахстан, Шымкент.

Красота памятника «Киссас-уль-Анбия», его просветительское значение в воспитании подрастающего поколения

Аннотация. Воспитательное значение книги «Киссас уль-Анбия» представляет собой великую школу воспитания, воспитательное средство, которое считается важным еще и потому, что оно помогает людям познать собственную природу, заглянуть в суть жизни, в тайны творения, познать таинственный мир, полный многих загадок, развивать воображение, способствовать формированию самых добродетельных качеств, которые можно найти в человеке. Ни для кого не секрет, что в наш век развитой науки жанр рассказов может не пройти для ребенка, который понимает и объясняет природу жизни и природы посредством науки. Это потому, что ими управляет «техническое сознание». Это правда, что установление границ воображения людей, пришедших с Запада, то

есть исследующих только видимую часть мира, отравило горизонт воображения наших предков, выросших в бескрайних степях. Однако на вопрос о том, какие эмоции можно нормализовать у человека посредством рассказа, можно ответить так: «В рассказе присутствуют все пласты эмоций, выходящих из существования. Например, в истории Юсуфа воспитывается эмоция любви. Через рассказы пророков Давида, Закарии и Авраама заглушаются эмоции печали и радости в человеке. При чтении диалога Соломона и муравья в сердце засеваются семена мудрости. Если вы прочтете историю сотворения мира, вы удивитесь и тронуты. То есть вся ценность рассказа в том, чтобы впитать и вытянуть те человеческие эмоции, которые таятся в душе читателя. Мы можем повлиять на молодое поколение, чтобы оно избавилось от плохих качеств, научив его прибавлять к беспечности благочестие, к наглости совесть, к злу добродетель. Сюжеты памятника Рабгузи «Киссас-уль-Анбия» становятся незаменимым образовательным пособием для детей поколения «з» XXI века. В качестве доказательства можно упомянуть открытые повсеместно сюжетные центры. Центры, открытые в Алматы, Астане, Шымкенте, Атырау, Мангистау, Актау, Туркестане и других регионах, обучают историям и готовят их стать рассказчиками. В данной статье анализируется воспитательное значение рассказов Рабгузи в памятнике «Киссас-уль-Анбия» в воспитании поколения.

Ключевые слова: Рабгузи, рассказ, образование, сказочник, познавательная ценность

Автор туралы мәлімет:

Мауленова Б.Ж. – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Шымкент қаласындағы «Химия-биологиялық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы, Шымкент, Қазақстан.

Information about authors:

Maulenova B.Zh. – Branch of the «Nazarbayev Intellectual Schools» AEO «Nazarbayev Intellectual School of Chemistry and Biology in Shymkent», Shymkent, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Мауленова Б.Ж. – Филиал АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» «Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления в городе Шымкент», Шымкент, Казахстан.

ҒТАР 16.01.11

Ғылыми мақала

Г. Минап

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Қазақстан
(E-mail: klass38@mail.ru)*

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту: теориялық аспектілері мен тәжірибесі

Аңдатпа. Мақалада ғалымдардың функционалды сауаттылық туралы ой-пікірлері, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жолдары мен маңызы қарастырылды. Функционалды сауаттылық – адамның сыртқа ортамен қарым-қатынас жасай отырып, сол ортаға тез бейімделуі мен қатынасқа түсу көрсеткіші. Бұл функционалды сауаттылық тұлғаның белгілі бір ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білімі мен білігі, дағдысының жиынтығынан құралады. Олай болса, функционалды сауаттылықты – жеке адамның даму тетігі ретінде қарау керек. Осы тақырып бойынша әдіскер ғалымдар қазақ тілін оқытудағы функционалды сауаттылықты дамытудың құндылығы мен маңыздылығын көрсетеді және бұған үлкен мән бере отырып, функционалды сауаттылықты дамыту қажеттігі туралы айтады. Сондықтан мақалада тақырып бойынша анықтамалады сараланып, функционалды сауаттылықты дамыту тетіктері талданды және осы бағытта жүргізілген зерттеу тәжірибесі ұсынылды.

Түйін сөздер: функционалды сауаттылық, сауаттылық, дағдылар, зерттеулер, тапсырмалар, теориясы, тәжірибесі.

DOI: <https://doi.org/10.71078/gfeh7d28>

Түсті: 27.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.01.2025.

Кіріспе

Функционалды сауаттылық – адамның қолданбалы білім негізінде әртүрлі саладағы өмірлік міндеттерді шешу қабілеті. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында оқушылардың пәндік білімдерін өмірлік жағдайларда қолданатындай бойына сіңіруіміз керек. Ол дегеніміз жеке тұлғаның еркін сөйлеуі, яғни өз ойын еркін жеткізуі, нақты, әсерлі сөйлеуі, кез келген жағдаятта ойын тұжырымдай отырып, сауатты қарым-қатынасқа түсе білуі дегенді білдіреді. Қазіргі қарқындап дамып жатқан технология ғасырында оқушы бойында функционалды сауаттылықты қалыптастырудың тетіктерін меңгеріп, оларды белсенді әдістермен түрлендіру – оқушының тілге деген қызығушылығын арттырудың бірден-бір жолы екені анық.

Зерттеу нысаны – қазақ тілі сабағында функционалды сауаттылықты дамыту мәселесі.

Зерттеу мақсаты – қазақ тілі пәні бойынша функционалды сауаттылық ұғымын ашып, анықтау, ғылыми негіздеу. Сол негізде қазақ тілін оқытудағы педагогикалық жағдайларды, яғни тиімді әдіс-тәсілдер, дидактикалық материалдар жүйесін жинақтау, саралау, ретке келтіру, қортындылау.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында А.Ж. Мурзалинова, А.К. Рауандина, Г.А. Рудик, Н.А. Даулетова және тағы да басқа ғалымдардың ой-тұжырымдары басшылыққа алынды. Тақырып бойынша, алдымен, теориялық материалдарды жинақтау, оларды өңдеу, дедуктивті әдіс арқылы жекелеген ұғымдарды жинақтап қарастырып, соның негізінде жалпы түсінік алынды. Кейін логикалық әдістер арқылы, яғни функционалды сауаттылық ұғымы туралы алынған түсінікті кезең-кезеңмен жіктеп талдау жасалды және негізгі нысан болып алынып отырған қазақ тілін оқытудағы функционалдық сауаттылық деген нені білдіреді сол бағытта зерттеу, анализдеу, қорытындылау жұмыстары жасалды. Зерттеуге белгіленген мәселенің ғылыми зерделенген нақты қорытынды анықтамасы, түйіні жасалып, әріқарай эмперикалық әдістердің жолымен экспериментке салынып, қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырып, дамытудың тиімді жолдары: тапсырмалары мен әдіс-тәсілдері, педагогикалық жағдайлары нақтыланып, ұсынылды.

Нәтижелер және талқылаулар

Функционалды сауаттылықты дамыту үрдісі пәндік білім беру, дағды мен білім, біліктен шыға отырып, ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

Функционалдық сауаттылық – бұл метапәндік құбылыс, сондықтан да ол барлық мектеп пәндері, сонымен қатар қазақ тілі пәнін оқыту барысында да қалыптасуы керек. Қазіргі кезде функционалды сауаттылық тақырыбын көтергенде PISA (Programme for International Student Assessment) оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарламасы айтылады. Оның мақсаты математика, оқу және жаратылыстану саласында 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау болып табылады. PISA халықаралық бағдарламасы міндетті жалпы білім алған 15 жастағы оқушылардың қоғамда толыққанды жұмыс істеу үшін, яғни адам қызметінің әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін қажетті білім мен дағдыларының болуын зерттеу болып табылады.

Елімізде кейінгі жылдары функционалдық сауаттылыққа байланысты ғылыми зерттеу жұмыстары қолға алынған, мысалы, А.Ж. Мұрзалинованың (Мурзалинова, 2003: 36) еңбегінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы орта мектепте орыс тілі, орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қарастырылған, А.К. Рауадинаның оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесін зерттеген, А.М. Имашев (Имашев, 2008) болашақ дене шынықтыру мұғалімінің функционалдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін, ал Г.С. Каратаев (Каратаев, 2017: 96) информатика мұғалімдерінің функционалдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеген.

Отандық ғалымдардың оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту бойынша зерттеулерін қарастырсақ, А.К. Рауадинаның «Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептің 5-6 сыныптары)» атты диссертациялық жұмысында қазақ тілін оқыту аясында функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздерін анықтады (Рауандина, 2010: 89). Зерттеу барысында мемлекеттік тілді оқыту үдерісінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қағидаттары, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін тілдік минимумдарды іріктеу критерийлері анықталды, сондай-ақ 5-6-сыныптарда қазақ тілі бойынша лексикалық және грамматикалық минимумдар айқындалды. Сонымен қатар оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың шешуші факторы, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру негізі ретінде қарастырылатын қазақ тілін оқытудың әдістемелік жүйесін ұсынды. Г.А. Рудик, А.А. Жайтапова «Оқу бойынша функционалдық сауаттылық: өзіндік жұмыс және шынайы бағалауға арналған

дәптер» әдістемелік өнімі қызығушылық тудырады (Рудик, 2014:78). Бұл әдістемелік құралда оқу сауаттылығы бойынша функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған тренингтер ұсынылады. Ұсынылған тренингтерді оқу сауаттылығын бағалау аспектілері бойынша саралауға болады және жасы кіші оқушыларға бейімделеді: мәтін мазмұнына жалпы бағдарлану және оның тұтас мағынасын түсіну, мәтінді түсіндіру, мәтіннің мазмұны бойынша рефлексия т.б. қарастырылған.

Ал Н.А. Даулетованың «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері» атты әдістемелік құралында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне мәтінмен жұмыс жасауда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың мәтінді оқу мен түсінудегі функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері қарастырылады (Даулетова, 2019: 125).

Сонымен, жоғарыда көрсетілген зерттеулерді қарастыра отырып, «функционалдық сауаттылық» ұғымының әр түрлі анықтамаларын талдау, салыстыру және жалпылау нәтижесінде біз келесідей түйінге келдік: оқушылар бойында дағдылар жүйесін қалыптастырып, әртүрлі жағдайларда өз ойын еркін, сауатты жеткізуде алған білімін өмір бойына пайдалану мүмкіндігі функционалдық сауаттылықтың ең негізгі көрсеткіші болып табылады.

Қазақ тілі пәні бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда ауықымды, әрі жүйелі жұмыстың болуы талап етіледі. Аталмыш пән бойынша функционалды сауаттылықты қалыптастыру оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынасы, кез келген адам, құрбы-дос, отбасы. Оқушының қазақ тілі пәні бойынша алған білімі өмірде ақпарат алмасу үшін, ақпаратты жеткізу үшін қызмет етуі тиіс. Бұл ретте қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыстың рөлі зор, бұл белгілі бір дағдыларды қалыптастыра отырып, оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі (Уразымбетова, 2019: 48). Сондықтан сабағымызда оқушыларға мәтін бойынша орындалатын тапсырмалар және оған тиімді әдіс-тәсілдердерді іріктей алу мұғалімнің шеберлігі болып табылады.

Осы орайда жағдаяттық тапсырмалар – оқушының ақпаратпен жұмыс жасау барысында интеллектуалдық операцияларды ретімен меңгеруіне мүмкіндік беретін тапсырмалар: таныстыру – түсіну – қолдану – талдау – жинақтау – бағалау. Жағдаяттық тапсырмалардың ерекшеліктері айқын практикаға бағытталған сипатта болады; шешу үшін арнайы пәндік білім қажет. Көбінесе бірнеше пәндерді білу қажет (Уразымбетова, 2019: 45). Жағдаяттық тапсырмаларды орындау мыналарға ықпал ете алады:

- іс-әрекетті өздігінен ұйымдастыру дағдыларын дамыту;
- шындық құбылыстарын түсіндіре білу қабілетін қалыптастыру;
- құндылықтар әлемінде бағдарлау қабілетін дамыту;
- функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру;
- негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру;
- кәсіптік таңдауға дайындық;
- қазіргі өмірдің негізгі мәселелеріне бағдарлану.

Оқу үдерісінде жағдаяттық тапсырмаларды қолдану төмендегідей нәтижелердің қолжетімділігіне әкеледі:

1) Оқушылардың қоршаған ортаны тануға, әлеуметтік-мәдени ортаны меңгеруге деген ынтасын дамытады.

2) Белсенділік негізінде жеке маңызды мәселелерді шешу үшін пәндік білімдерін жаңартады.

3) Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы серіктестік қатынастарды дамытады.

4) Оқушылардың алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда тікелей қолдана алуға бейімдейді.

5) Оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын, өзіне деген сенімін арттырады.

Қазіргі оқытуда қазақ тілі пәнін меңгертуде функционалды сауаттылықты жазылым, айтылым, оқылым, тыңдалым әрекеттерінің барлығында дамыту талап етіледі. Яғни оқу нәтижесінде оқушылар тыңдап, оқығанын жүйелі, мазмұнды, мәнерлі айтып жеткізу, жазу, мәнін түсіну, әсер алу деңгейіне жету керек. Сөйтіп, өзара қатынасқа түсе алуы қажет.

Осы тұста, тақырып бойынша Lesson Study зерттеу жұмысы жүргізіліп, функционалды сауаттылықты дамыту жолдары сараланған, зерттелген тәжірибемізге келетін болсақ. Lesson Study – бұл сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының ерекше түрі, ол мұғалімдер тобының Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлауын, қадағалауын және талдауын көздейді. Қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында 7 «Д» бақылау сыныбы, 7 «Г» эксперименттік сынып ретінде алынды. Осы сыныпқа тізбектелген 3 сабаққа жоспар құрастырылып, зерттеу жүргізу үшін мұғалімдердің бірлесуімен Lesson Study-ді өткізу жоспары құрылды. Зерттеуге қатысушылар үш А, В, С деңгейіндегі оқушыларды таңдап алдық. А деңгейіндегі оқушы «Үлгерімі өте жақсы» Абайдуллина Милана есімді оқушы, В деңгейінде «Үлгерімі жақсы» Дянчук Мария есімді оқушы, С деңгейінде «Үлгерімі орташа» Аханов Руслан. Әрбіреуіне мінездеме беріп, жан-жақты қарастырдық. Зерттеуге қатысушы мұғалімдер оқушыларды байқап отырды.

Lesson Study өткізу үшін «Қазақ тілі пәні бойынша функционалды сауаттылықты арттыру мақсатында мәтінмен жұмыстың тиімділігі» тақырыбы таңдалып, келесідей күтілетін нәтиже анықталды:

- тақырып бойынша топтық жұмыс жасай алады;
- мәтінмен жұмысқа дағдыланады;
- тілдің қоғамдағы рөлін түсінеді, біледі;
- мемлекеттік тілде сауатты сөйлеу дағдысы қалыптасады;
- мәтіндердің мағынасын түсініп оқуға дағдыланады;
- сұрақтарды талдайды, жүйелі жауап әзірлейді;
- оқығанынан белгілі қорытынды шығара білуге қалыптасады;
- өз алған білімін саралап, жинақтап, бағалай білуге дағдыланады;
- топтық жұмыс нәтижесінде оқушылардың бір-біріне деген жолдастық қарым-қатынасы артады;
- берілген мәтіннен негізгісін сұрыптай алады;
- оқыған материалдары бойынша диалог құрай алады, өзіндік ой-пікір, пайым жасайды, өз ойын ашық айта алады;
- білім сапасы артады.

Lesson Study үш цикл бойынша өткізілді. 1-циклде алғашқы зерттеу сабақтары бірлесіп жоспарланып өткізілді. Сабақ соңында оқушылармен сұхбат жүргізіліп, олардың пікірлері ескеріле отырып, зерттеу жүргізуші мұғалімдер бірлесе талдау жасап, келесі зерттеу сабағы бірлесе жоспарланып отырды. Осындай іс-әрекет әрбір зерттеу сабағынан кейін қайталанып отырды.

Алғашқы зерттеу сабағын талдау барысында оқушыларға өз бетімен орындау үшін деңгейлік тапсырмалар дайындау ұсынылды. Екінші зерттеу сабағы алғашқы сабақтың қорытындысындағы ұсыныс ескеріле отырып құрылды және өткізілді. Сабақта оқушылар деңгейлік тапсырмалармен жұмыс атқарды, сабақты талдау нәтижесінде үшінші зерттеу сабағына шығармашылық тапсырмаларды күрделендіріп беруге ұсыныс жасалды. Алдыңғы сабақтан соңғы ұсыныс, оқушымен сұхбат нәтижесі ескеріле отырып, мұғалімдердің бірлесуімен үшінші зерттеу сабағына жоспары құрылып, өткізілді.

3 цикл аяқталған соң, мұғалімдердің бірлесуімен Lesson Study қорытындыланды. Нәтижесінде жалпы сыныптағы әртүрлі деңгейдегі оқушылар бойынша өзгерістерді анықтап, төмендегідей қорытындыға келдік:

С деңгейіндегі оқушылар:

- берілген мәтінмен жұмыс жасай алды;
- жеңіл сұрақтарға жауап беріп, қатесін тауып, өз бетімен жұмыс жасауға ынталанды.

В деңгейіндегі оқушылар:

- алған білімдерін қолданып, тірек-сызбалармен жұмыс жасай алды;
- қосымша материалдармен жұмыс жасап, өз бетімен білім алуы үшін жоспар құра алды.

А деңгейіндегі оқушылар:

- проблемалық сұрақтарды анықтап, жауап табуда ізденді.
- өз білімдерін шығармашылық тапсырмаларды орындауда, логикалық сызбаларды құрастыруда қолдана алды.

Зерттеуге құрылған жұмыс нәтижесінде мынадай өзгеріс байқадық: А деңгейіндегі оқушы қалыпты деңгейдегі берілген тапсырманы орындап, бір-біріне кеңес беріп көмектесе алатындай дәрежеге көтерілді, В деңгейіндегі оқушылар да топпен жұмыс кезінде мәтінмен жұмыс жасауда мазмұнды нақты түсініп қабылдайтындары аңғарылды, оны мазмұнды суретпен жеткізуде өте шебер байқатты, әрбір детальді мазмұнмен байланыстыра суреттеді. Ал С деңгейіндегі оқушылар сұрақтарға толық, дәлелді жауап берді, топтық жұмыс барысында өз идеяларын айшық, өз ойларын жекелеген фактілермен дәлелдеп, нақыл сөздерді пайдаланып айта білді. Бұндай көрсеткіштер оқушылардың деңгейіне байланысты тапсырмалардың дайындалуы және сыныптың, жеке балалардың психологиялық ерекшеліктерінің ескерілуі, топтастыру ерекшеліктерінің назарға алынуы, тапсырмалардың бір жақты не тілдік құзерттіліктің немесе лексикалық тақырыптың қамтылуы, сөйлеу дағдыларының ұшталуына ғана емес, таным, қарым-қатынас құзіреттіліктерінің дамуына байланысты тапсырмалардың екшеленуі, интеллектуалды, интегралды, интерактивті әдістердің қолдауынан қол жіткізілді.

Бұл зерттеу жұмысы тек оқушылардың білім сапасын көтеруге ғана бағытталып қойған жоқ, сонымен қатар тәжірибе алмасу болды. Осыған байланысты, қазақ тілі пәні мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

– өз бетімен жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталған, оқушы орындай алатындай етіп таңдалуы тиіс;

- тапсырма бар ынтасын салып жұмыс істейтіндей, қызықты етіп әзірленуі керек;
- тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы қажет;
- оқушылардың берген жауабын мұқият тындап, қатесін айтып отыру керек;

7 «Г» сыныбында жүргізілген Lesson Study-ді қорытындылай отырып, қазақ тілі сабақтағында өздігімен, яғни жеке жұмысты жетілдіруде оқушылардың деңгейі міндетті түрде ескерілуі керек, қалыптастырушы бағалауды түрлендіре отыра, әр сабақта мұғалім оқушылардан кері байланыс алуы – міндетті түрде керек деген түйін жасалды. Мәтінмен жұмысты берер алдында, оқушылар тақырыпты топта талдаса жақсы нәтижеге жетуге болады. Сабақта бағалау парағын ұсыну, өздері қол жеткізе алатын нәтиже ғана емес, сабақ бойы қандай іс-әрекетпен айналысатынымен хабардар болып отыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы, осы зерттеу нәтижесінде 7 «Г» сыныбындағы білім сапасында оң өзгеріс байқалды.

Бұл зерттеу нәтижесінде біз оқушылардың білімдерін мәтінмен жұмыс арқылы кеңейте алдық. Жоспарланған сабақтар бойынша өз мақсатымызға жеттік, қалыс қалған оқушылар болған жоқ. Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра отырып, оқушыларды сұрақтарға толық жауап беруге, ойларын ашық айтуға үйреттік. Мәтінмен жұмыс арқылы ойларын ортаға салып талқылау, талдау, өз пікірін ашық айтуға дағдыланды, бірін-бірі, өздерін, жұптарын, топтарын бағалауға машықтанды, оқуға

деген қызығушылықтары артты.

Қорытынды

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылықты дамыта отырып, оқушыға білім мен идеяларды дайын күйінде бермей, оқушылардың өздерінің білім мен идеялар құруына жағдай жасап функционалдық сауаттылығын арттыруға болады. Оқушының сауаттылық деңгейін арттыруда баланы ойлантуымыз маңызды болып табылады. Оқушы мектеп қабырғасында алған білімдерін өмірде қолдана білсе ғана ол табысты бола алады. Ол үшін баланың алған білімінің дұрыс бағалануы басты назарда болуы тиіс. Мұғалім сабақ жоспарын құру барысында қай бала қалай бағаланатыны туралы жеке қарап, алдын ала бағалау шкалаларын қарастырып, болжам жасай отыра, оны жоспарына енгізіп, барлық сабақ үрдісін бағалау қажеттігін ескерген жөн. Осыдан келіп, функционалдық сауаттылық адамның өмірдің әртүрлі салаларындағы стандартты міндеттерді шешуге дайындығын, атап айтқанда: қазіргі қоғам жағдайында бейімделу қабілетін, белгілі бір білім саласына қызығушылықтың қалыптасуын, білім беру қызметін жалғастыруға мүмкіндік беретін негізгі пәндік білім мен дағдылардың белгілі бір жүйесінің болуы деп тұжырым жасауға болады. Ал мектепте қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамытуда оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу мақсаттарын жүзеге асыруда терең де берік білім алу құралы бола отырып, оқушының азамат ретінде өмірден өз орнын табуға кепіл бола алады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. (2012, June 25). Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы: 2012 жылдың 25 маусымы, №832 бекітілген. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832> (Accessed on August 2, 2022).

Мурзалинова, А. Ж. (2003). Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.02. Алматы: 47 с.

Рауандина, А. К. (2010). Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі: 13.00.02: пед. ғыл. канд. Алматы: 26 с.

Имашев, А. М. (2008). Функциональная компетентность будущего учителя физической культуры: монография. Набережные Челны: 104 с.

Каратаев, Г. С. (2017). Болашақ информатика мұғалімдерінің функционалдық құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: 6D010300 – «Педагогика және психология»: док. PhD ... дис. Астана: 172 б.

Рудик, Г. А., Жайтапова, А. А., & Стог, С. Г. (2014). Функциональная грамотность – императив времени. Образование через всю жизнь: непрерывное образование в интересах устойчивого развития, 1, 263-269.

Даулетова, Н. А. (2019). Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері: әдістем. құр. Атырау: 80 б.

Жақсылықова, Г. И., Каженова, А. М., & Исмагилова, Н. З. (2014). Интер-белсенді әдіс-тәсілдер: әдістемелік құрал. Өскемен: 95 б.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. (2013). 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тұғырлары: әдістем. құр. Астана: 41 б.

Уразымбетова, А. Б. (2019). Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда тіл пәндері оқытудың белсенді әдістері: әдістем. құр. Ақтөбе: «Өрлеу» ПБАО АҚФ Ақтөбе

облысы бойынша педагогикалық қызметкер-лердің біліктілігін арттыру институтының баспа бөлімі: 81 б.

References

Kazakhstan Republic Government Decree. (2012, June 25). On approving the national action plan for the development of students' functional literacy for 2012-2016: Decree No. 832, dated June 25, 2012. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832> (Accessed on August 2, 2022).

Murzalinova, A. Z. (2003). Formation of functional literacy of students when teaching Russian as a foreign language at the senior level of a socially-humanitarian school: Abstract of doctoral thesis in pedagogy: 13.00.02. Almaty: 47 p.

Rauandina, A. K. (2010). Methodology for developing functional literacy in students when teaching the Kazakh language: Abstract of pedagogical sciences candidate thesis: 13.00.02. Almaty: 26 p.

Imashev, A. M. (2008). Functional competence of future physical education teachers: Monograph. Naberezhnye Chelny: 104 p.

Karataev, G. S. (2017). Scientific and pedagogical foundations of forming the functional competence of future informatics teachers: PhD thesis in pedagogy and psychology: 6D010300. Astana: 172 p.

Rudik, G. A., Zhaitapova, A. A., & Stog, S. G. (2014). Functional literacy – the imperative of the time. Education for Sustainable Development: Continuous Education for Sustainable Development, 1, 263-269.

Dauletova, N. A. (2019). Effective methods for developing students' functional literacy: Methodical development. Atyrau: 80 p.

Zhaksylykova, G. I., Kazhenova, A. M., & Ismagilova, N. Z. (2014). Interactive methods and techniques: Methodological guide. Ust-Kamenogorsk: 95 p.

National Academy of Education named after I. Altynsarin. (2013). Conceptual framework for developing students' functional literacy in the context of 12-year education: Methodological development. Astana: 41 p.

Urazymbetova, A. B. (2019). Active methods for teaching language subjects to develop students' functional literacy: Methodological guide. Aktobe: «Örleu» JSC AKT, Publishing Division of the Pedagogical Staff Development Institute of Ak-tobe Region: 81 p.

G. Minap

*Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar Kazakhstan
(E-mail: : klass38@mail.ru)*

Developing Functional Literacy of Students in Kazakh Language Lessons: Theoretical Aspects and Practice

Abstract. This article discusses the views of scholars on functional literacy, the ways and importance of developing functional literacy in Kazakh language lessons. Functional literacy is an indicator of a person's ability to quickly adapt and engage with their external environment while interacting with it. It consists of the knowledge, skills, and abilities deemed necessary for a person to live in a certain environment, ensuring their social interaction. Therefore, functional literacy should be considered as a mechanism for personal development. Methodical scholars highlight the value and importance of developing functional literacy in teaching the Kazakh language and emphasize the need for its development. In this regard, the article provides a

detailed analysis of definitions, mechanisms for developing functional literacy, and presents the research experience conducted in this area.

Keywords: functional literacy, literacy, skills, research, tasks, theory, practice.

Г. Минап

*Павлодарский педагогический университет имени Алкея Маргулана, Павлодар, Казахстан
(E-mail: klass38@mail.ru)*

Развитие функциональной грамотности учащихся на уроках казахского языка: теоретические аспекты и практика

Аннотация. В статье рассматриваются мнения ученых о функциональной грамотности, пути и значимость развития функциональной грамотности на уроках казахского языка. Функциональная грамотность – это показатель способности человека быстро адаптироваться и вступать в взаимодействие с окружающей средой. Она состоит из знаний, умений и навыков, которые считаются не-обходимыми для жизни человека в определенной среде и обеспечивают его социальное взаимодействие. Таким образом, функциональную грамотность следует рассматривать как механизм личностного развития. Методисты подчеркивают ценность и важность развития функциональной грамотности в обучении казахскому языку и акцентируют внимание на необходимости её развития. В статье приводится анализ определений, механизмов развития функциональной грамотности и представляется исследовательский опыт, проведённый в этой области.

Ключевые слова: функциональная грамотность, грамотность, навыки, исследования, задания, теория, практика.

Автор туралы мәлімет:

Минап Г. – Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан.

Information about authors:

Minap G. – Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Минап Г. – Павлодарский педагогический университет имени Алкея Маргулана, Павлодар, Казахстан.

ҒТАР 16.01.45

Ғылыми мақала

Д.Б. Жарылгапова¹, А.К. Турлыбекова²¹Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан²«46 ЖОББМ» КММ, Семей, Қазақстан(E-mail: ¹zharylgapova.d@gmail.com, ²turlybekova-1979@mail.ru)**ЖОО-да және мектептерде қазақ, орыс, ағылшын тілдерін
үйретуде лингвоелтанымдық бағдарлы оқытудың маңызы**

Аңдатпа. Бүгінгі кезеңде «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі», – деген ұлағатты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби пікірінің құндылығы артып отыр. Себебі өнегелі тәрбие – өлшеуі жоқ қазына. Хакім Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры», А.Сейдімбектің «Өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі» деген асыл ойларын негізге алсақ, ана тілін, шет тілдерді үйретуде тілдің құдірет күші арқылы саналы, зерделі, парасатты ұрпақ тәрбиелеу мәселесі кезек күттірмейтін мәселелердің түп қазығы. Оған себеп: тілдің өз бойында бүкіл тарихты, төл мәдениетті, ұлттық таным мен талғамды, мінез бен көзқарасты, сана мен салтты, дәстүр мен даналықты, сенім мен нанымды сақтап, берік тұтуында. Басқаша айтқанда, әр тіл – өз ұлтының бойтұмары іспетті тұнып тұрған қасиетін белгілейтін таңбалық жүйе, халықтың дүниені түйсінуінен хабар беретін қойма, яғни ғаламның тілдік бейнесі ретінде ұлттың эстетикалық таным-талғамын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлық, ырым-наным, салт-дәстүрін, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухын танытатын қазына. Осы ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр адамның қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзі сенімін нығайту, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау, өзін тану, өзгені тануға мүмкіндік жасау – бүгінгі білім беру ісінің басты міндеті. Мұның өзі тілді сол халықтың дүниетанымымен, ұлт болмысымен аастастыра үйретуде тіл үйренушінің тілдік-лингвистикалық, коммуникативтік және мәдениеттанымдық құзыреттері қалыптасып, дами түсетінін, рухани жан дүниесі бай тұлға қалыптастыруға негіз болатынын айқындайды.

Түйін сөздер: лингвоелтаным, тіл, бойтұмар, тұлға, антропоэзектік бағыт, коммуникативтік құзіреттілік, тіл үйренуші, оқыту әдістемесі, тілдік сана, мәдениеттанымдық құзырет, мәдени лексика, коннотативтік мағына.

DOI: <https://doi.org/10.71078/t62mx341>

Түсті: 29.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.01.2025.

Лингвоелтанымдық бағдарлы оқыту – тілдерді оқыту барысында тіл мен мәдениеттің өзара байланысын және әрбір ұлттың ерекшеліктерін танытуға бағытталған әдіс. Бұл әдіс ЖОО-да және мектептерде қазақ, орыс, ағылшын тілдерін үйретуде үлкен маңызға ие, себебі:

1. Тіл мен мәдениеттің байланысы: Әр тіл өзіне тән мәдениет пен дүниетанымды бейнелейді. Лингвоелтанымдық бағдарлы оқыту арқылы оқушылар немесе студенттер тек тілдік дағдыларды меңгеріп қана қоймай, әрбір халықтың мәдениеті, салт-дәстүрлері, тарихы туралы да мәлімет алады. Бұл олардың мәдениаралық коммуникация дағдыларын

дамытуға көмектеседі.

2. Көптілділік және халықаралық қарым-қатынас: Қазіргі әлемде көптілділік өте маңызды. Лингвоелтанымдық бағдарлы оқыту оқушыларды тек тіл үйретумен шектелмей, халықаралық контексте коммуникация жасауға, басқа елдер мен мәдениеттерді дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әлемдік деңгейде қарым-қатынас жасауға дайын болу үшін қажет.

3. Тілдік айырмашылықтар мен ұқсастықтарды көрсету: Лингвоелтанымдық бағдарлы оқыту қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі грамматикалық және лексикалық ерекшеліктерді салыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер студенттер мен оқушыларға әр тілдің құрылымын тереңірек түсінуге, өз тіліндегі және басқа тілдердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға көмектеседі.

4. Қазіргі қоғамдағы интеграцияға ықпал ету: Әртүрлі тілдер мен мәдениеттерді үйрену арқылы оқушылар мен студенттер интеграцияланған қоғамда өмір сүруге дайын болады. Бұл әлеуметтік бейімделу, қарым-қатынас жасау және өзара түсіністікке қол жеткізуге ықпал етеді.

5. Сөздік қор мен когнитивті дағдыларды дамыту: Лингвоелтанымдық әдіс тіл үйренушінің сөйлеу дағдыларын ғана емес, сондай-ақ олардың ойлау қабілетін де жетілдіреді. Әртүрлі мәдениеттер мен тілдер арқылы жаңа ұғымдар мен түсініктерді меңгеру студенттердің ақыл-ойын дамытуға ықпал етеді.

Жаңа білім парадигмасы білікті тұлға, құзыретті, қатысымдық, тіршілік әрекетіне дайын тұлға қалыптастырып, дамытуды мақсат етеді. Ұлт жоспары-бес институтционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 қадамының 79-қадамында «Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-да ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу. Басты мақсаты – даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілеті мен білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру»; 86, 87-қадамдарында қазақстандықтардың біртектілігін нығайту мен азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру міндеттері белгіленген (Назарбаев, 2015). Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті. Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Ұлттың ұйысуы одан әрі дамудың басты факторы. Біздің азаматтарымыз үшін келісім мен толеранттылық – мәдениеттер мен тілдерді өзара тоғыстыратын өмірдің шынайы көрінісі, нақты болмысы Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Жастарымыз өзге тілдерді, соның ішінде орыс тілін жетік меңгерсе, бұдан еш ұтылмайды. Еліміз өркениетті диалог пен өзара сыйластық мәдениетін дәріптеуі керек. Қоғамды ұйыстыру, ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде еліміздің тарихи мұрасын және мәдени әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән беріледі. Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру. Диалог пен азаматтық қатысу дәстүрін дамыту, ынтымақтығымыз бен бірлігімізге негіз болатын озық құндылықтарды дәріптеу біз үшін маңызды», - деп, аталмыш мәселенің қзектілігіне баса мән береді (Тоқаев, 2021).

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Еліміз өркениетті диалог пен өзара сыйластық мәдениетін дәріптеу мақсаты көзделіп, соған сәйкес төмендегідей міндеттер қойылған: «2.5-міндеті: Халықаралық коммуникацияда қазақ тілінің қолданылуын кеңейту, үш тілділікті дамыту саласында шетелдік жоғары оқу орындары мен қазақстандық университеттер, зерттеу ұйымдары арасында студенттермен, ғалым-зерттеушілермен алмасу және олардың тағылымдамадан өтуі мәселесіне қолдау көрсету жұмысын ұйымдастыру»; «3. Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту»; «3.1-міндет. Орыс тілінің коммуникативтік-тілдік кеңістікте қолданылу»; «3.2-міндет. Этностық топтардың тілдерін дамыту»; «3.3-міндет. Қазақстандықтардың лингвистикалық

капиталын арттыру. Үшінші бағытты іске асыру Қазақстанның коммуникативтік-тілдік кеңістігінде қазақ-ағылшын қостілділігін дамыту бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруды болжамдайды; шет тілдерін оқыту процесінде ауқымды білім беру кеңістігін сақтау; шеттілді мәдениетпен өзара іс-қимыл жасау мақсатында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту»; «III. Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту шараларын іске асыру: қазақ-орыс-ағылшын үштілділігін дамыту жөніндегі шаралар» (Қазақстан Республикасы Тіл..., 2019).

«Тіл мен ұлт біртұтас» деген қағидаға сүйенсек, тілді антропоэзектік бағытта зерттеу нәтижелері тілді үйретуде лингвоелтанымдық бағытты ұстануды алға тартады. Сондықтан да тіл үйретуде коммуникативтік құзіреттілікке қол жеткізу үшін лингвоелтанымдық бағдарлы оқыту нәтижелі білім алуға мүмкіндік береді. Тілдің бойында сақталған құнды қазына тіл үйренуші санасында елтанымдық бағытта ұсынылған тілдік деректер негізінде қалыптасады. Бұл орайда мемлекетіміздегі ұлттық идея, тілдің ұлттұтастырушылық қызметі жүзеге асатыны сөзсіз. Лингвоелтанымдық бағытта білім алған тіл үйренушінің тілге деген сүйіспеншілігі, пәнге деген қызығушылығы, өзге ұлт өкіліне құрметі артады, тілдік санасы жетіліп, қоршаған әлемге деген көзқарасы кеңі түседі, шығармашылыққа бет бұрады, В. фон Гумбольдт көрсеткендей, өз тілімен қоршалған ұлттық шеңберден шығып, екінші бір тілдің ұлттық кодын тануға мүмкіндік алады.

Лингвоелтанымдық бағдарлы оқыту кәсіптік даярлаудың инновациялық жүйесі арқылы Қазақстандағы лингвоелтанымдық бағдарлы білім берудің неғұрлым қарқынды таралуына ықпал ететін болады, бұл барлық білім алушылардың ұлты мен мәдениетіне қарамастан, оларды сапалы оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін маңызды.

Қазіргі мектептерде оқушылардың шет тілін жетік әрі сапалы түрде меңгеру қажеттілігі туралы көп айтылады және бұны шұғыл қажеттілік десе де болады. Себебі әлемдегі ғылым мен жаңа инновациялық техниканың қарқынды өсуі мен даму деңгейі артқан сайын, білімалушылар қажетті теориялық және практикалық білім мен дағдыларды түсінікті және толық түрде алу үшін шет тілін еркін меңгеруді қажет етеді. Қазіргі заман талабына сай, әлем тілдерінің рөлін түсіну үшін тілді оқытудың тиімділігі мен білімалушылардың тілдік дайындық деңгейін көтеруге мән беру керек. Болашақ медицина мамандары медициналық көмек көрсету кезінде гендерлік және мәдени жағымсыз әрекеттерді анықтап, тиісті түрде тосқауыл жасап, ең алдымен науқастың денсаулығына қамқорлық жасауы керек. Студенттерді кәсіби қызметке даярлаудың ұсынылған жүйесі жоғары кәсіби деңгейде әртүрлі мәдениет контекстіндегі адамдардың денсаулық пен ауруды қалай қабылдайтынын және әртүрлі белгілерге, аурулар мен емдеу әдістеріне көзқарастарын ескере алатын мамандарды даярлауға ықпал ете алады.

Білім берудің жаңа парадигмасы, білім беру кеңістігінің интеграциясы, оның ашықтығы, білім берудің әртүрлі модельдері мен технологияларын енгізу қажеттілігі әсіресе медициналық білім беру жағдайында аса маңызды. Оның басты себебі: медициналық білім беруді дамытудың алғашқы кезеңдерінде медициналық білімі бар мамандардың ынтымақтастыққа және басқа мәдениет өкілдерімен тәжірибе алмасуға кәсіби, психологиялық және әдістемелік тұрғыдан толыққанды дайын еместігі; шет тілдік ортада жұмыс істеуге мамандардың кәсіби құзыреттілігінің жетіспеушілігі, психологиялық кедергілер мен оқытушылардың кәсіби стереотиптерінің болуы; медициналық жоғары оқу орындарында білім алушыларды кәсіптік даярлаудың қазіргі заманғы үдерісі мәдениетаралық байланыстардың әртүрлі жағдайларында қажетті мінез-құлық стратегияларын білуге мақсатты түрде бағытталмағандығы.

Бұл өз кезегінде ана тілі мен шет тілі мәдениетіндегі құндылық бағдарлы жүйесін білуді, өзге мәдениет тасымалдаушыларының ситуациялық-шартты мінез-құлқының ерекшеліктерін түсінуге сыни тұрғыдан қарауды көздейді. Осы бағытта медициналық жоғары оқу орындары оқу-әдістемелік тұрғыдан жеткілікті қамтамасыз етілмегендігі

байқалады.

Осы орайда болашақ мамандардың әлемдік талаптарға сай болуы үшін тіл мәселелеріне көңіл бөліп, халықаралық байланыстарды кеңейтуі ғылым дамуының басты талабы болып табылады. Еліміздегі медициналық білім мен ғылымның дамуы және көптеген өркениетті мемлекеттермен ғылыми-техникалық және инновациялық қарым-қатынастардың ұлғайтылуы шет тілдерін үйреніп немесе басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілімізді меңгерумен тығыз байланысты.

Ал тіл – бұл қарым-қатынас пен ойды білдірудің ғана емес, сонымен қатар мәдени құндылықтарды қабылдау құралы. Тіл халықтың тәжірибесін, оның тарихын, материалдық және рухани мәдениетін көрсетеді. Әртүрлі тілдерде сөйлейтін адамдар арасында байланыс болған кезде біз осы уақыттың шындығын көп мәдениетті деп атай аламыз. Мәдениеттердің өзара әсері әртүрлі халықтардың диалогқа бейімділігінің себебі болып табылады. Оқытылатын тіл елінің тарихи және этнографиялық ерекшеліктерімен танысуға байланысты тілді оқыту халықтар арасындағы өзара түсіністіктің қуатты құралы бола алады және болуы керек. Сондай-ақ, тілдік және лингвистикалық-аймақтық күзіреттіліктің қалыптасуы өз мәдениетін байыту үшін маңызды (Назаренко, 2013).

Сондықтан да қазіргі заманғы шет тілдерін оқытудың міндеті – білім алушылардың коммуникативтік-интермәдениеттік және кәсіби-тұлғалық құзыреттерін одан әрі жетілдіру. Коммуникативті-мәдени құзыреттілік коммуникативті дағдыларды одан әрі қалыптастырумен және әртүрлі әлеуметтік мәдениеттер әлемінің бейнесін терең түсінумен, олардың семантикалық бағыттарын білумен, мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды таба білумен және алынған білім мен тәжірибені мәдениетаралық қарым-қатынас контекстінде қолдануды үйренумен байланысты (Типовая учебная программа, 2007).

Сондай-ақ, көптеген елдердің әдіскерлері тілді оқыту ұлттық мәдениет пен өркениеттің бір мезгілдегі курсы ретінде құрылуы керек деген түйіндеме жасайды. Осыған байланысты Француз әдіскері Ж.Ласердің сөзін келтіруге болады: «Оқулық немесе оқыту әдісі қандай болмасын, бұл ең алдымен білімнің негізгі байлығын құрайтын Мәдениет туралы ақпарат» (Назаренко, 2013).

Лингвоелтанымдық бағыттың дүниеге келуі, бірінші жағынан, тіл мен мәдениет арасындағы мәселелерді шешумен байланысты болса, екінші жағынан, таза прагматикалық алғышарттардың негізінде, яғни қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін осы тілде көрініс тапқан ел мәдениетімен тығыз байланыста меңгертумен байланысты қалыптасты.

Әлемдік лингвистика сөз семантикасындағы мазмұнның әлеуметтік шарттастығын, сондай-ақ «тіл мен мәдениет» мәселесінің жалпы теориялық және әдістемелік аспектісін зерттеуге Н.Г. Комлев, О.С. Ахманова, Е.М. Верацагин, В.Г. Костомаров, Т.Д. Томахин сияқты тілші ғалымдар үлес қосты.

Лингвоелтану – тіл үйретуді негізге ала отырып, сол үйреніп отырған ел туралы деректер беру бағыты. Лингвоелтанымның басты мақсаты – адамдардың түпнұсқа мәтіндер негізінде мәліметтерді қабылдай отырып, қатысымдық күзіреттілігін қамтамасыз етуі.

Лингвоелтанымдық тұжырымдар XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап қалыптасты. «Лингвоелтану» термині алғаш Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаровтың еңбегінде жарық көрді. Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаровтың еңбегінде: «Лингвоелтанымдық тәсіл бойынша өзге ұлт өкілдеріне тілді кешенді меңгерту бұл тілдің кумулятивтік қызметін лингводидактикалық тәсілде үйретіп, адресат санасына сол ұлттың мәдени өмірін толық сіңіретіндей дәрежеде оқыту аспектісі», – деп беріледі (Верещагин & Костомаров, 1980).

Сонымен қатар лингвоелтану мәселелері Г.Д. Томахин, А.А. Брагина, В.В. Марковин, В.В. Сафонов, Ю.Е. Прохоров, т.б. ғалымдардың еңбегінде жарық көрді. Мысалы: Ю.Е.

Прохоров: «Лингвоелтану – бұл әдістемелік пән, яғни орыс тілін өзге ұлт өкілдеріне сол елдің мәдениетімен, таңдаулы ерекшеліктерімен, құндылықтарымен таныстырудың, үйретудің әдістемелік аспектісі», – деп баға береді (Прохоров, 1988).

Елтанымдық бағытта тіл үйретудің негізгі тапсырмасы үйреніп отырған халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктерінен нақты көрініс беретін тілдік бірліктерді меңгерту болып табылады. Лингвоелтанымның негізгі объектісі сол ел емес, үйреніп отырған елдің аялық білімі, яғни жинақталған түрде мәдениеті, мәдени танымы қарастырылады.

Жоғарыда жасалған шолудан білім беру жүйесінде лингвоелтанымдық бағдарды қалыптастыру мәселелері Қазақстанда да, басқа елдерде де жалпы педагогикалық тұрғыда біршама зерттелгенін көреміз. Ал жеке пәндік, яғни, тілдерді оқыту, үйрету әдістемесінде лингвоелтанымдық бағдарды ұстану мәселесі негізінен орыс және басқа шет тілдерді оқыту әдістемесінде жақсы зерттелген. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде бұл тақырыптың теориялық мәселелерін ғана қарастырған диссертациялар мен бірді-екілі мақалалар ғана бар.

ЖОО-да мамандарды даярлауда және мектептерде қазақ, орыс, ағылшын тілдерін лингвоелтанымдық бағдарлы оқытуды теориялық және әдістемелік тұрғыдан ғылыми негіздеп, тиімділігін тәжірибе арқылы дәлелдеуді мақсат етсек, онда лингвоелтаным бағытының қалыптасу, даму тарихы зерттеледі, жаңа білім парадигмасында тілді лингвоелтаным бағдарлы үйретудің ғылыми ұстанымдары айқындалады, болашақ дәрігерлердің немесе басқа сала мамандарының үш тілдегі ұлттық концептілерді саралауы айқындалады, ішкі құндылықтары қатарын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен байыту механизмдері нақтыланады.

Қорытындылай келе, лингвоелтанымдық бағдарлы оқыту тілдерді үйретудің тиімділігін арттырады, оқушылар мен студенттердің тілдік білімдерін тереңдетіп, мәдениаралық қатынастарды жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

Верещагин, Е. М., & Костомаров, В. Г. (1980). Лингвострановедческая теория слова. Москва: Русский язык.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. (2019). Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>

Мәтіндегі лингвоелтанымдық бірліктердің көрінісі. (n.d.). Retrieved from <https://emirb.org/sbornik-nauchnih-materialov-studentov>

Назарбаев, Н. (2015). Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы [Электронды жарияланым]. Retrieved from https://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevtyyn-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamy_a2777949

Назаренко, Т. Ю. (2013). Лингвострановедческий аспект преподавания английского языка в техническом вузе. Концепт, 01 (январь), ART 13022. Retrieved from <http://e-koncept.ru/2013/13022.htm>

Прохоров, Ю. Е. (1988). Русские крылатые выражения. In В. П. Фелицына, Ю. Е. Прохоров (Eds.), Русские пословицы, поговорки и крылатые выражения. Лингвострановедческий словарь (2-е изд., испр. и доп., pp. 163–270). Москва: Русский язык.

Типовая учебная программа. Язык для специальных целей. (2007). Алматы.

Тоқаев, Қ.-Ж. (2021). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Retrieved from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>

References

- Vereshchagin, E. M., & Kostomarov, V. G. (1980). *Lingvostranovedcheskaya teoriya slova* [Linguoculturological Theory of the Word]. Moskva: Russkiy yazyk. (In Russian)
- Qazaqstan Respublikasindagy til sayasatyn iske asyrudyn 2020 - 2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы. (2019). Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> (In Kazakh)
- Mätindegі lingvoeltanyndyq birlikterdin körinisi. (n.d.). Retrieved from <https://emirb.org/sbornik-nauchnih-materialov-studentov> (In Kazakh)
- Nazarbaev, N. (2015). Ult zhospary - N. Nazarbaevtyн bes institutsionaldyq reformasyn zhuzege asyrudyn 100 qadamy [National Plan - 100 Steps for Implementing N. Nazarbayev's Five Institutional Reforms]. Retrieved from https://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevtyн-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamy_a2777949 (In Kazakh)
- Nazarenko, T. Yu. (2013). Lingvostranovedcheskiy aspekt prepodavaniya angliyskogo yazyka v tekhnicheskoy vuzе [Linguoculturological Aspect of Teaching English in a Technical University]. Kontsept, 01 (yanvar'), ART 13022. Retrieved from <http://e-koncept.ru/2013/13022.htm> (In Russian)
- Prokhorov, Yu. E. (1988). Russkie krylatye vyrazheniya [Russian Winged Expressions]. In V.P. Felitsyna, Yu. E. Prokhorov (Eds.), *Russkie posloviцы, pogovorki i krylatye vyrazheniya. Lingvostranovedcheskiy slovar'* (2-e izd., ispr. i dop., pp. 163–270). Moskva: Russkiy yazyk. (In Russian)
- Tipovaya uchebnaya programma. Yazyk dlya spetsial'nykh tseley. (2007). Almaty. (In Russian)
- Toqayev, Q.-Zh. (2021). Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqayevtyн Qazaqstan khalqyna Zholdauy [Address of the President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan]. Retrieved from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-toqayevtyнkazakhstan-halkyna-zholdauy-183555> (In Kazakh)

D.B. Zharylgapova¹, A.K. Turlybekova²

¹*Astana Medical University, Astana, Kazakhstan*

²*«46 Secondary School» KSS, Semey, Kazakhstan*

(E-mail: ¹zharylgapova.d@gmail.com, ²turlybekova-1979@mail.ru)

The Importance of Linguocultural-Oriented Teaching in Learning Kazakh, Russian, and English in Universities and Schools

Abstract. In today's world, the value of the great thinker Abu Nasr al-Farabi's statement that "A person first needs upbringing, not knowledge. Knowledge without upbringing is the enemy of humankind and can bring harm in the future" is increasing. Moral upbringing is an immeasurable treasure. If we take as a basis the profound thoughts of Hakim Abai, who urged "Love all humanity as your brothers," and the words of the national teacher Akhmet Baitursynuly that "Language is the most significant sign of a person's humanity," along with A. Seidimbek's statement that "A nation deprived of its unique identity will perish," it becomes clear that fostering an intelligent, wise, and cultured generation through the power of language is an urgent issue in teaching both the native and foreign languages. The reason lies in the language's ability to preserve history, native culture, national identity, worldview, character, consciousness, traditions, and wisdom. In other words, each language is a symbolic system that encapsulates the nation's essence, serving as a repository of its perception of

the world. As the linguistic image of the world, language reflects a nation's aesthetic taste, economic activities, behavioral patterns, beliefs, traditions, and, ultimately, its national spirit. Integrating this national wealth with the best practices in global education and upbringing allows individuals to unlock their potential, gain self-confidence, and develop the ability to understand themselves and others. This highlights that teaching a language in connection with a people's worldview and national identity fosters linguistic, communicative, and cultural competencies in learners, ultimately contributing to the formation of well-rounded individuals with a rich spiritual and intellectual life.

Keywords: linguocultural studies, language, national identity, personality, anthropocentric approach, communicative competence, language learner, teaching methodology, linguistic consciousness, cultural competence, cultural lexicon, connotative meaning.

Д.Б. Жарылгапова¹, А.К. Турлыбекова²

¹Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан

²КГУ «Средняя школа №46», Семей, Казахстан

(E-mail: ¹zharylgapova.d@gmail.com, ²turlybekova-1979@mail.ru)

Значение лингвострановедческого обучения при изучении казахского, русского и английского языков в вузах и школах

Аннотация. В современную эпоху особую актуальность приобретает мысль великого мыслителя Абу Насра аль-Фараби: «Человеку в первую очередь необходимо воспитание, а не знания. Знание без воспитания – злейший враг человечества, который в будущем может привести к беде». Ведь нравственное воспитание – это бесценное сокровище. Если опираться на мудрые слова хакіма Абая «Люби всё человечество, как своих братьев», национального учителя Ахмета Байтурсынулы «Язык – важнейший признак человечности», а также А. Сейдимбека «Нация, потерявшая свою самобытность, обречена на исчезновение», становится очевидным, что обучение родному и иностранным языкам посредством их могучей силы – это первоочередная задача в воспитании сознательного, интеллектуально развитого и культурного поколения. Причина заключается в способности языка хранить всю историю, родную культуру, национальное самосознание, мировоззрение, характер, традиции, верования и мудрость. Иными словами, каждый язык представляет собой знаковую систему, отражающую сущность нации, являясь хранилищем её восприятия мира. Как языковая картина мира, язык раскрывает эстетический вкус нации, её хозяйственную деятельность, поведенческие модели, обряды, традиции и, в конечном счёте, её национальный дух. Интеграция этого национального богатства с передовыми мировыми практиками в сфере образования и воспитания позволяет человеку раскрыть свои способности, укрепить уверенность в себе и обрести способность понимать себя и окружающих. Это доказывает, что преподавание языка в тесной связи с мировоззрением народа и национальной самобытностью способствует формированию лингвистической, коммуникативной и культурной компетенции изучающего язык, а также помогает воспитывать гармонично развитую личность с богатым духовным миром.

Ключевые слова: лингвострановедение, язык, национальная идентичность, личность, антропоцентрический подход, коммуникативная компетенция, изучающий язык, методика преподавания, языковое сознание, культурная компетенция, культурная лексика, коннотативное значение.

Автор туралы мәлімет:

Жарылгапова Д.Б. – филологиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0009-0007-8271-0856.

Турлыбекова А.К. – педагог-модератор, «46 ЖОББМ» КММ, Семей, Қазақстан.

Information about authors:

Zharylgapova D.B. – Senior Lecturer, Department of Philological Disciplines, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0009-0007-8271-0856.

Turlybekova A.K. – Pedagogue-Moderator, «46 Secondary School» KSS, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Жарылгапова Д.Б. – старший преподаватель кафедры филологических дисциплин, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан. ORCID: 0009-0007-8271-0856.

Турлыбекова А.К. – педагог-модератор, КГУ «Средняя школа №46», Семей, Казахстан.

Тұлғатану / Personalistics / Персоналистика

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Г.Қ. Махсүтова*Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан*
(E-mail: gulsairan1999@mail.ru)**Батыс өңірі Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы және оның қазіргі замандағы маңызы**

Аңдатпа. Бұл мақалада Халел Досмұхамедовтың қазақ халқының рухани және мәдени дамуына қосқан үлесі талданады. Ғалымның тіл тазалығы, жат сөздерді бейімдеу, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру және медициналық ағартушылық салаларындағы еңбектері қарастырылады. Сонымен қатар, орыс мектептерінде оқыған қазақ балаларының ана тіліне қатысты мәселелері оның салдары туралы ғалымның тұжырымдары талданған. Мақалада Батыс өңірі Алаш қайраткерлерінің ұлттық сана мен тәуелсіздік идеяларын нығайтудағы рөлі мен олардың қазақ қоғамының рухани деңгейін көтеруге бағытталған қызметтері сипатталады. Халел Досмұхамедовтың жат сөздерді қабылдау мен бейімдеу принциптерін, ана тілін оқытудың маңыздылығын, сондай-ақ ұлттық тәрбие мен мәдениетті дамытуды рухани жаңғырудың негізі ретінде қарастырған көзқарастарына тоқталады. Батыс өңірі Алаш қайраткерлерінің мұрасы қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтауға, әділет пен бірлік идеяларын қалыптастыруға және ұрпақтың рухани санасын дамытуға үлес қосатын баға жетпес құндылық ретінде бағаланады. Халел Досмұхамедовтың ғылыми жаңалықтары мен практикалық ұсыныстары қазақ қоғамының қазіргі тіл саясаты мен мәдени дамуына ықпал ете алады. Мақала Халел Досмұхамедовтың идеяларының қазіргі қазақ қоғамы үшін өзектілігін айқындауды мақсат етеді.

Түйін сөздер: Алаш қайраткерлері, рухани жаңғыру, білім беру, ұлттық тәрбие, рухани құндылықтар

DOI: <https://doi.org/10.71078/zjvn3j02>

Түсті: 27.01.2025; Мақұлданды: 20.03.2025; Онлайн қолжетімді: 25.03.2025.

Кіріспе

Алаш қозғалысы – ХХ ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық жаңғыруына, тәуелсіздік пен ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған ірі тарихи-саяси қозғалыс. Алаш қайраткерлері, оның ішінде Батыс өңірі Алаш қайраткерлерінің мұрасы қазақ халқының ұлттық-рухани жаңғыруында ерекше орын алады. Алаш қайраткерлерінің ұлттық сана мен азаттық идеялары, білім мен ағартушылықтағы рөлі, тіл мен мәдениетті жаңғыртуға ат салысуы, әділдік пен теңдікті талап етуі бүгінгі қоғам үшін де өзекті. Батыс өңірі Алаш қайраткерлері, атап айтқанда, Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Бақтыгерей Құлманов, Дәулетше Күсепқалиев және басқалар қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысын рухани тұрғыдан негіздеуге тырысты. Халық арасында сауаттылықты арттыру үшін қазақ тіліндегі оқулықтар, ғылыми мақалалар жазды, бұл халықтың рухани деңгейін көтеруге көмектесті. Сонымен

қатар қазақ қоғамында адамгершілік, әдеп нормаларын нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Ұлттық тәрбие мен мәдениетті дамытуды адамның рухани жетілуінің негізі деп санады. Қоғамдағы әділеттілік, адалдық және бірлік идеяларын халық санасына сіңіру үшін өздері үлгі болды. Олар қазақ тілін сақтау және дамыту арқылы ұлттың рухани тәуелсіздігін нығайтуды көздеді, ұлттық әдебиет пен өнердің өркендеуіне ықпал етіп, дәстүрлі мәдени құндылықтарды жаңғырту арқылы ұлттық бірегейлікті нығайтты. Қайраткерлер халықты өзін-өзі басқаруға қабілетті дербес ұлт ретінде танытуды мақсат етті, ұлттың біртұтастығын сақтау идеясын ұстанды, қоғамдағы алауыздықты жою, ұлттық бірлікке шақыру олардың басты мұраттарының бірі болды. Алаш қайраткерлері рухани құндылықтардың ең басты тірегі білім деп есептеді. XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық санасы мен мәдениетін қайта жаңғыртуда қазақ зиялыларының орны ерекше болды. Олар ұлттың білімін, мәдениетін және рухани байлығын дамытуға, ел болашағын ғылыми және ағартушылық жолмен қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Бұл қатарда Халел Досмұхамедовтың ғылыми еңбектері, педагогикалық әдістері, Жаһанша Досмұхамедовтың құқықтық реформалары ұлттық санаға білім арқылы ықпал етті. Бұл зерттеуде Халел Досмұхамедовтың ғылыми, ағартушылық және саяси қызметі талданып, оның қазіргі заманғы қоғамы үшін маңыздылығы қарастырылады.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу барысында төмендегідей әдістер қолданылды: тарихи-салыстырмалы әдіс – Халел Досмұхамедовтың еңбектерін XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени және саяси жағдайымен салыстыру арқылы оның идеяларының маңыздылығын анықтау; контент-талдау әдісі – ғалымның еңбектеріндегі негізгі концепцияларды саралау, әсіресе тіл, білім, медицина, ұлттық сана, рухани жаңғыру салаларындағы ойларын жүйелеу; синтез әдісі – алынған деректерді біріктіріп, олардың қазіргі заманғы маңызын бағалау. Бұл әдістер Халел Досмұхамедовтың идеялары мен Алаш қозғалысы қайраткерлерінің қызметін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік берді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Алаш қайраткерлерінің қызметі мен мұрасын зерттеу кең ауқымды ғылыми жұмыстарда қарастырылған. Бұл салада М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы», Ғ.Әнесінің «Халықтың Халелі», «Жат сөздер туралы», К.Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» еңбектерінде Алаш зиялыларының қызметі мен олардың ұлттық мемлекеттік идеясына қосқан үлесі талданған. Ғарифолла Әнес Халел Досмұхамедовтың ағартушылық қызметін, оның ғылым мен мәдениет саласындағы рөлін зерттеген еңбектері арқылы ғалымның көпқырлы тұлғасын аша түседі. Бұл еңбектер Халел Досмұхамедовтың қазақ қоғамына қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Халел Досмұхамедов – Алаш қозғалысының белсенді қайраткері, дәрігер, ғалым, ағартушы және қазақ халқының рухани жаңғыруына зор үлес қосқан тұлға. Оның еңбектері мен идеялары қазақ қоғамының білім, мәдениет және рухани дамуы үшін ерекше маңызды. Бұл мақалада Халел Досмұхамедовтың тіл және мәдениет мәселесі, білім және ағартушылық қызметі, медициналық ағартушылық және халық денсаулығына қатысты елеулі еңбектері қарастырылады. Халел Досмұхамедов қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуына зор үлес қосты. Ол қазақша ғылыми терминология жасауға қатысып, тілдің ғылымдағы орнын нығайтуға тырысты. Жат сөздерді бейімдеу мәселесінде «қазақтың тымағын кигізу» ұстанымын енгізіп, жаңа терминдерді қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкестендіруді ұсынды. Ғалым қазақ жастарының ұлттық құндылықтарды меңгеруіне ерекше көңіл бөлді. Ол «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы» арқылы ұлттық мектептердің

ашылуына ықпал етті. 1913 жылы Бөкей Ордасында оба эпидемиясы таралған кезде, Халел Досмұхамедов әр ауылға барып, халықты медициналық сауаттандырумен қатар, арнайы екепелер ұйымдастырды. «Сары кезік - сүзек», «Шешекке қарсы егу», «Тамақтану және тазалық» сияқты еңбектері халыққа гигиеналық білім беруге бағытталған.

Халел Досмұхамедов халықты сауаттандыруды басты мақсаттарының бірі ретінде қарастырды. Ол «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы» арқылы қазақ жастарын оқыту және оларға ұлттық құндылықтарды үйретуісіне белсене араласты. Ол «Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері», «Шернияз ақынның өлеңдері», «Исатай-Махамбет көтерілісі туралы деректер» сияқты еңбектерінде қазақтың бай мәдени мұрасын жинақтап, келешек ұрпаққа жеткізді. Халел Досмұхамедұлының әдеби мұрасы қазақ халқының ұлттық руханиятын сақтауға негізделген. Досмұхамедұлы Махамбет Өтемісұлының шығармаларын жинап, зерттеген және оның өлеңдерін халыққа кеңінен насихаттаған. «Махамбет батыр» атты еңбегінде ақынның өлеңдері арқылы халықтың азаттыққа деген ұмтылысын көрсетіп, оны қазақ жастарына үлгі ретінде ұсынды. Сонымен бірге, Халел Досмұхамедов қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетіне де ерекше көңіл бөлді. Ол «Қазақ халық әдебиетінің үлгілері» атты жинағында эпостарды, мақал-мәтелдерді және ертегілерді жүйелеп, оларды тарихи және мәдени тұрғыдан түсіндірді. Мақал-мәтелдер мен ертегілерді ұрпақтан-ұрпаққа берілетін халықтық педагогиканың негізі деп санады. Оның ғылыми еңбектері биология, медицина, тіл білімі, тарих сияқты түрлі салаларды қамтыды. Бұл еңбектер қазақ халқының таным көкжиегін кеңейтіп, рухани дамуына ықпал ететін, қазіргі таңда ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды құрал болып табылады.

Халел Досмұхамедов қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуына зор үлес қосты. Ол қазақша ғылыми терминология жасауға қатысып, тілдің ғылымдағы орнын нығайтуға ұмтылды. Оның қазақ тіліне енген жат сөздер мен олардың тілімізге ықпалы туралы жазған еңбектері қазақ тілінің табиғатын терең түсінуге және оны сақтауға бағытталған. Бұл мақалада Халел Досмұхамедовтың жат сөздер туралы ойлары мен ұстанымдары талданып, оның қазіргі тілтанымдағы маңызына баға беріледі. Халел Досмұхамедовтың пікірінше, жат сөздердің тілімізге енуі – табиғи процесс. Оның пайымдауынша: «Қазақ тілі жаңа тұрмысқа керекті сөздерді алмай тұра алмайды, тілесен де осылай болады, тілемесен де!». Бұл тұжырым жат сөздердің қажеттілігін мойындай отырып, оларды бейберекет қабылдауға қарсы екенін көрсетеді. Ғалым тілдің заңдылықтарына сай келетін, қазақтың сөйлеу әуеніне ыңғайлы сөздерді қабылдау қажеттігін баса айтады. Жат сөздерді бейімдеу барысында оларды қазақтың ұлттық тілдің ерекшеліктеріне сай өзгерту керектігін алға тартады. Ол жат сөздерге «қазақтың тымағын кигізу» ұғымын енгізіп, жаңа сөздерді қазақ тілінің дыбыстық және морфологиялық заңдарына бейімдеуді ұсынады. Халел Досмұхамедовтың бұл бағыттағы еңбектері қазіргі тілтанымда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Тіл тазалығын сақтау, жат сөздерді бейімдеу және қазақ тілінің табиғи құрылымын қорғау – ғалымның басты ұстанымдары. Бұл ұстанымдар қазіргі тіл саясаты мен терминологияны дамытуда маңызды рөл атқара алады. Сонымен қатар әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған басты мәселелер баспа мен мектеп және балалардың ең алдымен өзге тілде емес ана тілінде білім алуы. «Әдебиет тілінің қаруы – баспа мен мектеп. Баспа мен мектеп деген – адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды» - дейді Халел Досмұхамедов. Баспа мен мектеп – елге тіл тарататын ең күшті құралдар. Егер баспа мен мектеп дұрыс тілді қолданса, ол елдің тілін көркейтіп дамытады. Керісінше, шатасқан тіл қолданылса, ол елдің тілі бұзылып құлдырауына алып келеді. Және тағы бір мәселе орыс мектептерінде оқыған балалардың ана тіліне қатысты мәселелері мен әсерлері туралы жайында сөз етеді. Жоғарыда айтқанымыздай бұл әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған мәселе. Халел Досмұхамедов орыс мектептеріне кірген балалар ана тілін әбден меңгермей тұрып, орыс тілін оқи бастауы олардың өз ана тілінің заңдылықтарын толық

түсінбей, тіпті оны ұмытуға алып келетіндігін ескертеді. Орысша оқыған қазақ балалары ана тілінің грамматикалық ережелері мен заңдылықтарын ұмытып, өз тілінде сөйлеуде қиналатынын түсіндіреді. Ұлттық мектепте оқыған балалар ана тілінің заңдылықтарын жақсы меңгереді және жат тілді үйренгенде оны өз тіліне бейімдейді. Ана тілін жетік меңгеру – ұлттық сана мен мәдениеттің маңызды негізі. Ғалымның еңбектерінде ана тілін жақсы білу – өзінді және өз халқыңды танудың, сонымен бірге басқа елдің мәдениеттерін дұрыс түсінудің негізі ретінде баяндалады.

Халел Досмұхамедұлы алғашқылардың бірі болып қазақ қоғамында медициналық білім беру мен денсаулық сақтау жүйесінің маңыздылығын көтерген тұлға. Петербург Императорлық әскери-медицина академиясын бітірген ол туған еліне оралып, дәрігерлік қызмет атқарумен қатар, гигиена және эпидемиология салалары бойынша ағартушылық жұмыстар жүргізді. Халел Досмұхамедұлы халық арасында кең таралған оба, шешек сияқты жұқпалы аурулардың алдын алуға ерекше көңіл бөлді. 1913 жылы Бөкей Ордасында оба эпидемиясы таралған кезде, бұл қауіпті аурумен күресу үшін Халел Досмұхамедұлы әрбір ауылға барып, халықты медициналық сауаттандырумен қатар, арнайы екпелер ұйымдастырған. Сонымен қатар, қазақтар арасында денсаулық мәдениетін арттыру мақсатында ғылыми мақалалар жазды. «Сары кезік – сүзек», «Шешекке қарсы егу», «Тамақтану және тазалық» сияқты еңбектері халықты гигиена ережелеріне үйретуге бағытталған. Досмұхамедұлы дәрігерлік білімнің маңызын түсініп, медициналық әдебиетті қазақ тіліне аударып, оны халыққа жеткізуге тырысты. Ол «Табиғаттану», «Салауатты өмір салты» сияқты еңбектерінде халыққа аурудың алдын алу, гигиена және дұрыс өмір сүру салты туралы ақпарат берді. Медициналық білім беру арқылы қазақ жастарын дәрігерлікке баулыды және ұлттық медицина ғылымын дамытуға ықпал етті. Халел Досмұхамедовтың еңбектері қазақ халқының рухани құндылықтарын нығайтып, ұлттың мәдени және білім деңгейін көтеруге септігін тигізді. Ол тек өз заманы үшін емес, бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды идеяларды ұсынды. Оның еңбектері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, ұлттық мәдениет пен ғылымның дамуына үлес қосып келеді. Халел Досмұхамедов – қазақ халқының рухани көсемдерінің бірі, оның еңбектері ұрпақтан-ұрпаққа сабақ болары сөзсіз.

Қорытынды

Батыс өңірі Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы – қазақ халқының тарихындағы баға жетпес құндылық. Олардың идеялары тәуелсіз Қазақстанның мәдени, рухани және әлеуметтік дамуына негіз болып табылады. Халел Досмұхамедовтың еңбектері қазақ қоғамының білім, мәдениет және рухани жаңғыру бағытында маңызды рөл атқарады. Ол өз заманының өзекті мәселелерін көтере отырып, қазақ халқының ұлттық бірегейлігін нығайтуға зор үлес қосты. Алаш қайраткерлерінің мұраларын зерттеу арқылы біз ұлт тарихын тереңірек түсініп, қазіргі қоғамның рухани-мәдени құндылықтарын одар әрі дамытуға мүмкіндік аламыз.

Әдебиеттер тізімі

Досмұхамедұлы, Х. (2008). Таңдамалы еңбектері. Ғ. Әнес (құраст.). Астана: Астана-Полиграфия.

References

Dosmukhameduly, Kh. (2008). Tangdamaly enbekteri [Selected Works]. G. Änes (Ed.). Astana: Astana-Poligrafiya. (In Kazakh)

G.K. Makhsutova

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

(E-mail: gulsairan1999@mail.ru)

The Spiritual Heritage of the Alash Leaders of the Western Region and Its Contemporary Significance

Abstract. This article analyzes Khalel Dosmukhamedov's contributions to the spiritual and cultural development of the Kazakh people. It examines his work in language purity, adaptation of borrowed words, the formation of the national education system, and medical enlightenment. Additionally, the article explores his views on the issues faced by Kazakh children studying in Russian schools and the consequences of these challenges. The role of the Alash leaders of the Western region in strengthening national consciousness and the ideas of independence, as well as their efforts to elevate the spiritual level of Kazakh society, are described. Special attention is given to Khalel Dosmukhamedov's perspectives on the principles of borrowing and adapting foreign words, the importance of teaching the native language, and the development of national education and culture as a foundation for spiritual revival. The legacy of the Alash leaders of the Western region is considered an invaluable asset that contributes to preserving the national identity of the Kazakh people, shaping ideas of justice and unity, and fostering the spiritual consciousness of future generations. The scientific discoveries and practical recommendations of Khalel Dosmukhamedov can influence modern language policy and cultural development in Kazakh society. This article aims to highlight the relevance of Khalel Dosmukhamedov's ideas for contemporary Kazakhstan.

Keywords: Alash leaders, spiritual revival, education, national upbringing, spiritual values.

Г.К. Махсүтова

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

(E-mail: gulsairan1999@mail.ru)

Духовное наследие алашских деятелей Западного региона и его современное значение

Аннотация. В данной статье анализируется вклад Халела Досмухамедова в духовное и культурное развитие казахского народа. Рассматриваются его труды в области чистоты языка, адаптации заимствованных слов, формирования национальной системы образования и медицинского просвещения. Также исследуются взгляды ученого на проблемы казахских детей, обучающихся в русских школах, и последствия этих явлений. Описывается роль алашских деятелей Западного региона в укреплении национального сознания и идей независимости, а также их деятельность, направленная на повышение духовного уровня казахского общества. Особое внимание уделяется принципам заимствования и адаптации иностранных слов, значимости обучения родному языку, а также развитию национального воспитания и культуры как основы духовного возрождения. Наследие алашских деятелей Западного региона рассматривается как бесценная ценность, способствующая сохранению национальной идентичности казахского народа, формированию идей справедливости и единства, а также развитию духовного сознания будущих поколений. Научные открытия и практические рекомендации Халела Досмухамедова могут повлиять на современную языковую политику и культурное развитие казахского общества. Данная статья направлена на выявление актуальности идей Халела Досмухамедова для современного казахстанского

общества.

Ключевые слова: алашские деятели, духовное возрождение, образование, национальное воспитание, духовные ценности

Автор туралы мәлімет:

Махсұтова Г.Қ. – магистрант, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Information about authors:

Makhsutova G.K. – Master's student, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Махсұтова Г.К. – магистрант, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан.

Авторларға арналған ақпарат

Журналда материалдарды жариялау Open Journal System, онлайн жіберу және рецензиялау жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Корреспонденция авторы журналға жариялау үшін ілеспе хат ұсынуға міндетті.

Авторларға арналған талаптар:

- Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігінің «Құтты білік» журналының редакциялық алқасы ғылыми бағыттары бойынша бұрын жарияланбаған мақалаларды қабылдайды (сайтта көрсетілген). Мақала электрондық форматта (.doc, .docx, .rtf форматтарында) ТЕК журнал сайтының функционалымен жүктеу арқылы ұсынылады (Open Journal System).

- Қаріп кеглі – 12 (аңдатпа, түйін сөздер, әдебиет – 10, кестелердің мәтіні – 9-11), қаріп – Times New Roman, туралау – мәтіннің ені бойынша, интервал – бірыңғай, абзац шегінісі – 0,8 см, шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, оң және сол жақ – 2 см.

- Суреттер, кестелер, сызбалар, диаграммалар және т.б. нөмірленуі мен атауы көрсетіле отырып, тікелей мәтінде ұсынылады (мысалы, 1-сурет – сурет атауы). Суреттер, кестелер, сызбалар және диаграммалар саны мақаланың барлық көлемінің 20%-нан аспауы тиіс (кейбір жағдайларда 30%-ға дейін).

- Мақаланың көлемі (атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аңдатпаларды, түйінді сөздерді, библиографиялық тізімді есепке алмағанда) 3 000 сөзден кем болмауы және 7 000 сөзден аспауы тиіс.

- Авторлар МІНДЕТТІ түрде Open Journal System жүйесіндегі ілеспе хатта жолданатын мақала/қолжазба бұрын еш жерде жарияланбағанын және мақалада оларға сілтемесіз басқа жұмыстардан алынған мәтін үзінділері жоқ екенін көрсетуі тиіс.

- Мақаланы жариялау үшін ақы төлеу тәртібі мен құнын баспа үйі белгілейді және автор сыртқы рецензенттер, ғылыми редактор мақұлдағаннан кейін ақы төлеуді жүргізеді.

Мақаланың құрылымы (мақаланы рәсімдеу үшін ҮЛГІ-ні қолданыңыз):

Алғашқы беті:

- Алғашқы жол – FTAMP нөмірі (ерекше жағдайларда ЭОЖ), туралау – сол жағы бойынша, қаріп – жартылай қалың (қараңыз <http://grnti.ru>).

- Мақала тақырыбы мәтіннің мәні мен мазмұнын көрсетіп, оқырман назарын аударуы керек. Тақырып қысқа, мазмұнды болуы керек және жаргон, қысқартулар болмауы керек, көлемі 5-7 сөзден тұрады (кейбір жағдайларда 12 сөзге дейін). Мақала тақырыбы қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде (қажетіне қарай) қою, кіші әріптермен, жолдың ортасында беріледі.

- Мақала автор(лар)ының – аты-жөні, тегі, жұмыс орны көрсетіледі (Ескертпе: ЖОО-ның толық атауы көрсетіледі), мемлекет, қала атауы ретін сақтай беріледі.

- Егер бірнеше автор бір университеттен болса, нөмірлеу керек емес, әртүрлі университеттен болған жағдайда ғана нөмірлеу қажет болады.

- Қала, мемлекет – қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде (қажетіне қарай); электрондық пошта жазылады. Авторлар туралы ақпарат әдеттегі кіші қаріппен, жолдың ортасына туралау арқылы беріледі.

- Төменде ортасына ORCID, ID сілтемесі көрсетіледі. (Тіркелу үшін нұсқаулық – тіркелген файлдарда <https://orcid.org/>);

- Аңдатпа көлемі қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде кемінде 160 сөз, 300 сөзден аспайтын, 10 кегльмен болуы тиіс.

- Аңдатпа құрылымы мына тармақтарды қамтиды:

- o Кіріспе.

- o Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары және идеялары.

- o Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызының қысқаша сипаттамасы.

- o Зерттеу әдіснамасының қысқаша сипаттамасы.

- о Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары.
- о Жүргізілген зерттеудің құндылығы (осы жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі болса).

- о Жұмыс қорытындысының практикалық мәні.

- Түйін сөздер / сөз тіркестер – саны 5-6, қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде.

Келесі бет:

- Кіріспеде тақырып таңдау, мәселенің өзектілігі, зерттеу мақсаты негізделеді. Алдыңғы ғылыми еңбектердің тәжірибесін сипаттау арқылы, ғылыми шешімін таппаған мәселенің болуы туралы жазылады (зерттеулердің болмауы, жаңа нысанның пайда болуы және т.б.). Тақырыптың өзектілігі осы нысанның зерттелуіне нақты мән берумен, тақырыптың теориялық немесе практикалық маңыздылығымен; нысанды, пәнді, мақсаттарды, міндеттерді, әдіс-тәсілдерді, ғылыми болжамды көрсетумен анықталады.

- Зерттеудің мақсаты зерттеу тақырыбы аясында, автор таңдаған бағытпен сәйкес нақты жазылады.

- «Зерттеу әдістемесі» бөлімі материалдар мен жұмыс барысын сипаттаудан, сондай-ақ пайдаланылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы тиіс.

- о Зерттеу деректерінің сипаттамасы оның сапалық және сандық жағынан көрсетілуін қамтиды. Деректердің сипаттамасы – тұжырымдар мен зерттеу әдістерінің дұрыстығын анықтайтын факторлардың бірі.

- о Бұл бөлімде мәселенің зерттелу дәрежесі сипатталады, бұрын жарияланған, белгіленген рәсімдерді қайталамай толық ақпарат беріледі; деректер мен әдістерді пайдалану кезінде жаңалық енгізе отырып, материалдарды сипаттау, жаңаша зерделеу жазылады.

- о Ғылыми әдістеме мыналарды қамтиды:

- зерттелетін мәселе;

- көтеріліп отырған болжам (тезис);

- зерттеу кезеңдері;

- зерттеу әдістері;

- зерттеу қорытындылары.

- «Тақырыптың зерттелу дәрежесі» бөлімінде отандық және шетелдік авторлардың іргелі және жаңа жұмыстары, оларды авторлардың ғылыми үлесі тұрғысынан талдау, сондай-ақ автор өз жұмысында зерттеудегі олқылықтарды көрсете отырып, толықтырудың жолдарын қамтуға тиіс. Жұмысқа қатысы жоқ көптеген сілтемелердің болуына ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.

- «Нәтижелер мен талқылау» бөлімі сіздің зерттеу нәтижелеріңізді талдауға және талқылауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер туралы қорытынды беріледі, негізгі мәні ашылады. Бұл мақаланың маңызды бөлімдерінің бірі, онда зерттеу жұмысының нәтижелері талданып, сәйкес нәтижелері алдыңғы жұмыстармен, оның қорытындыларымен салыстыра қарастырылады.

- Қорытынды, тұжырымдар – осы кезеңдегі жұмыс нәтижелерін қорыту; автор тұжырымының анықтығы, нақтылығы және алынған ғылыми нәтижелерді ескере отырып, өзіндік қорытынды жасауы. Қорытынды жалпылама болмауы керек, оларды белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін қорытындылау үшін, ұсыныстарды немесе одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттай отырып қолдануға болады.

- о Қорытындыда мынадай тармақтар болуы тиіс: зерттеудің мақсаттары мен әдістері қандай болды; зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары; зерттеудің келешегі және әзірлеуді енгізу, қолдану мүмкіндіктері.

- Пайдаланған әдебиеттер тізімінде кемінде 15 зерттеу атауы болуы тиіс; оның 30-50% – ағылшын тіліндегі көздерден болғаны жөн. Әдебиеттер тізімінде кириллицада ұсынылған жұмыстар болған жағдайда, әдебиеттер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі – түпнұсқада, екіншісі – романизацияланған алфавитпен (транслитерация).

- МЕМСТ1-2003 сәйкес қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиеттер тізімін рәсімдеу

«Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелеріне» (БЖҒСБК тізімдемесіне енетін жарияланымдарға талаптар) сәйкес жүзеге асады.

о Романдалған әдебиеттер тізімін рәсімдеу мынадай болуы керек: автор(лар) (транслитерация - <http://www.translit.ru>) → (жақшадағы жыл) → транслитерацияланған нұсқадағы мақала атауы [мақала тақырыбын ағылшын тіліне төрт бұрышты жақшаға аудару], орыс тіліндегі дереккөздің атауы (транслитерация немесе ағылшын атауы - бар болса), ағылшын тілінде басылған шығыс деректері.

Мысалы: Baitursynov A. (2003). Adebiet tanytkysh [Literary critic]. Research and poems. Almaty: Atamura. – 208 p. (In Kazakh)

- Әдебиеттер тізімі әліпби тәртібімен, ТЕК мәтінде келтірілген жұмыстарға сәйкес ұсынылады.

- Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт болғандықтан, әдебиеттердің, сондай-ақ ағылшын (басқа шет) тіліндегі дереккөздердің романдалған тізімін рәсімдеу стилі – American Psychological Association (<http://www.apastyle.org/>).

- Назар аударыңыз! Әліпби тәртібімен авторлардың тегі көрсетіледі (аты-жөнінен кейін үтір бас әріптердің алдына қойылмайды); тегінен кейін дөңгелек жақшада басылымның шыққан жылы көрсетіледі, төртбұрышты жақшада атаудың ағылшын тіліне аудармасы көрсетіледі. Барлық сызықшалар мен қиғаш сызықтарды алып тастау керек (яғни бөлу белгілерін). Сілтеменің соңында егер дереккөз қазақ тілінде болса (in Kazakh), және егер дереккөз орыс тілінде болса (In Russian) және т.б. көрсетіледі.

Бұл бөлімде мыналарды ескеру қажет:

- негізгі ғылыми жарияланымдар, ғылымның осы саласында қолданылатын және автордың жұмысы негізделген озық зерттеу әдістері келтіріледі;

- шамадан тыс өзіңізге сілтеме жасаудан аулақ болыңыз;

- шетелдік авторлардың жарияланымдарына сілтемелер жасау ұсынылады;

- библиографиялық тізімде зерттеу тақырыбы бойынша танымал шетелдік ғалымдар жариялаған қазіргі заманғы ғылымға қатысты іргелі еңбектер болуы ұсынылады;

- әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы мәтінге сілтемелер сілтеменің ішінде жақтың ішінде бірінші авторы, шыққан жылы көрсетілген: бет(тер) саны көрсетілген. Мысалы, (Сыздық, 1991: 25). Егер әдебиеттер тізімінде бір автордың сол жылы жарияланған бірнеше жұмыстары болса, шыққан жылына «а», «б» әрпі және т.б. Мысалы, (Уәли, 2001а: 15), (Уәли, 2001б, 22).

- Әдебиеттер тізімі тек ғылыми индекстелетін басылымдардан (ғылыми журналдардағы мақалалар, ғылыми жинақтардағы мақалалар, ғылыми редакциясы мен рецензиясы бар электрондық деректер базасындағы мақалалар: монографиялар; ғылыми жинақтар; ғылыми редакциясы және ғылыми түсініктемелері бар әдеби басылымдар) тұруы тиіс екендігіне назар аударамыз. Егер әдебиеттер тізімінде көрсетілген басылымның DOI номері болса, міндетті түрде көрсетілуі керек.

- Дереккөздердің барлық басқа түрлері беттік автоматты ескертпелермен (ескертпелердің нөмірленуі әр бетте 1-ден басталуы керек) беріледі: диссертациялар, диссертациялардың авторефераттары, ғылыми редакциясы жоқ конференция материалдарының жинақтарындағы мақалалар (оның ішінде «мақалалар авторлық редакцияда жарияланады» деген белгісімен), БАҚ-тағы мақалалар (баспа және электрондық); әртүрлі басылымдардағы ресми құжаттардың мәтіндері (жарлықтар, бұйрықтар, қаулылар, бағдарламалар және т.б.), ұйымдардың ресми интернет-ресурстарында жарияланған құжаттар; әртүрлі жұмыстардың мәтіндері (көркем, публицистикалық); әлеуметтік желілердегі хабарламалар және т.б.

- Мұрағаттық құжаттардың шығыс деректерінің барлық қысқартулары үтірмен бөлініп, кіші әріптермен белгіленеді (ГА, ф. 4, д. 2, л. 16). Олар әдебиеттер тізбесіне кірмейді.

Мақаланы рәсімдеу соңында мақаладағы барлық белгілерден кейін, әсіресе әдебиеттер тізімінде (нүктелер, үтірлер, сызықшалар, қос нүктелер, қиғаш сызықтар мен жақшалардан кейін) бос орындардың болуын тексеруді сұраймыз. Бүкіл мәтінді таңдаңыз. Қаріп түймесін басыңыз,

Times New Roman, өлшемі 12, мәтіннің түсі Авто, астын сызу жоқ. Абзац батырмасын басыңыз, шегіністер 0, 0; интервалдар 0, 0; жоларалық – бірыңғай.

Ескерту: мақалада қалың қаріпті қолдануға және астын сызуға рұқсат етілмейді, тек курсивке рұқсат етіледі.

Мақаланың төменгі жағында жоғары оқу орны, ғылыми дәрежесі, атағы (бар болса) және лауазымы, байланыстары тағы бір рет көрсетіледі.

Библиографиялық сілтемелерді рәсімдеу үшін Mendeley Reference Manager құралын пайдалана аласыз. Әдебиеттер тізімінде екі әдебиет ағылшын тіліндегі еңбектерден және үш әдебиет Scopus базасындағы мақалалардан сілтеме жасалуы керек.

Сайт арқылы (Open Journal System жүйесіндегі) мақаланың екі нұсқасы жіберілу керек. Бірінші файлда авторлардың аты-жөні мен мәліметтері көрсетілген толық мақала мәтіні болады, файл бірінші автордың тегімен аталады (Sarsenbay.doc немесе Sarsenbay.docx немесе Sarsenbay.rtf), рецензиялау үшін екінші файлда мақала авторлары мен жеке мәліметтері көрсетілмейді және файл мақала атауының бірінші сөзімен аталады (Qazirgi qoldanystagy.doc).

Мақала жариялау құны – 3000 теңге

Реквизиттер:

Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі

Индекс 010000

Мекенжай: Астана қаласы, Қабанбай батыр 53

БИН 171240024773

КБЕ 16

АО «Народный Банк Казахстан»

ИИК KZ026017111000023908 – теңге

БИК HSBKKZKX

Құтты білік
Qutty Bilik

20245. Vol. 2, № 1.

25.03.2025 басуға жіберілді

25.03.2025 онлайн қолжетімді.

Авторларға арналған нұсқаулар, жариялау этикасы журнал сайтында берілген.

Редакцияның мекенжайы:

050040, Қазақстан, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 71

Тел.: +7 707 993 38 27. **E-mail:** inbox@quttybilik.com

web-site: www.quttybilik.com

Меншік иесі: «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі»
қоғамдық бірлестігі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінде
тіркелген. 25.09.2024 ж. № KZ57VPY00102017 – тіркеу куәлігі.

Мерзімділігі – жылына 4 рет.

© Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі